

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ 81'373.2

Қолжазба құқығында

ЖАЗЫКОВА РАУШАН БАЛГАЛИЕВНА

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8D02304 - Филология

Философия (PhD) докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор Садирова К.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор Хусаинова Л.М.
(Ресей Федерациясы, Башқұртстан)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
	АНЫҚТАМАЛАР	4
	КІРІСПЕ	6
1	ОНОМАСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1	Ономастика мен дискурс теориясының байланысы	16
1.2	Ономастиканы зерттеудің дискурстық аспектісі	27
1.3	Оним: ономастикалық мәтін мен дискурс бірлігі ретінде.....	35
1.4	Онимдердің дискурстық өрісі («Ұмай-ана» дискурстық бірлігі негізінде)	47
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	66
2	МИФТІК КЕҢІСТІК ПЕН КИЕЛІ АТАУЛАР: ОНОМАСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТАНЫМДЫҚ МОДЕЛЬДЕР	68
2.1	Қасиетті кеңістік және ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәжділік	68
2.2	Гидронимдердің когнитивтік құрылымы.....	81
2.3	Мифогидронимдер: ішкі құрылым және символдық жүктеме	95
2.4	Халықтық лингвистика және ономастикалық дискурстағы этнонимдер	102
2.5	Мифтен трендке дейін: қазіргі есімдердің ономастикалық дискурсы	109
	Екінші бөлім бойынша тұжырым	130
	ҚОРЫТЫНДЫ	132
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	136
	ҚОСЫМША А «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтауға арналған сауалнама.....	146
	ҚОСЫМША Ә Есімдер мазмұнындағы тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты анықтау мақсатында алынған сауалнама	147
	ҚОСЫМША Б Ата-аналардың балаға есім таңдауындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеу мақсатындағы сауалнама	149

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 бекітілген.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» басым бағыты бойынша орындалған ЖТН АР 09259776 – «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық қаржыландыру жобасы (2021-2023 жж.). Келісімшарт 145/36-21-23, 7 сәуір 2021 жыл.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста қолданылған терминдердің анықтамалары:

Атаулар – бұл таңбалар, олар тек қана заттың атауы ретінде емес, сонымен қатар қоғамдағы мәдени және символикалық мәндердің бейнесі ретінде де қарастырылады.

Әлемнің ономастикалық бейнесі – бұл адамның қоршаған ортаны және әлемді тануындағы менталды модельдердің бірі. Ол ономастикалық концептілер мен мифологиялық топонимдер арқылы көрініс тауып, танымдық деңгейде қалыптасады.

Дискурс (ономастика тұрғысынан) – ономастикалық атауларды қолдану арқылы қоғамда мағыналық әрі идеологиялық мәнмәтін қалыптастыратын тілдік және коммуникативтік әрекеттер жүйесі.

Дискурстық бірлік – мәтіннің негізгі құрылымдық элементі.

Дискурстық құралдар – дискурсты ұйымдастырып, тілдік және прагматикалық элементтер арқылы бірліктер арасындағы байланысты реттейтін құрылымдар.

Дискурстық өріс – ономастикалық атауларға қатысты санада жинақталған мәтіндер жиынтығы. Бұл өріс ономастикалық дискурста мынадай құрамдас бөліктермен бірге жұмсалады: 1. Атауды беруші (тіл иесі – халық), 2. Атау (ономастикалық бірлік), 3. Атауды қолданушы (тілді тұтынушы), 4. Сөйлеу жағдаятындағы атаудың мағынасын анықтайтын мәтін немесе білім.

Дискурстық өрістің қозғалысы – онимді қабылдаған сәтте адресаттың танымында бар атауға қатысты барлық білімнің (мәтіннің) қозғалысқа түсуі.

Дискурстық рөл – дискурсқа қатысушының сөйлесім жағдайындағы орны мен атқаратын қызметі, сондай-ақ дискурстық бірліктің мәні мен рөлі.

Дискурс талдау әдістері мыналарды қамтиды: 1) Тілді семантика және прагматикамен байланыстыра отырып формалды және функционалды тұрғыда талдау, 2) Тілдің коммуникациялық қызметін әлеуметтік әрекетпен байланыстырып қарастыру, 3) Құрылымдық талдаудан функциялық, яғни астырт және үстірт құрылымды талдауға көшу.

Ономастика (грек тіліндегі *onomastice* – «атау беру өнері») – тек атаулардың (топоним, антропоним, гидроним, т.б.) тілдік құрылымын ғана емес, олардың саяси, мәдени, тарихи және әлеуметтік дискурстағы маңызын зерттейтін сала.

Ономастикалық атаулар – дискурстың өнімі әрі оны қалыптастырушы элементтер. Бұл атауларда олардың шығу уәждері мен түсіндірмесі болады және оларды негіз еткен мәтіндер мен білімдер арқылы коммуникация жүзеге асады. Яғни, ономастикалық дискурста атаулардың астарында оларды түсіндіретін ақпарат «жасырынған».

Ономастикон – жеке ел, аймақ немесе мәтіндегі жалқы есімдердің тізбегі.

Оним (грекше *onima*, *onoma* – «ат», «атау») – мағыналық жүк арқалаған, құрылымды, белгілі бір заңдылықпен жасалған, адресанттан

адресатқа бағытталған, дискурстық деңгейде қабылданатын сөз немесе сөз тіркесіне дейін қысқарған мәтін. Дискурстық тұрғыда онимдер сол атауды қабылдаушы санасында әртүрлі мәтіндермен парадигмалық, синтагмалық және ассоциативтік байланыста қабылданады. Ономастикалық атаулар когнитивтік-дискурстық сипатқа ие және дискурстық бірлік ретінде қарастырылады.

Ономастикалық дискурс – белгілі бір этносқа тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сіңірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі. Бұл атаулар когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық код ретінде тасымалданады.

Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні онимдердің тілдік таңба ретіндегі қызметінен көрінеді

Ономастикалық мәтін – белгілі бір атауға қатысты аңыздар, тарихи деректер, құжаттық жазбалар және ғылыми зерттеулер.

Ономастикалық концепт – бұл ономастикалық мәліметті сақтау, тарату және оны санада құрылымдау арқылы түсінуге мүмкіндік беретін когнитивтік бірлік.

Ономастикалық кеңістік – екі мағынада қарастырылады: 1) лингвистикалық категория ретінде болмыстағы шынайы немесе қиялдағы нысандарды атайтын ономастикалық бірліктердің жүйесі; 2) белгілі бір тарихи кезеңге тән нақты бір тілдің ономастикалық жүйесі.

Ономастикалық лексикадағы танымдық негіз – ұлттық дискурста қолданылатын антропонимдер мен топонимдер астарында жатқан әлеуметтік-мәдени білімнің (имплицитті мағлұматтардың) жиынтығы.

Бүгілген (свернутый) мәтін – атау астарындағы мағыналық бөліктерін (мазмұнын) толық ашу тек кәсіби, ғылыми сипаттау арқылы жүзеге асатын оним.

Сығылған (текст-примитив) мәтін – атау мазмұнындағы мәтіннің ең ықшам деңгейге жеткізілуі, оған мандайша атаулары, тақырыптар т.с.с. жатады.

Кішірейтілген (микромәтін) мәтін – белгілі бір қала ішіндегі нысан атаулары (агроним, годоним, хороним т.с.с.)

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ тіл білімінде ономастика мәселелері құрылымдық және танымдық тұрғыдан кеңінен зерттелген. Дегенмен ғылым үнемі даму үстінде болады, тіл білімі зерттеулерінің бағыты антропоэектілікке ойысып, жаңа көзқарастар, тіл білімін зерттеудің жаңа парадигмасы қалыптасты. Осы үрдістің бір көрінісі ретінде ономастикалық атауларды дискурс теориясы негізінде қарастыруды атауға болады. Ономастика мен дискурсты өзара байланыстыра зерттеу когнитивті-дискурстық парадигма аясында жүзеге асып жатыр деуге болады. Бұл бағыт ономастикалық атауларды зерттеуде когнитивтік және коммуникативтік тәсілдерді біріктіру арқылы дамыған. Бұл пікірді біз С.М. Пак, Е.С. Кубрякова, Л.А. Манерко т.б. зерттеушілер еңбектерінен кездестіреміз.

Ұсынылып отырған ғылыми зерттеу ономастикалық дискурс ерекшеліктерін анықтауға арналған. Ол ерекшеліктер онимдерді дискурс бірлігі ретінде қарап талдау арқылы орындалады. Бұл бағыттағы зерттеу тәжірибеміз ЖТН АР 09259776 – «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық қаржыландыру жобасы (2021-2023 жж. Келісімшарт 145/36-21-23, 7 сәуір 2021 жыл) аясында орындалды.

Ономастикалық атауларды дискурстық аспектіде қарастырғанда, оларды тек тілдік бірлік ретінде емес, сонымен қатар когнитивтік құрылымдардың (ішкі мағына) сыртқы көрінісі ретінде талдау қажет. Мұндай көзқарас ономастикалық атауларды қарым-қатынастағы ақпарат тасымалдаушы элемент ретінде қарастырып, оларды когнитивті-дискурстық тұрғыдан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл кешенді зерттеу мәдениеттану, когнитивтік лингвистика және тіл білімінің жүйелі байланысынан туады. Тіл мен мәдениеттің өзара көпдеңгейлі байланысы бары А. Маккай зерттеуінде айтылып жүр, оған сүйенсек, мәдениет таныммен астасады, таным семантиканы қалыптастырады, ал семантика тілдік жүйенің барлық деңгейлеріне ықпал етеді.

Тілдік материалды, біздің зерттеуімізде ономастикалық атауларды, осындай тәсілмен талдауда когнитивті және дискурстық факторлар басты назарға алынады. Когнитивті лингвистикада ойлау үдерістерінің тілдік ұйымдастырылуы зерттеудің негізгі нысанына айналады. Бұл ғылым саласының негізгі қағидаты – когнитивтік қабілеттер мен өмірлік тәжірибенің әсерінен қалыптасатын когнитивтік модельдердің тілде көрініс табуы және тілдік құрылымдардың ойлау үдерісін түсіндіруге мүмкіндік беруі. Тілдік тұлға қоршаған әлемді тілдік концептілер арқылы танып, оны биологиялық, әлеуметтік және географиялық ерекшеліктеріне сәйкес категорияларға бөледі (О.Н. Колосова), бұл дискурста (қарым-қатынаста) жүзеге асады. Осыған байланысты лингвистің негізгі міндеті – белгілі бір тілдік категорияға әсер ететін когнитивтік және дискурстық факторларды анықтап, оларды тілдік құрылымдармен сәйкестендіру.

Ономастикалық дискурс, ең алдымен, атаулардың әлеуметтік қызметін зерттеуге бағытталған. Жалқы есімдер қоғамның тарихи, мәдени өмірінің айнасы ретінде олардың эволюциясын, қолданылу ерекшеліктерін бейнелейді. Олардың семантикалық құрылымы күрделі, өйткені ол тек атаудың негізгі мағынасын ғана емес, оның қолданылу барысында туындайтын ассоциациялар мен коннотацияларды да қамтиды. Бұл ономастикалық бірліктердің мазмұны олардың әлеуметтік-мәдени шарттылығымен, мәдени ассоциациялардың кеңдігімен және күрделі когнитивтік негізімен ерекшеленеді.

Сондықтан ономастиканы дискурстық аспектіде зерттегенде, зерттеушілер жалқы есімдерді әлеуметтік лингвистикалық, танымдық, функционалдық тұрғыдан қарастыруға баса назар аударады. Бұл бағытта атаулардың қабылдануы, ономастикалық номинацияның заңдылықтары мен олардың әлеуметтік-мәдени мәнінің жүзеге асу ерекшеліктері зерттеледі.

Зерттеудің өзектілігі. Ономастикалық атаулар немесе онимдер – дискурстың құрамдас бөлігі, олар дискурста жұмсалады, қарым-қатынастың құралы ретінде тілде сақталған ұлттық-мәдени мазмұнды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші мұрагерлік қызмет атқарады. Демек, ол тек лексикалық және грамматикалық құрылымға ие тілдік бірлік қана емес, мағыналық және идеологиялық «жүк көтеретін» дискурстық бірлік. Ол тек номинация құралы ғана емес, тарихи жадты, мәдени кодты, ұлттық бірегейлікті сақтаудың құралы. Бұл әсіресе, еліміздің тәуелсіздік алған жылдарындағы ономастикалық өзгерістердің ұлттық санадағы серпіліс ретінде ұғынылуынан көрініс табады. Қазіргі цифрлық дәуірде ономастикалық атаулар медиадискурста дискурстық стратегиялар арқылы қайта түсіндіріледі (семантикалық трансформация), символдық мәнге ие болады немесе белгілі бір идеологиялық мақсаттар үшін қолданылады. Ономастикалық атауларға көзқарас қоғамдық пікір арқылы қалыптасады. Сол арқылы әлеуметтік дискурстың басты тақырыбына айналады. Сонымен қатар мемлекеттік тіл саясаты да ономастикалық дискурспен тікелей сабақтасады. Бұл саясат ресми дискурста ономастикалық атауларды бекітуде, халыққа таныстыруда, түсіндіруде көрініс табады. Осы аталған мәселелер қазақ тіл ғылымында арнайы зерттеуді қажет етеді. Ономастикалық зерттеулер қазақ тіл білімінде құрылымдық, танымдық қырынан жан-жақты әрі терең зерттелгеніне қарамастан, ономастиканы дискурстық аспектіде арнайы зерттеген ғылыми еңбек жеткіліксіз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі диссертацияда арнайы талданған мына мәселелердің жаңашылдығымен де дәйектеледі: ономастикалық дискурсты зерттеудің теориялық негіздерін ономастика мен дискурс теорияларының сабақтастығынан шығара отырып, *ономастикалық дискурс, дискурс бірлігі, дискурстық құрал, дискурстық рөл, дискурстық өріс* терминдеріне анықтама берілді, ономастикалық атаулар ономастикалық дискурс бірлігі ретінде талданды, дискурстағы онимдердің дискурстық құрал мен дискурстық рөлі сараланып, дискурстық өрісі анықталып, ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтіннің арақатынасы мен айырмашылығы ажыратылды, нақты мысалдармен дәйектелді. Ономастикалық атаулар дискурстың «шикізаты» мен

«өнімі» ретінде мәтінмен теңестіріле отырып, «сығылған» және «бүгілген», «кішірейтілген мәтін» сипатында болатыны айқындалып, түсіндірілді. Ономастикалық дискурс бірлігі ономастикалық атаулардың әлеуметтік және мәдени код ретіндегі сипаты, есімдердің ономастикалық дискурстағы орны, ономастикалық атаулардың цифрлық дәуірдегі медиадискурстағы қайта түсіндірілуі (семантикалық трансформация, мысалы, бастапқыда «Жаңа Қазақстан» жай ғана елдің жаңаруына бағытталған мемлекеттік бастамалармен байланысты ұғым болды, саяси медиадискурста ол трансформацияға ұшырады: бір тарап үшін «Жаңа Қазақстан» – реформалар мен әділеттілік ұраны, екінші тарап үшін «Жаңа Қазақстан» – билік ауысқанымен, ескі жүйенің жалғасы ретінде сипатталатын идеологиялық құрал, «Жаңа Қазақстан» атауы түрлі саяси дискурста түрліше зерделенеді), символдық мәнге ие болуы («Алаш» атауы – ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздік символы), идеологиялық мақсатта қолданылуы (Қонаев есімі – қазіргі медиадискурста түрліше қолданылады: 1) «әділ басшы, ұлт жанашыры; 2) кеңестік жүйенің бір бөлігі») т.с.с. нақты мысалдармен талданды.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеудің мақсаты – ономастикалық мәселелерді дискурстық әрекет ретінде қарастырып, онимдерді шынайы өмірдегі үдеріс әрі сол үдерістің нәтижесі ретінде зерттеу және ономастикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

1) ономастика мен дискурс теориясының негізгі тұжырымдарын сабақтастыра талдай отырып, ономастикалық дискурсты зерттеудің теориялық негіздерін, ономастиканы дәстүрлі зерттеу аспектілері мен дискурстық аспектіде зерттеу айырмасын анықтау;

2) онимдерді дискурстық бірлік ретінде талдауға мүмкіндік беретін ғылыми тұжырымдарды жинақтап, сол негізде зерттеуге алынған онимдерді іріктеу және сараптау;

3) таңдалған онимнің дискурстық өрісіне енетін дискурс-мәтіндерді жинап, халықтық лингвистика мен ономастикалық дискурстың өзара байланысын талдау;

4) ономастикалық дискурс теориясының метатілін нақтылау: ономастикалық дискурс, дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл, дискурстық өріс терминдеріне анықтама беру; ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін арақатынасы мен айырмасын анықтау;

5) онимдердің ономастикалық дискурстағы орнын Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдар аралығында қойылған есімдерге қатысты мәліметтер негізінде талдау, әлеуметтік және мәдени код ретінде көрінуі мен цифрлық дәуірдегі медиадискурста қайта түсіндірілуі, символдық мәнге ие болуы, идеологиялық құрал ретіндегі қызметіне дискурстық талдау жасау;

6) онимдердің тілдік санада өзектелуін анықтауға («Ұмай-ана» мифонимі негізінде) арналған және қазіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында, ата-аналардың балаға есім таңдауындағы

ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған сауалнама түріндегі 3 эксперимент жүргізу, нәтижесін талдау, тұжырымдау және зерттеу қорытындылары негізінде ғылыми-практикалық ұсыныс беру, зерттеудің болашақ ғылыми бағыт-бағдарын анықтау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – ономастикалық дискурс және оның бірліктері (77 оним), олардың тілдік және экстралингвистикалық ерекшеліктері, мәдени, тарихи, әлеуметтік мәніндегі қызметі.

Зерттеу пәні. Онимдердің когнитивті және дискурстық сипаты, семиотикалық, прагматикалық және коммуникативтік функциялары, ономастикалық дискурстағы қолдану ерекшеліктері мен атқаратын рөлі.

Диссертацияның **теориялық және әдістемелік негізі.** Диссертацияның **теориялық және әдістемелік негізін** мына еңбектер құрады: ономастика мәселелерін дәстүрлі құрылымдық тұрғыдан талдаған зерттеулер, жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтер (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Досқараев, С.А. Аманжолов, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев т.б.), этимологиялық теория (Я. Гримм, Ф. Бопп т.б.), семиотикалық аспектіде (Ф. де Соссюр, Ч. Пирс т.б.), жүйелі ономастикалық зерттеулер (Ғ.Қ. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев т.б.), ономастикалық мәселелерді функционалды-прагматикалық қырынан талдаған еңбектер (Е.А. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, И.В. Крюкова, Н.В. Васильева, Д. Остин, Д. Серл т.б.), психолингвистикалық (Т.В. Линко, Е.Л. Березович, И.С. Карабулатова, Л.М. Дмитриева, В.И. Супрун, М.Е. Новичихина, т.б.), әлеуметтік лингвистикалық (З.К. Ахметжанова, О.Б. Алтынбекова, Г. Алдаберген, М.К. Исаев, А.Е. Карлинский, С.И. Исабеков, Ж. Смағұлова, М.М. Копыленко, Э.Д. Сулейменова, С.Ю. Сон, В.А. Никонов, Б.Х. Хасанов, А.В. Суперанская т.б.), этнолингвистикалық және лингвомәдени (А.А. Абдрахманов, Н.А. Бердяев, Г.Б. Мадиева т.б.), когнитивтік (Г.Б. Мадиева, Т. Коньков, Қ.Қ. Рысберген, Е. Керімбаев, Г. Сағидолда, А. Арысбаев, Б. Тілеубердиев, Ж. Жартыбаев, Б. Тасболатов, С.Қ. Иманбердиева, А. Әлімхан, К. Головина және т.б.), ономастиканы дискурс теориясы қырынан зерттеген (Е.Ю. Позднякова, М.В. Горбаневский, В.О. Максимов т.б.), ономастикалық дискурсты мифологиялық қырынан қарастырған жұмыстар (К.Г. Юнг, С. Қондыбай, Б. Ақбердиева, Ж.О. Тектіғұл, К.Қ. Садирова т.б.), қазақ ономастикасындағы сөз энергетикасын талдаған (Ж.А. Манкеева т.б.), дискурс теориясына қатысты зерттеулер (Ф. де Соссюр, К. Леви-Стросс, М. Фуко, Ж. Деррида, Э. Лакло, Ш. Муфф, Н. Фэрклоу, Т. ван Дейк, Р. Водак, Л. Иригарей, Д. Батлер, С. Холл, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, Н.Д. Арутюнова, А.А. Кибрик, В.И. Карасик, Ж. Гийом, Д.Е. Мальдидье, Е.С. Кубрякова, Г.А. Орлов, Л.М. Макаров, М. Стабс, Д. Кэмерон, Д. Таннен, В.Г. Борботько, И.Г. Атрощенко, В.Е. Чернявская, В.С. Григорьева, А.Р., Мухтаруллина, З.Ш. Ерназарова, Қ.Ө. Есенова, Б.А. Ахатова, Г.Г. Гиздатов, Г.Н. Смағұлова, Б.С. Жұмағұлова, Г. Әзімжанова, Б. Қалиев, Г. Бүркітбаева, Н. Уәли, Е. Әлкебаева, Қ.Б. Күдеринова, Ж.М. Кеншінбаева, С.Б. Альпатына, Ш.А. Сабитова, А.Е. Сәденова, Ш.А. Нұрмышева, Г. Мұратова,

А.Т. Қасымбекова, А. Әділова, К.Қ. Садирова, Л. Ақтанова, А.М. Куркимбаева т.б.) мазмұнындағы ғылыми тұжырымдар теориялық және әдістемелік негізге алынды.

Зерттеу дереккөздері. Ономастикалық мәселелерді түрлі қырынан зерттеген ономастика, дискурс талдау теориясы, когнитивтік лингвистика, лингвоконцептология, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану бағытындағы теориялық еңбектер және ономастикалық дискурс бірлігін талдауға мүмкіндік беретін 23 дискурс-мәтін мен дискурстық бірлік ретінде талданған 77 оним (9 топоним, 6 гидроним, 4 этноним, 58 антропоним) зерттеу дереккөзін құрады. Ұлттық статистика бюросының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында қойылған танымал есімдер кестесі талданды (<https://stat.gov.kz/instruments/name/>), нақты айтқанда, әр жылы 20 танымал ер бала және 20 танымал қыз бала есімі берілген, барлығы – 204, оның ішінде қайталанатын есімдерді есептемегендегі антропоним санын 56 есім құрайды.

Google форматта алынған үш сауалнама: 1) «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтау мақсатында (100 респондент), 2) қазіргі тілдік тұлғалар санасында есім мазмұнында бекітілген тіл, мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында (100 респондент), 3) ата-аналардың балаға есім таңдауындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған (61 респондент) сауалнама жауаптары талдауға алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде бақылау, салыстыру, жалпылау, талдау, қорытындылау тәрізді жалпығылыми әдістермен бірге арнайы зерттеу әдістері, атап айтқанда, ономастикалық бірліктердің дискурстық мәнін (әлеуметтік, мәдени, саяси және идеологиялық мағынасын, дискурстағы қызметін) айқындау мақсатында дискурстық талдау (атауды семантикамен, прагматикамен байланыста алып, қарым-қатынастық қызметін әлеуметтік әрекетпен теңдестіріп талдау немесе тілді құрылымдық талдаудан бастап қызметтік талдауға көшу, нақты айтқанда, астырт-үстірт құрылымдық талдау жүргізу), мәнмәтіндік талдау (ономастикалық атаудың белгілі бір мәнмәтінде қандай мағына беретінін, прагматикалық рөлін талдау әдісі), ономастикалық бірліктерге танымдық және концептуалды талдау жасау – жалқы есімдердің астарында жатқан когнитивтік механизмдерді анықтау, олардың барлық мүмкін қолданыстарын негіздейтін концептуалдық жүйені ашу арқылы жүзеге асады.

Ал ономастикалық дискурс бірлігінің лингвистикалық мәнін анықтау мақсатында дәстүрлі ономастикада қолданылатын этимологиялық талдау (атаудың түпкі мағынасын, тілдік дереккөздерін анықтау), құрылымдық талдау (атаудың морфологиялық, фонетикалық ерекшеліктерін зерттеу) және лингвистикалық эксперимент (сауалнама) әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы**. Диссертацияда ономастикалық атаулар дискурстық аспектіде қаралып, дискурстық бірлік ретінде алғаш рет талданды. Ономастикалық дискурсты зерттеудің теориялық негізі ономастика мен дискурс талдау теориясының сабақтастырылуынан шығарылды. Соған

сүйене отырып ономастикаға дискурстық аспектіде, ал дискурсқа ономастика аспектісінде анықтама ұсынылды. Ономастиканы зерттеудің дәстүрлі және дискурстық аспектілері салыстырылды. *Ономастиканың дискурстық аспектісі, ономастикалық дискурс* терминдеріне анықтама беріліп, ономастикалық дискурс пен мәтіннің арақатынасы мен айырмасы анықталды, онимге ономастикалық дискурс және мәтін тұрғысынан талдау алгоритмі ұсынылды. Ономастикалық дискурста онимнің қолданылуының дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл ретіндегі сипаты анықталып, салыстырылды. Ономастикалық атаулардың дискурстық өрісі, нақты айтқанда, «Ұмай ана» онимінің дискурстық өрісі дискурс-мәтіндер аясында талданды. «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтау мақсатында Google кесте арқылы жүргізілген сауалнама мен оған қатысқан 100 респондент жауаптары және қазіргі тілдік тұлғалар санасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында 100 респонденттен және ата-аналардың балаға есім таңдауындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеуге арналған сауалнама 61 респонденттен алынды, нәтижелері талданып, қорытынды ұсынылды. Онимдер не ономастикалық атаулардың ономастикалық дискурсқа қатысты алғанда мәтіндік сипаты үш түрлі болатыны («сығылған» мәтін сипатында, «бүгілген» мәтін, «кішірейтілген мәтін» сипатында) зерделенді. Ономастикалық дискурс бірлігінің әлеуметтік және мәдени код ретіндегі сипаты, олардың айырмашылығы «Астана» қаласы атауының әр жылдардағы өзгерісін талдау негізінде зерделенді. *Дискурстық өрістің қозғалысы* терминіне анықтама берілді.

Ұлттық статистика бюросының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында қойылған танымал есімдер кестесіндегі антропонимдерге дискурстық талдау жасалып, мынадай үрдіс бар екендігі анықталды: ер балалар есімдері, көбінесе, араб және исламдық мәнге ие, қыз балалар есімдері арасында да исламдық есімдер көп, бірақ қазақы және тарихи есімдер сақталған. Қазақ есімдері азайып (2020-2025 жылдары қойылған ең танымал есімдердің 30-40%), шетелдік есімдер (2020-2025 жылдары қойылған ең танымал есімдердің 60-70%-ы араб, парсы немесе еуропалық кірме есімдер) көбейіп келеді. Диссертацияда бұл үрдістің себептері (діни сенім, тарихи сана, жаһандану және фонетикалық талғам) көрсетілді. Ономастикалық дискурс тұрғысынан танымал есімдерді дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени код ретінде қызмет етуі талданып, сипатталды. Ономастикалық атаулардың цифрлық дәуірдегі медиадискурстағы қайта түсіндірілуі (семантикалық трансформациясы), символдық мәнге ие болуы, идеологиялық мақсатта қолданылуы нақты мысалдармен талданды. Диссертацияда 77 оним (9 топоним, 6 гидроним, 4 этноним, 58 антропоним) ономастикалық дискурс бірлігі ретінде алынып, олардың лингвистикалық және дискурстық мәні айқындалды. Онимдер тек

номинация құралы ғана емес, тарихи жадты, мәдени кодты, ұлттық бірегейлікті сақтаудың құралы болатындығы тұжырымдалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығының бастыларының бірі – онимдерге ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін тұрғысынан талдау жасау алгоритмінің алғаш рет ажыратылып ұсынылуы.

Ғылыми жұмыстың **теориялық маңыздылығы**. Зерттеуде алынған нәтижелер ономастика мен дискурс теориясын толықтырып, оның тоғысуынан пайда болған ономастикалық дискурс бағытының дамуына ықпал етеді. Ономастика мәселелерін когнитивті-дискурстық парадигмада зерттеу барысында анықталған терминдер ономастиканың дискурстық теориясының метатілін жетілдіреді, осындай бағыттағы болашақ ғылыми зерттеулерге теориялық негіз бола алады. Ономастикалық атаулардың когнитивтік және мәдени, мифологиялық аспектілерін түсінуге, тілдің әлеуметтік және идеологиялық аспектісін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық тұжырымдарын лингвистикалық пәндерді оқытуда пайдалануға болады. Онимдерге ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін тұрғысынан талдау жасау алгоритмінің ұсынылуының теориялық та, практикалық та маңызы бар. Теориялық маңыздылығы – ономастикалық дискурс пен мәтінді талдау алгоритмінің ономастика мен дискурс теориясындағы тұжырымдарды тоғыстырып жүйелеуінен көрінсе, практикалық маңызы – екі талдау алгоритмін түзу арқылы дискурстық және мәтіндік талдау жігінің нақты ажыратылып көрсетілгендігі.

Зерттеудің **практикалық мәні**. Зерттеуде жүргізілген ономастикалық дискурс бірліктерінің дискурстық құрал, дискурстық рөл сипатының, дискурстық өрістерінің талдау үлгілері мен ономастикалық атауды ономастикалық дискурс және ономастикалық мәтін тұрғысынан талдау үлгілері осындай бағыттағы болашақ жұмыстарда қолдануға жарамды. Зерттеудің тілдік материалдарын түрлі сөздіктер құрастыруда, оқу құралдары мен оқулықтар, магистрлік және докторлық диссертациялар жазуда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) Ономастикалық дискурс – белгілі бір этносқа тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сіңірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі. Бұл атаулар когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық код ретінде тасымалданады. Оның ерекшелігі лингвистикалық және дискурстық мәнінен көрінеді. Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні тілдік жүйеде, ал дискурстық мәні коммуникативтік жүйеде анықталады. Ономастикалық атаулардың дискурстық мәні олардың лингвистикалық мәніне тәуелді. Ономастикалық дискурста онимдер дискурстық аспектіде зерттеледі. Ономастиканың дискурстық аспектісі дегеніміз – жалқы есімдерді ономастика теориясы шеңберінде дискурстық тұрғыдан зерттейтін бағыт.

2) Ономастикалық дискурста атаулар когнитивтік-дискурстық сипатқа ие. Бұл сипат ономастикалық атауға байланысты жинақталған мәтіндер жиынтығымен (дискурстық өріспен) қалыптасады. Дискурстық сипаты нақты

коммуникативтік жағдаятта қатысушылардың санасында өзектеліп, қозғалысқа түскен кезде айқындалады.

3) Ономастикалық атаулар дискурстық бірлік ретінде қарастырылады. Олар өз дискурстық өрісін қалыптастырады. Бұл өріс ономастикалық дискурста мынадай құрамдас бөліктермен бірге жұмсалады: 1) атауды беруші (тіл иесі – халық), 2) атау (ономастикалық бірлік), 3) атауды қолданушы (тіл тұтынушысы), 4) сөйлеу жағдаятына сай атаудың мағынасын анықтайтын мәтін немесе білім.

4) Ономастикалық атаулар – дискурстық әрекеттің құрамдас бөлігі. Олар дискурстың барысында қалыптасып, сол дискурстың нәтижесі ретінде атауыштық мәнге ие болады. Сонымен қатар дискурсты қалыптастыруда бастапқы материал – «шикізат» ретінде де қызмет атқарады. Қарым-қатынас кезінде ономастикалық атаулардың астарында жатқан мәтіндік ақпарат ұғынылады.

5) Қазақстандағы 2020-2025 жылдары қойылған танымал есімдерді талдау мынандай тұжырым жасауға негіз болды: есімдер қоғамдағы діни, ұлттық және жаһандық дискурстардың тоғысуын көрсетеді. Ономастикалық дискурста бұл есімдер тек атау ғана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың көрінісі болады. Танымал 20 есіммен есептегенде ер балаларға қойылатын есімдердің 60-70% араб-парсы және исламдық есімдер, 30-40% қазақша немесе түркілік есімдер. Қыз балалар есімі бойынша: 50-60% араб-парсы, 40-50% қазақи есімдер. Қазақ ұлдарына көбінесе исламдық есімдер қойылғаны, ал қыздар арасында қазақша есімдер көбірек сақталғаны анықталды. Исламдық есімдер ұл балалар арасында өте танымал, ал қыз есімдерінде ұлттық ерекшеліктер көбірек сақталған. Бұл үрдіс діни сенім, тарихи сана, жаһандану және фонетикалық талғам сияқты факторларға байланысты қалыптасып отыр. Есімдерді дискурстық аспектіде талдау ат қоюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқанын білдіреді. Діни қабаттағы есімдердің көп қойылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсетеді. Ат қоюда, балаға есім таңдауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді таңдауды насихаттау қажеттігі аңғарылады. Қазақы есімдерді дәріштеу және ұлттық есімдерге басымдық беру қажет.

6) Қазақ қоғамында балаға есім таңдауда отбасылық құндылықтар мен дәстүрлі шешім қабылдау үлгісі сақталып отыр (респонденттердің 70,5 %). Қазақ қоғамында есім – тек ата-ананың емес, бүкіл әулеттің келісімімен берілетін маңызды әлеуметтік акт. Бұл – ұжымдық сана мен мәдени дәстүрдің көрінісі. Ата мен әжелердің есім беруге қатысуы, ырым ету, ақылдасу – әулеттік-мәдени кодтың белсенділігін айғақтайды, әрі генеалогиялық жадтың (отбасы шежіресінің) ономастикаға әсерін танытады. Балаға есім таңдауда индивидуализм, дербес таңдау арта бастаған (респонденттердің 16,4 %). Бұл – модернизацияланған отбасылық құрылымның әсері. Әлеуметтік желі мен интернеттің ықпалы төмен, қоғамда есім таңдауда сыртқы медиалық контенттен гөрі ішкі дәстүр басым. Дегенмен, жаһанданудың, инфлюенсерлік (influence – ағылшын тілінен аударғанда «ықпал ету» дегенді білдіреді) мәдениеттің, трендтік есімдердің біртіндеп ене бастағаны байқалады.

Зерттеу апробациясы. Диссертацияда алынған нәтижелер отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми семинарда және шетелдік конференцияларда тыңдалды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің филология факультеті мен М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің башқұрт филологиясы факультетімен бірлестікте өткізген «Филология: қазіргі ізденістер» ғылыми семинарына қатысып, «Есімдердің ономастикалық дискурстағы орны» тақырыбында баяндама (23.04.2025) жасады. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде 2025 жылдың 14-15 сәуірінде ұйымдастырылған жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған «Жастар, ғылым және инновация» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Ономастикалық дискурс мәселелері» тақырыбында зерттеу нәтижелерін ғылыми ортаға ұсынды. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Башқұртстан Республикасының С. Юлаев атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, С. Юлаев орденінің кавалері, Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Башқұртстан Республикасының Халық ақыны Р.З. Шакуровтың 85 жылдығына арналған, Башқұртстан халықтарының мәдени мұрасы жылына орайластырылған халықаралық қатысуымен өткен бүкілресейлік ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық мәжілісінде «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» тақырыбында ауызша баяндама жасады (2022 жыл, 14 сәуір, Уфа).

«Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық сипатын (тілдік санадағы) және дискурстық өрісін анықтау мақсатында және қазіргі тілдік тұлғалар санасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу және ата-аналардың балаларына есім берудегі ұстанымдары мен оған әсер ететін факторларды анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны – 261. Сауалнама Google кесте арқылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті студенттері арасында жүргізілді және көпшілікке таратылды.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Диссертацияның негізгі нәтижелері жарияланған басылымдар саны – 9.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. The Manifestation of Mythical Cognition in Toponyms: on the Material of The Turkic Languages// Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 10 (1) 2024. 92-103 p. Процентиль 84, Q 1. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10109>
2. Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and Sacred Awareness// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(2), 142–150 p. Процентиль 84, Q 1. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.902012>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Антропонимдердің халықтық лингвистикада түсіндірілуі // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4(71), 2023. 184-195 бб.

<https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1383/338>

2. Ономастикалық атаулардың танымдық моделі // Қарағанды университетінің Хабаршысы, Филология сериясы, №4(112), 2023 27-35 бб.

<https://philology-vestnik.ksu.kz/apart/2023-112-4/03.pdf>

3. Ономастика мәселелерінің дискурстық қырлары // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. № 1, 2025. 136-150-бб.

<https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/issue/view/37>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері // Межкультурный диалог на Евразийском пространстве: Материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, посвященной 85-летию доктора филологических наук, профессора, лауреата Государственной премии РБ имени С. Юлаева, кавалера ордена С. Юлаева, заслуженного деятеля науки Республики Башкортостан, Народного поэта Республики Башкортостан Рашита Закировича Шакурова, приуроченной к Году культурного наследия народов РБ, г. Уфа, 14 апреля, 2022г. – Уфа: БГПУ им. М. Акмуллы, 2022. -300 с. 282-284 стр.

2. Ономастикалық дискурс мәселелері // Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде 2025 жылдың 14-15 сәуірінде жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған «Жастар, ғылым және инновация» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. 14 сәуір 2025 жыл. – Том 1, 238-241 бб.

Өзге басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Мифологическое выражение топонима «Қазығұрт» в языковом сознании (на материале казахского языка) // Филологический аспект, № 08 (76), Нижний Новгород, Август, 2021 г. - С. 53-63.

2. Связь фитонимов с мифическими текстами (на основе материалов казахского языка) // Современное педагогическое образование, № 5, Москва, 2021 г. - С. 224-231.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Ғылыми жұмыстың құрылымын кіріспе, екі бөлім, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімі, анықтамалар, қосымшалар құрады. Зерттеу жұмысының көлемі – 150 бет. Ғылыми зерттеуде 27 кесте, 11 сурет ұсынылды.

1 ОНОМАСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ономастика мен дискурс теориясының байланысы

Ономастикалық дискурстың теориялық негіздері ономастика мен дискурсты зерттеу теорияларының тоғысуынан түзіледі. Ономастикаға қатысты теориялардың да, дискурсқа қатысты да теориялардың да түрлі бағыттары бар. Ономастикалық теориялардың ғылыми қауымдастыққа белгілі, орныққан негіздеріне ономастикалық атаулардың шығу төркінін, даму тарихын зерттейтін, бастауын Я. Гримм [1], Ф. Бопп [2] еңбектерінен алатын *этимологиялық теория*, ономастикада атаулардың символдық мәніне, тілдік таңбалар ретіндегі рөліне назар аударатын, іргесін Ф. де Соссюр [3], Ч. Пирс [4] қалыптастырған *семиотикалық теория*, атаулардың қолданыс аясы мен коммуникативтік мақсатына сай жұмсалыуына талдау жасайтын Д. Остин [5], Д. Серл [6] еңбектеріне сүйенетін *прагматикалық теория* жатады. Ономастика мәселелерін арнайы зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік аталған теориялардың қандай да бір тұжырымдарын негіз етіп, өз зерттеу нысанының ерекшеліктерін, өзіндік белгілерін ашқан деуге болады.

Дискурсқа қатысты теориялардың қатарында да ғылыми айналымда кеңінен таралған теориялар бар. Оларға дискурсты белгілі бір құрылымдармен түсінуге негізделген дискурстың *құрылымдық (структуралистік) теориясын* (Ф. де Соссюр [3, р. 245], Р. Барт [7]), дискурсты тұрақты құрылым емес, өзгермелі, мағыналары үнемі қайта құрылып отыратын жүйе ретінде қарастыратын, дискурс билік пен идеологияны қалыптастырудың негізгі құралы деп санайтын дискурстың *постструктуралистік және әлеуметтік-саяси теориясын* (М. Фуко [8], Ж. Деррида [9], Э. Лакло мен Ш. Муфф [10]), дискурсты тек коммуникация емес, ол билік пен үстемдікті орнықтыратын құрал, сыни дискурс талдау қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен билік қатынастарын зерттейді деп түсіндіретін дискурсты *сыни талдау теориясын* (Н. Фэрклоу [11], Т.А. ван Дейк [12], Р. Водак [13]), дискурстың жыныс, этникалық, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерге тәуелділігін, гендерлік және мәдени дискурстар белгілі бір топтардың үстемдігін сақтап қалу немесе оған қарсылық көрсету құралы деп қарастыратын *феминистік және мәдени дискурс теорияларын* (Л. Иригарей [14], Д. Батлер [15], С. Холл [16]) жатқызуға болады. Бұл теориялардың жалпы зерттеу нысаны дискурс не ономастика болғанымен, олар тілдік таңбаларды, оның ішінде ономастикалық атауларды, олардың қоғамдағы рөлін әртүрлі тәсілдермен, сан түрлі қырынан алып қарастырады. Мысалы, ономастиканы этимологиялық теориямен зерттегенде басшылыққа «Атаулардың этимологиялық аспектісі олардың семантикалық өзгерісін түсінуге көмектеседі, яғни белгілі бір атаудың тарихи тамыры арқылы оның бастапқы мәнін анықтау мүмкіндігі бар» дегенге сүйенетін болса, семиотикалық теориямен зерттегенде «Атаулар – бұл таңбалар, олар тек қана заттың атауы ретінде емес, сонымен қатар қоғамдағы мәдени және символикалық мәндердің бейнесі ретінде де қарастырылады»

деген ұстаным басшылыққа алынады, ал ономастикалық атаулардың прагматикалық рөлі олардың сөйлеу барысында атқаратын қызметі мен қоғамдағы ықпалын қарастырады. Мысалы, атаулар арқылы белгілі бір әлеуметтік, мәдени ұғымдар көрсетіліп, қоғамдық санаға әсер ету құралына айналуы зерделенеді. Мұнан аңғаратынымыз: ономастика теорияларында (1-кестеде жинақталып берілді) ономастикалық атаулар мағыналық, тарихи және прагматикалық тұрғыдан талданады.

Кесте 1 – Ономастикалық атауларды зерттеуде қолданылатын теориялар

Теория	Зерттеу нысаны	Негізгі өкілдері
Этимологиялық	Ономастикалық атаудың шығу төркіні, даму тарихы	Я. Гримм, Ф. Бопп т.б.
Семиотикалық	Ономастикалық атаулардың символдық мәні, тілдік таңбалар ретіндегі рөлі	Ф. де Соссюр, Ч. Пирс т.б.
Прагматикалық	Ономастикалық атаулардың қолданыс аясы мен коммуникативтік мақсатына сай жұмсалуды	Д. Остин, Д. Серл т.б.

Осы тәрізді дискурстың теориялары да дискурсты түрлі сипатта зерттейді. Аталған теориялардың негізгі тұжырымдарына тоқталатын болсақ, құрылымдық (структуралистік) теория «Дискурс – құрылымдарға негізделген жүйе, оның ішінде тілдік таңбалар адамдар арасындағы байланыс пен идеяларды таратудағы маңызды құрал болып табылады» деген тұжырымды бағдарға алса, «Дискурс – қоғамдағы билік пен идеологияның көрінісі. Белгілі бір сөздер мен ұғымдар арқылы әлеуметтік иерархиялар мен билік қатынастары қалыптасады» деген ойды зерттеуге тірек ететін постструктуралистік және әлеуметтік-саяси теория, дискурсты сыни талдау теориясының негізгі тұжырымы мынаған саяды: «Дискурс белгілі бір саяси, әлеуметтік мақсаттарды көздейді, оны талдау арқылы қоғамдағы ықпал ету құралдарын, идеологияларды анықтауға болады».

Феминистік және мәдени дискурс теориясында гендер және мәдени дискурс арқылы қоғамдағы әйелдер мен ерлердің ролі, мәдениетаралық қатынастар мен идентификация мәселелері қарастырылады. Бұл дискурс теориялары тілдік бірліктердің, оның ішінде, ономастикалық бірліктердің қоғамдағы мағыналық, идеологиялық, әлеуметтік әсерін зерттейді. Бірақ бұл ғылыми айналымда кеңінен таралған, мойындалған теорияларды өзара салыстыра талдағанда олардың кемшіліктері бары да анықталды. Атап айтқанда, дискурстың құрылымдық теориясы дискурстың динамикалық сипатын ескермесе, постструктуралистік және әлеуметтік-саяси бағыт мағыналардың тым тұрақсыз екенін алға тартып, дискурстың нақты құрылымы барын жоққа шығарады, сыни дискурста дискурсты тек билік қатынастары арқылы қарастырады, феминистік және мәдени дискурс теориясында белгілі бір топтардың мүддесіне ғана назар аударады, жалпы дискурстық талдаудың кең аспектілері ескерілмей қалуы мүмкін. Сондықтан да біз дискурсты зерттеуде

аталған бағыттардың теориялық тұжырымдарын сабақтастықта қолданған дұрыс деп есептейміз. Осы айтылғандар негізінде біз дискурс теорияларының салыстырмалы сипаттамасын 2-кестеге түсірдік.

Кесте 2 – Дискурс теорияларының салыстырмалы кестесі

Теория	Негізгі идеясы	Негізгі ұстанымдары	Негізгі өкілдері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Құрылымдық (структуралық)	Дискурс – белгілі бір құрылымға бағынатын жүйе	Дискурс тұрақты, алдын ала бекітілген мағыналарға негізделеді. Грамматика мен семантика дискурсты анықтайды.	Ф. де Соссюр, К. Леви-Строс	Дискурсты нақты ережелер арқылы жүйелі талдауға мүмкіндік береді	Дискурстың өзгермелі, динамикалық сипатын ескермейді
Постструктуралистік және әлеуметтік-саяси	Дискурс – билік пен идеологияның құралы, өзгермелі жүйе	Мағына мәнмәтін мен билік қатынастарына тәуелді. Дискурс әлеуметтік шындықты қалыптастырады.	М. Фуко, Ж. Деррида, Э. Лакло, Ш. Муфф	Дискурстың өзгермелілігін ескереді. Билік пен идеологияның ықпалын ашып көрсетеді	Мағыналардың тым тұрақсыз екенін алға тартып, дискурстың нақты құрылымы барын жоққа шығаруы
Сыни дискурс талдау	Дискурс – билік пен үстемдікті орнықтыратын құрал	Дискурс қоғамдағы билік қатынастарын қолдайды немесе оған қарсы тұрады. Билік дискурсы әлеуметтік теңсіздікті қалыптастырады.	Н. Фэрклоу, Т. ван Дейк, Р. Водак	Билік пен идеологияның жасырын әсерін ашып көрсетеді. Әлеуметтік әділеттілікке бағытталған.	Дискурсты тек билік қатынастары арқылы қарастыруы
Феминистік және мәдени	Дискурс – әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді көрсететін құрал	Гендерлік, этностық және мәдени ерекшеліктер дискурста көрініс табады. Патриархалды және мәдени дискурстар билік қатынастарына ықпал етеді	Л. Иригарей, Д. Батлер, С. Холл	Гендерлік және мәдени теңсіздіктерді талдауға мүмкіндік береді. Өртүрлі әлеуметтік топтардың дискурстағы орнын зерттейді	Белгілі бір топтардың мүддесіне ғана назар аударады, жалпы дискурстық талдаудың кең аспектілері ескерілмей қалуы мүмкін

Ономастикалық дискурс ерекшеліктерін ашу үшін ономастикалық теория мен дискурс теорияларын өзара сабақтастыра қарастыру керек. Бұл теориялар

ономастикалық бірлікті және дискурсты түрлі қырынан қарастыратындықтан да оларды кешенді сипатта қолдануға болады. Бұлай кешенді қарастыру ономастикалық дискурстағы ономастикалық атаулардың дискурстық бірлік, дискурстық құрал мен дискурстық рөлі ретіндегі қызметін тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Астана» атауының түрлі кезеңдерде *Ақмола – Целиноград – Ақмола – Нұр-Сұлтан – Астана* болып өзгеруі және оның әр кезеңдегі әлеуметтік мағынасы құрылымдық (стуруктуралистік) теория тұрғысында ономастикалық элементтің өзгеруін сипаттаса, прагматикалық тұрғыдан талдағанда әр өзгерістің қоғамдағы белгілі бір саяси немесе ұлттық мақсаттарды жеткізу үшін қолданылғанын түсіндіреді. Әлеуметтік-саяси теория ономастикалық бірліктердің қоғамдағы мәдени, әлеуметтік және саяси мәнін сипаттаса, дискурсты сыни талдау олардың саяси-идеологиялық мәндерін талдауға бағытталған. Әлеуметтік-саяси теория мен дискурсты сыни талдауды сабақтастыру *ономастикалық бірліктердің дискурстағы билік және идеология құралы ретіндегі қызметін ашуға* мүмкіндік береді. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында елдегі кеңестік кезеңнен қалған атаулардың өзгертілуі әлеуметтік-саяси мәнінде ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған дискурстық әрекет болды. Дискурсты сыни талдау әдісімен ономастикалық бірліктердің қалай және не үшін өзгертілгенін, бұл өзгерістердің қоғамдағы ұлттық санаға қалай әсер еткенін анықтауға болады. Семиотикалық және постструктуралистік теориялар ономастикалық бірліктердің идеологиялық, мәдени және тарихи таңба ретіндегі рөлін талдауға көмектеседі. Семиотика атауларды таңбалар ретінде қарастырса, постструктурализм оларды мәдени және идеологиялық мәндермен байланысын зерттейді. Бұған қазақ жеріндегі топонимдердің, тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулардың (мысалы, «Бұқар жырау», «Қазыбек би») семиотикалық және постструктуралистік тұрғыдан талдауы арқылы олардың мәдениеттегі символдық мәнін анықтауға болады. Бұл екі атау қазақ мәдениетінде терең символдық мәнге ие, әрі олардың мағынасы уақыт пен мәніне қарай өзгеріп отырады. Осы ойды таратып талдап айтсақ, Семиотикалық талдауда таңбаның дыбысталуы мен оның білдіретін мағынасы ажыратылады, соған сай екі атау – «Бұқар жырау», «Қазыбек би» - тарихи тұлғаның есімдері, Бұқар жырау – XVIII ғасырдағы қазақтың рухани көшбасшысы, Абылай ханның кеңесшісі, жыраулық дәстүрдің өкілі. Семиотикалық мәні мынада: Бұқар жырау – тек тарихи тұлға емес, ол *сөз құдіретінің, ұлттық идеологияның, рухани бірліктің символы*. Ол арқылы қазақтың саяси-философиялық ойлау жүйесі мен көшпелі өркениеттің кодтарын тануға болады. Оның есімі тек биографиялық емес, *мәдени мәтінге* айналған. Қазыбек би – Төле, Әйтеке билермен қатар тұратын үш бидің бірі. Хан мен халық арасында әділ төреліктің, парасаттың үлгісі. Семиотикалық мәні: Қазыбек би есімі – *әділеттің, дәстүрлі құқықтық сана мен шешендіктің символы*. Ол тек тарихи рөл атқарушы емес, *мәдени жадтың* белгілерімен (би шешімі, дау шешу, сөз өнері) байланысты. Осы атауларды постструктуралистік бағыттың негізгі ұстанымына сай талдайық. Бұл бағыттың негізгі ұстанымы: *тіл мен мағына тұрақсыз, мәніне тәуелді және деконструкциялауға ашық*

(Жак Деррида, Мишель Фуко т.б.). Мұнда авторлық фигурадан гөрі мәтіннің көпқабаттылығы, мағынаның қозғалмалылығы маңызды. Постструктуралистік талдауға сай Бұқар жырау – қазіргі ұлттың өзін-өзі тану үдерісінде қайта құрылып жатқан символ. Тарихи Бұқар мен қазіргі мектеп оқулығындағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы Бұқар – екі түрлі дискурстық құрылым. Тарихи Бұқар жырау бейнесіне Бұқардың өзі өмір сүрген дәуіріндегі шынайы қызметі, нақты рөлі мен әрекеттері (XVIII ғасырда өмір сүрген, Абылай ханның кеңесшісі, сол заманның саяси-шешендік мәдениеті аясында сөйлеген жырау) кіреді, ал қазіргі қолданыстағы мәтіндерде Бұқар бейнесі тәрбиелік мақсатта таңдалып алынған кейбір сөздерімен шектелген, «таза» символға айналдырылған бейне. Постструктуралистік тұрғыдан қарағанда, осы бір Бұқар жыраудың екі түрлі бейнесі – бір шындықтың екі түрлі құрылымдық көрінісі. Яғни мағына тұрақты емес, ол уақыт, саясат және мәдениетке байланысты «қайта жазылып» отырады. Қазыбек би бейнесі де тарихи адам ретінде (Жоңғарға елшілікпен барғаны, хан алдында дау шешкені, руаралық қатынастарға араласуы, кейде нақты саяси мүдделерді көздеуі) бір бөлек, қазіргі ұлттық идеологияда қалыптасқан символ ретінде бір бөлек дискурстық құрылым. Мысалы, Қазыбек бидің «*Біз, қазақ, мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жсау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз...*» <https://e-history.kz/kz/news/show/502> деп басталатын сөзі оқулықтарда да, баспасөзде де, әлеуметтік желілерде де таралған. Бұл бірліктер сипаты тарихи дискурстық талдауда *дипломатиялық, саяси сөз* деп анықталып, қазақтың бейбітсүйгіш, бірақ еркіндігін, жерін қорғай білетін ел екенін жеткізген ой деп қабылданып, бидің қарсы жақтың агрессиясын жұмсартуды көздеу тәсілі (өз халқын «мал баққан, момын ел» деп сипаттай отырып) мен сөз тактикасы (бір жағынан, жоңғардың көзіне «қорқытпау», бірақ «өзімізді басындырмау») ретінде талданады. Бұл жерде Қазыбек би – нағыз дипломат, қақтығысты қанды шайқассыз шешуге тырысқан ақылды тұлға. Ал оның сөзінің мақсаты – жауға да, халқына да бірдей әсер ету. Ал қазіргі уақытта бұл сөз *халықтың бірегейлігін, ерлігін, тектілігін көрсету* үшін алынады. Сөздің *тарихи дипломатиялық мазмұны* көбіне *ескерілмейді*, қазіргі дискурста *ұлттық мақтаныш пен рух көтеру құралына* айналып кеткен. Қазыбек би бұл жерде *парасаттың, қайсарлықтың, ұлттық рухтың абсолютті үлгісі* ретінде ғана беріледі. Қазыбек бидің бұл сөзі – тарихи мәтін болудан бөлек, *мәдени символға айналған көп деңгейлі дискурстық өнім*. Постструктуралистік талдауда біз бұл сөзді тек кім айтқанымен емес, қашан, қай мақсатпен айтылып отырғанымен байланыстырамыз. Қазіргі кезде бұл мәтін – Қазыбек бидің емес, бүгінгі қоғамның өзіне айтқысы келген сөзін «*Қазыбек би арқылы*» *жеткізуі* деп қаралады. Бұлар – бір ғана тұлғаның екі түрлі мәдени рөлдегі «құбылысы».

Бұқар жырау, Қазыбек би бейнелері идеологиялық жүктемеге ие: ол ұлттық бірлікті насихаттайтын «құрылымдық белгіге» айналған. Бұл атаулар белгілі бір идеологияны қалыптастырып, қоғам санасында ұлттық бірегейлікті, тарихты және мәдени құндылықтарды қолдайтын дискурстық құралға айналған

(3-кестені қараңыз). Осы атауларды таңба ретінде қарап, олардың ұлттық болмысты көрсету мақсатында қолданылуын талдау ономастикалық дискурстың идеологиялық астарын ашуға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Бұқар жырау, Қазыбек би атауларына семиотикалық және постструктуралистік талдау

Атау	Семиотикалық мәні	Постструктуралистік талдау		
1	2	3	4	5
Бұқар жырау	Сөз өнері мен ұлттық рухтың символы	Дискурс түрі	Тарихи дискурста	Қазіргі дискурста
		Мәнмәтін	XVIII ғасырдағы саяси тұрақсыздық, сыртқы қауіптер (жоңғар шапқыншылығы), хандық жүйе	XXI ғасыр, Тәуелсіз Қазақстан, ұлттық тәрбие, патриотизм
		Қызметі	Ханға кеңесші, кейде оппозициялық ой айтушы, әлеуметтік-саяси мәселелерді көтеруші	Ұлтты біріктіруші дана ақсақал, абсолютті түрде оң бейне
		Дискурстық мақсаты	Сол замандағы нақты билік пен қоғамға әсер ету	Бүгінгі ұрпаққа тәрбие беру, ұлттық бірлік пен патриотизмге баулу
		Тарихилық деңгейі	Көптеген дереккөздер нақты емес, ауызша дәстүрге негізделген, қарама-қайшы нұсқалар бар	Құрылымдалған, тұрақты және жүйеленген «тәрбиелік мәтін» ретінде ұсынылады
		Сөзінің сипаты	Мазмұнды, шебер, кейде сыншыл, билікті сынайтын элементтер де бар	Үлгілік, мүлтіксіз дана сөздер ретінде беріледі («Абылай, сен жылама...»)
Қазыбек би	Әділет пен шешендіктің символы	Мәнмәтін	XVII-XVIII ғғ. қазақ хандығының билік құрылымындағы тұлға. Арғын руының биі, ел ішіндегі және хан алдындағы дау-дамайларды шешкен, дипломатиялық миссияларды атқарған.	Ұлттық рухты көтеретін, әділеттіліктің, шешендіктің «символы» ұлттық қаһарман бейнесі.

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Қазыбек би	Әділет пен шешендіктің символы	Қызметі	Күрделі саяси үдерістерге араласқан, кейде билікке сын айтқан, руаралық мәселелерді шешкен тұлға.	Мінсіз, абсолютті дана, әділ шешім иесі ретінде көрсетіледі. Оның образы – тәрбиелік идеологияға қызмет етеді.
		Дискурстық мақсаты	Билік пен халық арасындағы делдал, кейде оппозиция, кейде қолдаушы.	Ұлттық бірегейлік пен «мемлекеттік идеология» құралы.
		Тарихилық деңгейі	Бастапқы тарихи шындықтан алыстаған, мәдени рәмізге айналған белгі. Мағынасы белгіленіп қойылған, бірақ түпнұсқадан ажыраған.	Мағынасы уақытпен өзгертін, үнемі қайта жазылып отыратын мәтін. Ол – қазіргі дискурстардың өнімі. Тарихи түпнұсқасы бұлыңғыр, бейнесі – дискурстық конструкция.
		Сөзінің сипаты	Нақты тарихи мәнмәтінде туған, кейде қайшылықты, біржақты емес сөздер.	Шешендік сөздер жинағында қысқарып, реттіленіп, идеализацияланған түрде.

Постструктуралистік тәсіл арқылы ономастикалық бірліктердің тұрақты емес, өзгермелі мағыналары зерттелсе, семиотика оларды таңба ретінде, яғни мәдени және тарихи құндылықтардың бейнесі ретінде зерттейді. Мысалы: қазақ жеріндегі тарихи топонимдер (мысалы, «Қаратау», «Ұлытау») семиотикалық тұрғыдан ұлттық бірегейлікті білдіретін, әрі қазақ мәдениетінің символына айналған. Қаратау мен Ұлытау – Қазақстандағы ұлттық сана мен тарихи жадты қалыптастырушы символдық кеңістіктер. Мұны мына мәтін үзінділері анық танытады: *«Ұлытау – тарихы ғасырлардың терең қойнауына кететін, ел басына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз ақ боз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, ел болып ғұмыр кешудің келелі мәселелерін шешкен, киелі де құнарлы, әрі қазыналы өлке.... Ел тарихының білгірі Әбілғазы: «Қазіргі Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын», - деп егіз таудың ежелгі атауын атайды. Тарихи жазба деректерге сүйенсек, үш жүздің бас біріктіріп, ел қамын ойлаған хандар мен билер бас қосқан, келелі кеңестерін өткізген қазіргі Ұлытаудың екі көне атауы бар. Олар: Кендіртағы, Кертағы.» [https://el.kz/lytau - -lt kiesi 40748/](https://el.kz/lytau--lt-kiesi-40748/). Мәтінде «Ұлытау» атауы ұлттық рух, тарихи киелілік, билік дискурстарымен қабаттаса қолданылып тұр: *халқымызға пана болған, хандарымыз ақ боз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, ел болып ғұмыр кешудің келелі мәселелерін шешкен*. Бұл – дискурстық құрылым. Өйткені «Ұлытау» атауы – идеологиялық*

таңба. Бұл жер тек тау емес, ұлттық бірегейлік пен саяси легитимация кеңістігі. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан бабалар бас қосып билік айтқан хандықтың тарихи-идеологиялық жалғасы ретінде ұсынылып тұр. Ұлытауды тәуелсіздік идеологиясында «бастау», «рухани тамыр», «бірлік нышаны» ретінде қолдану – бұл атаудың саясатпен, ұлттық құрылыммен астасқанын көрсетеді. Дәл осылай «Қаратау» топонимінің дискурстағы мәнін мына мәтіннен анықтауға болады: *«Жуалы. Алатау. Қойнауы қазынаға толы қарт Қаратаудың сілемдері. Өңірдің батысында көсіліп жатқан Құлантау жоталары.*

Жан-жағын биік таулар қоршап жатқан Жуалы өңіріне жолы түсіп келген адам қойнауына талай сырды бүгіп жатқан осынау қасиетті топырақтың киесін, ондағы тау жайлаған батыр халықтың өмір сүру дәстүрін танып, сыйластығын мәңгілік ұмытпайтыны анық. Табиғаты қатал болғанымен, Жуалы халқының дүниетанымы да, досқа деген ілтипаты мен сыйластығы тым ерекше, бөлек екенін баса айтуға тиіспіз.

Жуалының топырағы қасиетті болмаса, қиын-қыстау жаугершілік заманда халқына қорған болған батырлардың бірнеше шоғыры, кейіннен әлемге қазақ халқының қаһармандығын танытқан даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, стратег Бауыржан Момышұлындай бірегей тұлғаларды тудырмас еді ғой?! Бір сөзбен айтқанда, жері де, суы да, ауасы да дуалы, қасиетті Жуалы жерінің әлемге жайылған асқақ даңқын, ешбір өңірге ұқсамайтын дара табиғатын, тиісінше, осынау өлкеден түлеп, қияға қанат қаққан қайраткер азаматтары туралы әңгімені таңнан таңға айтып тауыса алмаспыз-ау...»

<https://janaomir.kz/?p=10900>. Мәтінде асты сызылып айырықшаланған бірліктер «Қаратау» топонимінің дискурстық құрылымын танытады. Ол идеологиялық таңба қызметін атқарып тұр. Атаулардың постструктуралистік тұрғыдан алғанда мағыналары тұрақты емес және уақыт өте келе тарихи мәнмәтінге байланысты өзгеріп отырады. Бұл топонимдердің мағыналық тереңдігін талдау арқылы ономастикалық дискурстың мәдени кодтарын ашуға болады. Ономастикалық бірліктерді осы теориялар арқылы талдау олардың әлеуметтік және мәдени өзгерістерге қалай бейімделетінін, ұлттық сананы қалыптастырудағы символдық рөлін көрсетеді. Ал прагматикалық теория мен дискурсты сыни талдау теориясын сабақтастыру ономастикалық дискурсты қолдану мақсатына байланысты талдау және оның ықпалын ашуға көмектеседі. Атаулардың қолдану мақсаты олардың әлеуметтік және саяси мәнін талдауға бағытталған. Қала атауының, елді мекен, облыс атауларының өзгеруін талдағанда, оның қолдану мақсатына, қандай әлеуметтік-саяси себептерге байланысты өзгергеніне назар аударылады. Дискурсты сыни талдау бұл атаудың белгілі бір идеологияны қолдайтын құрал ретінде қоғам санасында бекігенін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Нұр-Сұлтан» атауы ұлттық тарихта белгілі бір кезеңде жаңа идея мен мақсаттың, атап айтқанда, елорданың тұрақтылығын, заманауи ел бейнесін көрсету үшін қолданылды. Атауды қайта өзгерту арқылы жаңа кезеңдегі саяси-мәдени дискурсты қалыптастырудың мақсаты көрінеді. Осы атаудың прагматикалық тұрғыдан мағынасы мен оның әлеуметтік әсерін анықтау ономастикалық дискурстың қоғамдағы рөлін ашады.

Ономастикалық дискурста ономастикалық атауларды зерттеуде әлеуметтік-саяси теорияны, сыни дискурс-талдау, постструктурализм және семиотиканы өзара сабақтастырып кешенді қолдану атаулардың әлеуметтік және идеологиялық ерекшеліктерін толыққанды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл кешенді әдіс ономастикалық бірліктердің тұрақты емес, өзгермелі табиғатын және олардың қоғамдағы символдық, идеологиялық және мәдени рөлін ашуға көмектеседі.

Ономастика мен дискурс теориясының өзара байланысы – бұл екі сала арасындағы тығыз ғылыми сабақтастықты білдіреді. Осы негізде дискурсты ономастикалық тұрғыдан, ал ономастиканы дискурстық аспектіде сипаттауға болады. Ономастикалық көзқарас тұрғысынан дискурсты былайша анықтауға болады: «Дискурс – бұл белгілі бір атаулар мен терминдерді қолданып, қоғамда әртүрлі мағыналық және идеологиялық мәнмәтінді қалыптастыратын тілдік және коммуникативтік әрекеттер жүйесі». Бұл анықтама дискурстың нақты әлеуметтік топтардың, мемлекеттердің, мәдениеттер мен қауымдастықтардың көзқарасын, құндылықтарын және идеологияларын атаулар арқылы бейнелейтінін және осы арқылы сол атауларды қабылдау үрдісіне ықпал ететінін көрсетеді. Керісінше, дискурсология көзқарасы тұрғысынан ономастика келесі түрде сипатталады: «Ономастика – антропонимдер, топонимдер, гидронимдер, т.б. атаулардың тілдік құрылымын ғана емес, онимдердің қоғамдағы мәдени, саяси, әлеуметтік және тарихи дискурстағы рөлін талдайтын ғылым». Демек, ономастика тек атаулардың семантикасын ғана емес, сонымен қатар олардың көмегімен жеткізілетін мәдениетаралық мағыналарды, идеологиялық ұстанымдарды, әлеуметтік көзқарастар мен құндылықтарды да зерттейді. Осы өзара байланысқа негіздеп орыс тіл білімінде ономастиканың дискурстық аспектілері зерттеліп келеді. Мысалы, Е.Ю. Позднякова [17, с. 241] ономастикалық лексика немесе онимдер тек атауыштық мәнге ие емес, олар коммуникативтік үдерісте тұтас мәтіндік мазмұн ретінде қабылданатындықтан, ономастиканың дискурстық теориясын жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастыру қажет деп есептейді. Ол бұл тұжырымын атау теориясы негізінде түсіндіреді. Бұл теорияға сәйкес, оним – ономастикалық әрекеттің элементі, ал атау беру – шындықты танудың әрі сол танымның нәтижесі болып табылады.

Атау беру үдерісінде адамдар түрлі нысандарға атау қояды. Бұл нысандардың қатарына географиялық объектілер (топонимдер, микротопонимдер), қалалық атаулар (урбонимдер), коммерциялық ұйым атаулары (эргонимдер), оның ішінде мейрамханалар, мерекелік іс-шаралар атауы, тұрғын үй кешендері атауы және т.б. жатады. Бұл үдеріс атау теориясында коммуникациядан тыс қарастырылғанымен, қазіргі ономастика ғылымында атаудың тек номинативтік емес, мәтіндік әрі дискурстық сипатқа ие екені анықталып отыр. Сәйкесінше, ономастикалық атаулар – дискурстық әрекеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Олар дискурс барысында қалыптасып, қабылданады. Сонымен қатар, атаулар дискурстың өнімі бола

отырып, оны қалыптастыратын «шикізатқа» да айналады. Яғни, коммуникация кезінде ономастикалық атаулар арқылы тұтас мәтіндік ақпарат түсініледі.

Дискурс – күрделі коммуникативтік құбылыс, оның құрамына мәтінмен қатар, мәтінді түсінуге әсер ететін тілден тыс факторлар да енеді. Бұл факторларға қабылдаушының әлем туралы білімі, өмірлік тәжірибесі, бағдары, пікірі және мақсаттары жатады [18, с. 5–11]. Осы тұрғыдан алғанда, оним немесе ономастикалық атау дискурстық сипатқа ие болады. Ол қарым-қатынас барысында тек номинативтік мағына ғана емес, сонымен қатар тілден тыс ақпаратты да жеткізеді, сол арқылы әртүрлі қызмет атқаруға мүмкіндік береді. Мұндай ақпараттар тыңдаушы не оқырманның атауды субъективті түрде қабылдауы арқылы қалыптасады және бұл мәліметтердің барлығы онимнің дискурстық өрісінде көрініс табады [17, с. 246].

Осы түсінікке сай Е.Ю. Позднякова онимдерді үш түрлі мәтін сипатында түсіндіреді: бүгілген (свернутый) мәтін, сығылған мәтін (текст-примитив), кішірейтілген (микромәтін) мәтін (1-суретті қараңыз).

Онимді бүгілген мәтін ретінде қарау ойы М.В.Горбаневский зерттеуінен басталады, ол былай деп жазады: «Кез келген нақты немесе ойдан шығарылған географиялық атау белгілі бір деңгейде бүгілген (свернутый) мәтін болып табылады. Оның барлық құрамдас бөліктерін толық ашу тек кәсіби ғылыми сипаттау арқылы жүзеге асады. Ал ішінара ашу ауызша және жазбаша сөйлеуде дискурстың мақсаттары мен міндеттеріне, стильдік және басқа да лингвистикалық ерекшеліктеріне, сондай-ақ монолог, диалог және полилог мәнмәтініне байланысты үздіксіз жүріп отырады. Сонымен қатар атауларды қабылдау жас, әлеуметтік жағдай, білім деңгейі, интеллект, психологиялық және эмоциялық ерекшеліктерге тәуелді» [19, с. 254]. Е.Ю. Позднякова бұл ойдың тек топонимдерге қатысты болмайтынын, кез келген оним бүгілген мәтін сипатына ие болатынын алға тартады.



Сурет 1 – Онимдердің мәтіндік сипаты (Е.Ю. Позднякова зерттеуі негізінде)

Онимдердің «сығылған мәтін» (текст-примитив) сипатын қарастыру Л.Н. Мурзин, С. Штерн еңбектерінде кездеседі. Бұл көзқарас бойынша оним бастапқы мәтіннің барынша сығымдалған нұсқасы ретінде сипатталады. «Мәтінді ең ықшам деңгейге жеткізудің бір тәсілі – оны негізгі кілт сөздер жиынтығына дейін сығымдау, бұл оның мағыналық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді» [20, с. 4]. Л.Н. Мурзин кейбір мәтіндерде сыртқы байланыстылық белгілері жоқ, алайда оларды ұйымдастыратын фактор – олардың тұтастығы екенін атап өтеді [20, с. 21]. Мұндай мәтіндерге маңдайшалар, тақырыптар, кілт сөздер жиынтығы және т.б. жатады, оларды Л.В. Сахарный мен А.С. Штерн «қарапайым мәтіндер» деп те атаған [21]. М.В. Голомидова урбанонимдерді сипаттауда кешенді семиотикалық тәсілді қолданады, оларды «кеңістіктік ортаға енгізілген, белгілі бір қабылдау бағытын қалыптастыратын синкретті урбанонимикалық микромәтіндер» деп анықтайды [22, с. 13]. Бұл пікірге сүйенсек, кішірейтілген (микромәтінге) мәтінге қала ішіндегі топографиялық нысан атаулары жатқызылады: *агронимдер* (қаладағы алаңдар мен базар атаулары), *годоним* (көше атаулары), *хороним* (жеке ғимарат атаулары). Ономастикалық дискурс бірлігінің үш мәтін сипатында келуінің ортақтығы мен өзіндік айырмашылықтары бар. Ортақтығы: қай мәтіндік сипатты алсақ та, ол бір оним мазмұнына жинақталған, сол ономастикалық атау астарында орныққан имплицитті ақпарат (білім/мәтін). Айырмашылығы, біздің ойымызша, онимдердің қолданылу жағдаяты мен қандай нысанды белгілейтіндігінен көрінеді. Нақты айтсақ, *бүгілген мәтін* сипатындағы онимдерге (мысалы, Ұмай ана, Ырғыз т.с.с.) бекітілген мәтіндер мазмұны әрқилы және оларды түрлі аспектіде (этимологиялық, мифтік, тарихи, географиялық т.с.с.) қарастыруға, оқуға болады. *Сығылған мәтін* сипатындағы онимдер (мысалы, «Абай жолы» романы, Қазақтелеком т.с.с.) нақты бір

жағдаятқа қатысты болады. *Кішірейтілген мәтін* (микромәтін) сипатындағы онимдер бір қаланың ішіндегі нысандарға қатысты болып шектеледі.

Бүгілген мәтін идеясы топонимге қатысты М.В. Горбаневский [19, с. 432] зерттеуінде аталып, В.О. Максимовтың [23, с. 83-89] антропонимге қатысты еңбектерінде жетілдірілген. Бұл еңбектер мазмұны ономастиканың дискурстық теориясының жеке сала ретінде орнығуына ықпал етіп келеді. Осы зерттеулерге сүйене отырып, біз ономастикалық дискурс терминін қолданып, оның өзіндік ерекшеліктерін ашуға ұмтыламыз.

Ономастика атаулардың шығу тегі, құрылымы мен мағынасын, ал дискурс теориясы тілдің қолданысын, әлеуметтік және мәдени мәнмәтінде ақпарат беру тәсілдерін зерттейді. Бұл екі сала біріге отырып, қоғамдағы идеологиялық, мәдени және әлеуметтік құндылықтардың қалай көрініс табатынын зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да біз ономастикалық дискурс терминін қолданып, ол терминге берілген мына анықтаманы диссертациямызда негізге аламыз: **Ономастикалық дискурс** – белгілі бір этносқа тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сіңірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі. Бұл атаулар когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық код ретінде тасымалданады [24, б. 28].

Ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде қарастыру қазақ тілінің ономастикасын зерттеген ғалымдар еңбектерінде де байқалады. Бірақ ол зерттеулерде ономастиканы дискурстық аспектіде қарастыру мақсаты арнайы атап көрсетілмегенімен, ғалымдардың талдаулары мен тұжырымдарында дискурс теориясының негізгі ұғымдары қолданылған деуге болады. Ономастиканы зерттеудің дискурстық аспектісін арнайы талдай отырып, бұл мәселені келесі тармақта тарқатамыз.

1.2 Ономастиканы зерттеудің дискурстық аспектісі

Аспект терминінің қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде берілген мағынасы «1) көзқарас, бір заттың анықталған түсінігі» [25] дегенге саяды. Осыған сүйенсек, ономастиканы зерттеу аспектілері жалқы есімдерге қатысты анықталған түсініктер, көзқарастар жүйесін, соған сай зерттеу жүргізуді білдіреді. Ғылыми еңбектерде ономастиканы зерттеу аспектілері анықталған. Г.Б.Мәдиева мен С.Қ.Иманбердиеваның зерттеуінде ол былайша санамаланған: *географиялық* (жалқы есімдерге географиялық фактордың ықпалын анықтау, атаулардың көші-қонын, аймақтық ауысуын анықтау т.с.с.), *тарихи* тұрғыдан (жалқы есімдердің пайда болуын, олардың белгілі бір тарихи кезеңмен сабақтастығын және қоғамдағы атқаратын қызметін зерттеу), *лингводеректану бағыты* (әртүрлі жанр мен дәуірге жататын жазба мұралар мен баспа ескерткіштерде кездесетін ономастикалық атауларды талдау), *лингвомәдениеттану* (жалқы есімдер арқылы халықтың мәдени болмысын, тарихи жадын және рухани дүниетанымын айқындау), *лексикографиялық* (түрлі ономастикалық категорияларға жіктелетін атауларды жүйелеп, оларды әртүрлі

қырынан зерттеуге арналған сөздіктер құрастыру), *лексикологиялық* (белгілі бір тілдегі жалқы есімдерді жинақтап, сол тілдің сөздік құрамында оларды талдау, сондай-ақ олардың жалпы есімдермен (апеллятивтермен) арақатынасын анықтау), *логикалық* (жалқы есім мен оның білдіретін нысаны арасындағы ұғымдық байланысты зерделеу), *ономастиологиялық* (атау берудің типтік (жиі қолданылатын) және раритетті (сирек қолданылатын) модельдерін анықтай отырып, ономастикалық атау берудің табиғи және жасанды әдістерін нақтылау арқылы ономастикалық кеңістіктегі өзекті (антропонимия, топонимия, зоонимия) және перифериялық (космонимия, эргонимия, гемеронимия т.с.с.) шектеріндегі атау беру принциптері мен тәсілдерін анықтау), *психологиялық* (жалқы есімдерді жасау, қалыптасу, қабылдау үдерістерін жеке адам психологиясын, тұтас ұжым психологиясын ескере отырып зерттеу), *семасиологиялық* (атау беру үдерісінде және әртүрлі онимдердің жасалуында қолданылатын апеллятив сөздердің тобын айқындап, олардың денотатты даралаудағы рөлін зерттеу), *семиотикалық* (жалқы есімді тілдік таңба ретінде қарастырып, оның белгілік табиғатын, семиотикалық ерекшеліктерін анықтау), *терминологиялық* (ономастика ғылымының ішкі терминдер жүйесін, яғни оның метатілін зерделеу), *этнолингвистикалық* (жалқы есімдерді ұлттық дүниетаным, этникалық ерекшелік, мәдени және психологиялық факторлар негізінде қарастыру), *когнитивтік* бағыт – «оним» концептісінің мазмұны мен құрылымын, оның ономастикалық тұлғамен арақатынасын талдау, ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың таным жүйесінде сақталған прецедентті атаулар мен әлемнің тілдік бейнесін құрайтын ономастикалық модельдерді анықтау), *функционалдық* (жалқы есімдердің сөйлеу барысында қалай қолданылатынын және олардың мәтін ішіндегі коммуникативтік қызметін зерттеу), *мәдениетаралық коммуникация* (жалқы есімді өзге этнос өкілдеріне түсінікті етіп жеткізу, оны таныстыру және оқыту мақсатында сипаттап қарастыру) [26, б. 42-46]. Бұл аталған аспектілер қазақ ономастикасын зерттеуші ғалымдар еңбектерінде де көрініс тапқан. Бұл ойымызды ғалымдардың зерттеулеріндегі ой-тұжырымдар мен талдаулар арқылы және оны тіл білімінің жаңа парадигмасына енетін бағыттар тұжырымымен сабақтастыра отырып дәйектеуге тырысайық.

Қазақ тіл білімі іргесін қалаған профессор Қ. Жұбановтың зерттеулерінде жалқы есімдерге қатысты ой-пікірлер тілдегі аулақтық тенденциясын түсіндіруде жазылады. Ғалымның өз сөзімен келтірсек: «... жалқы есімнің аз өзгеретін себебі оның сөз бен сөзді айырып, неғұрлым ұқсатпау мақсатына байланысты. Ағайынды кісілердің аттары бір түбірлі сөздерден болуы шарт емес. Бұлардың грамматикалық жағынан бірдей таңбалануы да шарт емес. Өйткені сөздің жақынын таңбалау мақсат емес, қайта олардың басқалығын білдіру шарт. Сондықтан жалқы есімдер аулақтық тенденциясымен тез үйлеседі. Соның нәтижесінде жалқы есімдерден болған сөз түбірлері өзгеріп отырады; кездейсоқ түрде ұшыраған дыбыс басқалығы – жалқы есім үшін сирек нәрсе. Мысалы, әлдеқалай екі түрлі айтылып кеткен бір жалқы есім кейде екі кісіге ат бола кетеді (Ғали, Әли, Қали, Қалима, Мұханбет, Махамбет т.б.); кейде

бір аттың (есімнің) кіші формасы да өз алдына дербес ат болып кетеді (Мұқан, Мұқаш, Шонан, Шонтық, Шонай)... Бәтима – Бәтіш, Гүләйім – Күләш, Мағрипа – Мағыш сияқты сөздердің әрқайсысы – өз алдына дербес жалқы есімдер» [27, б. 105-106]. Ғалымның осы ой-пікірінде айтылған кіші формаға ие жалқы есімдер функционалды-прагматикалық тұрғыдан аталған онимдерді зерттеудегі ғалымдар ұсынып жүрген «сөйлеушінің жеке өрісі» (личная сфера говорящего – Ю.Д. Апресян ұсынған термин) терминімен, оның ішінде коммуникативтік жағдаяттарда жалқы есімдерді прагматикалық мақсатқа сай қолдану мәселелерімен ұштасып, қазіргі кезеңде жаңа қырынан қарастырылады. Ю.Д. Апресянның түсіндіруінше, сөйлеушінің жеке өрісін сөйлеуші өзі құрады, оған сөйлеушінің жанына жақын (физикалық, моралдық, эмоционалдық, интеллектуалды) адамдар, адам еңбегінің өнімдері, оның өмірінен ажырамайтын қоршаған ортасы, өзімен біртұтастық түзетін табиғат, оның қамқорлығына зәру балалары, жануарлар, өзі сенетін құдайлары, басқаша айтқанда, оның сөйлеу сәтіндегі санасында бардың бәрі кіреді және ол қозғалмалы сипатқа ие болады. Ю.Д. Апресянның айтуынша, оған енетін нысандардың саны жағдаятқа тәуелді болады [28, с. 645-646]. Сонымен қатар Қ. Жұбановтың орыс тілінде жариялаған «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан» мақаласында да *Айсұлу, Таңсұлу, Күнсұлу, Таңжарық, Айжарық, Күнжарық, Жылкелді, Қожамберді, Жанбосын, Жанбол* т.с.с. жалқы есімдер арқылы қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібінің синтаксистік заңдылығын тарихи тұрғыдан түсіндіреді. Бұнан біз жалқы есімдердің тарихилығы тек лексикалық мағыналарынан ғана емес, синтаксистік құрылымынан да танылатынына, ал ол екеуін пайымдаудың дискурстық әрекетте мүмкін болатынына тағы да көз жеткіземіз.

Г.Қ. Қортабаева 2007 жылы қорғаған «Қазақ ономапозетикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары» атты кандидаттық диссертациясында сатиралық-юморлық поэтонимдерді негізінен дәстүрлі, құрылымдық және мағыналық тұрғыдан талдайды. Алайда зерттеуші өз тұжырымында бұл атаулардың автордың қиялынан туған, жасанды сипаттағы есімдер бола тұра, олардың астарында қазақи болмыс, ұлттық мінез-құлық, әзіл-нақыш, сондай-ақ қазақ халқының философиясы, мәдениеті, тарихы мен саяси санасы көрініс табатынын ерекше атап өтеді. Сонымен қатар, ол экстралингвистикалық факторлардың бұл кейіпкер есімдерінің уәжділік ерекшелігін айқындап, олардың ұлттық сана, тарихи жад, рухани мәдениет пен дәстүрлі салт-ғұрыптармен тығыз байланыста екенін және жүйелі сипатта танылатынын дәлелдейді [29, б. 29]. Бұл ойдан зерттеушінің өз зерттеу нысанының дискурстық сипатын танытқанын аңғарамыз.

Б.М. Тілеубердиевтің «Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептуалдық негіздері» монографиясында [30] қазақ тілінің онимдері когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология тұрғысынан талданып, ғалымның пайымдауынша, когнитивтік ономастика теориясының негізгі саласына жататын ономастикалық лингвоконцептология негіздері қаланған. Онимдерді дискурстық бірлік деп нақты атамаса да, Б.М. Тілеубердиевтің қазақ

онимдерінің семиотикалық қырларына қатысты көзқарасы бұл жалқы есімдердің дискурстық табиғатын нақтылай түседі. Ғалым жалқы есімдер мағынасының өзіндік ерекшелігінің болуын олардың тілден тыс лингвистикалық берілімімен, тілден тыс факторлармен тығыз байланыс түзуімен, сөйлеу мен тілдегі айрықша қызметтерімен сабақтастырады [30, б. 70].

Оның онимдерді дискурстық аспектіде талдағанын олардың мағыналық ерекшелігін мына байланыста қарауында деп есептейміз: автор жалқы есімнің тілдегі және сөйлеудегі қызметін және экстралингвистикалық факторларды бөліп атайды. Дискурс теориясына сүйенсек, тіл мен сөйлеудің түйісетін орны дискурс, тілдің сөзде, нақтырақ айтқанда, сөйлеуде жұмсалуды, оның үстіне сөйлеу нақты сөйлеу жағдаятына сай құрылатын болса, онимдер ономастикалық дискурс бірлігі деп есептеледі деген қорытындыға мүмкіндік береді. Б.М. Тілеубердиевтің ойын тарата талдауымызды жинақтап 2-суретке түсіріп ұсынайық:



Сурет 2 – Жалқы есімнің ономастикалық дискурстағы сипаты

Зерттеушінің ойынша, жалқы есімдер өзіндік ерекшеліктеріне сай екі құбылыстың – тілдік және тілден тыс – түйісетін нүктесі болады да, олардың қызметі түрліше кеңістіктерде не мәдени, әлеуметтік т.б. өрістерде көріне алады. Б.М. Тілеубердиевтің жалқы есімнің өзіндік семиотикалық мүмкіншіліктерін олардың мәдени, әлеуметтік және өзге қызмет кеңістіктерінде орындай алуын көрсетуі – онимдерді дискурс бірлігі сипатында қарастырғанын дәлелдейді [30, б. 72]. Жалқы есімдер өздерінің мағынасы мен мәнін тек дискурста ғана аша алады. Оның себебі жалқы есімдердің қандай мәнде жұмсалып тұрғаны қарым-қатынасқа түсушілердің нақты сөйлеу жағдаятына тәуелді болады.

Ғалым ономастикалық концептілердің көркем мәтіндерде вербалдану мәселесін зерделей отырып, тілдің сөйлеусіз (речь), қолданылусыз өлі дүние болатынын, сондықтан тек қолданыстағы (сөйлеу мәтіндеріндегі – көркем мәтіндерді солардың бір түрі ретінде қараған) тіл бірліктері мен концептілері өз сипатын, болмысын аша алатынын атайды. Ол ономастикалық концептілердің

вербалдануының көркем мәтіннің дискурстық (пайымдау) сипатына байланысты болатынын, сонымен қатар дискурсты құрылымдайтын маңызды элемент екенін атап көрсетеді. Зерттеушілер дискурстың сөйлеу актілері мен мәтіннен айырмашылығын былайша түсіндіреді: дискурс – когнитивтік және лингвомәдени сипаттағы тұтас сөйлеу бірлігі. Ғалымдардың пайымдауынша, дискурста тілдік тұлғаның аялық білімі, яғни тілдік дүниенің бейнесі, автордың «таным әлемі» түрлі концептілер арқылы көрініс табады. Осыған байланысты ономастикалық концептілердің мәтінде вербалдануын жоғарыда аталған дискурстық сипаттамалар негізінде қарастыру қажеттілігі туындайды [30, б. 254]. Ғалым аталған зерттеуінде ономастикалық концептінің мәтіндегі тілдік көрінісінің дискурс ретінде қабылданатынын атап, дискурста адамның таным моделінің таңбаланатынын, ал сол модельде жалқы есімдердің маңызды, шешуші мәнге ие екенін талдап, дәйектейді, осы рөлі арқылы жалқы есімдер мәтін түзушілік қызмет атқаратынын атаған [30, б. 264]. Осы ой-тұжырымдарға сүйене отырып біз Б.М. Тілеубердиевтің аталған зерттеуінде ономастикалық дискурс ерекшеліктерінің кейбір мәселелерінің талданғанын көреміз. Жалқы есім мәтін түзушілік қызмет атқарады деуінен дискурс теориясындағы мәтіннің дискурсқа әрі шикізат, әрі оның өнімі болатындығымен сабақтастығына назар аударамыз.

Г.Б. Мадиева атап өткендей, 1949-2015 жылдар аралығында Қазақстанда ономастика мәселелерін арқау еткен докторлық және кандидаттық диссертациялардың саны 100-ден асып жығылады [31, с. 6]. Зерттеулерде ономастикалық проблемалар түрлі әдіснамалық бағыттарда, атап айтқанда: функционалды-прагматикалық (Е.А. Керімбаев, И.С. Карабулатова, И.В. Крюкова, Н.В. Васильева және басқалар), психолингвистикалық (И.С. Карабулатова, Е.Л. Березович, Л.М. Дмитриева, И.В. Крюкова, М.Е. Новичихина, В.И. Супрун және т.б.), әлеуметтік-лингвистикалық (З.К. Ахметжанова, Г. Алдаберген, О.Б. Алтынбекова, М.К. Исаев, С.И. Исабеков, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко, Ж. Смағұлова, С.Ю. Сон, Э.Д. Сүлейменова, Б.Х. Хасанов, В.А. Никонов, А.В. Суперанская, В.И. Супрун, Т.Д. Жанұзақов т.б.), сондай-ақ этнолингвистикалық және лингвомәдени (М.В. Горбаневский, Н.А. Бердяев, А.А. Абдрахманов, Г.Б. Мадиева, Е.А. Керімбаев және т.б.) және когнитивтік бағыттарда (Т. Жанұзақов, Т. Қоныров, Е. Керімбаев, Г.Б. Мадиева және басқалар) зерттелген.

Г.Б. Мадиева аталған бағыттардың әрқайсысын талдай келе, олардың өзіндік зерттеу объектілері мен проблемаларын жүйелі түрде сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, функционалды-прагматикалық тұрғыдағы зерттеу жалқы есімдердің түрлі сөз жағдайларындағы қолданыс ерекшелігін, олардың нақты коммуникативтік жағдаяттағы қызметін айқындауға бағытталады [31, с. 12]. Ал психолингвистикалық көзқарас онимдерді қалыптастыру, олардың жеке адамдар мен әлеуметтік топтар тарапынан қабылдану үрдісін зерттейді. Бұл бағыт жалқы есімдердің адам психологиясына әсері, түрлі эмоция (мақтаныш, қуаныш, күлкі, ашу, жиіркену, өкіну, т.б.) тудыру қабілеті, жалқы есімдер арқылы өз мәдениетін және бөгде мәдениеттерді меңгеру жолдары, есімдердің

мәтіндегі орны мен мағынасы секілді мәселелерді қарастырады [31, с. 17]. Әлеуметтік-лингвистикалық аспектіде жүргізілетін зерттеулер әлеуметтік факторлардың жалқы есімдерге ықпалын ашуға бағытталған. Мұнда тіл тұтынушыларының өзгерісі, әлеуметтік прогресс, жаңа саяси құрылымдардың қалыптасуы, қоғамдық сананың жаңғыруы, тілдік жағдаяттар мен тілдік қарым-қатынас жағдайлары секілді құбылыстардың онимдер жүйесіне әсері зерделенеді. Этнолингвистикалық және лингвомәдени бағыттағы зерттеулер жалқы есімдердің ұлттық-мәдени сипатын анықтауға бағытталады. Бұл тұрғыда ұлттық ерекшелікті білдіретін есімдерге қойылатын талаптар айқындалып, олар мәдени код ретінде қарастырылады және олардың семантикалық өрісі ұлттық болмыспен байланыста қаралады. Когнитивтік бағытта жалқы есімдер тілдік санада қалай қабылданатыны, олардың менталды кеңістіктегі рөлі, ономастикалық бірліктердің дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырудағы орны қарастырылады. Бұл бағытта жалқы есімдердің сол тілдік қауымдастық үшін қандай мәнге ие екені, олардың когнитивтік өзек ретінде танылуы және мәдени білімді тасымалдау қызметі зерттеу нысанына айналады [31, с. 37].

Е.А. Керімбаев өз еңбегінде қазақ тіліндегі жалқы есімдердің қызметін жан-жақты қарастырып, оларды сөз және тіл жүйесінде, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан зерттейді. Ғалым жалқы есімдердің ауызша және жазбаша сөйлеудегі қолданылу деңгейін, олардың актив және пассив формаларын, жалпытілдік пен диалектілік, әдеби және бейәдеби қолданыстарын салыстырмалы түрде талдайды [32].

Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздерін анықтаған Қ. Рысберген қазақ ономастикасын жаңа парадигмада зерттеудің негізгі өзегін қазақ ономастикасының этномәдени мазмұнымен сабақтастырады, халықтың санасындағы ел мен жер туралы білімді сақтаудың құралы ретіндегі сөздердің (атаулардың) мазмұнындағы топонимдік ақпаратты тілдік сананың когнитивтік базасында анықтау – қазақ ономастикасының жаңа ғылыми парадигмада анықталуының айқын үлгісі болатынын тұжырымдаған [33].

А. Арысбаев қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметін көркем мәтіндерде қолданылатын қазақ географиялық атауларын талдау негізінде айқындаған. Оның тұжырымдауынша, зерттеу нысанына алынған атаулар мекендік көрсеткіштік қызмет (болып жатқан оқиғаның кеңістігін бағдарлау қызметі), көркем мәтінде ұлттық колорит пен дүниенің этникалық-тарихи, образды-тілдік бейнесін жасаудағы этномәдени лексикалық элементтің таңбалық қызметі, шығарма идеясын, тақырыбын, автордың көзқарасын, дүниетанымдық және стильдік жеке ерекшеліктерін айқындауға әсерін тигізетін стилистикалық-эстетикалық қызмет [34, б. 20] атқарады. Ғалымның бұл тұжырымындағы қызметтің орындалу шарты – көркем мәтіндегі географиялық атаулардың дискурстық бірлік ретінде жұмсалуды, сол кезде олар дискурстық құрал қызметін атқарып, дискурстық рөлін орындайды, сол арқылы кумулятивтік қызмет жүзеге асады.

Қазақ тіл білімінде ономастика мәселелерін кейінгі буын ғалымдар да зерттеп, алдыңғы ғылыми зерттеулерді жетілдіріп, ілгерілетті. Атап айтқанда,

қазақ антропонимдерінің лингвомәдени жүйесін Ф.М. Әшімханова [35], қазақ есімдерінің танымдық сипаты мен уәжділігін Н.Ө. Асылбекова [36], қазақ тіліндегі көне антропонимдерді, қазақ тарихи антропонимиясын Б. Досжанов [37], антропонимдік үлгілердің динамикасын Д.М. Пашан, А. Жұманқызы [38] зерттеген.

Ж.А. Манкеева қазақ ономастикасындағы сөз энергетикасы мәселесін арнайы сөз етеді. Ол қазақ ономастикасының синергиясын танудың маңыздылығын атап, қазіргі қоғамдағы ұлттық сананы жаңа сапалық деңгейге көтеру үдерісімен байланысты «рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда тілдегі ономастикалық жүйенің синергиясын тану – этномәдени кодтың бір қазығы әрі маңызды құралдарының бірі екенін жазады...Ғалымның пайымдауынша, «Ғаламның тілдік бейнесі» ретінде танылатын қазақ ономастикасы – мифологиялық танымнан поэтикалық көзқарасқа дейінгі мазмұнды қамтитын, тілдік модельдердің сандық және сапалық өлшемдерін сіңірген, дамуын тоқтатпаған ашық жүйе» [39, б. 141]. Ғалымның бұл тұжырымына зейін қойсақ, ономастикалық жүйенің ашықтығы мен үздіксіз даму үстінде болуы – оның дискурстық сипатын танытады. Қазақ ономастикасын зерттеушілердің қайсысын алсақ та, ономастикалық атауға жасалған талдау дискурстық талдау сипатында жүргізілгенін аңғаруға болады. Біздің бұл ойымызды мына пікір дәйектей түседі: «Ұлттық ономастиконның мазмұнында астарланған этномәдени кодтың кілтін ашуда көрнекті ономаст-ғалымдар Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Қ. Рысбергел, Е. Керімбаевтардың және олар қалыптастырған мектеп өкілдерінің еңбегі ерекше. Осымен байланысты зерттелген тарихи-мәдени парадигмада кеңестік, тоталитарлық және тәуелсіздік кезеңдеріндегі публицистикалық, саяси, мәдени, ғылыми, көркем т.б. мәтіндердегі атауларға дискурстық талдау жасалып, атаулардың сакралдық, символдық, мифологиялық т.б. мәнін ашу олардың танымдық та, коммуникативтік-әлеуметтік те қызметін кешенді түсіндіреді» [39, б. 144].

Ономастика мәселелері қазіргі тіл білімінде тек дәстүрлі құрылымдық бағытта ғана емес, антропоэлекті парадигма аясында қалыптасқан жаңа ғылыми ұстанымдар тұрғысынан да жан-жақты қарастырыла бастағанын байқауға болады. Бұл бағыттар арасындағы айырмашылық тек зерттеу салмағы мен басымдылық деңгейінде ғана көрінеді. Атап айтқанда, онимдердің ішіндегі антропонимдер мен топонимдер кең ауқымда, жан-жақты әрі терең зерттеуге жиі нысан болып отыр. Онимдер қандай бағытта талданса да, олар адамның «тілді қолдануы» барысында, яғни дискурстық кеңістікте өзінің толық семантикалық және прагматикалық әлеуетін ашады.

Г.Б. Мадиева жалқы есімдердің тілдік бірлік ретінде қарастырылатынын, сондықтан оларды лингвистикалық зерттеулерге тән әдістер арқылы және тіл білімінің түрлі бағыттары тұрғысынан саралау қажеттігін атап көрсетеді [31, с. 37]. Осыған сүйене отырып, онимдерді дискурс теориясының ұстанымдарына сай және осы теорияға тән зерттеу тәсілдерін қолдана отырып талдауға болады деген тұжырым жасаймыз. Бірақ ономастика мәселелерін антропоэлекті және когнитивті-дискурстық парадигмада зерттеу құрылымдық парадигма

зерттеулері қол жеткізген нәтижелермен, тұжырымдармен сабақтастырылып зерттеледі, себебі «...құрылымдық әдіс пен тіл рухына үңілетін антропоэзектік бағыт идеялары арасында сабақтастық бар» [31, б. 210].

Жоғарыда келтірілген ономаст-ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, біз ономастиканы зерттеудің санамаланған аспектілері қатарын дискурстық аспектімен толықтыруды ұсынамыз. Ол ғылыми айналымда қолданыста жүрген ономастиканы зерттеудің дәстүрлі аспектілерімен сабақтастықта бола отырып, өзіндік ерекшеліктерге ие, ол ерекшеліктерді 4-кестеде салыстырмалы сипатта ұсындық.

Кесте 4 – Ономастиканы зерттеу аспектілері мен дискурстық аспектінің айырмасы

Ономастиканы зерттеудің дәстүрлі аспектілері	Ономастиканы зерттеудің дискурстық аспектісі
1	2
Жалқы есімдердің географиялық таралуын, көші-қон мен тарихи өзгерістерін зерттейді.	Топонимдердің медиа мен саясаттағы қолданылуын, олардың әлеуметтік және идеологиялық мағынасын қарастырады
Жалқы есімдердің тарихи қалыптасуын, белгілі бір кезеңдермен байланысын зерттейді	Тарихи атаулардың қазіргі ақпараттық кеңістікте қалай қолданылып, қандай мағынаға ие болатынын талдайды.
Жазба ескерткіштер мен тарихи құжаттардағы жалқы есімдерді зерттейді.	Мұрағаттық деректердегі онимдердің қазіргі медиада немесе ғылыми дискурста қалай зерделенетінін зерттейді
Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени кодтардағы орнын зерттейді	Жалқы есімдердің ұлттық дискурстағы рөлін, прагматикалық қызметін қарастырады.
Онимдерді сөздіктерге енгізу, инвентаризациялау, жүйелеу	Сөздіктердегі сипаттамалардан бөлек, онимдердің нақты дискурстағы қолданылу ерекшеліктерін зерттейді.
Жалқы есімдерді жалпы тіл жүйесінде қарастырады.	Жалқы есімдердің сөйлеу дискурсында қандай мағына беретінін, метафоралық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтайды.
Жалқы есімдердің референттік нысанмен байланысын зерттейді.	Онимдердің мәтіндегі семантикалық және прагматикалық қызметін қарастырады
Жалқы есімдердің атау беру модельдерін, табиғи және жасанды атау беру әдістерін қарастырады	Белгілі бір мәнмәтінде атау берудің уәжін, прагматикалық мақсаттарын зерттейді.
Жалқы есімдерді қабылдау, есте сақтау, олардың эмоционалды әсерін қарастырады.	БАҚ-та немесе жарнамада қолданылған онимдердің қоғамдық санаға қалай әсер ететінін зерттейді.
Жалқы есімдердің мағыналық құрылымын, денотативтік және коннотативтік ерекшеліктерін анықтайды.	Онимдердің мәтіндердегі өзгермелі мағынасын, прагматикалық рөлін зерттейді

4 – кестенің жалғасы

1	2
Жалқы есімдерді тілдік таңба ретінде қарастырады.	Онимдердің әлеуметтік және мәдени-идеологиялық таңба ретіндегі рөлін қарастырады
Ономастика саласындағы терминологиялық жүйені зерттейді.	Ономастикалық терминдердің ғылыми және публицистикалық дискурстардағы қолданылуын талдайды
Жалқы есімдерді этномәдени және этнопсихологиялық тұрғыдан зерттейді	Белгілі бір этностың дискурсында онимдердің ұлттық ерекшеліктерін қарастырады.
Ономастиканы зерттеудің дәстүрлі аспектілері	Ономастиканы зерттеудің дискурстық аспектісі
Онимдер мен олардың концептуалды құрылымдарын зерттейді.	Ұлттық когнитивтік жүйеде жалқы есімдердің дискурстық қызметін зерттейді.
Жалқы есімдердің сөйлеудегі қызметін зерттейді.	Онимдердің нақты дискурстағы коммуникативтік мақсатын талдайды.
Жалқы есімдердің басқа мәдениетке трансляциялануын зерттейді	Онимдердің аударылуындағы дискурстық ерекшеліктерді, олардың мәдениаралық коммуникациядағы қызметін қарастырады.

Кестеде көрсетілген ерекшеліктерді жинақтап қорытындыласақ, *ономастиканың дискурстық аспектісі дегеніміз – жалқы есімдерді ономастика теориясы шеңберінде дискурстық тұрғыдан зерттейтін бағыт.* Ол жалқы есімдердің дискурстағы қызметін, олардың лингвистикалық ерекшеліктерін және ономастикалық жүйемен байланысын қарастырады. Ономастикалық дискурс – жалқы есімдердің нақты дискурстағы қолданысын зерттейтін бағыт. Ол әлеуметтік, мәдени және саяси факторларды ескере отырып, атаулардың мағынасын, өзгеруін және қызметін талдайды, ономастикалық атауларды (жалқы есімдерді) дискурстық аспектіде зерттейтін ғылым. Ономастикалық дискурста жалқы есімдердің нақты қарым-қатынас мәнмәтінінде (саяси, медиа, әдеби, жарнамалық, әлеуметтік желі т.б.) қалай қолданылатыны, олардың прагматикалық, семантикалық, когнитивтік және мәдени ерекшеліктері зерттеледі. Бұл ғылым жалқы есімдердің мәтін ішіндегі, сөйлеу үдерісіндегі қызметін, олардың дискурстық қолданысын, белгілі бір мақсатта қалай өзгертетінін, қандай ассоциациялар тудыратынын, қандай идеологиялық немесе әлеуметтік мәнге ие болатынын талдайды. Соған сәйкес біз ономастикалық дискурстағы онимдерді дискурстық бірлік ретінде қарай отырып, оның дискурстағы орнын арнайы талдаймыз.

1.3 Оним: ономастикалық мәтін мен дискурс бірлігі ретінде

Ономастиканы дискурс теориясында зерттегенде, ономастикалық атауды не онимді тек тіл бірлігі сапасында алмай, оны астырт құрылымның (ойдағы

когнитивтік құрылымдардың) үстірт құрылымдағы (тілдегі) таңбасы және қарым-қатынасқа түсушілер арасында өзі арқалаған ақпаратты не білімді тасымалдаушы бірлік деп қарап, когнитивтік - дискурстық парадигмада кешенді талдау жасайтынын атадық.

Когнитивтік-дискурстық парадигма Е.С. Кубрякованың тілді зерттеуге қолданған методологиясы негізінде қалыптасқаны аталып жүр. Бұл парадигмаға сәйкес әр тілдік құбылыстың екі қызметі сипатталуы керек: 1) танымдық не когнитивтік (тілдік құбылысқа қатысты жүретін танымдық үдерістер), 2) коммуникативтік (сөз не сөйлеу актілері). Басқаша айтқанда, когнитивтік-дискурстық парадигмада тіл зерттелгенде оның сипаттамасы да, түсіндірілуі де когниция мен коммуникацияның тоғысында орындалуы шарт, сол кезде ғана тілдік құбылыс шынайы танылады [40, с. 32]. Біздің онимді ономастикалық мәтін бірлігі ретінде сипаттауымыз атаудың тілдік құрылымдағы таңбалық қызметімен (дискурс шикізаты болатын мәтіндегі сипаты), ал дискурс бірлігі ретіндегі қызметі оның нақты қолданыс кезіндегі сөз не сөйлеу актісіндегі жұмсалуды және оның астарындағы танымдық үдерістерді қоса алып түсіндірумен сараланады. Онимді осы екі сипатта талдауымызға когнитивтік-дискурстық парадигмада тілді зерттеу ұстанымы негіз болады.

Ономастикалық дискурс, ең алдымен, әлеуметтік таңба болып табылатын атаулардың қызмет етуін зерттеу деген тұжырымға әкеледі. Есімдер қоғамның өмірі, тарихы мен мәдениетінің ізін сақтайды, сондықтан олардың мағыналық құрылымы күрделі, оған қолдану кезінде пайда болатын ассоциациялар мен коннотациялар кіреді («географиялық атаулардың оттопонимдік мәні» – В.А. Никонов [41], «семантикалық мәдени компонент» – Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров [42]). Бұл «жаңа» мазмұн мәдениеттік шарттылығымен, әлеуметтік-мәдени ассоциациялардың байлығымен және күрделі когнитивтік базамен ерекшеленеді. Сондықтан ономастиканың функционалды аспектісін зерттеушілердің назары жалқы есім социолінгвистикасына (атауларды қабылдау, ономастикалық номинация заңдылықтары, әлеуметтік-мәдени мәннің жүзеге асуы) бағытталған (И.В. Гюббенет [43], Г.Д. Томахин [44], В.А. Никонов [41, с. 91]). Осыдан келіп, жалқы есімдердің функционалды тілдік бірлік ретіндегі өзекті онтологиясын анықтау үшін олардың сөйлеудегі жүзеге асуын зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе кейбір зерттеулердің (И.А. Данчинова [45], Н.К. Итченко [46]) нысанына айналды, онда сөйлеу, негізінен, эстетикалық ұйымдастырылған (көркем) әрекет ретінде қарастырылады, ал негізгі әдіс ретінде есімдердің филологиялық және әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде қызмет етуін талдау қолданылады.

Қазақ тіл білімінде «дискурс» ұғымының мазмұнына қатысты бірыңғай пікір жоқ болғанымен, бұл термин ғылыми әдебиетте орнығып, оған қатысты зерттеулер саны арта түскені байқалады. Мұндай үрдіс тілді тек статикалық жүйе ретінде емес, динамикалық құбылыс ретінде – яғни тілдің шынайы қолданыстағы қалпын зерттеуге деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Сонымен қатар, тілдік әрекетті немесе сөзді зерттегенде оны

экстралингвистикалық факторлармен – яғни тілден тыс факторлармен (қатысымдық жағдаят, әлеуметтік және мәдени мәнмәтін, адресаттың білімі мен танымы) бірге қарастыру қажеттігі туындайды. Осы тұрғыдан келгенде, онимдерді дискурстық бірлік ретінде қарастыруға толық негіз бар. Олар да нақты коммуникативтік жағдаятта сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас қажеттілігін өтейді, дискурс аясында коммуниканттардың ниетіне сәйкес қолданылады және танымдық білімді тасымалдау қызметін атқарады. Бұл ретте ономастикалық атаулар екіжақты сипатқа ие: олар бір жағынан дискурстың өнімі болып табылса (яғни олардың атаулы мағынасы мен уәжділік негізі бар), екінші жағынан – дискурсты құраушы құрал, яғни ономастикалық атауға негізделген білімдер мен мәтіндер арқылы қатысым жүзеге асады. Осы тұстан ономастикалық бірліктің не онимнің дискурстық мәні мен лингвистикалық мәнін ажыратуға болады. Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні онимдердің тілдегі (мәтіндегі) қызметін зерттеуге бағытталса, дискурстық мәні (дискурстағы) олардың коммуникациядағы рөлін зерттеуге бағытталған. Онимдер мәтін бірлігі ретінде лингвистикалық мәнге ие, ол мән онимдердің тілдік таңба ретіндегі қызметінен көрінеді. Ономастикалық мәтінде онимдер белгілеуші ретінде қызмет етіп, объектілерге не нысандарға атау беру арқылы сол объектілердің тілдік таңбаға айналуына көмектеседі. Бұл лингвистикалық тұрғыдан алғанда атаулардың номинативтік қызметін көрсетеді, яғни атаулар белгілі бір нәрсені белгілейді.

Ономастикалық атаулар – құндылықтарды жеткізу құралы. Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні онимдер мазмұнына бекітілген, орныққан, сол атауда сақталған ұлттық, мәдени және тарихи құндылықтар тілдік құралдар арқылы ғана жеткізіледі. Егер ол оним қарым-қатынас барысында қолданылмаса, не болмаса, қарым-қатынасқа түсушілер тарапынан түсінілмесе, ол дискурстық бірлікке айнала алмайды. Сондықтан ономастикалық атаулардың дискурстық мәні олардың лингвистикалық мәніне тәуелді. Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні онимдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерінен көрініс табады. Лингвистикалық тұрғыдан ономастикалық бірліктердің құрылымы, морфологиялық ерекшеліктері, семантикалық мазмұны зерттеледі. Бұл атаулардың тілдік жүйедегі орнын, олардың морфемдік құрамын, сөзжасамдық тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай ономастикалық дискурс дегенде ономастикалық атаулардың атауыштық не номинативтік қызметі ғана емес, сол қызметтің нақты коммуникативтік жағдаятта атқаратын коммуникативтік қызметі, ұрпаққа ақпаратты жеткізудегі кумулятивтік қызметі бірге ұғынылады. Ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтіннің өзара тығыз байланысы да осыдан анық көрінеді. Онимдер мәтін бірлігі ретінде лингвистикалық мән арқалап, оны тілдік жүйеде танытса, ал ономастикалық дискурс бірлігі ретіндегі дискурстық мәні коммуникативтік жүйеде анықталады. Онимнің мәтін бірлігі мен дискурс бірлігі сипаты 5-кестеге жинақталып берілді.

Кесте 5 – Онимнің мәтін және дискурс бірлігі ретіндегі сипаты

ОНИМ	
Ономастикалық мәтін бірлігі	Ономастикалық дискурс бірлігі
Мәтіндегі лингвистикалық мәні мен қызметі қаралады.	Дискурстық мәні, коммуникациядағы рөлі анықталады.
Ономастикалық мәтін бірлігі	Ономастикалық дискурс бірлігі
Белгілеуші, атау беруші, яғни номинативті қызмет атқарады.	Коммуникативтік, кумулятивтік қызмет атқарады.
Тілдік жүйе элементі	Коммуникативтік жүйе бірлігі
Морфемдік құрамы, сөзжасамы, семантикасы, мәтінді ұйымдастырудағы қызметі талданады.	Лингвомәдени, әлеуметтік, когнитивтік және идеологиялық мәні талданады.

Дискурс пен мәтіннің арақатынасы мен айырмасы жалпы дискурс талдау теориясында орныққан, соларға сүйене отырып біз ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтінге анықтама ұсынып, олардың айырмасын анықтауға тырыстық. Ономастикалық дискурс жалқы есімдерді (адам аттары, географиялық атаулар, тарихи атаулар және т.б.) сөйлеуде немесе жазбаша түрде қолдану арқылы қалыптасады және оның лингвомәдени, әлеуметтік, когнитивтік және идеологиялық мәні бар. Ономастикалық дискурстың басты ерекшелігі – жалқы есімдердің сөйлеудегі немесе қолданыстағы мәтіндегі орнын, олардың мазмұнын және қолданылу мақсаттарын талдау. Мысалы, белгілі бір топоним немесе антропонимнің қолданылуы сол атауға қатысты мәдени, тарихи және идеологиялық мәліметтерді қамтуы мүмкін. Ономастикалық дискурсты талдау кезінде жалқы есімдердің функциялары, олардың қолданылу мәнмәтіні және тыңдаушыларға немесе оқырмандарға тигізетін әсері зерттеледі. Бұл дискурс деңгейіндегі зерттеу, сондықтан тек атаулардың мағынасы емес, олардың қолданылуы мен қолдану мақсаты да маңызды болып табылады.

Ономастикалық мәтін – бұл жалқы есімдер жиі қолданылатын нақты жазбаша немесе ауызша мәтін. Бұл мәтіннің негізгі ерекшелігі – оның құрамында жалқы есімдердің көп болуы. Ономастикалық мәтіндерге, мысалы, тарихнамалар, географиялық сипаттамалар, өмірбаяндық деректер және генеалогиялық жазбалар (шежірелер) жатады. Мұндай мәтіндерде жалқы есімдер мағлұмат беру, белгілі бір географиялық нысанды, адамды немесе тарихи оқиғаны анықтау мақсатында қолданылады. Ономастикалық мәтінге мысал ретінде халық ауыз әдебиетіндегі жырлар, шежірелер, қалалар мен елді мекендер туралы сипаттамаларды келтіруге болады. Бұл мәтіндерде жалқы есімдер, көбінесе, ақпараттық және тарихи-мәдениеттанымдық мақсатта қолданылады, яғни оқырмандарға немесе тыңдаушыларға белгілі бір тұлғалар, жерлер немесе оқиғалар туралы ақпарат беру үшін жұмсалады.

Ономастикалық дискурс пен мәтіннің айырмашылықтары мақсаты мен деңгейінен, қолдану аясынан, құрылымынан көрінеді. Оларға нақты тоқталсақ:

1. *Деңгейі мен мақсаты:* Ономастикалық дискурс - жалқы есімдерді коммуникациялық деңгейде қолдану және талдау үдерісі, ол есімдердің мәнмәтінде қалай қолданылатынын, қандай мақсатта айтылатынын түсіндіреді. Ал ономастикалық мәтін – бұл жалқы есімдерді қамтитын нақты мәтін, мұнда атаулардың ақпараттық рөлі басты орында.

2. *Қолдану аясы:* Ономастикалық дискурс жалқы есімдерді қолдану арқылы пайда болатын сөйлеу актілерін немесе қарым-қатынасты білдіреді, сондықтан ол коммуникацияның әлеуметтік және мәдени қырларын зерттейді. Ономастикалық мәтін – белгілі бір нысандарды, тұлғаларды немесе құбылыстарды, оқиғаларды көрсетеді, дискурсқа «шикізат» болады.

3. *Құрылымы:* Ономастикалық мәтіндер – белгілі бір формаға ие (мәтіндік жазба не дыбыс жазбасы) деректер, ал ономастикалық дискурс – жалқы есімдерді қолдану арқылы қалыптасатын коммуникациялық құбылыс, оны жазбаша түрде де, ауызша түрде де көрсетуге болады.

Қорыта айтқанда, *ономастикалық дискурс* – белгілі бір атаудың тарихи, мәдени және саяси мәнмәтінде қолданылуы мен өзгеруін зерттейтін дискурстық кеңістік. Мысалы, Ақмола атауын дискурс бірлігі ретінде қарап талдасақ, оның дискурстық мәні тарихи-мәдени маңыздылығына, саяси қайта атау үрдісіндегі рөліне және қоғамдағы символдық қызметіне қатысты анықталады.

Ономастикалық мәтін – белгілі бір атауға қатысты баяндалған тарихи немесе ғылыми сипаттамалар, зерттеулер, ресми құжаттар мен әңгімелер жиынтығы.

Ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін айырмасын салыстырып төмендегі 6-кестеде ұсындық.

Кесте 6 – Ономастикалық мәтін мен ономастикалық дискурс айырмасы

Ономастикалық мәтін	Ономастикалық дискурс
Жалқы есімдері бар мәтін, атаулар ақпараттық қызмет атқарады.	Жалқы есімдері бар мәтіндердің қарым-қатынаста қолданылуы мен талдау үдерісі, онимдердің мәнмәтінде қалай қолданылатынын, қандай мақсатта жұмсалатынын түсіндіреді.
Жалқы есім белгілі бір нысандарды, тұлғаларды не құбылысты атап көрсетеді, жазбаша формада (дыбыс жазбасы да осы формаға кіреді) болады.	Жалқы есімдерді қолданып жүзеге асатын сөйлеу актілері не қарым-қатынас, мұнда жалқы есімдер коммуникацияның әлеуметтік, мәдени сипатына сай жұмсалады.
Белгілі бір формаға ие (мәтіндік жазба не дыбыс жазбасы) деректер.	Жалқы есімдерді қолдану арқылы қалыптасатын коммуникациялық құбылыс, ол жазбаша да, ауызша да, аралас формада (интернетте не әлеуметтік желілерде) да жүзеге асады.

Ақмола атауы туралы мәтіндерде бұл оним – мәтін бірлігі, тілдік таңба. Сондықтан бір онимді ономастикалық дискурс тұрғысынан да, ономастикалық мәтін тұрғысынан да талдауға болады.

Ономастикалық бірліктердің дискурстық мәні олардың белгілі бір мәнмәтінде қандай идеялық, әлеуметтік және мәдени мағына беретінімен анықталады. Олар белгілі бір нысанның атауы ғана емес, қоғамдағы идеялар мен құндылықтарды жеткізетін құрал. Олар ономастикалық дискурста *идеологиялық және символдық, әлеуметтік, мәдени* мәнге ие болады. Ономастикалық бірліктің идеологиялық және символдық мәні қоғамда белгілі бір идеологияны қалыптастыруға ықпал етуінен көрінеді.

Ономастикалық бірліктер арқылы қоғамдағы әлеуметтік үдерістер мен өзгерістер көрініс табады. Атаулардың өзгеруі, мысалы, белгілі бір тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің белгісі болып табылады. Оған қазіргі Астана қаласының түрлі әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты бірнеше мәрте қайта атауға ие болуы мысал болады. Бастапқы атауы «Ақмола» - «Целиноград» (1961 жылы тың жерлерді игерудегі жетістіктерінің құрметіне берілген, әрине оның астарында орыстандыру саясаты, тұрғылықты халық санасын ұлттық тамырынан үзу мақсатын көздегені белгілі) - «Ақмола» (1992 жылы бұрынғы атауын қайта иеленді) - «Астана» (Астана Алматыдан Ақмола қаласына ресми көшірілді (1997 жылы 10 желтоқсанда), Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмола атауы Астана болып өзгерді) - «Нұр-Сұлтан» (2019 жылғы 23 наурызда Қасым Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен, негізгі уәж – Қазақстанның Тұңғыш Президентінің елге сіңірген еңбегінің құрметіне, халықтың арасында астана қаласының атауының өзгеруіне қарсылық та байқалды) – «Астана» (17 қыркүйек 2022 жылы Қ. Тоқаевтың № 1017 Жарлығымен). Астана қаласының әр кездегі атауының шығу төркіні белгілі. Ақмола атауының шығу төркінін екі нұсқада түсіну қалыптасқан, екеуінде де «Ақмола» біріккен сөз: «Ақ мола» және «Ақ мол», ал Астана атауының шығуы былайша түсіндіріледі: Астана – біріккен сөз «Ас + тана», мұның алғашқы бөлігі «ас» – биік, асқар шыңды білдіреді де, екінші бөлігі «тан/а» – екі мағынаны білдіреді деп түсіндіріледі: 1) тәңір, 2) түркі халықтарында бурыл тұлпарға мінген Тана батыр есімі. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43824>. Астана сөзінің мағынасын академик Р. Сыздық та түсіндірген. Ғалымның түсіндіруінше, «Астана» сөзінің парсы тіліндегі мағынасы «*табалдырық, есік*» дегенді білдірген, ол сөздің түпкі «*табалдырық*» мағынасы Жамбыл (Тараз) жері тұрғындарының сөйлеу тілінің диалектизмі ретінде сақталғанын көрсетеді. Академик бұл сөздің Атырау, Түркіменстан қазақтарында жеке тұрып та, *халық* сөзімен тіркесіп те «*халық, ел, жиын*» мағынасында қолданылатынын да жазған. Р. Сыздықтың пайымдауынша, қазіргі әдеби тіл үшін көнерген тілдік бірлік саналатын *астана жұрт* тіркесі парсы тіліндегі *астан/астана* сөзінің бастапқы «*табалдырық*», «*есік*» деген мағынасына негізделе отырып, семантикалық дамуға ұшыраған. Бұл сөз тіркесінің мағынасы алғашында «*әміршінің сарайы*» деген ұғымды білдірсе, кейіннен «*хан ордасына қарасты халық*», яғни белгілі бір билеушінің (хан, сұлтан, патша, бек) билігіне

бағынышты ел деген мағынада қолданыла бастаған... Қазіргі қазақ тілінде *астана* сөзі ... «мемлекеттің, елдің орталық қаласы, орталығы» деген мағынаны беретіні белгілі» деген тұжырым жасаған [47, б. 49-50]. Қоғамдық-саяси лексиканың түсіндірме сөздігінде: «АСТАНА – зат. Мемлекеттің мәдени, саяси, әлеуметтік және экономикалық-қаржы жүйесі шоғырландырылған бас қаласы, орталығы [48, б. 23]», – деп көрсетілген. Демек, Қазақстанның бас қаласына «Астана» атауының ұсынылуының негізгі уәжі де осы мағынасымен «табалдырық, есік» сабақтасып жатуы әбден мүмкін. Өйткені қазақ танымында «табалдырықтан биік тау жоқ» деп, шаңырақтың, отбасының қасиетін табалдырықпен байланыстырып түсіну орныққан, оны қазақтың жаңа қонысқа енгенде, оның табалдырығын майлап, «табалдырық майлау» ырымын жасайтыны да дәйектейді. «Отбасы – кіші мемлекет», ал «Отанды сүю отбасынан басталады» деген халық үшін Отанның бас қаласын «Астана» атауы да сол түсініктің жалғастық табуы, ономастикалық дискурстың идеологиялық сипаты деуге болады.

Ономастикалық дискурста «Ақмола» атауының әлеуметтік-саяси өзгерістердің белгісі екеніне осы атауға қатысты сөздікте берілген мына мәтін де дәйек бола алады: *«Қазақстан Республикасының орталығындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс. Бұл өлкенің тарихына шегініс жасар болсақ, өткен ғасырға сапар шегеміз. Есіл өзенінің жағасында орналасқан бұл қала қазақ халқының атамекен қонысы. 1863 жылдың 16 шілдесінен бастап, Ақмола ашық түрде округтік қала болып саналады. 1868 жылдың қазанында «Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлығының уақытша басқару жағдайына» байланысты Ақмола облысы құрылады. Кеңес үкіметі жылдарында Ақмола атауы ұмытылып, бұл өлкеге тың және тыңайған жерлерді игеру деген жөелеумен түрлі ұлт өкілдері қоныстандырыла бастайды. Қала «Целиноград» деген жаңа атау алады. 1956 жылы КСРО Ішкі істер министрі Қазақстанда Шешен-ингуш автономиялық республикасын құру қажет деген ұсыныс жасаса, 1979 жылы КОКП комитетінің саяси бюросы Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Көкшетау облыстарынан жер алып, орталығы Ерейментау болатын Неміс автономиясын құру жөнінде құпия шешім қабылдайды. 1979 жылғы 16 және 19 маусым күндері Целиноград қаласының Ленин атындағы орталық алаңына мыңдаған адам жиналып, қазақ жерінің бөлінбейтінін, ешқандай автономияға жол жоқ екенін батыл мәлімдейді. Компартия басшылығы шешімдерін өзгертуге мәжбүр болды. Бұл Кеңес Одағы дәурен сүрген ұзақ жылдарда коммунистік партия көсемдерінің алған бетінен алғаш рет қайтуы еді. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы Целиноград қаласы мен облысы қайтадан байырғы атауымен Ақмола атанды. Ақмола атауына байланысты болжамдар көп. Мұның бірінде «Ақмола» «Ақмолла» деген кісі есімінен шыққан. Орыс тілінің ықпалымен «молла» сөзі «мола» тұлғасына түсіп, мүлде басқа мағынаға, яғни «ақ бейіт» мәніне ауысып кеткен десе, пікірлердің келесі тобы «Ақмола» атауын обамен байланысты қойылған дегенді мақұлдайды. Ақмола сөзін «ақ*

мол», яғни «сүт көп» деген мәнмен байланыстыратын пікірлер де бар...»
<https://sozdikqor.kz/soz?id=342232&a=AQMOLA>

Ономастикалық мәтінде Қазақстанның әлеуметтік саяси жағдайының 1956-1979 жылдар аралығындағы көрінісі (мәтінде қою әріптермен айырықшаланған) сақталып тұр, әрі сол кездегі саяси дискурс сипаты да айқын байқалады. Ол мәтінде қою әріптермен айырықшыланып берілді.

«Ақмола» атауының шығу төркінін дәйектейтін ономастикалық мәтіндер аңыз сипатында сақталған. Олар да «Ақмола» дискурстық бірлігінің дискурстық өрісіне енеді. Солардың кейбірінің мазмұнын келтірсек:

«Ақмола» атауының шығуына қатысты 1-мәтін мазмұны:

Ерте заманда, жазу-сызудың жетілмеген кезінде Арқа өңірінде бір молла адам дәріс жүргізуге келіпті. Ел оны ауылдан-ауылға алып кетіп, балаларын оқытқызыпты. Өзінің білгірлігімен, сауаттылығымен көпшілікке жаққан жаңағы молланы ел құрметтеп өз атымен атамай, «Ақмолла» деп атап кетеді.

Өзі де атына сай аққұба кісі болса керек. Күндердің бір күнінде жаңағы Ақмолла балаларды ел аралап оқытқаннан гөрі, бір жерге жинап, дәріс бергенді жөн көреді де мешіт салғызады. Сол мешіт орнаған мекенді халық «Ақмолла мешіті», кейін «Ақмола» деп атап кетеді.

«Ақмола» атауының шығуына қатысты 2-мәтін мазмұны:

Баяғы заманда бір молла адам бала оқытумен Арқа өңіріндегі ел-жұртқа танылады. Ол жай молла ғана емес, көріпкелдігі де бар екен. Осындай қасиеті бар әулие адамды ел сыйлап, жоқ жоғалтса, басқа да жағдайлары болып қалса, сол кісіге барып жүгінеді екен.

Бірде-бір адамдардың жылқысы жоғалып, оны жаңағы молланың айтуымен көрші ауылдың бай адамынан барып тауып алады. Бірақ өшіккен бай молланың соңына түседі. Жақсы адамдардың айтуымен елден қашып шыққан молла өзі сырқаттанып жүрген болса керек, жапан түзде қайтыс болады.

Өлерінің алдында жанындағы серіктеріне: «Мені алысқа апарып әуре болмаңдар, осы маңға жерлеп, басыма бейіт соғарда саз балшықты ешкінің майы мен сүтіне араластырып жасаңдар», - деп өсиет қалдырады.

Аманатты айтқанындай етіп орындаған халық мазарды тұрғызып болғаннан кейін назар аударып қараса, ақ түсті болып шығыпты. Сонан көпшілік осы өңірді «Ақмола» деп атап кетеді.

https://kaz.inform.kz/news/babalar-sozi-akmola-atauynyn-shygu-tarihy_a2766718/

«Ақмола» атауының шығуын түсіндіретін екі мәтінді ономастикалық дискурс және ономастикалық мәтін қырынан талдауға болады. Ономастикалық дискурс ономастикалық атаулардың пайда болуы, олардың қоғамдағы қабылдануы, өзгеруі туралы мәліметтерді жинақтап, оларды әлеуметтік, мәдени және тарихи мәнмәтінде қарастырады. Ономастикалық мәтін – белгілі бір атауға қатысты аңыздар, тарихи деректер, құжаттық жазбалар және ғылыми зерттеулер. Осыған сүйене отырып, біз осы екі мәтінді ең алдымен, ономастикалық мәтін ретінде талдасақ, екі мәтінде де халықтың тарихи

жадындағы «Ақмола» атауының шығу тарихына қатысты екі түрлі көзқарас берілген. Бірінші мәтін білім мен діннің таралуына негізделсе, екінші мәтін діни-мифологиялық және фольклорлық сипатқа ие. Екі мәтіннің «Ақмола» атауын тарихи-мәдени мәнмәтінде түсіндіруі түрліше. Бірақ бұл екі ономастикалық мәтіннің ортақ сипаты бар: екеуінің мазмұнында берілетін кейіпкер ортақ – Ақмолла есімді жан. Сол есім қаланың «Ақмола» атануына себеп болған. Бірақ бұл екі мәтіннің семантикалық және дискурстық айырмашылықтары да айқын. Ол айырмашылықтарды 7-кестеге түсіріп ұсынамыз:

Кесте 7 – «Ақмола» атауының шығуын түсіндіретін екі мәтіннің салыстырмалы кестесі

Мәтін мазмұны бөліктері	1-мәтін	2-мәтін
Кейіпкер	Аққұба молла (Ақмолла)	Көріпкел молла
Молланың қоғамдағы рөлі	Балаларды оқытушы, білім таратушы	Әулие, көріпкел, жоғалғанды табушы
Негізгі оқиға	Молла ел аралап бала оқытады, кейін мешіт салады	Бай молланы қуғынға ұшыратады, молла қашып жүріп қайтыс болады
Атаудың пайда болу себебі	«Ақмолла» сөзі ықшамдалып «Ақмола» болып өзгерген	Мазардың ақ түсті болуынан «Ақмола» атауы пайда болған
Символдық мәні	Ақмола – білім мен ағартушылықтың орталығы	Ақмола – қасиетті, әулиелі жер

Ономастикалық дискурс ретінде талдасақ, бұл мәтіндер мынандай сипатқа ие:

1) Екі мәтін де діни мотивтерге негізделген. Сипаты – діни-мифологиялық дискурс. Бұл бірінші мәтіндегі молланың мешіт салуымен, ағартушылығымен, ал екінші мәтінде көріпкелдігі мен әулиелігінен көрінеді. «Ақмола» атауының діни-мифологиялық дискурста қасиетті орын ретінде қабылдануына ықпал етеді.

2) Бірінші мәтінде молла білім мен дін тарату ісімен айналысып, ағартушылықтың символына айналады. Бұл тарихи тұрғыдан ислам дінінің қазақ даласына таралуына және моллалардың ел арасында білім беру рөлін атқарғанын танытады. Екінші мәтінде молланың көріпкелдігі арқылы діни көшбасшылардың саяси және әлеуметтік ықпалының зор болғанын көрсетеді. Сипаты – тарихи дискурс.

3) Кейін «Ақмола» астанаға айналды. Оның тарихи негізі бар және ол маңызға ие. Егер атаудың шығуы білім мен ағартушылықпен байланысты деп қабылданса, Қазақстан үшін білім мен мәдениеттің маңыздылығын танытады, ал қасиетті орын ретінде қабылданса, онда оның рухани-діни негіздеріне басымдық берілгені саналады. Сипаты – саяси.

4) Тілдік-ономастикалық дискурс сипатына да ие. Бұл кезде бірінші мәтін мазмұнына сай «Ақмолла» атауының «Ақмола» болып өзгеруі – атаудың ықшамдалуы мен дыбыстық өзгеріске ұшырауынан көрінеді. Екінші мәтінде «Ақмоланың» «ақ түсті мазар» деген мағынада қабылдануы – топонимнің физикалық сипаттамаға негізделіп қалыптасуының мысалы.

Екі мәтіннің ономастикалық дискурс және ономастикалық мәтін тұрғысынан салыстырып талдануын 8- кестемен беруге болады.

Кесте 8 – «Ақмола» атауын ономастикалық дискурс және ономастикалық мәтін тұрғысынан салыстыра талдау және атаудың дискурстық қызметі

Ономастикалық дискурс		Ономастикалық мәтін	Дискурстық қызметі	
1-мәтін	2-мәтін	1,2-мәтінде	1-мәтінде	2-мәтінде
Ақмола – ағартушылық және дін тарату орталығы	Ақмола – әулиелі жер	«Ақмола» атауының екі түрлі зерделенуі	Астана тарихын білім мен мәдениетпен байланыстыруға негіз болады.	Астананың рухани-діни орталық мағынасын арттырады

Біз ономастикалық дискурс пен мәтінді өзара ажыратып талдау тәжірибеміздің негізінде оларды талдау алгоритмін ұсынамыз.

Ономастикалық дискурсты талдау алгоритмі 5 қадамнан тұрады:

1-қадам: мәнмәтінді (контексті) анықтау: бұл кезде ономастикалық дискурста жалқы есім қандай жағдайға, қандай дискурстық ортаға (тарихи, саяси, мәдени, әдеби т.б.) тиесілі екендігі анықталады. Жалқы есімнің қандай мақсатта қолданылғаны (ақпарат беру, эмоциялық әсер ету, идеологиялық белгі) анықталады.

2-қадам: жалқы есімнің негізгі мағынасы анықталады, мазмұны талданады, тарихи не географиялық атау ма, әлде жеке адам есімі ме? Жалқы есімнің мәдени-әлеуметтік немесе тарихи символдық мәні бар-жоқтығы айқындалады.

3-қадам: стилистикалық және идеологиялық талдау. Бұл кезде жалқы есімнің дискурстағы стильдік рөлі, онимнің эмоционалдық әсері, идеологиялық мақсатта (ұлттық не саяси символ ретінде) жұмсалуды, сөйлеушінің не жазушының бұл атауды қолдану арқылы қандай ой мен эмоция жеткізгісі келгені талданады.

4-қадам: қарым-қатынас сипаты. Ол «Жалқы есімнің қолданылуы тыңдаушыларға не оқырманға қалай әсер етеді, белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін көрсету үшін қолданылды ма? Бұл есім арқылы қарым-қатынасқа түсушілер қандай хабар алды?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы талданады.

5-қадам: лингвомәдени талдау жасалады: онимнің ұлттық мәдениеттегі рөлі мен мәні, оның қандай мәдени, тарихи немесе әлеуметтік құндылықтарды білдіретіні анықталады, атау арқылы сол ұлттың тарихы немесе мәдениеті туралы нені білуге болатыны анықталады.

Ономастикалық мәтінді талдау алгоритмін 6-қадаммен ұсынамыз:

1-қадам: мәтіннің типі (тарихи шежіре, өмірбаян, географиялық анықтама т.с.с.) және негізгі мақсаты (ақпарат беру, түсіндіру, сипаттау) анықталады.

2-қадам: мәтіндегі онимді анықтап, тізімдеу. Ол қандай категорияға жататынын (антропоним, топоним, хрононим, этноним т.с.с.) сипаттау.

3-қадам: онимдердің семантикалық және тарихи мағынасын анықтау: атаудың шығу тегін, шығу тарихын, қолданыс ерекшелігін, қандай тарихи не мәдени оқиғамен байланысы барын сипаттау.

4-қадам: жалқы есімнің мәтіндегі қызметін талдау: атаудың мәтіндегі қызметі (анықтау, сипаттау, нақтылау т.с.с.), мәтіннің негізгі мазмұнын, идеяларын қалай толықтыратыны талданады.

5-қадам: жалқы есімдердің мәтіндегі мәдени және тарихи мәні талданады. Қандай тарихи кезенді сипаттайтыны не сол атау арқылы берілетін мәдени және әлеуметтік құндылықтар сипатталады.

6-қадам: мәтіннің авторлық көзқарасын және стилистикалық ерекшелігін талдау. Ол мәтіндегі жалқы есімдердің автордың көзқарасы мен идеологиясын көрсететіндігін, жалқы есімнің мәтіннің стилистикалық және мағыналық құрылымын қалай толықтыратынын талдау арқылы орындалады.

Ономастикалық бірліктер мәдениетте символдық мәнге ие болып, белгілі бір мәдени қауымдастықтың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, белгілі бір аймақтың атауы сол аймақтың тарихи оқиғаларын, әдет-ғұрпын және оның табиғи ерекшеліктерін көрсетеді.

Итальян ғалымы А. Грамши: «Тіл – бір мезгілде әрі тірі организм, әрі өмір мен өркениеттің қазба мұражайы» деп жазған. [49, р. 450]. Осы сөз мағынасындағы тілдің дискурстық мәні де (тірі организм), лингвистикалық мәні де (қазба мұражай) метафораланған. С.М. Пактың [50] көрсетуінше, жалқы есімді филологиялық зерттеу міндеті оны түсіндіруге күшті ықпал ететін кең ауқымды экстралингвистикалық мәліметтерді тартуды талап етеді. Бұл мәліметтер тарихи-этимологиялық мазмұнды, прагматикалық мәнді және есімде бейнеленген ұғымдар мен мифтердің жиынтығын, сондай-ақ онимдердің дискурстық әрекет ету тетіктерін қамтиды [<https://www.dissercat.com/content/onomastikon-kak-obekt-filologicheskogo-issledovaniya-na-materiale-amerikanskogo-diskursa-xix>].

Ғылыми еңбектерде дискурс пен мәтін кейде синоним ретінде қарастырылса, кейде бір-бірімен байланысты, бірақ мазмұны мен қызметі тұрғысынан дараланған ұғымдар ретінде зерттеледі. Бұл жұмыста дискурс – мәтінсіз жүзеге аспайтын, оның нәтижесі ретінде мәтін қалыптасатын, тілдік емес факторларды да ескере отырып, коммуниканттардың мақсат-мүддесіне сай құрылатын сөз әрекеті ретінде қарастырылады. Біз В. Красныхтың ұстанымына сәйкес, дискурсты әрі әрекет үдерісі (сөйлеу актісі), әрі оның нәтижесі – мәтіндер жиынтығы деп түсінеміз [51, с. 53].

Е.С. Кубрякованың пікірінше, адамзат тілі – әлемді тану мен оны ұғынуды ұйымдастыратын әрі жүйелейтін құрал және бұл қасиет тілдік бірліктерде көрініс табады [52, с. 33]. Осы тұжырымға сүйене отырып,

ономастикалық атауларды да кеңістіктік танымның тілдік бейнесі ретінде қарастыруға болады. Олардың мағынасы мен мәдени мазмұнында халықтың әлемді қалай қабылдайтыны жөніндегі танымдық ақпарат сақталады.

Ономастикалық атаулардың пайда болуы немесе белгілі бір нысанға атау ретінде берілуі кездейсоқ емес, олар адамның таным үдерісімен тығыз байланысты. Яғни, шынайы болмыстағы құбылыстар адам санасында қорытылып, таным нәтижесінде атау түрінде тілде көрініс табады. Бұл үдеріс – болмысты санада қайта бейнелеу әрекеті. Осы тұрғыдан қарағанда, ономастикалық атаулар әлеуметтік өзара әрекеттесу нәтижесінде туындайтын танымдық өнім ретінде де сипатталады. Мысалы, «Ұмай» (теоним) мифонимінің мағынасындағы қамқорлық семасының «Ұмай» (эрготемоним) ипотекалық бағдарламасының атауына көшуі не «жаңа өмір бастаушы» семасының «Umau» (Ұмай) (идеоним) виртуалды ассисенттің не цифрлық прототиптің атауына ие болуы. Бұл ономастикада аталып жүрген *трансонимдену* (онимдердің бір топтан келесі топқа ауысу) үдерісі, ол ономастикалық дискурста ғана жүзеге асады.

Ономастикалық дискурс – белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа сәйкес, атаудың уәжі мен оны түсінуге қажет білімдердің өзектелуі. Дискурстық ортада онимдер этнос тарихы, мәдениеті, дүниетанымы сияқты ақпараттарды өз мағынасында жинақтап, қарым-қатынасқа қатысушыларға жеткізеді. Бұл ретте атаудың семантикалық мазмұны коммуниканттар тарапынан зерделеніп, уақыт пен қоғамдық құндылықтар өзгерісіне сай трансформацияға ұшырауы немесе бастапқы мағынасын сақтап қалуы мүмкін. Қалай болғанда да, ономастикалық атаулар тарихи және әлеуметтік өзгерістер ықпалынан тыс қалмайды. Мұндай үрдістер қазіргі ғылыми еңбектерде де қарастырылып жүр [53].

Ономастикалық бірліктерді дискурстың негізгі бірліктері ретінде тануға болады. Олар сөз әрекеті барысында жағдаятқа сай коммуниканттардың қабылдауына, түсінуіне, ұғынуына мүмкіндік беретін танымдық білімдерді тасымалдайды. Осы зерттеу жұмысының өзектілігі мен жаңалығы да дәл осы мәселе – ономастикалық атауларды дискурстық бірлік ретінде қарастырумен, олардың мағыналық құрылымында жинақталған ақпараттың сөйлеу әрекеті барысында қабылдануын зерделеумен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында ономастикалық атаулар дискурстың негізгі бірлігі ретінде сипатталып, соларға негізделген мәтіндер екі қырынан қарастырылады: бірі – атаудың пайда болуына түрткі болған танымдық білім немесе мәтін; екіншісі – сол атауды дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін ақпараттық орта (мәтін не білім). «Ономастикалық дискурстың сипаты» ұғымын біз мынадай тізбекте қарастырамыз: атауды жасаушы (тіл иесі – халық) → атау (ономастикалық бірлік) → атауды қолданушы (тіл тұтынушысы) → нақты жағдаяттағы атаудың мәнін ашуға көмектесетін мәтін немесе білім. Бұл ретте ономастикалық атаудың сөз әрекеті барысында жандануы (сөйлеушінің айтуы және тыңдаушының оны түсінуі) дискурстық үдеріс деп қабылданады. Ал ономастикалық атауға қатысты барлық мәтіндер мен білімдердің жиынтығы «дискурстық өріс» деп аталады.

Дискурстағы ономастикалық атаулар мазмұнында жинақталған білім тек қарым-қатынасқа қатысушылар оны дұрыс ұққан жағдайда ғана толық мағынаға ие болады. Осы тұста қатысушылардың дискурстық тәжірибесі үлкен маңызға ие. Қазақ тіл білімінде ономастикалық атауларды дискурстық аспектіде зерттеу қолға алынғанымен, бұл бағыттағы зерттеулердің көлемі әлі де жеткіліксіз. Әсіресе, онимдердің дискурс бірлігі ретінде дискурста атқаратын дискурстық қызметі мен рөлі, түзетін дискурстық өрісі толыққанды зерттелмеген. Сондықтан біз жұмысымызда аталған мәселелерге арнайы тоқталамыз.

1.4 Онимдердің дискурстық өрісі («Ұмай-ана» дискурстық бірлігі негізінде)

Ғалымдар үшін өзекті мәселенің бірі – білімнің тілде қалай сақталып, дискурста қалай тасымалданатынын және қарым-қатынас барысында сол білімнің қалай ашылып, танылатынын анықтау. Бұл зерттеуде бұл мәселе нақты түрде «Ұмай» ониміне қатысты қарастырылып отыр. Осы онимді таңдаудың бірнеше себебі бар: біріншіден, қазақ халқының салт-дәстүрінде күні бүгінге дейін «Ұмай анаға» сену, келін түсіру кезінде от басына апарып, келіннің бетіне май жағу ырымының сақталуы; екіншіден, «Ұмай» ониміне қатысты түрлі мазмұндағы мәтіндердің мол кездесуі. Зерттеу барысында аталған мәтіндердің тоғыз түрі талдау материалы ретінде қолданылды. Осыған байланысты ғылыми еңбектерде бұл мақсатқа орай түрлі әдістер пайдаланылып жүр.

Ономастика мәселелерін дискурс теориясы негізінде зерттеген Ж.О. Тектіғұл [54], Г.Б. Мадиева [55], К.Қ. Садирова [56], М.В. Горбаневский [19, с. 213], Е.Ю. Позднякова [17, с. 112] сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ономастикалық атаулардың дискурстық сипатын анықтау мақсатында дискурс талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс мынадай ұстанымдарға негізделеді: 1) тілдің формалды және функционалды қырлары семантика және прагматикамен байланыста қарастырылады; 2) тілдің қарым-қатынастық қызметі әлеуметтік әрекетпен теңестіріледі; 3) тіл құрылымдық тұрғыда емес, қызметтік тұрғыда талданады немесе астырт және үстірт құрылымдық деңгейде сипатталады [57, р. 74].

Ономастикалық атауларды осы әдіс негізінде талдау барысында олардың үстірт құрылымына тілдік сипатты, ал астырт құрылымына атауға негіз болған мазмұн мен оған бекітілген мәтіндерді жатқызамыз.

Ономастикалық атауларды дискурстық тұрғыда зерттегенде олардың мазмұнына қатысты мәтіндерді үш түрге бөліп қарастыруға болады: бүгілуі, сығылуы және кішіреюі байқалатын мәтіндер. Мұндай атаулар өз ішінде атаудың уәжін немесе шығу себебін білдіретін ақпаратты жасырып тұратын «бүкпелі мәтін» ретінде қарастырылады. М.В. Горбаневскийдің зерттеуінде кез келген географиялық атаудың бойында жасырын ақпарат (мәтін) болатыны, ал оның толық мазмұны ғылыми сипаттама арқылы ғана ашылатыны көрсетілген.

Сонымен қатар бұл ақпараттың ішінара түрде ашылуы дискурстың мақсат-міндетіне байланысты, сөйлеу барысында, яғни монолог, диалог немесе полилог жағдайында жүзеге асады және ол дискурсқа қатысушылардың эмоционалдық, интеллектуалдық, білімдік, әлеуметтік, жас ерекшеліктеріне сай көрініс табады [19, с. 254].

Аталған дискурстық сипат тек топонимдерге ғана тән емес, ол барлық атау түрлеріне ортақ қасиет ретінде қарастырылады [19, с. 247]. Мұндай тұжырым В.О. Максимовтың еңбегінде де келтірілген. Ол өз зерттеуінде аталмыш мәтіндерді «виртуалды куб» түрінде елестетеді: кубтың әр қырында бүкпелі мәтін немесе ақпарат орналасқан және бұл жағдай ұйқы режиміндегі жеке компьютер бейнесіне ұқсатылады. Коммуникация үдерісінде қатысушылар өз мақсаты мен міндетіне қарай сол кубтың өзіне қажет ақпарат сақталған қырын айналдырып, оны белсендіреді. Бұл үдеріс кейде қатысушылардың қалауына да тәуелсіз жүзеге асады [23, с. 86].

Кейбір зерттеушілер ономастикалық атаулар құрамындағы мәтіндер мен ақпараттар уақыт өте келе ықшамдалып, бір сөзге немесе сөз тіркесіне дейін қысқарады деп есептейді. Мұндай мәтіндер «қарапайым мәтін» деп аталады [22, с. 21]; бұл еңбекте оны «сығылған мәтін» терминімен атаймыз. Мұндай мәтіндер бүтіндей қабылданады, олардың ішкі байланыстары аңғарылмайды. Бұған мекеме немесе дүкен маңдайшалары, шығарма атаулары, мақаланың түйін сөздері секілді мысалдарды жатқызуға болады.

Н.В. Михайлюкованың зерттеуінде маңдайшаларда (яғни қарапайым мәтін ретіндегі нысан атауларында) үш компонент болады деп көрсетіледі: сәйкестендіруші (нысанның жалпы атауы, мысалы, дәмхана, кәсіпорын), жіктеуші (нысанды нақтылайтын, мысалы, гүл салоны) және саралаушы (нысанның жеке атауы – эргоним). Сонымен қатар жарнамалық ақпарат та болуы мүмкін [58, с. 6].

Осы құрылымды мысалмен түсіндірсек, «Ұмай» мейрамханасы деген маңдайша – сығылған мәтінге жатады, оның құрылымында бұл нысанның жалпы сәйкестендіруші атауы – тамақ ішетін орын (арнайы қонаққа ас беретін не жеке өзі барып тамақтанатын т.с.с.), жіктеуші бөлігі – мейрамхана (дәмхана не асхана емес т.с.с.), саралаушы бөлігі – «Ұмай» (тамақтанатын орынның жеке атауы – эргоним).

М.В. Голомидованың зерттеуінде урбанонимдер семиотикалық аспектіде қарастырылып, олар синкретті урбанонимдік кішірейтілген мәтіндер ретінде сипатталады. Автордың пайымдауынша, бұл атаулар – коммуникацияға қатысушының қабылдауына бағытталған кеңістіктік үзінділер [22, с. 13]. Өнертану дискурсының ономастиконын талдаған У.А. Жаркова [59] көркемөнер көрмелерінің атауларын ономасиологиялық сипаттағы дискурстық тәжірибе ретінде таниды. Экспрессивті атау берудің жолдары мен стратегиясын зерттейді. Онимдерді дискурс ретінде қарастыруды ұсынған Е.Ю. Позднякованың негізгі ойы – ономастикалық бірліктерді дискурстық тұрғыда зерттеу қажеттігі, бұл ономастиканың жаңа ғылыми бағыттағы мүмкіндіктерін ашатынын көрсетеді. Онимдер – белгілі бір семантикалық мазмұнды иеленген,

құрылымданған, өз бойында түрлі ақпаратты жинақтаған, қарым-қатынас заңдылықтарына сай құрылған, атау иесінен қабылдаушыға бағытталған және дискурста түсінілетін сөз не сөз тіркесі деңгейінде сығылған мәтін болып саналады.

Дискурстық талдау барысында әрбір оним қабылдаушы санасында сол атаумен байланысты парадигматикалық, синтагматикалық және ассоциативтік мәтіндерді белсендіреді. Осы арқылы ономастикалық атаулар когнитивтік-дискурстық табиғатқа ие және дискурстық бірлік ретінде қарастырылады. Атауды қабылдаушының санасында соған қатысты мәтіндердің өзектелуі – сығылған мәтіннің ашылып, оқылып, зерделенуін, яғни дискурстың жүзеге асуын білдіреді.

Ономастикалық атаулар дискурстық бірлік ретінде санада қалыптасатын мәтіндер жиынтығы – дискурстық өрісті түзеді. Бұл өріс ономастикалық дискурста мынадай құрамдас бөліктермен бірге жұмсалады: атауды беруші (тіл иесі – халық), атаудың өзі (ономастикалық бірлік), атауды қолданушы (тіл тұтынушысы) және атаудың сөйлеу жағдаятында қандай мағынада қолданылып тұрғанын анықтайтын мәтін немесе білім.

Демек, ономастикалық дискурста атаулар дискурстық бірлік, дискурстық құрал ретінде қызмет атқарып, дискурстық рөлге ие болады. Осы тұрғыда «Ұмай ана» мифонимін талдамас бұрын, жоғарыда аталған үш негізгі ұғым – дискурстық бірлік, құрал және рөл – нақты анықталып алынды. Бұл мәселені және зерттеуде беріліп отырған талдауларымызды ғылыми журналда жарияладық [60, б. 142-145].

Дискурстық бірлік – дискурстың құрамындағы құрылымдық-семантикалық компонент ретінде танылып, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, реплика, абзац немесе тұтас мәтін түрінде көрініс береді. Бұл бірлік нақты коммуникативтік жағдаят аясында мағыналық және прагматикалық тұтастыққа ие.

Дискурстық құрал – дискурс ішінде мағыналар арасындағы логикалық әрі прагматикалық байланысты қамтамасыз ететін тілдік және тілден тыс элементтердің жиынтығы. Бұған интонациялық құрылым, екпін қою, грамматикалық байланыс тәсілдері, сондай-ақ мәтіндік тұтастықты қамтамасыз ететін прагматикалық амалдар жатады.

Дискурстық рөл термині екі негізгі мәнде қолданылады: 1) дискурста қатысушының коммуникативтік жағдаяттағы орнын, міндетін білдіреді; 2) белгілі бір дискурстық бірліктің (мысалы, жалқы есімнің) қоғамда қалыптасқан идеялық, танымдық, құндылықтық қызметін сипаттайды. Осы зерттеу жұмысы аясында «дискурстық рөл» ұғымының алғашқы мағынасы «Ұмай ана» мифонимінің тілдік санадағы қабылдануын анықтау мақсатындағы сауалнама негізінде қарастырылды, ал екінші мағынасы осы атаудың әртүрлі мәтіндердегі қызметін талдау арқылы ашылды. Ономастикалық дискурста әрбір жалқы есім дискурстық бірлік, құрал және рөл ретінде айқындалады. Бұл үш ұғым өзара тығыз байланысты: ономастикалық атау алдымен дискурстық бірлік ретінде

көрінсе, оның қолданысы дискурстық құралдардың көмегімен жүзеге асады және нәтижесінде белгілі бір рөл атқарады (қараңыз: 9-кесте).

Кесте 9 – Дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл терминдерінің арақатынасы

Термин	Анықтама	Айырмашылығы
Дискурстық бірлік	Мәтіннің негізгі құрылымдық элементі	Негізгі құрылым ретінде қаралады
Дискурстық құрал	Дискурсты ұйымдастыратын тілдік және прагматикалық элементтер	Бірліктер арасындағы байланысты реттейді
Дискурстық рөл	Дискурста қатысушының сөйлеу жағдаятындағы орны не дискурстық бірліктің мағынасы мен атқаратын қызметі	Қатысушылардың не дискурстық бірліктің қызметін сипаттайды

«Ұмай» мифонимі – түркі мифологиясындағы ерекше рухани мәнге ие жалқы есім. Ол түрлі дискурстарда мағыналық элемент ретінде қолданылады. Мәселен, діни-мифологиялық дискурста «Ұмай» атауы бала мен ананы қорғаушы күдірет иесі ретінде сипатталады. Қазіргі медиа-дискурста бұл атау «ана» символына айналып, ұлттық брендтік мәнге ие болды. Мысалы, мемлекеттік деңгейде қолға алынған «Ұмай» әлеуметтік бағдарламасы мен Назарбаев университетінің Жасанды интеллект және деректер институты жасаған «Umau» атты цифрлық прототип осы атаудың маңызын айқындай түседі.

«Ұмай» ипотекалық бағдарламасына қатысты мәтін мазмұнын талдайық:

Мәтін: Әйелдерге арналған «Ұмай» ипотека бағдарламасы қайта іске қосылады

2025 жылы Қазақстанда әйелдерге арналған «Ұмай» ипотека бағдарламасы қайтадан жүзеге асырылады. Бұл бастама – еліміздегі әйелдердің тұрғын үйге қолжетімділігін арттырып, олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған үлкен қадам. Бағдарлама шарттарына сәйкес, әйелдер алғашқы немесе екінші нарықтан пәтер алу мүмкіндігіне ие болады. Отбасы банкінде бастапқы жарна ретінде 20%-ға дейінгі қаржы жинақталуы керек, ал байқау кезінде жинақталған сыйақы көлемі маңызды рөл атқарады. Бағдарламаның бірегейлігі – әйелдерге кез келген отбасылық және кәсіби жағдайға қарамастан тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін беруінде. Әрбір әйелдің некедегі немесе некесіз болуы маңызды емес, ал бұл бағдарлама арқылы олар өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартып алады. Сондай-ақ, бұл бағдарламаның аясында бірге қарыз алушы ретінде жұбайы, ата-анасы, балалары немесе жақын достары қатыса алады. Бағдарлама қатысушылары үшін айрықша мүмкіндік – табыс ретінде стипендияларды есептеу. Сонымен қатар, Астана, Алматы, Атырау және Ақтау қалалары үшін өтініш беру шектеулері алынып тасталды, бұл

қалалардағы әйелдер үшін бағдарламаның қолжетімділігі артып отыр. Бұл бастама әйелдерге тек экономикалық тұрғыдан дербестік беріп қана қоймай, олардың әлеуметтік және отбасылық жағдайларын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бағдарлама арқылы көптеген әйелдер өздерінің өмір сүру деңгейін жақсарту мүмкіндігіне ие болады.
<http://ultcom.kz/tpost/djfb34pgc1-ielder-ge-arnalan-mai-ipoteka-badarlamasi>

Бұл мәтінде «Ұмай» әйелдерге арналған ипотекалық бағдарламаның бренді ретінде қолданылып, әйелдерді қорғау, қолдау, өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталғаны баяндалған. Ол мәтіндегі әйелдердің тұрғын үйге қолжетімділігін арттырып, олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған, әйелдерге кез келген отбасылық және кәсіби жағдайға қарамастан тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін беруінде, олар өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартып алады, әйелдер үшін бағдарламаның қолжетімділігі артып отыр, әйелдерге тек экономикалық тұрғыдан дербестік беріп қана қоймай, олардың әлеуметтік және отбасылық жағдайларын жақсартуға бағытталған, әйелдер өздерінің өмір сүру деңгейін жақсарту мүмкіндігіне ие деген тіркестер мағынасында таңбаланған. Әйелдерге арналған ипотекалық бағдарламаның «Ұмай» атауын алуы семантикалық деңгейде қазақ мифологиясындағы әйел қамқоршысы «Ұмай ана» атауымен сабақтасады. Бұл атау эмоционалды түрде әйелдерге жақын және сенімді бейне жасайды. Бұл мәтінде де «Ұмай» атауы мәдени код ретінде қолданылған, әйелдерге арналған бағдарламаны дәстүрлі-ұлттық символикамен ұштастыра отырып, мән-мағынасын тереңдеткен. Мәтіннің идеологиялық бағыттылығы, нақты айтқанда, әйелдерге қолдау көрсету, экономикалық, әлеуметтік дербестігін нығайту идеясы «Ұмай» есімінің астары арқылы күшейтілген. «Ұмай» атауы бағдарламаның ұлттық және мәдени сәйкестігін қалыптастыруға қызмет етіп тұр. Мәтінде Қазақстан, «Отбасы» банкі, Астана, Алматы, Атырау, Ақтау онимдері қолданылған. Қаржы институтының атауындағы «Отбасы» сөзінің семантикасында жылулық, сенім, қамқорлық ұғымдары бар. Банктің ипотекалық бағдарламасының миссиясына сәйкес келеді. Ал қала атаулары бұл мәтінде бағдарламаның таралу аймағын, географиясын нақтылап, өңірлік қолжетімділікті арттыру ниетін білдіріп тұр.

«Умай» атты цифрлық прототипке қатысты мәтінді талдайық:

Мәтін: Қазақ тілінде сөйлейтін жасанды интеллект: ISSAI адамның цифрлық прототипін жасады

Назарбаев Университетінің Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты (ISSAI) адамның цифрлық прототипін – Умай (Ұмай) көмекшісін жасады.

Технологиялық қарқынды даму дәуірінде Назарбаев университетіндегі ISSAI қазақ тілінде адам мен компьютердің тиімді өзара әрекеттесу жолдарын іздеуді жалғастыруда. Бұл бағыттағы келесі серпілісі ISSAI командасы жақында мақтанышпен ұсынған адамның алғашқы цифрлық прототипі – Ұмай есімді ассистенті.

Ұмай – шынайы әйел аватары ретінде цифрлық түрде жасалған, ресми тілінде сөйлейтін виртуалды көмекші. Оның мүмкіндіктері ғылымды, білім беруді, тарихты, технологияны және медицинаны қоса алғанда, кең ауқымды салаларды қамтиды.

Аватарға түркі мифология құдайының аты ерекше мағынамен берілген. Біріншіден, атау қазақ мәдениетімен байланысты, екіншіден, Ұмай цифрлық тұлғаның алғашқы прототипі болғандықтан, команданың идеясы бойынша, ол болашақ цифрлық көмекшілердің «анасы» ретінде қабылдануы мүмкін. <https://nu.edu.kz/kk/news/qazaq-tilinde-soileitin-zhasandy-intellekt-issai-adamnyn-tsifrlyq-prototipin-zhasady>

Бұл мәтіндегі «Umay (Ұмай)» атауының ономастикалық дискурстағы рөлі – негізгі цифрлық прототиптің (аватардың) атауы. Бұл атаудың таңдалуының уәжінде мәдени сәйкестік, нақты айтқанда, қазақ және түркі халықтарының мәдени-мифологиялық коды арқылы виртуалды кейіпкердің ұлттық ерекшелігі көрсетілген, бағдарламашылар бұл атауға символикалық мағына жүктеген (болашақ цифрлық көмекшілердің «анасы»). Ұмай цифрлық әлемдегі «адамның» алғашқысы, болашақтың бастауы ретінде қабылданған.

Мұнан байқайтынымыз: «Бұл жобалар «Ұмай» атауын қамқорлық, аналық мейірім, қорған болу секілді мәндермен байланыстырды. Осылайша, атау ұлттық мәдениетті бейнелейтін символдық белгіге айналып, мәдени идентификацияның басты компоненттерінің бірі ретінде қызмет ете бастады. «Ұмай» атауының дискурстық рөлдері көпқырлы: 1) тарихи-мәдени дискурста – ұлттық құндылықтарды сақтаушы; 2) діни дискурста – аналық қамқорлықтың киелі бейнесі; 3) медиа мен жарнама дискурсында – ұлттық бренд символы; 4) қазіргі мәдени жобаларда – рухани-мәдени мұраны насихаттаушы. Бұл рөлдер жалқы есімнің белгілі бір мәнмәтінде қолданылуы арқылы іске асады және сол мәнмәтіндер «Ұмай» мифонимінің дискурстық өрісін анықтайды (қараңыз: 10-кесте).

Кесте 10 – «Ұмай» атауының дискурстық бірлік, дискурстық құрал сипаты мен дискурстық рөлі

Ономастикалық дискурста «Ұмай» атауының сипаты	
Дискурстық бірлік	Мәтіндегі негізгі мағыналық элемент
Дискурстық құрал	Ұлттық мазмұнды ұйымдастыратын метафоралық қызметі мен мәдени идентификация құралы болуы
Дискурстық рөл	Мәдени, тарихи не жарнамалық дискурста символдық қызмет атқаруы

Осы ғылыми тұжырымдардың негізінде «Ұмай ана» мифонимін дискурстық бірлік сапасында танимыз. Бұл құбылысты біз «Ұмай ана» атауына тірек болатын және қазақ дүниетанымында орныққан мәдени-танымдық білімдердің жинақталған мәтіндік көріністерінің болуымен түсіндіреміз. Аталған білімдер – яғни осы атауға байланысты тілдік және танымдық

мазмұнды иеленген мәтіндер – коммуникативтік жағдаятта белсенді қолданысқа түсіп, айтылып, қабылданып, интерпретацияланады. Нәтижесінде, қабылдаушы тараптан жаңа мағыналар мен танымдық құрылымдар қалыптасып, когнитивтік деңгейде жаңа білімдер түзіледі.

«Ұмай ана» мифониміне қатысты парадигматикалық (баламалы атаулар, ұқсас бейнелер), синтагматикалық (мәтін ішіндегі құрылымдық қатынастар) және ассоциативтік (жеке және ұжымдық санада туындайтын байланыстар) қатынастардағы мәтіндер өзара менталдық желі түзіп, бір-бірімен сабақтаса отырып, дискурстың жүзеге асуына ықпал етеді.

Атаудың үстірт (формалды) құрылымы – «Ұмай» жалқы есімі мен «ана» сөзінің тіркесуінен тұратын тілдік форма ретінде танылса, астырт (мағыналық) құрылымы – осы атаудың мазмұнында шоғырланған, конденсацияланған және дискурстық жағдайға байланысты қайта белсенетін мифологиялық, мәдени және тарихи мәтіндер жиынтығы болып табылады. Яғни бұл атау – тек тілдік таңба ғана емес, сонымен қатар ішкі мазмұнында терең танымдық қабаттарды қамтитын мәтіндер шоғырының символдық көрінісі ретінде қызмет атқарады.

«Ұмай ана» мифонимінің дискурстық мазмұнын тану мақсатында Google платформасында сауалнама жүргізілді. «Ұмай ана туралы не білесіз, ол кім?» деген сұраққа жауап беруге 100 қазақ респонденті қатысты. Олардың 90,2%-ын студенттер, 3%-ын мұғалімдер құрады. Жауаптар талдауына сәйкес, «Ұмай ана» бейнесі тілдік санада жағымды Тәңірлік образ ретінде қабылданады. Респонденттердің көпшілігі оны киелі аналық рух иесі ретінде таныған. Сауалнама нәтижесінде мифоантропоним респонденттердің когнитивтік әрекетін белсендіріп, атауға қатысты алдын ала танымдық құрылымдарды (пресуппозицияларды) анықтауға мүмкіндік берді.

Осы жүргізілген талдаулар нәтижесінде «Ұмай ана» мифонимінің дискурстық өрісі айқындалды деп тұжырымдауға болады. Аталған дискурстық өріс бірқатар экстралингвистикалық факторлармен тығыз байланысты, атап айтқанда: қабылдаушының когнитивтік дайындығы (білім деңгейі), жасы, әлеуметтік мәртебесі, эмоционалдық күйі, тұлғалық тәжірибесі, өмірлік бағдарлары мен дискурстық әрекеттегі машықтары сияқты өлшемдерге тәуелді қалыптасады.

Ономастикалық атаулар тек дискурстық кеңістікте өз мағыналық әлеуетін толық аша алады. Дискурстың жүзеге асу барысында онимді қабылдаған тұлға оның бұрынғы танымдық құрылымында орныққан бейнесіне сүйене отырып, оған қатысты жинақталған білімді (мәтіндік формадағы танымдық мазмұнды) белсендіреді. Бұл құбылысты біз *дискурстық өрістің когнитивтік құрылымдарда қозғалысқа түсуі немесе белсенуі* деп атаймыз.

Осылайша, ономастикалық дискурста жалқы есім тек лексикалық немесе энциклопедиялық мағынамен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндегі мәндік жүктемесімен, яғни танымдық және құндылықтық мазмұнымен толық қабылданып, түсініледі.

«Ұмай ана» мифонимінің дискурстық өрісі мынадай құрылым бөліктерімен байланыста сипатталады: атау беруші (халық) – атау (Ұмай ана) –

қабылдаушы (100 респондент) – бейне (Тәңірлік әйел) – мазмұн (киелі, қорғаушы, ана) – дискурстық білім (мәтіндік негіздер).

Ғылыми айналымда қолданыста жүрген «Ұмай ана» атауына қатысты төменде көрсетілген тоғыз мәтінді когнитивтік деңгейде орныққан дискурс-мәтіндер ретінде қарастыруға болады. Бұл мәтіндер «Ұмай ана» мифонимінің мағыналық құрылымында имплицитті түрде «сығымдалып» жинақталған. Алайда аталған мағыналық қабат тек осы мәтіндік білімдер жүйесін білетін тілдік тұлғалар үшін ғана дискурста өз маңызын ашады. Басқаша айтқанда, дискурстық жағдаятта атауға сәйкес танымдық құрылымдар іске қосылып, астырт мағына айқындалады.

1-дискурс-мәтін. Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында Ұмай ана – ұрпақтың жалғасуына дем беруші, береке мен ырыстың иесі ретінде танылады. Бұл культтік бейнені қазақтар, хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тывалар, шорлар және түріктер ерекше құрмет тұтқан. Ұмай анаға қатысты деректер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен және әртүрлі халықтардың (соның ішінде фин-угор тектес халықтардың) фольклорлық үлгілерінен де көрініс табады. Ислам дінінің таралуымен бірге Ұмай ана мен Көк Тәңірі қатар аталып, Ұмай образы аналар мен нәрестелердің қамқор пірі ретінде санада сақталып қалған [61].

2-дискурс-мәтін. Аңыздық сипаттағы деректерге сүйенсек, Ұмай ана тұлғасы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырмен байланыстырылады, ал оның тегі Арғын Аспар есімді тұлғамен сабақтастырылған.

3-дискурс-мәтін. Қазақтың дәстүрлі нанымдарында Ұмай ана – әйелдердің босану сәтінде жәрдем беретін киелі бейне, періште сипатындағы күш. Осыған байланысты қазақ халқында қыз ұзату, неке қию, босану сынды рәсімдерде Ұмай анадан медет тілеу, оған жалбарыну үрдісі кең таралған.

4-дискурс-мәтін. Ежелгі түркі тіліндегі «Ұмай» сөзі «бала орны» немесе «ананың жатыры» деген мағыналарды білдірген. Бұл атаудың «әйел-құдай» ретіндегі бейнесі түркі этнографиясында тұрақты түрде көрініс тапқан [62].

5-дискурс-мәтін. Зерттеуші С. Қондыбайдың пайымдауынша, Ұмай бейнесі кейде Май-ене деген атаумен де белгілі болған. Мұндағы «ұма» сөзі «баланың жолдасы» мағынасын беріп, Ұмайдың әйел кейпіндегі мифологиялық тәңіріе ретіндегі сипатын күшейтеді.

6-дискурс-мәтін. Ежелгі түркілердің дүниетанымында от – киелі нысан ретінде ерекше құрметке ие болған. Аңыз желісінде Ұмай ананың аяғынан от шыққаны айтылады, сол себепті от жылулық пен берекенің, амандық пен ризықтың көзі ретінде бағаланған. Осы концепт негізінде Ұмай ана – шаңырақты, ошақты және сәбилерді қорғаушы ретінде танылады.


7-дискурс-мәтін. Қазақтың ежелгі мифологиялық түсініктерінде «Ұмай ана» Тәңірдің жұбайы әрі жеке дербес құдай ретінде бейнеленеді. Бұл мифтік конструкцияда Тәңір – Жаратушы күштің ең жоғарғысы ретінде танылып, бүкіл әлемді – аспан мен жерді – жаратқаннан кейін өзінің болмысын екіге айырып, ер мен әйел кейпіне енеді. Әйел бастауына айналған бұл бөліністің бейнесі – Ұмай Тәңір. Ол аналық бастау ретінде сүтке толы көлмен де астастырылады:

бұл мифологиялық кеңістікте Ұмай Тәңір ананың сүті ағып жатқан киелі су – Сүтті көл бейнесінде көрініс табады.

8-курс-мәтін: Қырғыз мифологиялық танымында «Ұмай» бейнесі – аналық бастау мен жердің құнарлылығын біріктірген тұтастық ретінде көрініс табады. Бұл мәнмәтінде Ұмай – сүтімен нәр беретін Жер-ана, ауыл шаруашылығы өнімдерінің, атап айтқанда, егін мен мал шаруашылығының құдайы саналады. Мифтік сенімге сәйкес, жер бетіндегі өнімнің молдығы мен құттылығы аналық сүттің ағуымен байланыстырылған. Бұл идея Жер-ананың сүт төгуі арқылы тіршілікке нәр беруі жөніндегі ұғым ретінде көне үнді және грек мифтерінде де ұшырасады.

9-курс-мәтін: «Ұмай ана және Аю батыр» мифінде мифтік кейіпкер Аю батыр қатты аязда қар астында қатып қалған Айсұлудың тірілуін тілеп, аспанға жалбарынады. Осы сәтте аспанда Ұмай мен Құмай деп аталатын екі құс пайда болып, батырдың төбесінен ұшып өтеді де, ақ және қызыл түсті екі ірі тасты жерге тастайды. Батыр сол тастарды бір-біріне үйкегенде от тұтанып, шыққан жылу арқылы Айсұлу тіріледі. Осы сәтте отты ала келіп, қызды жылытып, оятқан бейне Ұмай ана кейпіне енеді. Айсұлу оянған соң Ұмай анаға және отқа тағзым етеді. Ұмай ана оның бетін отқа тосып, батасын береді: «Аю батырмен тату өмір сүріңдер, шаңырақтарың шаттыққа толсын, оттарың өшпесін», – деп тілек айтып, ғайып болады. Уақыт өте келе Айсұлу толғатып, босану үстінде тағы да Ұмай анаға жалбарынады. Ұмай ана қайта келіп, оны аман-есен босандырып, сәбидің кіндігін кесіп, аналық мейірмен маңдайынан сипап, батасын айтып көзден ғайып болады [62, с. 102].

Осы 9 курс-мәтін – «Ұмай ана» мифонимінің ономастикалық дискурстағы мазмұндық өрісін қалыптастыратын танымдық білім түрлері ретінде қарастырылады. Бұл мәтіндер «Ұмай ана» атауының семантикалық кеңістігінде сығымдалған күйде тұрады және тек сол мәтіндік білімдермен таныс тұлғалар ғана бұл атаудың астырт құрылымындағы мазмұнды толық тани алады. Атап айтқанда, 4-ші және 5-ші курс-мәтіндер «Ұмай ана» мифонимінің уәждемелік негізін, яғни этимологиясы мен шығу төркінін түсіндіреді. Ал қалған мәтіндер адресаттың түсінуіне, қабылдауына негіз болатын мағыналық өрісті қамтамасыз етеді. Суретте көрсетсек (3-сурет):



Сурет 3 – «Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық өрісі

«Ұмай» ономастикалық атауының дискурстық табиғаты оның үстірт құрылым ретінде көрініс беретін дискурстық бірлікпен және осы құрылымның аясында сығымдалған, танымдық білім ретінде қызмет ететін мәтіндер жиынтығын (астырт құрылымды) қабылдаумен айқындалады (қараңыз: 11-кесте).


Кесте 11 – «Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық сипаты

Үстірт құрылым	Ұмай ананың әкесі – Арғын Аспар	Ұмай ана – ұрпақ жалғастыруды қолдаушы, аналар мен нәрестелерді жебеуші пір	Ұмай мағынасы: «ананың жатыры, бала орны, ізі». Ұма – баланың жолдасы	Ұмай ананың табанынан от таралған, Ұмай – шаңырақтың сақтаушысы.	Ұмай – Сүтті көл	Ұмай – Жер-ана
Ұмай						
Астырт құрылым	2-дискурс-мәтін	1-дискурс-мәтін 3-дискурс-мәтін	4-дискурс-мәтін 5-дискурс-мәтін	6-дискурс-мәтін	7-дискурс-мәтін	8-дискурс-мәтін

Ономастикалық дискурста бұл атау қабылдаушы тарапынан өзіне таныс мағыналық өрістермен байланыстырылып, солардың негізінде ұғынылады. Ономастикалық атаудың мазмұны дискурстық жағдаятта тек сол атауға қатысты қабылдаушының жадында жинақталған ақпараттың белсендіріліп,

өзектелуі арқылы танылады. Бұл «Атаулар өз мазмұнында мәтіндерді виртуалды куб тәрізді жинақтап, астарында сақтап тұрады, оның әр қырындағы ақпарат коммуниканттың мақсатына, біліміне, жасына, әлеуметтік дәрежесіне т.с.с. сай өзектелгенде ғана оқылады» деген тұжырыммен үндес келеді. Басқаша айтқанда, атаудың астырт құрылымында сақталған мағыналық қырлар тек коммуникативтік жағдаятқа сәйкес, қабылдаушының дискурстық тәжірибесі мен әлеуметтік-танымдық қабілетіне сай ғана көрініс табады.

Біз жүргізген тәжірибелік зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің танымында «Ұмай ана – Тәңірлік образ (Құдай әйел)» мазмұнындағы мәтін ғана өзектеліп отырғаны анықталды (қараңыз: 4-сурет).



Сурет 4 – Респонденттер танымында «Ұмай ана» бейнесінің өзектелуі

Мұны төмендегі факторлармен түсіндіреміз: сауалнамаға қатысқан респонденттердің 90,2%-ы – студенттер. Бұл әлеуметтік топта «Ұмай ана – құдай әйел» деген бір ғана дискурстық мәтін өзектеліп, сол мағынада қабылданған; қалған дискурстық мәтіндердің мазмұны сауал берілген сәтте танымда белсенділенбеген. Бұған сауалнаманың электронды түрде жүргізілуі, сондай-ақ респонденттердің дискурстық тәжірибесінің жеткіліксіздігі (яғни, басқа мәтіндерді білмеуі немесе білгенімен, жауап беру кезінде есіне түсіре алмауы) себеп болуы мүмкін. Әрине, бұдан бөлек біз ескермеген өзге де ықпал етуші факторлардың бар екенін жоққа шығармаймыз.

Жалпы алғанда, ономастикалық атауларды дискурстық бірлік ретінде қарастыру ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде зерттеудің бастапқы қағидаты болып табылады. Онимдердің дискурстық сипатын талдау бүгінгі ономастикалық зерттеулерде маңызды бағыт ретінде қалыптасып отыр. Дискурстық кеңістікте онимдер когнитивтік-дискурстық мазмұнға ие болып, олардың танымдық ерекшеліктері сол атаудың маңына шоғырланған мәтіндер жиынтығы (яғни, дискурстық өрісі) арқылы ашылады. Алайда бұл дискурстық өріс тек нақты коммуникативтік жағдаятта ғана қозғалысқа түсіп, дискурсқа қатысушылардың жадында өзектелген жағдайда ғана байқалады.

Бұл үдеріс дискурстық актке қатысушы адресант пен адресаттың тәжірибесіне тікелей тәуелді. Сол себепті ономастикалық атаулардың дискурстық табиғатын зерттеуде дискурс талдаудың нақты әдістері, атап айтқанда, үстірт және астырт құрылымдық талдау тәсілі өзекті болып табылады. Онимнің толық мазмұны тек қарым-қатынас барысында, қатысым үдерісінде айқындалады. Демек, ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде қарастыру – ономастикалық атаулардың қызмет ету заңдылықтарын түсіндіруге және болашақ зерттеулер үшін бағыт-бағдар ұсынуға негіз болады.

Ономастикалық дискурс бірліктері өздерінің дискурстық өрісінде *код* (мәдени және әлеуметтік) ретінде көрініс табады. *Код* сөзі сөздікте былай анықталған: 1) қандай да бір құпия ақпаратты өңдеу, жеткізу және сақтау үшін қолданылатын шартты белгілер мен атаулар, шифр; 2) байланыс тораптары, сондай-ақ компьютермен жұмыс жасағанда ақпараттарды жеткізу үшін қолданылатын таңбалар мен символдар [25]. Адам қарым-қатынасында ономастикалық дискурс бірлігі код ретінде өздерінің мағыналарында сақталған мәдени, әлеуметтік, тарихи т.с.с. ақпараттарды таратады. Сондықтан онимдер өздерінің дискурстық өрісінде мәдени және әлеуметтік код ретінде жұмсалады.

Мәдени код ұғымы К. Леви-Строс [63], П. Бурдьё [64], М. Фуко [65], Л. Харрисон [66] сынды батыс ойшылдарының еңбектерінде терең қарастырылған. Ресейлік зерттеушілер арасында бұл тақырыпты Ю. Лотман мәдениетті екінші модельдеуші жүйе ретінде түсіндірсе [67], Г.А. Аванесова, И.А. Купцова кодтың мәдениеттегі функционалдық рөлін [68], Т.В. Болдырева драматургиядағы мәдени кодтарды [69], Г. Бурова [70] кодтың семиотикалық және прагматикалық негіздерін, С.П. Боброва [71] кодтың негізгі символдарын, К.К. Васильева [72] социомәдени кодтардың сатылығын, Г.В. Зубко [73] кодты қайта құру мәселелерін, А.Иванов [74] елтаңба және мәдени кодты, М.С. Киселева [75] мәдени кодтардың типологиясын, А.С. Кончаловский [76] Ресейдің генетикалық кодын, В.М. Михайлин [77] үнді-еуропалық дәстүрдегі кодтарды, В.Л. Махлин [78] мәдени кодтың тілдік сипатын, Э.А. Орлова [79] социомәдени кеңістіктегі кодтың орнын жан-жақты зерттеген.

Қазақстандық ғылымда мәдени код мәселесіне А. Хазбулатов пен М. Султанова [80] концептуалды талдау жасап, Г. Ақмамбетов мен Ф. Бисенбаев [81] социомәдени өлшемдерді, О.М. Борецкий [82] ұлттық жаңғырудағы мифологияның рөлін, А.Р. Масалимова [83] мәдени маргиналдылық феноменін, К.Ш. Нурланова [84] дәстүрлі өнердегі әлемдік символиканы, М.С. Сабит [85] ұлттық идеялардағы мәдениеттің орнын жан-жақты талдаған. Қазақ қоғамындағы мәдени кодтарды зерттеу әдіснамасын зерделеген Б.Н. Қылышбаева, А.Р. Масалимова былай деп жазады: «Мәдени код – бұл санада қандай да бір стереотиптер кешенімен байланысты бейнелер жиынтығын анықтайды. Бұл мәдени бейсаналық – яғни, ашық айтылмайтын немесе айқын ұғынылмайтын, бірақ мінез-құлықта көрінетін нәрсе. Ұлттың мінез-құлық реакцияларын оның мәдени коды арқылы түсіну мүмкін болады, мәдени код халық психологиясын танытады. Мәдени код – белгілі бір мәдени түрді түсінудің кілті; ата-бабалардан халықтарға мұра болып қалған бірегей мәдени

ерекшеліктер; қандай да бір формада шифрланған ақпарат, ол мәдениетті тануға мүмкіндік береді. Мәдениеттің тілдік семантикалық өрісінде ақпарат жиналып, мәтін түрінде рәсімделеді, ал кейін түрлі ғылыми әдістер арқылы терең мәдени және саналық құрылымдарға салынған ақпараттың дешифровкасы немесе ашылуы жүзеге асырылады» [86, с. 99-100]. Осы пікірге сүйене отырып біз ономастикалық дискурстағы мәдени және әлеуметтік код түсінігін анықтадық. Біздіңше, *мәдени код* дегеніміз – ономастикалық бірліктердің белгілі бір мәдениетке тән құндылықтар мен ұғымдарды, символдық мағыналарды жеткізу қабілеті. Мәдени кодтар атаулар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, белгілі бір халықтың немесе ұлттың рухани-мәдени әлемін көрсетеді. Бұл кодтар, әсіресе, тарихи жер атауларында, ұлттық символдарда, ұлттық кейіпкерлер есімдерінде көрініс табады. *Әлеуметтік код* – ономастикалық бірліктердің белгілі бір әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынастарды, қоғамдық рөлдерді және статус айырмашылықтарын білдіру қабілеті. Әлеуметтік кодтар атаулардың қоғамдағы позициясын, олардың әлеуметтік ортадағы қабылдану ерекшеліктерін көрсетеді. Әлеуметтік код белгілі бір атаулардың мәртебесін, саяси мәнін және қоғамдағы әлеуметтік жіктелісті сипаттауда қолданылады. Әлеуметтік кодтар арқылы атаулар белгілі бір қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын, өзгерістерін және белгілі бір кезеңдегі идеологиялық жағдайды бейнелейді. Бұл атаулар арқылы қоғамның әлеуметтік статустары мен рөлдер арасындағы айырмашылықтар да көрініс табады. Мәдени кодтар ұлттық мәдениет пен дәстүрдің бір бөлшегі ретінде, ал әлеуметтік кодтар қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымының бейнесі ретінде маңызды. Мәдени және әлеуметтік кодтың айырмасы 12-кестеде берілді.

Кесте 12 – Мәдени және әлеуметтік код айырмасы

Мәдени код	Әлеуметтік код
Тарихи-мәдени ақпаратты, рухани құндылықтарды, ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді.	Қоғамдық рөлдер мен статустарды, әлеуметтік қатынастарды және саяси жағдайды білдіреді.
Мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында жұмсалады.	Әлеуметтік статус, билік және саяси ықпал символдарын көрсету, қоғамның құрылымын бейнелеу мақсатын көздейді.
Мәдени код мәдени құндылықтарды, символдарды, тарихи естеліктерді сақтайды.	Әлеуметтік код қоғамның билік құрылымы, идеология және әлеуметтік рөлдерге қатысты ақпаратты жеткізеді

Мысалы, әлеуметтік желіден алынған ономастикалық мәтіндер мазмұнында «Ұмай ана» онимінің мәдени код және әлеуметтік код сипатын талдап көрейік. ВКонтакте желісінде «Дәстүр» журналының 25 ақпан 2015 жылы жүктелген «Ұмай ана» мәтінінен үзінді келтірейік:

ҰМАЙ АНА

... Ұмай ананың тасқа салынған мүсіні бізге ғасырлар қойнауынан жетіп, шын мәнінде ғажайып әсер қалдырды. Тарихтың бізге беймәлім құпия сырлары Ұмай ана туралы мұралар арқылы жеткен. Өйткені қазақ халқының өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып табылады.

Ал қазіргі таңдағы мүсіншілердің «Ұмай ана» тақырыбындағы еңбектері өзіндік стильмен, жеке дара бөліктерімен айқындалды. Қазақстанның танымал мүсіншілері Бақыт Әбішев пен Асқар Есдәулеттің сомдаған туындыларындағы ортақ үндестік Ұмай ананы үш түлікті алтын тәжбен, жануардың үстіне екі қолын айқастыра отырған бейнесі. Мұндай қос мүсіншінің өзіндік мәнері және негізгі материялы қоладан мүсінделген.

Асқар Есдәулеттің «Ұмай» (2009 ж) атты мүсініндегі өзгешелігі бас формасының тым өзгеше пішінде құралғаны және аузының бедерленбеуі. Ал Бақыт Әбішев мүсініндегі «Ұмай» (1987 ж) бейнесі нәзіктігімен ерекше. Демек, Асқар Есдәулет көбіне мифтік бейнеге сүйене отырып шомбал пішіндесе, Бақыт Әбішев тек қана қарапайым өмірдегі ана қасиетінің құдіретін құрметтеп, басты көрініске негіз еткен. Мифологиялық бейнелі мүсінде ана бейнесі абстракциялық, шынайы туындыда әйел сұлулығы ерекше көрінетіндей әсер береді. Бұл туындылардың әрқайсысына тән өзіндік мәнері айқындалғандықтан «Ұмай ана» мүсіні ерекше жетістіктерді танытты. Оның айғағы бұл туындылар бүгінгі таңға дейін өз мәнін жоғалтқан емес, дәстүрмен қалыптасып, мұра болып келеді және мүсін өнері арқылы көрермендер көзайымына айналып, тарих сахнасынан жоғалмай қазақ бейнелеу өнерінде сақталады. Ғалия ӘЛІИ www.dasturkb.kz/ (Мәтін сілтемесі: https://vk.com/wall-88222541_14)

Осы үзіндіде «Ұмай ана» онимі мәдени код ретінде де, әлеуметтік код ретінде де көрініс тапқан. «Ұмай ана» онимінің мәдени код сипатын мәтіндегі бірліктермен сабақтастырып дәйектесек: Мәтінде «Ұмай ана» архетиптік, мифологиялық тұлға ретінде мәдени жадтағы бейнесі Ұмай ананың тасқа салынған мүсіні бізге ғасырлар қойнауынан жетіп, шын мәнінде ғажайып әсер қалдырды сөйлемінен көрініс тапқан. Тарихтың бізге беймәлім құпия сырлары Ұмай ана туралы мұралар арқылы жеткен сөйлемінің мазмұнында «Ұмай ананың» мәдени мұра екенін, тарихи сана мен ұлттық танымның өкілі екенін білдіріп, мәдени-танымдық код қызметін атқарып тұр. Мифологиялық бейнелі мүсінде ана бейнесі абстракциялық тіркесінен «Ұмай ана» бейнесінің космогониялық, рухани бейне екендігі, мифологиялық-символдық мазмұны айқын көрінеді. Ал мәтінде берілген ...мүсін өнері арқылы көрермендер көзайымына айналып, тарих сахнасынан жоғалмай қазақ бейнелеу өнерінде сақталады тіркесінде «Ұмай-ананың» мәдени код сипаты, нақты айтқанда, өнер, мәдениет арқылы ұрпақ жадында сақталатын бейне екендігі анық көрініс тапқан. «Ұмай» онимі – бұл мәтінде тарих пен мифтің түйісуінен туындайтын мәдени-символдық бейне, қазақ халқының космогониялық дүниетанымындағы аналық бастау, бейнелеу өнерінде сакралды образға айналған тұлға.

Бұл мәтінде «Ұмай онимінің» әлеуметтік код ретіндегі сипаты да көрініс тапқан. Оны мәтіндегі қолданылған мына бірліктер танытады: *қарапайым өмірдегі ана қасиетінің құдіретін құрметтеп* – Бақыт Әбішев мүсінінде Ұмай ана *шынайы өмірдегі аналар бейнесімен үндестіріліп*, әлеуметтік рөлдік кодқа айналған. Ал мәтіндегі *әйел сұлулығы ерекше көрінетіндей әсер береді* тіркесі қазақ әйеліне тән аналық мейірім мен нәзіктік қасиеттерін танытады, гендерлік әлеуметтік рөлін таңбалаған. Ұмай ана бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы анаға тән әлеуметтік қызметтер (қамқорлық жасау, мейірім таныту, рухани бағдар беру т.с.с.) аталған мәтінде «Ұмай» (1987 ж) бейнесі нәзіктігімен, ана қасиетінің құдіретін тіркестерінде таңбаланған. Мүсін өнерінде «Ұмай бейнесі» мифологиялық тұлға ғана емес, заманауи әлеуметтік рөлдік модельді көрсетеді: *Ұмай – әйел, Ұмай – ана, Ұмай – тәрбиеші.*

Ономастикалық дискурс бірліктері сөз бағдарларына сай (дискурстық стратегияларға сай) түрлі мәнмәтінде ұлттық, мәдени, идеологиялық мәнде жұмсала алады. Қазіргі цифрлық дәуірде бұл көрініс медиадискурстан анық аңғарылады. Мысалы, қазіргі медиада «Димаш феномені» ұғымы орныққан. Осы ұғымға қатысты мәтінді ономастикалық дискурс ретінде талдап, ондағы онимдердің дискурстық мәнін талдап көрейік. Ол үшін 2021 жылы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Димаш феномені» мақаласының мәтінін талдайық.

Мәтін:

Ән әлемінің жарық жұлдызына айналған Димаш Құдайбергеннің орындауындағы қазақ әндері шетелдік тыңдарман үшін ұлы дала музыкасының антологиясы секілді. Өнерпаздың орындауындағы қазақы әуен халқымыздың ұлттық құндылықтарына, бай мәдениеті мен көркем өнеріне талайды еліктірді. Бізбен қуана тілдескен Димаштың шетелдік тыңдарманының қазақ халқына деген ізгі ілтипаты мен ықыласын бір мақаланың көлеміне сыйдыру әсте мүмкін емес. Адамның саналы ғұмырында естіп, біліп көрмеген ұлттың тарихы, мәдениеті мен бүгінгі тіршілігіне кенет қызыға кетуі қаншалықты сирек құбылыс екені айтпасақ та белгілі. Ал бір дарынды тұлғаның шығармашылығы арқылы бүкіл бір елдің болмысын ашып, ұлттық өнерін әйгілі ету тіпті қиын. Алайда, мүмкін екен.

Димаштың табиғи дарыны, орындаушылық мүмкіндігі, бұлбұл үні, әуезді әні мен біртуар қабілеті осыған дейін де талай айтылды, алдағы уақытта да айтыла береді. Өзі жастайынан аңсаған «Қазақтың атын әлемге танытқым келеді» деген арманы бүгінде шындыққа айналды. Әнішінің шығармашылығын жіті бақылайтын тыңдаушысы оның ана тіліндегі әндеріне деген ықыластың ерекше екенін бірден аңғарады. Ұлттық әуендердің ырғағы мен иіріміне қызыққан талай шетелдік Ұлы даланың тілі, ділі, мәдениеті мен өнеріне құштарлық танытып, меңгере бастады.

Аргентиналық Ирма Ледесма шығыс мәдениеті мен дәстүрін Димаш арқылы тани бастағанын айтады. Өз елінде жойылуға жақын ұлттық құндылықтарға ол Димаштың өнерімен сусындай бастаған.

– Мен қазақ елінің музыкасын, ұлттық аспаптарын, биін, сондай-ақ өмірге, отбасына қатысты ұстанымдарын, өзгелерге құрмет көрсетуі және Отанын сүюі секілді асқақ құндылықтарымен таныстым. Димашты – қазақ мәдениетінің үздік үлгісі деп білемін. Біздің қазақтардан үйренеріміз көп, – деп сөзін түйіндеді И. Ледесма.

Ағынан жарылған тыңдаушылардың бірі малайзиялық Роузин Чери Димаштың Қазақстанға деген ғажайып сүйіспеншілігі өзіне берілгенін айтып, күлдіріп алды. Черидің ұлы үйінде теледидарда үздіксіз қосылып тұратын киіз үй, жылқылар мен кең-байтақ даланың бейнесіне тіпті таңқалмайды екен.

– Димашты алғаш көргенде оның орындаушылық шеберлігі ерекше елітіп әкетті. Осындай дарынды әншінің қайдан шыққаны, қандай тәрбие алғаны қызық болды. Оның өз ұлтына деген ерекше сүйіспеншілігін байқамау мүмкін емес. Қазақстанның туын құрметпен сүюі, әр әнінің соңында «Welcome to Kazakhstan» деп қонаққа шақыруы сахналық қойылым емес, оның табиғи болмысы екенін көрсетіп тұратын. Өз ұлына осыншама сүйіспеншілікті дарытқан қандай ел болды екен деген сұрақ туады. Осылайша өзіме бейтаныс халықты жақсы көріп кеттім деуге де болады, – дейді малайзиялық тыңдарман. Роузин қазір қазақ тілі сөздігін сатып алып, онлайн топта тіл үйреніп жүр. Орталық Азия, Қазақстан туралы да көп оқиды. Алматыда өткізген бір күнін жиі еске алып, қайта оралуды армандайды. Домбыраның үнін бірден ажырата алатынын айтады.

Димаштың өнері арқылы қазақ тіліне қызығушылық танытып, оны меңгере бастаған жалғыз Роузин емес. АҚШ тұрғыны Эмили Тремблей қазақ жазушыларының шығармасын оқып, өзге әншілермен де таныса бастапты. Сұхбаттарында Димаштың «Абай жолы» романын бірнеше рет айтқанын естіген ол шығарманың ағылшынша нұсқасын тауып, оқуға кіріскен. АҚШ-тың Индиана штатының тағы бір тұрғыны Руф Барклея Абайдың өлеңдерін оқып, қазақ тіліндегі әндердің мәтінін түпнұсқада түсінгісі келетінін атап өтті.

Осыған дейін қазақ тіліне Латын Америкасында сұраныс артып, Димаштың жанкүйерлері елшілік жанынан курс ашуды ұсынғанын естіген едік. Бұл қазақ тілінің дамуының жаңа көкжиегі, жаңа белесі секілді.

Бразилия әдебиетін зерттеуші, профессор Стелла Монт қазақ тіліне деген қызығушылығы «Дайдидау» әнінен басталса, «Самалтаудан» кейін қазақ мәдениетіне көңілі біржола құлағанын айтады.

– Әнге арқау болған туған жерін қимай соғысқа аттанған бозбаланың қасіреті менің Африкадан Бразилияға күшпен айдалған ата-бабамның тағдырын еске түсірді. Осылайша қазақ даласының тарихын зерттей бастадым. Менің ендігі арманым – Қазақстанның Нұр-Сұлтан мен Алматыдан басқа Арал теңізі, Балқаш көлі секілді көп біле бермейтін көрікті жерлерін аралау, – дейді Стелла Монт.

Димаштың АҚШ-тағы тыңдаушысының бірі Иви Делакур жоғары оқу орнында Ұлыбритания әдебиетіне, ағылшын тіліне маманданған. Ескі ағылшын-саксон, француз тілдерін қосымша меңгерген ол қазақ тілін де

үйренгісі келеді. Алайда, оны меңгеру қиынға соғып жатқан көрінеді. Арасында өлең жазып қоятын Иви Димаштың әндерінің ағылшыныша аудармасына көңілі толмайтынын айтады. Себебі аударма жеткізе алмайтын қазақ тіліне тән кейбір сөздердің мағынасы тәржімалағанда өзгеріп кетеді.

Талғамы биік тыңдаушы Димаштың қазақ тілді туындыларында ұлттық музыкалық аспаптардың үнін жиі естиді. Осылайша ол ұлттық музыканы дамытып қана қоймай, оны заманға сай қолданып, шетелге насихаттап жүр. Бұл дара Димаштың шығармашылық миссиясының үлкен бөлігі деуге болады. Әншінің мұндай музыкалық шешімін тыңдарманы да өз деңгейінде бағалап жатады. Мәселен, жазушы Ева Бауман еуропалық оқырманы үшін жазып жатқан фэнтези жанрындағы романына қобызды қосқан. Ол Димаш арқылы қазақтың ұлттық аспаптарымен танысқанын, шығармашылығына үлкен шабыт алғанын баса айтты.

– Алғашында Қытайда өткен жарыста «Дайдидау» әнін сүйемелдеген өзгеше, өзіме жат аспаптардың үнін естідім. Кейін «Қайран елім» әнінде қобыздың даусына сүйсіндім, ерекше әсер қалдырды. Сол үнді қиын сәтте жалықпастан қайталап тыңдай бердім. Жеті айдан кейін жазып жатқан туындыма қобызды қосуды ұйғардым. Романның басты кейіпкеріне Димаштың музыкасы мен өмірлік құндылықтары шабыт берді. Қобыздың ерекше үні менің еуропалық оқырманым үшін экзотикалық деуге болды және фэнтези жанрына құйып қойғандай, – дейді жазушы. Қазақтың ұлттық аспаптарын терең зерттеген ол жаңа туындысын аяқтап, оқырманға ұсынуға асық.

Әнші үшін музыкасы арқылы тыңдарманының шығармашылығына әсер етіп, шабыт бергенін естуден асқан бақыт жоқ болар, сірә. Димашты сүйіп тыңдайтын әрбір жанмен сөйлескен сайын үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдарды біріктірген музыканың бірегей тіліне, құдіретіне таң қаласың, таңданасың.

Алма жемісінің Исландияға келу тарихын зерттеп жүрген антрополог Хельга Огмундардотир ғылыми жұмысына жаңа серпін, тың бағыт алды деуге болады. Мамандығы бойынша Ұлы даланың ежелгі тарихына, көшпелі халықтың гұрпына және посткеңестік кезеңге қызыққан маман Димашпен таныстығынан кейін Қазақстанға ерекше назар аудара бастаған. Ол алдағы уақытта тарихта алманы алғаш үйде өсіре бастаған аймақ – Алматы тауларын көруді армандайтынын жеткізді.

Димаштың шетелдік тыңдаушыларымен тілдескен сайын ол қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнерін ғана емес, әдебиеті мен ғылымын да насихаттап жүргендей әсерде қаласың. Расымен, музыкада шекара жоқ қой. Ғалымның да, спортшының да, зауыт қызметкерінің де, саясаткердің де жан дүниесі музыка дегенде құлпырып шыға келеді, әуезді әнмен емделіп, әдемі әуенмен сусындайды, шер тарқатып, рухани байи түседі.

Әдетте белгілі тұлғаның шығармашылығы ғана емес, болмысы да үлкен рөл атқарады. Сол тұрғыдан алғанда Димаштың сахнадан тыс өмірлік ұстанымы, отбасына, жақындарына деген қарым-қатынасы, адами

қасиеттері, өмір салты мен ұлтына деген риясыз көңілі көпке үлгі болады. Әншінің колумбиялық тыңдаушысы Эльза Патриция Димаши үшін ұлттық кодын, ерекшелігін көрсету, әлемге таныту маңызды екенін түсінеді.

– Димашиның әр әрекетінен қазақтың исі аңқып тұрады. «Қайран елім» туындысы – толығымен қазақы өнім. Осы әнге түсірілген бейнебаянның америкалық MTV арнасынан көрсетіліп жатуы – үлкен жетістік, бұл – белгілі музыкалық арнадан берілген тұңғыш қазақ тіліндегі ән. Димашиның концерттері «Дайдидаусыз» өтпейді. Ол шетелдік тыңдарманының ана тіліндегі әнді бірге шырқағанын қалайды. Биылғы онлайн концертінде экранға қазақ суретшілерінің туындысын қойды. Әлеуметтік желідегі парақшасында халқының ұлы тұлғаларын, ұлттық мерекелерін, салт-дәстүрін насихаттап, бізге шетелдік жанкүйерлеріне түсіндіруден жалықпайды. Біз Димаши арқылы қазақтың үйінде болып, дастарқанынан дәм татқандай әсерде боламыз, – дейді Эльза Патриция. Ол тіпті қазақтың ұлттық тағамы наурызкөже мен ет асуды да өнерпаздың әжселерінен көрген екен.

Иә, Димаши өзінің қарапайым болмысы мен қазақы өмір салты арқылы бүкіл әлем алдында халқымыздың айнасы болып отыр десек, артық айтқандық емес. Әншіні еліміздің тұрғындары ғана емес, Қазақстанда туып, шетелге қоныс аударған бұрынғы отандастары да мақтан тұтады. Бізбен тілдескен Фара Лапико Алматыда дүниеге келген, қазір Канадада тұрады. Ол бұрын алматылық «А студио» тобын сүйіп тыңдаса, қазір жерлесі Димаши Құдайбергенді ерекше құрметтейтінін жеткізді. «Канадада тұратын орыс тілді бір миллионға жуық адам Димашиқа жанкүйер деуге болады», – дейді Ф.Лапико.

Қазақ әншісінің шығармашылығын Германияда насихаттап жүрген жандардың бірі – Бетина Древенсек Димаши қазақ тілінде ән салғанда басқа қырынан ашылып, ерекше жарқырайтынын алға тартты.

– Оның даусы кез келген әнге үйлесе кетеді. Алайда, ең қызығы, қазақша әндерге келгенде екінші тынысы ашылатын секілді, рухы көтеріліп, бірден түрленіп сала береді. Шынымды айтсам, қазақ халқына қызыға қараймын. Тарихтың қанша соқпағынан өтсе де, дәстүрі, ұлттық құндылығы мен мәдени байлығынан айырылмаған. Біз, немістер ұлттық ән-биіміз бен әдет-ғұрпымызды ұмытып барамыз, – деп сөзін түйіндеді әншінің неміс жанкүйері.

Қазақтың ұлттық құндылықтарының, тілінің, мәдениеті мен өнерінің, өмір салтының, отбасына негізделген тәрбиесінің шетелдіктерді қызықтыра бастауы Димашипен қатар, технологияның да жемісі екені белгілі. Тыңдаушыларымен еркін тілдесіп, пікір алмасу да осы заманауи құрылғылар арқылы мүмкін болып отыр. Ұлы дала мәдениеті қазақтың өнері арқылы әлемге танылуының символикалық мәні ерекше. Өйткені дүйім түркі жұртының ежелгі Отаны – Қазақстанның мәдени мұрасының тамыры тереңде. Бұл баға жетпес мұраны әлем жұртына Димаши секілді ерекше мақтанышпен, сүйіспеншілікпен таныстыру тәуелсіздік ұрпақтарына бұйырған бақ екен <https://egemen.kz/article/273133-dimash-fenomeni>.

Осы берілген мәтіндегі ономастикалық бірліктер мен олардың түрленуін талдасақ, мәтіннің негізгі ономастикалық өзегі – Димаш Құдайберген. Мәтінде бұл антропоним әртүрлі семантикалық реңкте қолданылған: *Димаш* – қарапайым, таныс, жылы жүректі жанды білдіретін форма. *Димаш Құдайберген* – аты-жөнімен толық аталуы, яғни ресми формада жұмсалуды әншінің халықаралық өнер сахнасындағы ресми бейнесін сипаттайды. *Дара Димаш, ұлттық құндылықтың жаршысы* тіркестері эпитеттік сипаттағы трансформациялар арқылы есім мағынасының кеңейіп, символдық сипатқа айналғанын танытады. Мәтінде кездесетін *Қазақстан, Алматы, Арал теңізі, Балқаш көлі, Нұр-Сұлтан, Ұлы дала* топонимдері – ұлттық мәдени кеңістіктің геосаяси репрезентациясы. *Исландия, Канада, АҚШ, Малайзия, Аргентина, Германия, Бразилия* топонимдері мәтіннің кеңістіктік ауқымын көрсетіп, *Димаш феноменінің* жаһандық сипатын ашады. Мәтіндегі этнонимдік атаулар – *қазақ, қазақ тілі, қазақ әні, қазақ мәдениеті, қазақтың иісі* – ұлттық код пен тілді *Димаш* арқылы танытып отырғанын көрсетеді. Мәтіндегі басқа ұлт өкілдерінің есімдері мен этностық атаулар – *аргентиналық Ирма, малайзиялық Роузин, бразилиялық Стилла, америкалық Эмили, неміс Бетина* – қазақ мәдениетіне шеттен қызығушылық білдіру дискурсын айқындап тұр. Мәтін мазмұнынан *Димаш* есімінің семантикалық өрісі кеңейіп, бірнеше деңгейде трансформацияланғанын байқаймыз. Атап айтқанда: «*Жеке адам* → *Символ* → *Ұлттық бренд* → *Мәдени елші*». *Димаш* жалқы есім ретінде тек жеке тұлғаны емес, тұтас бір ұлттың бейнесін, тілі мен өнерін насихаттаушы ретінде қабылданады. Оның есімімен бірге *қазақ* сөзі де семантикалық жағынан жаңғырып, тың мазмұнға ие болғаны танылады: *Димаш – қазақтың үні, Қазақ – Димаш арқылы танылған ел*. Мәтіндегі «*Қайран елім*», «*Дайдидау*», «*Самалтау*» прагмонимдер арқылы ұлттың көркем бейнесі мен эмоциялық мәдени коды жеткізілген.

«Димаш» антропонимінің ономастикалық дискурстағы *ұлттық мәні* мынада: қазақ тілі мен мәдениетінің қайта танылу үдерісін сипаттайды, қазақ тілінің, әнінің, аспаптарының кең таралуы арқылы ұлттық болмысты жаңғыртады. *Мәдени мәні* қазақ мәдениетінің бейвербалды, символикалық формаларының – *қобыз, домбыра, ұлттық тағам, салт-дәстүр* – шетелдік жанкүйерлерінің күнделікті сөздік қорына, эстетикалық талғамына енуінен байқалады. Бұл мәтіндегі «*қобызды романына қосты*», «*Наурызкөжеден дәм татты*» деген тәрізді бірліктердің мәдени мазмұнынан көрінеді. Мәтіндегі тілдік таңбалардың идеологиялық дискурстағы мәнін «*қазақ тілінің дамуының жаңа көкжиегі*», «*ұлттық кодты әлемге таныту*» бірліктерден аңғаруға болады. Димаш шығармашылығы ұлттық идеологияның жұмсақ күшіне айналғаны байқалады.

«Димаш» есіміне қатысты дискурстық стратегияларды былайша топтастыруға болады: 1) *аксиологиялық стратегия*: Димаштың атына жағымды мағына жүктеу, бұл мәтіндегі мына бірліктерден аңғарылады: *дарынды, бірегей, рухани миссия*; Ұлттық кодты бағалануы: *асқақ құндылықтар, ұлттық мәдениетке сусындау* тіркестерінде таңбаланған; 2) *символдау*

стратегиясы: Димаштың есімі мен өнері ұлттық символға айналған: *Димаш – ұлттық дипломат, мәдени елші, қазіргі заманғы «қазақ бейнесі»*; 3) *интеграциялық стратегия*: шетелдік тыңдармандардың қазақ тілінің әлеміне енуі және оның екіжақты байланысы, бұл мәтіндегі *қазақ тілін үйреніп жүр, домбыра үніне үйренді, қазақ тағамын жеп көрді* т.б. бірліктерде таңбаланған.

Бұл мәтін Димаш есімінің семантикалық трансформациясын (қайта түсіндірілуін) анық танытады, себебі Димаш Құдайберген есімі жеке тұлға есімін атаудан бөлек, «мәдени құбылыс» мағынасын да иеленді, мағыналық жүгі артты. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында ол «қазақстандық әнші», ал қазақстандықтар үшін ол «ұлттық мақтаныш», «әлемдік әнші» ретінде сипатталады. Димаш есімі символдық мәнге ие болды, ол Қазақстанның мәдени брендінің символына айналды, оның есімі қазақ музыкасын әлемге таныту, ұлттық мәдениетті жаһандық деңгейде дәріптеу ұғымдарымен тығыз байланысты. Халықаралық аренада ол «Қазақстанның жұмсақ күші» (soft power) ретінде де қаралады. Қазіргі саясатта Димаш есімі идеологиялық құрал ретінде де қолданылады. Ол елдің мәдени саясатының бір бөлігіне айналды. Оның жетістіктері елдің халықаралық имиджін қалыптастыру үшін пайдаланылады. Димаш есімінің әлемге танымалдылығы кей дискурста идеологиялық пікірталасқа себеп болды, нақты айтқанда, бір тарап Димашты «Қазақстанның мәдени елшісі» десе, кейбір қарсы пікірлерде оның шетелдегі жетістіктерін «ұлттық өнердің шетелге қызмет етуі» ретінде қарап сынға алады.

Жиынақтай айтқанда, ономастикалық дискурс бірлігі коммуникативтік жағдаятқа қатысты түрлі мәнмәтінде түрліше дискурстық қызмет пен рөл атқаруы, дискурстық өріс түзуі, дискурсқа қатысушылардың сөз бағдарына сай семантикалық трансформацияға түсуі, символдық мән арқалауы не идеологиялық құрал ретінде қолданылуы мен мәдени және әлеуметтік код ретінде жұмсалуды мүмкін.

Ономастикалық мәселелерді дискурстық аспектіде қарастыру тілдік тұлғаның сөйлеу актісіндегі когнитивтік, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін тануға жол ашады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші бөлімде ономастикалық дискурстың теориялық негіздерін анықтауға тырыстық. Соған сәйкес бірінші тармақта ономастика мен дискурс теориясының байланысы талданды. Ономастиканы зерттеудің этимологиялық, семиотикалық, прагматикалық теориялары мен дискурс теорияларының (құрылымдық, постструктуралистік және әлеуметтік-саяси, сыни, феминистік және мәдени) арақатынасы анықталып, ономастиканы дискурстық аспектіде зерттеу мәселелеріне қатысты ғылыми айналымдағы тұжырымдар келтіріліп, талданды. Ономастиканың дискурстық теориясы саласын жеке бағыт ретінде ұсынатын ғалымдар онимдердің мәтіндік сипатта (бүгілген мәтін, сығылған мәтін, кішірейтілген мәтін) қабылданып, талданатынын алға тартатыны анықталды. Ономастика мен дискурс теорияларының ұстанымдарын зерделей

отырып, ономастикаға дискурс теориясы аспектісінде, ал дискурсқа ономастика теориясы аспектісінде анықтама берілді. Ономастикалық дискурстың анықтамасы ұсынылды. Екінші тармақта ономастиканы зерттеудің дәстүрлі қалыптасқан аспектілері санамаланып (географиялық, тарихи, лингводеректану, лингвомәдениеттану, лексикографиялық, лексикологиялық, логикалық, ономасиологиялық, психологиялық, семасиологиялық, семиотикалық, терминологиялық, этнолингвистикалық, когнитивтік, функционалды, мәдениаралық коммуникация), сипатталып, қазақ ономаст-ғалымдарының зерттеулері талданып, олардың ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде қарағандығы анықталды. Ғалымдардың зерттеулерінен нақты тұжырымдары келтіріліп, зерделенді. Ономаст-ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, біз ономастиканы зерттеудің санамаланған аспектілері қатарын дискурстық аспектімен толықтыруды ұсына отырып, оның дәстүрлі аспектілермен айырмасын ажыратып, кестеледік. Ономастиканың дискурстық аспектісі терминіне анықтама ұсындық. Ономастиканы дискурстық аспектіде зерттеу ономастиканы зерттеудің дәстүрлі аспектілерімен сабақтастықта болатындығына көңіл бөлінді. Ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде талдау онимдерді дискурстық бірлік ретінде қараудан басталатыны, ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтіннің айырмашылығы үшінші тармақта арнайы талданып, «Ақмола» атауының ономастикалық дискурс және ономастикалық мәтін тұрғысынан талдануы нақты көрсетіліп, ономастикалық мәтінді талдаудың 6 қадамнан тұратын, ономастикалық дискурсты талдаудың 5 қадамнан тұратын алгоритмі ұсынылды. Ономастикалық дискурста жалқы есімдердің нақты дискурстағы қолданысы зерттелетіні, ол әлеуметтік, мәдени және саяси факторларды ескере отырып, атаулардың мағынасын, өзгеруін және қызметін талдайтыны, олардың прагматикалық, семантикалық, когнитивтік және мәдени ерекшеліктері анықталатыны зерделенді. Төртінші тармақта ономастикалық дискурстағы онимдерді дискурстық бірлік ретінде қарай отырып, оның дискурстағы орны арнайы талданды. Ономастикалық дискурс бірліктерінің дискурстық құрал ретінде жұмсалуды мен дискурстық рөлі, дискурста түзетін дискурстық өрісі нақты «Ұмай-ана» мифонимінің мысалы негізінде талданды. Дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл, дискурстық өріс, дискурстық өрістің қозғалысы терминдеріне анықтама беріліп, нақты оним талдау негізінде жүйеленді, кестеге түсірілді. Дискурстық өрісті анықтауда дискурстық талдау (астырт-үстірт құрылымды талдау) әдісін қалай қолданылатыны нақты көрсетілді. «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтау мақсатында Google кесте арқылы сауалнама жүргізілді, нәтижесі талданды, қорытындыланды. Онимдердің дискурстық стратегияларға сай семантикалық трансформациялануы, символдық мәнге ие болуы, идеологиялық құрал ретінде жұмсалуды («Димаш феноменін» талдау), мәдени және әлеуметтік кодтық мәндері (Ұмай-ана онимін талдау) сипатталды.

2 МИФТІК КЕҢІСТІК ПЕН КИЕЛІ АТАУЛАР: ОНОМАСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ТАНЫМДЫҚ МОДЕЛЬДЕР

2.1 Қасиетті кеңістік және ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәжділік

Қазақ ономастикалық кеңістігінде киелі жер атаулары мен мифологиялық таным тығыз байланысты. Мәселен, «Қазығұрт» атауы тек географиялық нысанды білдірмей, Нұх пайғамбар туралы мифпен сабақтасып, апокалиптикалық аңыздың лексикалық-когнитивтік репрезентациясы ретінде көрініс табады. Сол сияқты «Ырғыз», «Есік», «Әулиесу» атаулары халық жадында ерекше оқиғалармен, тарихи-мәдени феномендермен, діни нанымдармен байланыстырылады. Бұл атаулардың барлығы ономастикалық дискурстағы сакральді кодтарды білдіреді. Мұндай атаулар тілде кездейсоқ емес, қоғамның дүниетанымын, тарихи-мифологиялық жадын, кеңістік туралы түсінігін айқындайтын мәдени белгілер ретінде қарастырылады. Сондықтан біз ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәжділік деп ономастикалық атаулардың (топоним, антропоним, т.б.) пайда болуын, шығу тегін халықтың мифологиялық дүниетанымымен (миф, аңыз не діни наным-сенім) байланыстырып түсіндіруді айтамыз. Жалпы ономастикалық уәжділік – атау болып қалыптасу үдерісінің уәждеделген түрі, ол атаудың бойында не мазмұнында көрініс тапқан уәж белгілерінен шығарылады.

Қазіргі таңда тіл ғылымының антропоэлекті ғылыми парадигма негізінде қарастырылуы лингвистиканың қалыптасқан мәселелерін жаңаша бағытта, әрқилы аспектілерде саралап қарастыруға жол ашты. Мұндай тың көзқарастардың өзектілігі тіл мәселелерін әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде зерделеумен тығыз байланысты. Осы тұрғыда тіл біліміндегі нысандар тарихи, мәдени және әлеуметтік-психологиялық факторлармен ұштасып, аталған салалардағы жетістіктерді қолдану арқылы сипатталып, талданып, ғылыми тұжырымдарға негізделеді. Зерттеушілердің пайымынша, қазіргі тіл білімі өзінің негізгі міндетін – лингвистикалық білімнің объективтену табиғатын ашуда жаңа әдістер мен тәсілдерді қажет етіп отыр, осыған сәйкес жаңа бағыттар да қалыптасып, дамып жатыр. Бұл сипаттағы ғылыми ізденістерде тіл бір мезгілде әрі әлеуметтік әрекеттесу құралы, әрі референция мен танымның құралы ретінде кешенді түрде қарастырылады.

Тілді таным құралы ретінде зерделеу барысында біздің назарымызды Г.В. Колшанскийдің пікірі ерекше аударды. Ғалым тілдің өзіндік танымдық құрал ретінде қаралмайтынын, тіл сананың бастауы емес екенін, сол себепті тіл әлемді танымайтынын әрі оны қалыптастырмайтынын алға тартады. Дегенмен, ол тілде адамның барлық шығармашылық-танымдық әрекеттері көрініс табатынын және олардың тілдік құрылымдар арқылы тұрақталатынын атап көрсетеді [87, с. 89]. Бұл көзқарастан біз тілдің санамен және ойлаумен тығыз байланысты екенін, тіл арқылы санада орныққан білім бейнеленетінін аңғарамыз. Е.С. Кубрякова да [88, с. 6] осы тұжырымды қуаттап, тіл мен оның

ұғымдық-символдық таңбаларында қоршаған орта, қоғам туралы білім мазмұндалатынын атап өтеді.

Тіл – танымдық үдерістің көрінісі ретінде қарастырылады және бұл үдеріс адамның коммуникативтік әрекеттері барысында іске асады. Бұл әрекеттің жүзеге асуына мүмкіндік беретін негізгі тетіктер – танымдық құрылымдар мен адам миының қызметі. В.А. Звегинцевтің [89, с. 8] пайымынша, адам – тұтас құрылым, сондықтан тілді зерттеу барысында оны адамнан бөлек қарастыруға болмайды; керісінше, тіл адамның физикалық, психологиялық және басқа да қызметтерімен тығыз байланыста қаралуы тиіс. Тілді осындай кешенді тұрғыдан қарастыратын зерттеу бағыттарына лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, лингвопрагматика мен танымдық лингвистика жатады.

Е.С. Кубрякованың [88, с. 9] көзқарасы бойынша, тілдің онтологиялық мәні адамның қоршаған әлемді қабылдап, оны жүйелеу және жіктеу әрекетін ұйымдастырумен тікелей байланысты. Бұл қызмет тілдегі бірліктер арқылы таңбаланып, көрініс табады. Осындай қабылдау мен жіктеудің табиғатын танытатын құралдардың бірі – ономастикалық атаулар. Әрбір ономастикалық бірліктің астарында белгілі бір мәдени-танымдық мазмұн, кей жағдайда тұтас мәтіндер мен білімнің, мәдениеттің негізі ретінде қызмет ететін мазмұндар шоғырланған. Алайда бұл мазмұн тілде қалай орныққан және ол қалай жұмыс істейді деген мәселелерді зерттеуде әр ғалым әртүрлі әдіс-тәсілдерге сүйеніп, өз ғылыми тұжырымдарын ұсынады. Осыған сәйкес біз өз зерттеуімізде «Қазығұрт» пен «Ырғыз» сияқты ономастикалық атаулардың астарында жатқан мифтік білімге, дәлірек айтқанда, мифологиялық дүниетанымның тілдегі таңбалану ерекшелігіне назар аударуды көздейміз.

Ономастикалық атауларды зерделеуде дәстүрлі тәсілдер мен танымдық лингвистиканың әдістері арасында елеулі айырмашылықтар бар. Дәстүрлі ономастикалық зерттеулер көбіне атауларды жинақтауға, оларды белгілі бір типологиялық белгілеріне қарай жіктеуге, тілдік тұрғыда сипаттауға және дискурстағы қолданыс аясын анықтауға бағытталады. Ал танымдық лингвистикада негізгі назар белгілі бір ономастикалық атаудың мағынасын ғана емес, сол мағынаның аталған оним ішінде қалай шоғырланып, қандай тәсілдермен жеткізілетінін анықтауға аударылады. Мұнда әрбір ономастикалық атау танымды бейнелейтін құрылым ретінде қарастырылып, оның ішкі мағыналық-коммуникативтік механизмдері талданады.

Танымдық лингвистикалық әдістер негізінде екі түрлі бағытта айқындалады: 1) ономастикалық бірліктерді танымдық (когнитивтік) талдау және 2) ономастикалық бірліктерді концептуалды талдау [90]. Бірінші тәсілде жалқы есімдердің негізінде жатқан когнитивтік механизмдер анықталса, екіншісінде – жалқы есімдердің түрлі қолданыс түрлерін уәждейтін концептуалды құрылымдар зерттеледі. Мұндай жағдайда әрбір ономастикалық атау ономастикалық концепт ретінде қарастырылып, оның ішкі құрылымы мен желісі қалпына келтіріледі.

Ономастикалық концепт – бұл ономастикалық білімді жинақтап, таратуға негіз болатын, алынған ақпаратты санада құрылымдауға әрі түсінуге мүмкіндік

беретін танымдық бірлік. Ол тілдің концептуалды жүйесіне еніп, әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарады. А.С. Щербактың пікірінше [91, с. 152], ономастикалық концепт – жалқы есімдердің семантикалық табиғатын айқындайтын, ономастикалық білімнің ерекше типі болып табылатын құрылым. Ол шындықтың ономастикалық кескінін бейнелейтін білімдер жиынтығын білдіреді.

Аталған тұжырымдарды негізге ала отырып, зерттеу мақсатына сай біз «Ырғыз» бен «Қазығұрт» топонимдерінің астарында жатқан мифологиялық және ономастикалық білімнің осы онимдер мазмұнында қалай жинақталғанын, сондай-ақ олардың танымдық құрылымдарын тілдік әрі когнитивтік (танымдық) талдау әдістері арқылы зерделеуге талпыныс жасадық. Зерттеуге негіз болған материалдар ретінде ғылыми еңбектер мен сөздіктерде (түсіндірме, топонимикалық және этимологиялық) берілген «Ырғыз» бен «Қазығұрт» онимдеріне қатысы бар деректер алынған.

Ономастикалық атаулардың тілде орнығуы – олардың белгілі бір уақыттағы пайда болуымен, сол кезеңдегі нысанға не тіршілік иесіне берілуімен, яғни таным үдерісімен тығыз байланысты деген ұстанымды басшылыққа аламыз. Бұл тұрғыда атаудың қазіргі мағынасы бастапқы мазмұнымен сәйкес келуі де, не оған мүлде ұқсамай, өзгеріске ұшырауы да, сондай-ақ тұлғалық немесе дыбыстық тұрғыдан өзгеруі де мүмкін деп санаймыз. Мұндай өзгерістер – танымда нысанның немесе оқиғаның, уақыттың қайта бейнелену қорытындысы, демек, оны да танымдық үдерістің көрінісі деп қабылдау керек. Сол себепті біз ономастикалық атаулардағы мағына мен аталым өзгерістерін де әлемді тану мен жіктеудің, адамдар арасындағы әлеуметтік әрекеттесудің нәтижесі деп қабылдап, «ономастикалық дискурс» ұғымын қолдандық. Біздің пайымымызша, ономастикалық дискурс – белгілі бір этностың тарихи, мәдени және тілдік мәліметін бойына сіңірген онимдердің (жалқы есімдердің) қарым-қатынас жағдаяттарында қарастырылып, танымдық құрылымда орнығуы, сол арқылы бұл жалқы есімдердің сақталып, ұлттық код ретінде бір ұрпақтан келесі ұрпаққа тасымалдануы болып табылады. Бұл үдеріс барысында ономастикалық атаулар әр кезеңнің ұлттық құндылықтарына сәйкес жаңаша мәнге ие болуы мүмкін немесе, керісінше, бастапқы мазмұнынан алшақтап, тіпті архисемалық негізінен айырылып қалуы ықтимал. Мұндай құбылыс, бір жағынан, тілдік санадағы әлем бейнесінің жұтаңдауына, екінші жағынан, этностың рухани әлсіреуіне, ақыр соңында оның мәдени иммунитетінің жойылуына әкеледі. Ал атаулар ұлттық құндылықтармен сабақтастығын үзбей, архисемасын сақтай отырып жаңғырып қолданылған жағдайда, ономастикалық кеңістік те кеңейіп, ономастикалық бірліктердің сөзде қолданылу аясы да арта түседі.

Мифонимдердің тілдік санадағы мифологиялық бейнесін талдау барысында біз танымдық лингвистиканың әдіснамалық құралдарын пайдаландық. Себебі мифологиялық таным – ұлттық білімнің танымдық негізін (когнитивтік базасын) құрайтын маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Бұл білім түрі де тілдік санада белгілі бір танымдық құрылымдар мен модельдер

арқылы орнығып, ұлттық дискурста ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Осы үдерісте тілдің дискурстағы кумулятивтік қызметі ұлттық кодты бекіту мен оны декодтауды (оқуды) жүзеге асырады.

Ұлттық когнитивтік негізде орныққан бұл білім меңгерілген кезде, дискурста қатысушылардың тілдік санасында нақты атауларға тән ассоциативтік-бейнелік компонент қалыптасады. Алайда бұл бейне әр адамның жеке тілдік санасында және ұжымдық (ұлттық) тілдік санада бірдей деңгейде көрініс таппауы мүмкін. Мәселен, «Қазығұрт» мифотопониміне қатысты ұжымдық санадағы ассоциативтік бейне – әр қазақтың санасында жатталған, кең таралған «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса, неге қалған?» немесе «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол киелі болмаса, неге қалған? Ішінде екі қозы болған екен, Шопан ата деген сөз содан қалған» секілді айтылымдармен, сондай-ақ «Қазығұрттың басында топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесі сол жерде тоқтап, адамзаттың екінші өмірі осы жерден басталған» деген таныммен тығыз байланысты. Осылайша, ұлттық тілдік санада орныққан «Қазығұрт» мифонимінің ассоциативтік бейнесі «Қазығұрт – Нұх пайғамбар кемесі», «Қазығұрт – топан су», «Нұх пайғамбар кемесі – Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара» моделі арқылы айқын көрініс тапса, «Қазығұрт – Қорқыт ата», «Қазығұрт – Адам ата / Хауа ана», «Қазығұрт – Айбарша» сынды үлгілерде ол жанама сипатта көрінеді. Алайда бұл арадағы байланыс шартты сипатта, өйткені миф мәтіндері тереңдеп игерілген сайын, бұрын жанама болып көрінген ассоциациялық-бейнелік компоненттер де белсендірек қалыпқа еніп, нәтижесінде ұлттық кодтың ұжымдық санадағы орны мен ықпалы арта түседі, мазмұны тереңдейді, мифологиялық таным көкжиегі кеңейеді. Осы секілді мифонимдер мен мифотопонимдер қазақ ономастикалық дискурсындағы әлемнің ономастикалық бейнесін сипаттауға негіз болады. Бұл мәнмәтінде әлемнің ономастикалық бейнесі дегеніміз – қоршаған ортаны, болмысты қабылдаудың менталды формасы, ол ономастикалық концептілер мен мифотопонимдік концепттер арқылы жүзеге асып, ұлттық дүниетанымда көрініс табады.

Танымдық негіз (когнитивтік база) дегеніміз – белгілі бір ұлттық-лингвомәдени қауымдастық өкілдері мен мәдени менталитет иелеріне ортақ, саналарында белгілі бір жүйемен қалыптасқан, міндетті түрде кездесетін білімдер мен ұлттық сипатта ықшамдалған түсініктер жиынтығы [92, б. 41]. Ал ономастикалық лексиканың когнитивтік базасы – ұлттық дискурста қолданылатын антропонимдер мен топонимдердің негізінде жатқан әлеуметтік және мәдени мазмұндағы білімдердің (импликациялардың) жиынтығы. Мұндай білім түрі терең танымдық қабілет арқылы тілдік таңбаның мазмұнынан танылады, әрі тілдік және концептуалдық талдау арқылы қайта құрылымдалып, тілдік категориялардың когнитивтік негізін құрайды.

Жалқы есімдердің танымдық негізі немесе есімдерге тән стереотиптер көбінесе архетиптік мәдениетпен сабақтас және әлеуметтік мифологияның бір бөлігі ретінде әлеуметтену барысында меңгеріледі [50, с. 34].

«Қазығұрт» мифотопонимі атау ретінде, бір жағынан, тілдік код немесе вербалды таңба ретінде қабылданса, екінші жағынан, ол танымдық кілттің (когнитивтік кодтың) қызметін атқарады. Профессор Н. Уәлидің пайымдауынша, мұндай тілдік және танымдық кілттер оқырманға көне заманның «есігін» ашуға мүмкіндік беретін семиотикалық құралдар. Мұндай таңбалар бір мезгілде әрі тілдік код, әрі когнитивтік код ретінде әрекет етеді; бұл кодтар тіл иесінің санасында қалыптасқан ақиқат дүниенің бейнесін білдіретін дәстүрлі білімдер жүйесі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Осы тәрізді тілдік таңбалар мәтін ішінде оқырман санасында «тыныш күйде» жатқан білімді жандандырады, яғни тілдік және танымдық кодтар қатар іске қосылған жағдайда ғана мәтіндегі мағына толық ашылып, адресант пен адресат арасында шынайы диалог, өзара түсіністік орнайды [93, б. 29].

«Қазығұрт» мифотопониміне лингвистикалық және концептуалдық тұрғыдан талдау жасап, оның тілдік кодын қалпына келтіруге ұмтылды [24, б. 29-30]. Мұндай талдау осы атаудың когнитивтік негізін анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай талдау осы атаудың когнитивтік негізін анықтауға мүмкіндік береді.

1. «Қазығұрт тауы – Нұх пайғамбар кемесі» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Қазығұрт – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан тау. Нұх пайғамбар кемесі – топан су кезінде Нұх пайғамбар мінген кеме.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қазығұрт – топан су кезінде су астында қалмаған, киелі деп танылған ерекше тау.

Құндылықтық компоненті: Алланың рақымымен Нұх пайғамбар кемесінің аман қалуы адамзат тарихының жаңа кезеңінің басталуымен байланыстырылады.

2. «Қазығұрт әулие – топан су» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Қазығұрт – Алатаудың батыс жағында орналасқан аласа тау, онда әулие кісінің өмір сүргені туралы сенім бар.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қазығұрт әулие – халық үшін дұға еткен, пәле-жаладан араша болған рухани тұлға ретінде сипатталады.

Құндылықтық компоненті: Әулиенің бейнесі – тазалық пен рухани кемелдіктің белгісі ретінде бағаланады.

3. «Нұх пайғамбар кемесі – Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара / Зеңгі баба» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Бұл кейіпкерлер – төрт түлік малдың пірлері: Шопан ата – қойдың, Қамбар ата – жылқының, Ойсылқара – түйенің, Зеңгі баба – сиырдың қамқоршысы. С. Қондыбай Қамбар ата бейнесін «ежелгі дала кейпі» деп атап, «Көл иесі – Қамбар-ау, Шөл иесі – Қамбар-ау...» деген жолдармен сипаттайды [94, б. 37].

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Малдың тұяғы тиген жерлердің киелі саналуы, бұл жануарлардың мифтік бейнеге айналуы.

Құндылықтық компоненті: Төрт түлік – түркі халықтарының тіршілігі мен шаруашылық жүйесінде негізгі өмір сүру көзі ретінде орныққан.

4. «Қазығұрт тауы – Қорқыт ата» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Қазығұрт – Қорқыт ата жырларында кездесетін топоним. Сонымен қатар, бұл атау Оғызханның күңінен туған алты ұлының бірінің есімі ретінде де ұшырасады. Қорқыт ата – бүкіл түркі әлеміне ортақ жырау, қобызшы және ойшыл тұлға.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қорқыт бейнесі Қазығұрт атауымен сабақтасып, (Қазы + Қорқыт = Қазығұрт) топан судан халықты құтқарған, Аллаға жалбарынып араша болған киелі бейне ретінде көрініс табады.

Құндылықтық компоненті: Қорқыт ата – халықтың қамқоршысы, қиын сәтте қолдау көрсететін, рухани бағыт-бағдар беретін тұлға.

5. «Қазығұрт тауы – Адам ата / Хауа ана» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Адам ата – Жаратушы жасаған алғашқы адам, ал Хауа ана – күллі адамзаттың анасы, Адам атаның жары.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Қазығұрттағы ортасынан қақ бөлінген қос жартас – Адам ата мен Хауа ананың символдық бейнесі. Бұл орын арқылы өткен адамдар рухани тазаруға, ішкі қорқыныш пен зұлымдықтан арылуға, сәбилі болуға тілек білдіреді.

Құндылықтық компоненті: Бұл модель отбасы беріктігін, ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілікті және ұрпақ сабақтастығын дәріптейді.

6. «Ғайып ерен – қырық шілтен» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: «Қырық шілтен» – халық санасындағы қырық әулие бейнесі. Олар ел ішінде көрінбей жүретін дәруіштер немесе пірлер ретінде елестетіледі.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Бұл бейне – Қыдыр іспетті, көзге көрінбейтін, алайда әрдайым жәрдемге келетін киелі рухтардың көрінісі.

Құндылықтық компоненті: Адамзатқа қолдау көрсететін, әділет пен ізгілікті ту еткен рухани қорғаушылар. Қиындықта көмекке келу, мейірімділік пен жанашырлық таныту – осы модельдің басты құндылықтары.

7. «Қазығұрт – Айбарша» моделі

Ұғымдық (фактуалды) компоненті: Қазығұрт – ел қорғаған ержүрек батыр. Айбарша – ханның жалғыз қызы, Қазығұртқа ғашық болған бейне.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті: Екі ғашықтың шынайы сезімі – мәңгілік махаббат символына айналады. Айбарша қыздың арман-тілегінің қабыл болғандығы дастархан белгісімен жеткізіледі.

Құндылықтық компоненті: Бұл модельде әділеттің үстемдігі, зұлымдықтың жеңілісі, шынайы сезімнің күші мен ақ тілекке сенім идеялары алға шығады [53, б. 98-102].

«Қазығұрт» мифотопонимінің когнитивтік моделін 13-кестеге түсіріп ұсындық.

Кесте 13 – «Қазығұрт» мифотопонимінің когнитивтік моделі

Компонент	Мазмұны
1	2
1. «Қазығұрт тауы – Нұх пайғамбар кемесі» моделі	
Фактуалды	Қазығұрт – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан тау. Нұх пайғамбар кемесі – топан су кезінде Нұх пайғамбар мінген кеме.
Бейнелі-ассоциативтік	Қазығұрт – топан су кезінде су астында қалмаған, киелі деп танылған ерекше тау.
Құндылықтық	Алланың рақымымен Нұх пайғамбар кемесінің аман қалуы – адамзат тарихының жаңа кезеңінің басталуы
2. «Қазығұрт әулие – топан су» моделі	
Фактуалды	Қазығұрт – Алатаудың батыс жағында орналасқан аласа тау
Бейнелі-ассоциативтік	Қазығұрт әулие – халық үшін дұға еткен, пәле-жаладан араша болған рухани тұлға
Құндылықтық	Әулиенің бейнесі – тазалық пен рухани кемелдіктің белгісі
3. «Нұх пайғамбар кемесі – Шопан ата / Қамбар ата / Ойсылқара / Зеңгі баба» моделі	
Фактуалды	Төрт түлік малдың пірлері: Шопан ата – қойдың, Қамбар ата – жылқының, Ойсылқара – түйенің, Зеңгі баба – сиырдың қамқоршысы.
Бейнелі-ассоциативтік	Тұяғы тиген жер киелі саналуы мен жануарлардың мифтік бейнеге айналуы
Құндылықтық	Төрт түлік – түркі халықтарының тіршілігі мен шаруашылық жүйесінде негізгі өмір сүру көзі
4. «Қазығұрт тауы – Қорқыт ата» моделі	
Фактуалды	Қазығұрт – 1) Қорқыт ата жырларында кездесетін топоним; 2) Оғызханның күнінен туған алты ұлының бірінің есімі; 3) Қорқыт ата – түркі әлеміне ортақ жырау, қобызшы және ойшыл тұлға.
Бейнелі-ассоциативтік	Қорқыт бейнесі Қазығұрт атауымен сабақтас (Қазы + Қорқыт = Қазығұрт) топан судан халықты құтқарған, Аллаға жалбарынып араша болған киелі бейне.
Құндылықтық	Қорқыт ата – халықтың қамқоршысы, қиын сәтте қолдау көрсететін, рухани бағыт-бағдар беретін тұлға
5. «Қазығұрт тауы – Адам ата / Хауа ана» моделі	
Фактуалды	Адам ата – Жаратушы жасаған алғашқы адам, ал Хауа ана – күллі адамзаттың анасы, Адам атаның жары
Бейнелі-ассоциативтік	Қазығұрттағы ортасынан қақ бөлінген қос жартас – Адам ата мен Хауа ананың символдық бейнесі. Бұл орын арқылы өткен адамдар рухани тазаруға, ішкі қорқыныш пен зұлымдықтан арылуға, сәбилі болуға тілек білдіреді.
Құндылықтық	Бұл модель отбасы беріктігін, ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілікті және ұрпақ сабақтастығын дәріптейді.
6. «Ғайып ерен – қырық шілтен» моделі	
Фактуалды	«Қырық шілтен» – халық санасындағы қырық әулие бейнесі, ел ішінде көрінбей жүретін дәруіштер не пірлер

1	2
Бейнелі-ассоциативтік	Бұл бейне – Қыдыр іспетті, көзге көрінбейтін, алайда әрдайым жәрдемге келетін киелі рух бейнесі
Құндылықтық	Қиындықта көмекке келу, мейірімділік пен жанашырлық таныту
7. «Қазығұрт – Айбарша» моделі	
Фактуалды	Қазығұрт – ел қорғаған ержүрек батыр. Айбарша – ханның жалғыз қызы, Қазығұртқа ғашық болған бейне.
Бейнелі-ассоциативтік	Екі ғашықтың шынайы сезімі – мәңгілік махаббат символы. Айбарша қыздың арман-тілегінің қабыл болғандығының белгісі – дастархан белгісі.
Құндылықтық	Әділеттің үстемдігі, зұлымдықтың жеңілісі, шынайы сезімнің күші мен ақ тілекке сену

«Ырғыз» мифонимінде сақталған мифотанымдық ақпарат пен когнитивтік мазмұнды осы атауға қатысты мифтік сипаттағы мәтіндер мен этимологиялық деректер негізінде саралауға болады, нақтырақ айтқанда, осы атаудың ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәжділігін тануға, танытуға болады. Бұл атау әрі жер атауы, әрі өзен атауы ретінде танымал. Ғылыми еңбектердегі тұжырымдарға сүйенсек, «Ырғыз» мифонимінің символикалық сипаты оның гидроним ретіндегі қолданысына негіз болған.

Тарихи деректерге жүгінсек, бұл атау Х ғасырда «Ирхиз» нұсқасында тіркелген. Гидронимнің шығу төркініне қатысты бірнеше лингвистикалық жорамал бар. Кейбір зерттеулерде «Ырғыз» атауы түркі тіліндегі ырг («ілгек», «қарқынды өзен») немесе ирги («шірік») деген сөздермен байланыстырылады. Бұл атау башқұрт топонимиясында да ұшырасады: Ырғызлы, Ырғазы, Ырғайзы, Ырғазы сияқты өзен атаулары соның дәлелі [95, с. 160].

Басқа зерттеушілер гидронимнің құрамындағы ыр тұлғасын жеке, мағыналы түбір ретінде қарастырып, оны ыр//ор («құдық», «шұңқыр») және угуз («өзен») компоненттері арқылы талдайды [96, с. 174]. Бұл көзқарасқа сәйкес, «Ырғыз» атауы – табиғи жер бедерін және су объектісін бейнелейтін, мағынасы бай әрі көнеден келе жатқан гидроним болып табылады. Сондай-ақ, «Ырғыз» атауының фонетикалық және морфологиялық нұсқалары Қазақстан аумағынан бөлек, Ресей мен Орталық Азияда да жиі кездеседі. Мысалы: ĭrgĭz, ĭrgĭs, ĭrgĭ, Arhyz, Yrxyz, Ulken Irqaz, Kishi Irqaz сынды атаулар – сол көне негіздің түрлі аймақтардағы тілдік көріністері.

Бұл атауға ұқсас тағы бір мысал – Орталық Чулым өңіріндегі Ергоза атты ауыл атауы. Жергілікті диалектілерге байланысты бұл атау Ызырга, Иргаза формаларында да кездеседі. Тарихи-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, бұл атаулар ежелгі су арналарының (зуг – «ескі арна», яғни «ескі дария») атауынан туындаған. Бұл нұсқада «эргиза» тұлғасы табыс септігінен атау септігіне өтудің нәтижесі ретінде қарастырылады [53, б. 93].

«Ырғыз» мифонимінің лингвомәдени және этимологиялық негіздері бар, оларды ғылыми айналымдағы зерттеулерге сүйене отырып ұсынамыз.

Балқария топонимиясын зерттеуші ғалымдар Дж. Н. Коков пен С.О. Шахмурзаев «Ырхы кьол» атауын балқар тіліндегі *ырхы* – «ағын», яғни жиналған қар мен жаңбыр суының ағымы деген мағыналы лексемамен байланыстырады [97, с. 10].

А.А. Әбдірахманов та бұл гидронимнің көне формаларына назар аударатырып: «Қазақ тіліндегі «Ырғыз» топонимі Шулым татарларының тілінде кездесетін *Эргизу* тұлғасынан шыққан. Бұл нұсқа *эрги-зуг* тіркесінің ықшамдалған формасы. Оның эволюциялық дамуы былайша өрбіген: *Ергизут* > *Ерги-зу* > *Ергиз* > *Ырғыз*. Осы тұлғалардың түпнұсқалық негізі көне түркі тайпалары арасында қалыптасып, қазақ тілінде «Ырғыз» формасында тұрақталған» деп тұжырымдайды [98, б. 202].

Ә. Нұрмағамбетұлы өз кезегінде «Ырғыз» атауындағы *ырғ* түбірі қазақ тіліндегі «ескі, көнелік» ұғымымен мағыналас екенін атап көрсетеді. Тофа тіліндегі *erhu*, тувалық *эрги*, якут тіліндегі *эрга* немесе *эргэ*, хакас тіліндегі *унги*, сары ұйғырлар тіліндегі *ерке* сынды сөздер де «ескі» мағынасын береді. Бұл тұрғыдан алғанда, Чулым өзенінің саласы саналатын *Ирзи Уус* атауының мағынасы да қазақша «ескі өзен» деп түсіндіріледі. Ал атаудың екінші бөлігіндегі *ыз* тұлғасы – көне дәуірлердегі «өзен» ұғымын білдіретін компонент ретінде қарастырылады. Осылайша, бастапқыда «Иргі уус» түрінде аталған өзен атауы фонетикалық өзгерістер нәтижесінде қазақ тілінде «Ырғыз» нұсқасына ие болған [99, б. 63].

М.А. Хабишев те осы бағытта зерттеу жүргізіп, *Arhuz* гидронимін *arhys* тұлғасынан тарайтын, яғни балқар-қарашай тілдеріндегі *urhu* («ағын») сөзінен бастау алады деп көрсетеді. Мұндағы *ar* – «ағын», ал *-hu* – кішірейткіш мәндегі жұрнақ ретінде түсіндіріледі. Ал *uz* немесе *iz* компоненті – «су», «өзен» мағынасын береді. Осыдан *urqaz*, *irqiz* сияқты көне тұлғалардың туындағанын көрсетеді [100, с. 54].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып біз «Ырғыз» топонимінің этимологиялық талдауын былай ұсынамыз (14-кесте):

Кесте 14 – Ырғыз топонимінің этимологиялық талдауы

Ырғыз	Зат есім
1	2
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Торғай алабында. Ұзындығы 593 км. Мұғалжар тауының шығыс беткейіндегі бұлақтардан басталып, Торғай өзеніне қосылып, Шалқартөңіз көліне құяды https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%AB%D1%80%D2%93%D1%8B%D0%B7 Қаралған уақыты: 01.04.2024.
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	Ырғыз – негізгі түбір сөз

1	2
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	1) Ергизут > Ерги-зу > Ергиз > Ырғыз. «ерги/ ырғ/ erhu/ эрги/ эрга/ эргэ / ерке» түбірі «ескі, көне» деген мағыналарды береді де, ыз/ uz < uz түбірі «су», «өзен» дегенді білдіреді. Тұлғасына қарай – біріккен сөз, құрамы – күрделі, екі түбірден біріккен. 2) Ыр – «ағын», «ескі», «илгек», «кұдық»; ғыз/зуг/уз – «өзен», «су». Ыр+гуз/зуг – «ағын өзен» / «ескі өзен». 3) Ырғыз–Ир/ер+қыз/қыз < «ер-қыз» (екі жынысты құдай мағынасы)
Өзгеріс типі	Фонетикалық: -т/у дыбыстарының түсірілуі мен е/ы және г/ғ сәйкестіктері; сөзжасамдық: түбірлердің кірігуі; семантикалық: мағынаның ажырауы: ескі өзен, ер-қыз
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа негізгі түбірдің қалыптасуы

Башқұрт тілінде де «Ырғыз» сөзі екі мағына береді: біріншіден – гермафродиттік (екі жынысты тіршілік иесі), екіншіден – «батыл қыз». Башқұрт аңыздарында бұл атаудың шығуы «Ир-қыз ине был!» («Батыл қыз бол!») деген сөз тіркесімен байланыстырылып түсіндіріледі. Тағы бір аңызда өзен бойында суға шомылып жүрген Айстан есімді батыл қыз туралы баяндалады. Ол қызбен жарысқа түскен, бірақ жеңілген жас жігіттердің бірі оны садақпен атып өлтіреді. Өзен атауы сол қайсар қыздың құрметіне берілген деген хикая сақталған [101, с. 106-108].

Қазіргі башқұрт тіліндегі «Ир-Кыз» эпитеті – «батыр, ер мінезді қыз» деген мағынада жиі қолданылады. Бұл эпитет пен гидронимнің байланысы халықтық этиологиялық мифпен сабақтас. Мұндай хикаялар мен аңыздық сюжеттер мифонимнің мазмұнын тануда және атаудың арғы тегін пайымдауда маңызды рөл атқарады. Халық жадында сақталған мифтік мазмұндар белгілі бір атаудың символдық табиғатын ашып, мифологиялық ойлаудың әмбебап құрылымдарын бейнелейді.

Екі жынысты құдай бейнесі және Ырғыз атауының мифологиялық мәнмәтіні мынадай мазмұнда үндеседі:

Антикалық грек мифологиясында Гермафродит бейнесі – ер мен әйел жынысын біріктірген ерекше жаратылыс иесі ретінде сипатталады. Ол – сауда құдайы Гермес пен махаббат құдайы Афродитаның ұлы. Аңыз бойынша, он беске толған Гермафродит Азия елдерін аралауға ниеттенеді. Бір сапарында ол мөлдір бұлаққа кездесіп, шомылады. Осы кезде бұлақ басында тұрған керемет сұлу қыз оны көріп, ес-түссіз ғашық болады. Алайда екі жастың арасындағы сезім үйлесе қоймайды. Жігіттің бейжайлығы мен қыздың құштарлығы бір-біріне қайшы түседі. Қатты қиналған қыз құдайларға жалбарынып, оны

Гермафродитпен бір тұтас етіп біріктіруді сұрайды. Құдайлар қыздың тілегін қабылдап, екеуін бір денеге – екі жынысты бір жаратылысқа айналдырады.

Бұл антикалық мифтің құрылымдық желісі башқұрт аңызындағы Ырғыз өзенінің шығу тегі туралы хикаямен мазмұндық ұқсастықта. Екі мифтің де ортақ элементтері – өзен суы, сұлулық, махаббат, біртұтастыққа ұмтылу және табиғатпен байланыс. Башқұрт мифінде батыл қыз Айстан жарыста жеңіп, еркектер тарапынан қызғаныш құрбанына айналады. Ол өзенге байланыстырыла бейнеленіп, су мен ерлік, әйел мен ер рухының тоғысуын символдайды.

Бұл ұқсастықтар ежелгі «Ырғыз» құдайына қатысты культтік наным-сенімдердің ізі бүгінгі күнге дейін сақталғанын білдіреді. Бұл туралы П.М. Кудряшев: «Егер жас қыз башқұрт жігітіне ғашық болып, ол да қызды сүйіп қалса, бұл жай ғана жыныстық тартымдылық немесе табиғи махаббат деп есептелмейді. Бұл жағдай, башқұрт кемпірлерінің айтуынша, олардың бір бұлақтан су ішкенімен байланыстырылады», – дейді [102, с. 363]. Бұл наным-сенімдер табиғат құбылыстары мен адам болмысының рухани байланысын көрсететін танымдық-когнитивтік архетиптерді аңғартады.

Тағы бір маңызды жайт – көптеген халықтардың мифологиялық жүйесінде екі жынысты құдай бейнесінің есімі қос құрамды болады. Мысалы: грекше Гермафродит – Гермес + Афродита; қытайша Ян-Инь – Ян + Инь; еврейше Йаховах – Йах + Ховах (Ева/Хава); башқұртша Ырғыз – Ир + қыз (мағынасы – «ер-қыз»).

Осы модельдерде әрқашан екі жыныстың бірлігі мен толықтығы көрініс табады. Башқұрт тіліндегі Ырғыз (Ир-Қыз) сөзі де сол әмбебап құрылымның бір көрінісі. Осыған байланысты *urgys* / *urgyz* / *urxus* / *urhu* тұлғаларындағы лексемалар көбіне су нысандарымен – көл, өзен, бұлақ – байланысты қолданылады. Сонымен қатар, кейбір тілдерде олар «ағынды су» мағынасында да жұмсалады. Қосымша ретінде, көне ұйғыр тілінде арсу сөзі «гермафродит» ұғымын білдірген. Осыдан Ырғыз – «екі жынысты құдай», арсу – «гермафродит» арасындағы символдық байланыстың тереңде жатқанын көруге болады [103, б. 40]. Бұл байланыс тек тілдік қана емес, мифологиялық және мәдени кодтар тұрғысынан маңызды.

Қазіргі таңда башқұрт тілінде «Ырғыз», «Ырғызлы» лексемалары негізінен гидронимдер құрамында ғана сақталған. Мәселен, Башқұртстанның Бурзян ауданында Ырғызлы атауынан тараған Ырғызлы ойконимі тіркелген. Бұл атаулар сумен, ағынмен және жасампаз күшпен сабақтасып, халық санасындағы киелі нышандар қатарынан орын алады.

«Ырғыз» атауының когнитивтік моделі мифологиялық, символдық және ономастикалық құрылымнан тұрады.

Жоғарыда келтірілген мифологиялық және лингвомәдени мәліметтер негізінде «Ырғыз» атауының танымдық (когнитивтік) моделін көпқабатты құрылым ретінде қарастыруға болады. Бұл модель өз ішіне тарихи-географиялық, мифологиялық-символдық және ономастикалық-компоненттік деңгейлерді біріктіреді.

1. Ырғыз – географиялық нысан (өзен):

Ұғымдық (фактуалды) компоненті:

Ырғыз – Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз аудандары жерінен ағып өтетін, ұзындығы 593 км болатын өзен. Ол Мұғалжар тауының шығыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Қостанай мен Қарағанды облыстары шекарасын кесіп өтіп, Торғай өзеніне қосылып, Шалқартөңіз көліне құяды.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті:

Ырғыз – «қарқынды ағыс», «терең құдық немесе шұңқыр», «ескі өзен» ұғымдарымен байланысады. Бұл өзеннің табиғи сипаттамалары – жылдам ағысы, тереңдігі және ежелгі су арнасы ретінде орныққан бейнесі мифтік тұрғыда да мәнге ие.

Құндылық компоненті:

Су – өмірдің бастауы, тіршілік көзі. Қазақ дүниетанымында су табиғаттағы ең киелі төрт элементтің бірі ретінде қабылданады.

2. Ырғыз – екі жынысты тіршілік иесі (гермафродит):

Ұғымдық (фактуалды) компоненті:

Гермафродит – ер мен әйелдің бірігуінен жаратылған екі жынысты құдай. Бұл бейне ежелгі грек мифіндегі Гермафродитпен параллель құрады.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті:

Екі жыныстының бір-біріне ұмтылысы, сүйіспеншілік символы, махаббат жолында біртұтастыққа айналу. Башқұрт фольклорында екі жас – жігіт пен қыз – бір бұлақтан су ішсе, олардың тағдыры байланысады деген сенім бар.

Құндылық компоненті:

Махаббат пен сүйіспеншілік – киелі сезімдер. Бұл модельде сүйіспеншіліктің құдіреті мен тағдырлы байланысқа айналуы айқын көрінеді.

3. Ырғыз – ерке қыз / батыл қыз бейнесі:

Ұғымдық (фактуалды) компоненті:

Аңыз бойынша мерген қыз садақ ату жарысында жігітті жеңіп, оның қызғанышынан қаза табады. Бұл оқиға гендерлік шектеулерге қарсы тұратын әйел бейнесін береді.

Бейнелі-ассоциативтік компоненті:

Мерген қыз – батылдық пен ерлік нышаны. Бұл бейне өзеннің ағысымен ұштасып, рухани күш пен табиғаттың қуатын біріктіреді.

Құндылық компоненті:

Батырлық, ерік-жігер мен мергендік – жынысқа тәуелсіз, адами қасиеттер. Бұл жерде әлеуметтік рөлдер мен рухани қуаттың гендерден тыс символдық мәні бар [24, б. 32].

«Ырғыз» атауының когнитивтік моделін 15-кестеге түсіріп ұсындық.

Кесте 15 – «Ырғыз» атауының когнитивтік моделі

Компонент	Мазмұны
1. «Ырғыз – географиялық нысан (өзен)» моделі	
Фактуалды	Ырғыз – өзен және жер атауы. Ең көне нұсқасы – <i>Ирхиз</i> . Көптеген түркі тілдерінде ұқсас атаулар тіркелген.
Бейнелі-ассоциативтік	«қарқынды ағыс», «терең құдық немесе шұңқыр», «ескі өзен», жылдам ағысты, терең, ежелгі су арнасы
Құндылық	Су – өмірдің бастауы, тіршілік көзі, табиғаттағы ең киелі төрт элементтің бірі
2. «Ырғыз – екі жынысты тіршілік иесі (гермафродит)» моделі	
Фактуалды	ер мен әйелдің бірігуінен жаратылған екі жынысты құдай
Бейнелі-ассоциативтік	сүйіспеншілік символы, махаббат жолында біртұтастыққа айналу
Құндылық	махаббат пен сүйіспеншілік – киелі сезімдер
3. «Ырғыз – ерке қыз / батыл қыз» моделі	
Фактуалды	Халық аңыздарындағы батыр қыз – Айстан бейнесі. «Батыл қыз бол!» деген ұранмен байланыстырылатын тұлғалық сипат.
Бейнелі-ассоциативтік	батылдық пен ерлік нышаны, рухани күш пен табиғаттың қуаты
Құндылық	Батырлық, ерік-жігер, мергендік – жынысқа тәуелсіз, адами қасиеттер

«Ырғыз» атауының мифологиялық құрылымдағы үшқабатты когнитивтік моделі бар екені аңғарылады. Мифологиялық дүниетанымда «Ырғыз» атауы үш әлемдік деңгеймен – аспан, жер, жер асты – байланысқа түседі. Бұл құрылым қазақ дүниетанымындағы дуалистік жүйемен тығыз байланысты сипатталады.

16-кестеде «Ырғыз» атауының мифологиялық құрылымдағы үшқабатты когнитивтік моделін ұсындық.

Кесте 16 – «Ырғыз» атауының мифологиялық құрылымдағы үшқабатты когнитивтік моделі

Дүниелік деңгей	«Ырғыз» когнитивтік бейнесі	Мазмұндық-символдық сипат
Аспан әлемі	Екі жынысты құдай, Гермафродит	Құдайлар кеңістігі, жаратушы күштер, жыныстық тұтастық
Ортаңғы әлем	Ерке қыз/батыр қыз	Тірілер әлемі, гендерлік батырлық, адамзат болмысы
Жер асты әлемі	Құдық, шұңқыр, өзен түбі	Өлім, көне дария, ескі су арнасы

Жоғарыда баяндалғандар мифотопоним мен мифогидронимнің құрылымдық үндестігін аңғартады. «Қазығұрт» пен «Ырғыз» атаулары қазақ тілдік санасында мифологиялық жүйенің өзара байланысқан элементтері ретінде көрініс табады:

«Қазығұрт» – дүниенің үш деңгейінің (аспан, жер, жер асты) түйіскен нүктесі, жаратушының адамдарға екінші мүмкіндік берген мекені. Ол – «Қазық», «Бәйтерек» образына тең символ.

«Ырғыз» – ағынды су, тіршілік пен өлім арасын жалғаушы, махаббат пен ерліктің символы. Ол – жер мен аспанды, тірі мен өлі кеңістіктерін байланыстырушы мифогидроним.

Ономастикалық дискурстағы «Ырғыз» атауы көпқабатты семантикалық құрылымға ие. Оның негізінде жатқан мифологиялық сюжеттер, әлеуметтік-мәдени кодтар және лингвокогнитивтік белгілер қазақ халқының табиғатқа, жаратылысқа, махаббат пен ерлікке деген көзқарасын, дүниетанымын бейнелейді. Бұл атау тек географиялық белгі емес, ұлттың мәдени жадындағы символдық код ретінде де маңызды. «Ырғыз» пен «Қазығұрт» атауларының танымдық модельдері ономастикалық дискурстың терең мазмұндық әлеуетін ашып көрсетеді.

2.2 Гидронимдердің когнитивтік құрылымы

Қазіргі ономастика ғылымында гидронимдер тек географиялық нысандардың атауы ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихи жады, дүниетанымы мен мәдени-әлеуметтік болмысын бейнелейтін когнитивтік бірліктер ретінде қарастырыла бастады. Бұрын гидронимдер құрылымдық-тілдік тұрғыда зерттелсе, бүгінде тіл білімінің антропоэлекті бағытына сай олардың мазмұнындағы танымдық, мәдени және мифологиялық білім де талдау нысанына айналып отыр. Әрбір гидроним белгілі бір кеңістікке қатысты тек атау емес, сол кеңістікке тән халықтық таным мен тәжірибені де сақтайды.

Мифтік мазмұнмен астасқан гидронимдер – көне дәуір адамдарының метафоралық және символдық ойлау жүйесінің жемісі. Мұндай атауларда кеңістік пен табиғатты түсіну мен қабылдау ерекшеліктері, мифологиялық бейнелер мен аңыздар арқылы кодталған. Кейбір мифологиялық образдар уақыт өте келе тілдік қолданыстан шықса, енді бірі халық жадында сақталып, жер-су атауы ретінде тұрақталған.

Зерттеу барысында Бұрқанбұлақ, Есік, Әулиесу, Жайық, Жер-Су сынды гидронимдерге компоненттік және этимологиялық талдау жасалып, олардың когнитивтік құрылымында сақталған мифтік білім айқындалды. Бұл атаулар тек географиялық нысандарды білдіріп қана қоймай, халықтың қоршаған ортаға деген қатынасын, дүниетанымын, символдық пайымын білдіретін дискурстық элементтер ретінде де танылады.

Гидронимдердің когнитивтік құрылымын тану – кеңістік ұғымының мәдени универсалий ретіндегі мәнін ашуға, адамның табиғатпен өзара

байланысын қалай түсінгенін пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зерттеу нәтижелері мифологиялық, этнолингвистикалық және ономастикалық бағыттағы ғылыми жұмыстар үшін практикалық маңызға ие. Жер-су атауларындағы мифтік және этномәдени ақпаратты талдау арқылы ұлттық дүниетанымды, салт-дәстүрлердің бастауларын тереңірек түсінуге, сондай-ақ этностық ойлау жүйесін жаңғыртуға жол ашылады.

Мәдениеттің бастапқы негізі ретінде миф адамзаттың әлемді түсінуге ұмтылысынан туындайды, ал мифтік таным осы танымдық үдерістің тіл арқылы көрініс тапқан құрылымдық өзегі [104, б. 4]. А.Ф. Лосев: Миф – қажетті, тіпті трансценденталды қажетті ойлау мен өмір категориясы; онда кездейсоқ, артық немесе қияли ештеңе жоқ. Ол – шынайы әрі ең нақты шындық» [105, с. 4-5], – деп жазады. Алғашқы дүниетаным мен мәдениеттің көрінісін таңбалайтын және ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайтын – тіл бірліктері, соның бірі жер-су атаулары, мифтік топонимдер. Мифтік топонимдер дегеніміз – мифтерде, аңыз-әңгімелерде сақталған, қасиетті, тылсым саналатын географиялық орындардың атаулары. Топонимдердің мифтік білімді тасымалдауы немесе мифотопонимдер сипаты туралы Н. Ойноткинова [106] былай деп жазады: «Топонимдерді мифологизациялау – бұл жер атауларының лексикалық уәжділігі негізінде мифтің қалыптасу үдерісі, сондай-ақ топонимге мифологиялық мәнмәтіннің телінуі ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, белгілі бір жер атауына мифологиялық сипаттар мен мағына-мазмұн беру – оның мифтік кеңістікте танылуына негіз болады.

Ғылыми әдебиетте «мифотопоним» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин тек ішкі құрылымында миф (немесе мифологема) қамтылған және сол арқылы мифологиялық уәжділікке ие топонимдерді ғана емес, сонымен қатар лексикалық уәжділігі жоқ, алайда мифологиялық мәнмәтінмен байланысқа түскен жер атауларын да қамтиды. Яғни мифотопоним – мифке негізделген немесе мифпен сабақтасқан мәдени-танымдық бірлік ретінде танылады.

Бұл құбылысты зерттеу – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігін, тарихи жадының көрініс табуын және ұлттық мифологиялық кеңістіктің тілдік репрезентациясын түсінуге мүмкіндік береді» [106, с. 48-56] деп, мифотопонимді екі топқа топтастырады: «1) ішкі құрылымында мифемалар бар топонимдер, 2) ішкі құрылымында (немесе ішкі формасында) мифологиялық элементтер (мифемалар) көрінбейтін топонимдер» [106, с. 49]. Мифотопонимдерді ақиқат дүниенің көрінісін сипаттайтын нысандар, танымдық модель қалыптастырушы таңба деп түсінеміз. Олар тарихи-этнографиялық, танымдық, символдық белгілерге ие. Бұл тұжырымдардың гидронимдер сипатына да қатысы бары байқалады.

Адамзат баласы өзінің табиғат сырларына қатысты қалыптасқан мифтік ой-түсініктерін, пайымдауларын символдар (нышандар) арқылы да жеткізуге талпынған. Гидронимдер де осы типтегі мәдени-танымдық таңбалар қатарына жатады. Олар адамзаттың табиғатты түсінуін, кеңістікпен рухани байланысын бейнелей отырып, символдық сипат алады. Мұндай символизм мифтік

ойлаудың маңызды компоненті саналады. Осыған қатысты Е. Блаватская: «Кез келген этностың дін және мистикалық ілімдерінің тарихы аталған халықтың символдарында көрініс тапқан. Ол ешқашан да сөзбе-сөз және көп сөзбен берілмеген еді» деп түсіндіреді [107, с. 343].

Символдар грек тілінің symbolon – белгі, тану белгісі деген мағынаны білдіретін сөз. Символға қатысты тұжырымдар бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, Ч. Пирс пен Ф. де Соссюрдің семиотикалық концепциясында символды түсіндіруде айырмашылық бар. Нақты айтқанда, Ч. Пирстің [108] теориясында символ-таңба, икондық және индексалды таңбалардың референтті уәждемелері болмайтыны аталса, Ф. де Соссюр [109] тұжырымында символ уәждемеленген сипатта болады, ол кездейсоқ болмайды, таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы табиғи байланысқа негізделеді.

Ғылыми зерттеулерде символдардың басқа таңбалар жүйелерінен ерекшелейтін бірқатар белгілері аталып жүр. Бұл белгілерге мыналар жатқызылады: 1) символдағы реалды мен идеалдың диалектикалық теңдестігі, 2) онтологиялық сипаты, 3) символдың шығармашылық сипаты (шындықтың моделін түзетіндігі), 4) образдылық, 5) уәжділік, 6) мағына жинақтылығы, 7) полисемиялық, 8) семантикалық шектің көмескілігі, 9) архетиптілік, 10) белгілі бір мәдениеттегі универсалдық, 11) ұлттық пен мәдени айырмашылықтар т.б. жатады.

Осы айтылғандарға сүйене отырып біз жер-су атауларының уәжділігін, олардың мазмұнындағы символдық мәнді, алғашқы дүниетаным моделін анықтауға тырыстық.

«Есім дегеніміз – бұл өмір. Ол қоғамның барлық терең табиғаты тек есімдерде ғана негізделген» дейді А.Ф. Лосев. [110, с. 61]. Есімдерде топтық санадан тыс (К. Юнг), басқаша айтқанда «дыбыссыз ілім» (Э. Сэпир, Л.Витгенштейн) қатарынан орын алатын жаһандық адам баласына тән мәдениеттің прото-бөлшектер, социалдық мифтің алғашқы үлгілері қарастырылған.

Е. Кассирер: «Қандай да бір мифологиялық образдың болмысын сол нысанның есімі арқылы ашуға болады. Өйткені кез келген заттың аты мен мағынасы өзара іштей белгілі бір заңдылыққа негізделген қарым-қатынаста келеді. Есімдер бір семантиканы көрсетумен шектелмейді, сол есімнің өзі мән-мағына бола алады. Бұл жерде мағынаның бар түйіні сол атаумен тығыз бірлікте болып келеді. Сол себепті де кез келген сөздің мәдени мән-мағынасын анықтағыңыз келсе, ең алдымен, оның атауына мән беріңіз. Мифтерді түсіндірудің негізгі тәсілі мен әдісі ретінде этимология мен лингвистика әрқашан қызмет жасаған» деп береді [111, с. 328]. Бұл тұжырымға сүйене отырып біз гидронимдер уәжін, олардың мазмұнындағы символдық мәнді, мифтік білімді олардың түпнұсқасын, бастапқы үлгісін табумен сабақтастықта тануға болады деп ойлаймыз. Түпнұсқа (архетип) – тұрақты алғашқы қауымдық бейне немесе түп бейне, түп идея және тілдік форма. Тіл білімінде архетип түсіндірмесі (грек тіл. arche – бастау, typos – із, форма, үлгі) – алғашқы кейпін, бастау, үлгі. «Архетип (лингвистика) (проформа, прототип) –

қайта жаңартылған немесе нақты куәландырылған тілдік форма (сөз), кейінгі туыстық тілдерде жалғастығын табу үшін қажетті бастапқы үлгі болып табылады [112, б. 32]. Гидронимдердің этимологиясын анықтау арқылы біз олардың мазмұнында символдық мәнінде сақталған бастапқы мифтік дүниетаным сипатын да тануымызға болады деп есептейміз.

Зерттеудің теориялық базасы ретінде мифотопонимдерді ғаламның горизонталдық моделін танытатын бірліктер ретінде талдаған С. Қондыбай [113], Б.М. Тілеубердиев [30, б. 263] еңбектері, топонимика мәселелерін когнитивтік аспектіде қарастырған О.Т. Молчанова [114], В. В. Алпатов [115] т.б. зерттеулері басшылыққа алынды.

Мифтік танымның гидронимдерде көрінуін анықтау үшін – *Бұрқанбұлақ, Есік, Әулиесу, Жайық және Жер-Су* – атауларының таңдалу себебі мынада: 1) бұл атаулардың мазмұнында мифтік білім сақталған, олардың барлығы да өзен атаулары, гидронимдер, өзен-су – мифологиялық символ (өмір бастауы әрі өлім мен аласапыран), сондықтан бұл атаулар уәжі өзен сипатына да, адамның дүниетанымындағы су мен құдайдың сабақтастық мәніне, мифтік символдық мәніне негізделген; 2) бұл атаулар тек бір тілде ғана емес, туыстас бірнеше тілдерде кездеседі. Бірнеше тілде кездесуі мен соған қатысты қалыптасқан мифтік мәтіндердің өзара сабақтастығы аталған тіл иелерінің мәдениетіндегі, наным-сеніміндегі, дәстүріндегі ерекшеліктер мен ортақтықты тереңірек түсінуге ықпал етеді. Бұл атаулардың мағынасына қатысты лингвистикалық және этномәдени ақпараттар этимологиялық, түсіндірме және мифологиялық сөздіктерден және мифтік мәтіндер жинақтарынан жинақталды. Әр гидронимнің морфологиялық, сөзжасамдық құрамына және мағынасына талдау жасай отырып, аталған сөздіктерден жинақталған материалдармен сабақтастырыла отырып, атаудың уәжі мен мифтік мазмұны анықталды. Зерттеу нысанына таңдалған жер-су атауларына талдау жасауда этимологиялық және компоненттік талдау әдістері қолданылды. Қазіргі лингвистикада сөз мағынасын терең тануда этимологиялық және компоненттік талдау әдістерінің орны ерекше. Этимологиялық талдау – сөздің тарихи дамуын, бұрынғы морфологиялық құрылымын, сөзжасамдық байланыстарын, шығу көзін және пайда болу уақытын анықтауға бағытталған әдіс. Лингвистикалық терминдер сөздігіне сәйкес, бұл талдау «сөздің бұрынғы морфологиялық құрылымын, бұрынғы сөзжасамдық байланыстарын анықтау, сөздің пайда болу уақыты мен көзін белгілеу, оны туынды негізден жасау тәсілін айқындау» ретінде сипатталады [<https://grammatika-rus.ru/etimologicheskij-analiz/>, 31.03.2024]. Ал компоненттік талдау әдісі семантикалық құрылымды зерттеудің тиімді құралы ретінде қолданылады. Бұл әдістің негізгі мақсаты – сөз мағынасын семаларға, яғни мағынаның ең кіші бөлшектеріне жіктеу арқылы анықтау. Компоненттік талдау барысында сөздің мағыналық құрылымынан келесі семалар бөлініп көрсетіледі: *архисема* – белгілі бір объектілер класына тән жалпы белгілерді бейнелейді; *дифференциалды сема* – сөздің семантикалық өзегін құрай отырып, оны сол лексика-семантикалық топтағы өзге сөздерден айқындайды; *потенциалды сема* – объектінің қосалқы немесе сөйлеуші санасында

туындайтын ассоциативті сипаттарын көрсетеді
[https://lingvo.fandom.com/ru/wiki/, 31.03.2024].

Зерттеу барысында атаулардың символдық мағыналары мифтік мәтіндердің мазмұнымен сабақтастырыла талданды. Бұл тәсіл атаулардың ұлттық мәдениеттегі концептуалдық жүктемесін ашуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, атаулардың мағынасын ашу барысында олар қолданылатын тілдік мәнмәтін мен астарында жатқан білім құрылымдары ескеріледі. Апеллятивтердің түпнегізі болып табылатын топонимдік білім құрылымдарын зерттеу нәтижесінде «МЕКЕН / PLACE» концептісінің келесі семантикалық компоненттері анықталды: жағдай, оқиға, сапа, географиялық ерекшелік және орын [116, с. 112].

Қазақтың мифологиялық әлемінде, өзен мағынасы, бірде туылу, құнарлылық, әрекет және пәктікті, тірлікті көрсетсе, енді бірде тасқын су мен суға бату секілді өлім мен аласапыранның көрінісімен қабаттасып жатқан қауіпке, кедергіге ұшыраушылық ретінде түсініледі. Тіпті қазақ ақындарының мифологиялық шығармаларында тасыған өзен - су шытырман мифологиялық символизмге айналады.

В.Гумбольдтың айтуы бойынша, тіл әлемнің тікелей көрінісі болып табылмайды, адамның әлемді түсіну актілері тіл арқылы жүзеге асырылады. Кез келген сөз заттың өзіне баламалы емес, тіпті сезіммен қабылданған жағдайында да, тілдік жасалым актісіндегі түсінікке тең келеді» [117, с. 103].

Жер-су атауларында этностың діннен туындаған наным-сенімдері де сақталады. Мысалы, Б. Нұржекеев Жетісу өлкесіндегі Бұрқанбұлақ өзені жайында «Бұрқанбұлақ өзенінің басында сарқырама бар екен. Судың астында үлкен тас бар. Жергілікті халық ол тасты киелі санап сыйынған. Сондықтан ол будда дініндегі Бурхан әулиемен байланысты деген болжам бар» [103, б. 53], - деп жазады. «Бұрқанбұлақ» атауының этимологиясын талдасақ, оның сол өзеннің сыртқы сипатына және халықтың мифтік түсінігіне сай қалыптасқанына көз жеткіземіз (17-кесте):

Кесте 17 – «Бұрқанбұлақ» атауының этимологиясы

Бұрқанбұлақ	Зат есім
1	2
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Бұрқанбұлақ – Жетісу өлкесіндегі басында сарқырамасы бар өзен атауы.
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	Біріккен сөз, туынды түбір Бұрқан (етістік/ зат есім) + бұлақ (зат есім). Бұрқан сөзінің мағыналары: 1) етістік. Буырқану, бұрсану, қаһарына міну; 2) зат есім. Құдай, Жаратушы, 3) зат есім. Будда дініндегі құдай бейнесі. Бұлақ сөзінің мағыналары: 1) зат есім. бастау, тұма, қайнар сулары мен еріген қар сулары жылғаларының бір арнаға қосылып ағуынан пайда болған ағынды табиғи су көзі; 2) Құлақ ішінің қабынуынан болатын созылмалы ірінді ауру, 3) бұлақ ат [https://sozdikqor.kz/soz?id=62296&a=Bulaq]

1	2
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	Burhan – bvyг будда сөзінен шыққан, мағынасы: 1) рақатқа шомған будда бейнесінде, 2) елші, жаршы, пайғамбар, 3) бұрхан, пұт [https://altaica.ru/LIBRARY/turks/dts.pdf С. 127]. Bulaq – 1) бастау, 2) канал, арық [https://altaica.ru/LIBRARY/turks/dts.pdf с.121] Тұлғасына қарай – біріккен сөз, құрамы – күрделі, екі түбірден біріккен: Burhan /бұрқан+ Bulaq/ бұлақ. Сарқырамасы бар өзен болғандықтан, буырқанып аққан өзен деген мағынадан аталған. 1) Бұрқанбұлақ – құдайдың бейнесі бар бұлақ деген мағынаны білдіреді.
Өзгеріс типі	сөзжасамдық: түбірлердің бірігуі; семантикалық: мағынаның ажырауы: сарқырамасы бар өзен, құдай бейнесі бар өзен.
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа туынды түбірдің қалыптасуы

Өз мазмұнында мифтік білімді сақтап жүрген гидроним бірі – «Есік» атауы. Кейбір ғалымдар Қазақстандағы Есік көлінің этимологиясын «ыдуқ – ĭduq /қасиетті, киелі» сөзімен байланыстырады. «Қазақтар» кітабының авторлары халықтың көл суының тұнық қаракөк, қыста қатпайтынын ескеріп, оны «қасиетті, киелі» санағанынан шығарып, есік сөзі көне түркі тіліндегі «ыстық, ыссы» сөзінен алынған, ол «қасиетті, киелі» деген мағынаны білдіреді деп қараса [118], Г. Қосымова Есік көлінің этимологиясын «қасиетті, киелі (ыдуқ – ĭduq) сөзімен байланыстырмайды, оның себебін аталған сөздердің дыбысталу алшақтығымен дәйектейді, ғалым Есік атауының шығуын ілкі тұрандықтардың аспан жұлдыздарына табынуымен орныққан және қазақ танымында сақталған «құдайдың есігі, табалдырығы» деген мағынасымен сабақтастырады [119, б. 78].

Ежелгі түркі сөздігінде EſIC (ешік) атауының өзара ұқсас екі мағынасы берілген: алғашқысы тура мағынаны білдірсе, екіншісі – ауыспалы мағынасы. Ауыспалы мағынасы астрономиялық діни сенімге байланысты қолданылған: астрологиялық және тұрмыстық күнтізбе бойынша планетаның санына байланысты (1.jek ;2.ičkäk ; 3.basaman; 4.magışvari; 5 äzrua täŋri; 6. Vinayaki; 7.erklig qan; 8.alp sünüş; 9. uz täŋri) 9 құдайдың табалдырығы, есігі [120, с. 185] деген мағынада жұмсалған. Осы мағынаны иеленген Есік көлінің атауы өте ежелгі дәуірлерге кетеді, себебі ежелгі тұрандықтар көк тәңірге, аспан жұлдыздарына табынған, олардың әрқайсысын құдай деп есептеген. Бұл сенімнің қалдығы қазақтарда да бар, қазіргі қазақтар жұлдыздарды құдай деп есептемесе де, жұлдызға қарап жорамал жасап, «жұлдызым жоғары болғай» деп тілек тілейді [120].

Жергілікті халық Есік өзенінің қыста қатпайтын ерешелігіне орай оны «киелі»табиғат құбылысы ретінде есептеп, «ыссы (ыстық) өзен» атап кеткен. Ал Ә. Қайдар «Ғылымдағы ғұмыр» [121] кітабында Есік атауы шын мәнінде көне түркі тіліндегі Ысық деген сөзден шыққан деп дерек келтіреді. Ол «қасиетті, киелі» деген мағынаны білдіреді екен. Зерттеуші бұл жер ежелгі

дәуірде қасиетті саналып, Ысық деген атау берілген дейді. <https://el.kz/esik - zeni sheteldikter kelip demalatyn oryn bol-an 40073/>. «Есік» атауына осы екі нәрсе уәж болған: 1) өзеннің қыста қатпауы (ыстық өзен, сондықтан киелі), 2) ысық (киелі). Этимологиясы да осы атаулармен сабақтасады (18-кесте).

Кесте 18 – «Есік» гидронимінің этимологиясы

Есік	Зат есім
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Есік – Алматының шығыс тұсында шамамен қаладан 70 шақырым қашықтықта орналасқан өзен атауы.
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	негізгі түбір Есік сөзінің мағыналары: 1) зат есім. зат. 1. Үйдің, бөлменің ашып-жауып, кіріп-шығатын жері; 2) 2. Ауыспалы, метонимия. Үй [https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B5%D1%81%D1%96%D0%BA] Қаралған уақыты 01.04.2024.
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	1) Тұлғасына қарай – негізгі түбір, құрамы – дара. İSİY < Ыстық < Есік İSİY – ыссы, ыстық [Ежелгі түрік сөздігі. https://altaica.ru/LIBRARY/turks/dts.pdf . с. 220] Ыстық – с ы н. 1. Отқа қыздырылып, ысыған (ас, су). 2. Қатты қызған, температурасы жоғарылаған (ауа райы). 3. ауыс. Ардақты, қымбат, жақын. [https://sozdikqor.kz/soz?id=470872&a=YSTYQ] 2) Ысық < Есік ЫСЫҚ – (Орал, Чапай; Ресей, Орынбор; Қызылорда, Арал) ыстық [https://sozdikqor.kz/search?q=%D1%8B%D1%81%D1%8B%D2%] ESİK – 1) есік, 2) астр. есік, құдайлар мен жын-перілер әлеміне апаратын есік [https://altaica.ru/LIBRARY/turks/dts.pdf с.185]
Өзгеріс типі	фонетикалық: дыбыстардың алмасуы Ĭ - ы – і және қ-к; т-дыбысының түсірілуі; семантикалық: метонимия тәсілімен сөз мағынасының ауысуы
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа түбірдің қалыптасуы

Келе-келе өзен аты дыбыстық заңдылықтарға сәйкес Есік түрінде дыбысталып, жазылатын дәрежеге жеткен. Бұған қосымша *Майқан* деген өзен атауы құрамындағы *май* сөзі «киелі, қасиетті» ұғымында танылады, ал «ған» сөзі көне түркілік өзен сөзімен төркіндес.

Ұлттың мәдени өмірі топонимиялық атаулардың қалыптасуына, пайда болуына, дамуына ықпал еткен, сондықтан «атау өзін қалыптастырушы, пайдаланушы халықтың мәдениетінен тыс бола алмайды» [122, б. 131]

Атаулар жүйесі – ұлттың материалдық дүниесінің, психологиясының, дүниетанымының шоғырланған жиынтығы. «Әулиесу» гидронимінің мазмұнында «киелілік» ұғымы сақталған, ол сол өзеннің қасындағы тастың

бетінде құдайға құлшылық жасап намаз оқыған кездегі адамның екі алақаны, маңдайы, екі тізесінің ізі сақталғанымен байланысты уәждеделген. Сол себепті оны жергілікті халық «Әулиесу» деп атап кеткен (19-кесте).

Кесте 19 – «Әулиесу» гидронимінің этимологиясы

Әулиесу	Зат есім
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Әулиесу – Жетісу аумағындағы өзен атауы.
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	Біріккен түбір, күрделі сөз түбір: әулие + су Әулие сөзінің мағыналары: «уәли» сөзінің көпше түрі. 1) Достар. 2) Алла Тағаланың сүйген құлдары, нәпсісінің тұтқынынан құтылып, рухани кемелдеген тұлғалар [https://sozdikqor.kz/soz?id=348933&a=%C3%81%C3%BDI%C4%B1e] Қаралған уақыты: 01.04.2024. Су – 1) өзен, көл т.б. түзетін мөлдір сұйық зат, 2) ағынды өзен, 3) құрғақ емес, ылғал [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 742-б.]
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	1) Тұлғасына қарай – біріккен түбір, құрамы – күрделі. Уәли < Әулие + Sýv < су Sýv < су – [Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том / Аударған А. Егеубай. - Алматы: Арда+7, 2017. - 600 б.]
Өзгеріс типі	Ауысу: сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа түбірдің қалыптасуы

Бұдан басқа Ақмола, Көкмола, Ақмешіт, Бейіттібұлақ аттары дінмен байланысты ұғымдарға, сол өзеннің жағалауында мазар-бейіттердің тұрғызылуы себепті халық аузында айтылып кеткен. Сондай-ақ, дәстүр мен салттың да жекелеген белгілері тотемдік ұғымдарға қатысты жер-су аттарында да ұшырасып отырады.

Зерттеу нысанына алынған гидронимдердің мағыналарына компоненттік талдау жасасақ, олардың архисемасы – Бұрқанбұлақ – «су көзі (бұлақ та су)», Есік – «ыссы өзен (өзенді су құрайды)», Әулиесу – «киелі су»), дифференциалды семалары: өзен – белгілі бір арнамен ағатын табиғи су, бұлақ – судың бастауы, су – өзен, көлді т.б. құрайтын сұйық зат. Бұл атаулардың потенциалды семаларына халықтың бұл атауларды мифтік дүниетанымына сай ассоциациялауы жатады: Бұрқанбұлақ – «құдай бейнесі бар бұлақ», Есік – «1) ыстық, 2) құдайлар мен жын-перілер әлеміне апаратын есік», Әулиесу – «киелі су». Бұл талдаулар аталған гидронимдер мазмұнындағы семалардың халықтың мифтік дүниетанымымен, наным-сенімдерімен, мәдениетімен тығыз байланысты болатынын таныта түседі. Талданған бірліктер құрамындағы «су» атауы жалпытүркілік мифтерде «Жер-Су» тіркесінің құрамында да кездеседі.

Көне түркілер дүниесінің тік бейнесін үш ғалам құрайды: ең жоғары ғалам - көк аспан, орта ғалам - қоңырқай жер мен төменгі - жер асты әлемі.

Ғаламның аталған бейнесі Күлтегіннің (Ұлы жазба) құлпытасында көрсетілген: «Биіктегі аспан және төменгі жақта қара (қоңыр) жер жасалған кезде (немесе пайда болғанда) олардың екеуінің арасында адам баласы (яғни адамдар) жасалды (немесе пайда болды). «Әрбір дүниенің өзіндік құдайы бар: көктің Тәңірі – Құдай, су мен жердің, шұрайлылықтың құдайы – Ұмай, жерасты әлемінің құдайы – Ерлік (Еркілік). Мұндағы орталық ғаламның тәңірін түркілер «ыдук Йер-Суб», яғни «киелі, қастерлі Жер-Су» ретінде таныған.

Жалпытүркілік мифтерде Жер-Су – он жеті жоғары рухтың – «қасиетті Жер-Су» аса мейірбан жарылқаушылары болса, Ұмай мен Тәңірі болса, осы жер-судың жебеушілері, қанатының астына алушы қорғаныштары санатында болады. Орхон-Енисей ескерткіштерінде осы ой қозғалады: «Түркі халқы өлмейді», «Аспан, Ұмай және Жер-Су бізге жеңіс сыйлайды» [123, с. 39].

Мұндағы мифология бойынша «Жер-Су» биік таудың мәңгі қар басқан шың-құздары мен таудан буырқанып аққан тау өзендерінің қайнар басындағы басқы бөліктерінде тіршілік етеді. Әр көктемнің басында жер мен судың құдайлары санатындағы сол орындарда арнайы құрбан шалынады.

«Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасының» лексика бөлімінде берілген *jer sub (suw)* (сөзбе-сөз. «жер және су», «жер», «құрылық» жасалымдары өте архаикалық сипатта көрініс табады» [124, с. 201].

Бұл сөз көптеген түркі тілдерінде кеңінен ұсынылған: тат. *ji:rsu:* жинақтаушы мәнде «жер-су, пайдаланылатын жер, жер иелігі», башқ. *ji:r-huw* «туған жердің жалпы атауы, жер-су, пайдаланылатын жер», қалп. *zer-suw* «пайдаланылатын жер», қырғ. *jer-su:* «жер-су; жер мен шаруа қожалықтары мен мал шаруашылығын жүргізу мүмкін болатын жағдайлар, өзб. *jer-suw* «жері (суарылатын); жер иелігі», ұйғ. *jar-su* «иелік, қожалық», чув. *ser-suw* «ел, жер» [126, с. 89]. Байқап отырғанымыздай түркі тілдеріндегі мағыналары сәйкес түседі, мағыналас.

Бұған қосымша «Жер-Су» күрделі құрамды сөзімен тіркесімде жұмсалатын «удук» лексемасы «киелі, қасиетті» мәндерінде Орхон-Енисей мен көне ұйғыр жазбаларындағы жер-су атауларында орын алады: «*Ыдук баи kidirima*». «Киелі кілт артында (батыста); *Тамаг ыдук баида сунушдіміз* «Біз Тамаг қасиетті басында шайқастық»; *Турк ыдук йарі* «қасиетті түркі жері»; *Ыдук йар-суб* «Қасиетті Отан» («Жер-су»); *Оз йарим ыдук* «Менің қасиетті (туған) жерім»; *Ыдук Otukan* атауы) (Күлтегін). Осы *ыдук* сөзін Жайық гидронимінің құрамынан да кездестіруге болады.

«Жер-Су» атауына этимологиялық талдау жасау, оның сипатын былайша анықтауға мүмкіндік берді (20-кесте)

Кесте 20 – «Жер-Су» атауының этимологиясы

Жер-Су	Зат есім
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Жер-Су. 1) шаруашылыққа кеңінен пайдаланылатын орман, тау, көл, өзен, дала тәрізді жер аумағы, аумақ. 2) туған өлке, өскен жер [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 298-б.].
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	Қосарланған түбір, күрделі сөз түбір: Жер + Су Жер сөзінің мағыналары: 1) күнді айнала қозғалатын Күннен кейінгі үшінші планета, 2) Жер қаты, қабаты, құрлық, топырақ. 3) Белгілі бір ел, мемлекет. 4) Біреудің пайдалануындағы, қарамағындағы аумақ, 5) мекен, жай, орын, 6) ауыспалы. Ел-жұрт, өмір сүрген орта, 7) Мезет, кез, уақыт, мезгіл, орын, тұс [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 297-б.]. Су – 1) өзен, көл т.б. түзетін мөлдір сұйық зат, 2) ағынды өзен, 3) құрғақ емес, ылғал [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 742-б.].
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	1) Тұлғасына қарай – қосарланған түбір, құрамы – күрделі. Йер/ <i>jer</i> - + <i>Sýv</i> / <i>Сүб</i> < Жер-Су <i>Jer</i> – 1) жер, 2) орын, 3) жер, ел, 4) беті, үсті [https://altaica.ru/LIBRARY/turks/dts.pdf 257-б] <i>Sýv</i> < <i>су</i> – [Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том / Аударған А. Егеубай. - Алматы: Арда+7, 2017. - 600 б.]
Өзгеріс типі	Фонетикалық: дыбыс сәйкестіктері: й - j, v- б және v/б дыбысының қысқаруы
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа түбірдің қалыптасуы

«Жер-Су» мифонимінің мифтік мағынасы – аса қасиетті жарылқаушылар: Жер – Ана, Су – Тіршілік көзі. Алдыңғы гидронимдер мағынасындағы «қасиетті, киелі» мағынасын білдірген ысық сөзі ыдук/удук сипатында да келетіні анықталды. Бұл сөздердегі дыбыс сәйкестіктері: с-д, ы-у. *Ыдық* сөзі ыйық нұсқасында «қасиетті, киелі» мағынасында «Жайық» мифонимінің да құрамында кездеседі.

Жайық – ірі өзендердің бірі, ол Орал тауларынан бастау алып, Батыс Қазақстан мен Атырау өңірлерін бойлай ағып өтіп, Каспий теңізіне құяды. Аталған өзен атауы зерттеу материалдарында алуан түрлі дыбыстық нұсқаларда жолығады. Ибн-Фадланның «Жазбаларында» Джайк формасында (X ғ.) кездеседі. Ф. Гарипованың деректері бойынша Пугачевтің құжаттарында көне түркі Йайык сыбу формасы қолданылады [125, с. 125]. Бұл аттың шығу тегі туралы әртүрлі болжамдар бар.

Жайық сөзінің этимологиясына үңілсек, «Жайықпен» тұлғалас сөз қазіргі Алтай аймағындағы этностар қолданысында кездеседі. Ә.Нұрмағанбетов:

«Алтай, аладаг тілдерінде «йайық» қалпында айтылатын осы сөз қазақтар түсінігінде «су тасу, сел, тасқын» дегенмен сәйкес. Осы тілдерде «йайық+та» түрі «тасқын су басу» мағынасында қолданылады. Дәл осы мағыналы сөз сәл ғана дыбыстық өзгерістерімен «дажыг» түрінде кездеседі. Осы деректерге сүйене отырып, өзеннің «Жайық» аты оның тасыған кездегі көрінісіне байланысты берілген деп қорытынды шығаруға болады» дейді [99, б. 18].

Алтай тілдерінде осы сөздің кездесуі сөздің тарихын Орал-алтай тілдер бірлестігіне апарды. Иә, бұл өзеннің тарихы тым көне дәуірлерге кететінін грек, рим жазбаларында, орта ғасырлық тарихи еңбектерде (Рим ғалымы Клавдий Птолемейдің «География» еңбегі, араб ғалымы Ахмед ибн Фадланның жазбасы) аталуы көрсетеді. Қалай дыбысталған деген мәселе тұрғысынан бірнеше пікірлер айтылады: *джаих, аих/даих, йайик*. Әртүрлі тарихи деректерде осылайша дж/д/й дыбыстарынан басталып айтылуы заңды, себебі тілдің тарихи қабаттарында, Орал-алтай тіл бірлестігінен бері қарай д/дж/й/ж сәйкестігі келіп шыққаны ғылымда дау тудырмайды. Түбірі қайсы дегенге келетін болсақ, бұл өзен атауының мағынасы йаз (*jaz*) қимыл мағыналы түбірінен жасалған болса, оның көне түркі тілінде тағы бір мағынасы қалыптасқан, мәселен, *jaz* - «жайылу» (*tolugly jazar* - толған жайылар)» [125, с. 250]. Мұндағы берілген түбір сөздің құрамындағы фонетикалық ауысуларды жалпытүркілік тілдерге ортақ заңдылықтар негізінде түсіндіруге болады: й > ж; з > й ауысуы тілдің даму тарихында болып отырған құбылыс (йыл > жыл, йылқы > жылқы, азақ-айак, жаз > жай т.б.). Атаудың құрамындағы -ық өте көнеден келе жатқан сөз тудырушы жұрнақ, етістік сөзге жалғанып, зат есім тудырушы актив жұрнақ болып табылады. Жайық сөзінде де етістікке (йаз/йай/жай) жалғанып, атау сөз, басқаша айтқанда, өзен атауын жасауға себепші болып тұр.

Қазақстандағы Жайық өзені тұрғылықты халықтар тілінде Ақ Жайық деп те аталады. Таулы Алтай аймағының өкілдері де Яик құдайына жалбарынып, олар да Ак Йайык деп атап кеткен. Бұл жердегі «ақ» эпитетінің орны ерекше, әрі тілдік ерекшеліктерді сараптау барысында аталған сөздің берер мағынасы үлкен әрі сөздің шығу төркінін анықтауда өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан, біз Жай(Йәй) құдайына бағышталған біреу ақ болып табылады немесе аталған сөз «қасиетті, киелі» ұғымын иеленген деп тұжырымдай аламыз. Дәлірек айтқанда, мұны анықтау үшін этнографиялық деректерге жүгінеміз.

Н.А. Алексеевтің мәліметі бойынша, «Дьайык – аспанда өмір сүретін құдай. Үлген (Өлген) құдайы (башқ. Үлгән, сөзбе-сөз. «өлген» немесе оло сөзінен «аға», «ұлы» және хан) оны жерге түсіп, құдайға «барлық адамды жамандық пен зұлымдықтан қорғауды және бәріне тіршілік сыйлауды» бұйырды. Бұл құдайды шамандар Үлгенге (Өлгенге) құрбандықтарымен аспанға «көтерілу» кезінде көмекке шақыратын болған» [126, с. 31].

А. В. Анохин өзінің зерттеуінде жайык (дьайык / яик) лексемасына үш түрлі семантикалық жүк жүктейді: біріншіден, ол – рух пен адам арасындағы делдал; екіншіден, ол – аспан әлемінің тұрғыны; үшіншіден, Жайық – Үлгеннің (Ульген) бір бөлшегі ретінде сипатталады [127, с. 12]. Ғалымның айтуынша,

Жайық (Жайык) – ақ рухтар мен адамдар арасындағы байланыс арнасы ретінде қызмет атқарған, сондай-ақ ол отбасы мен төрт түліктің қорғанышы болған. Ежелгі наным-сенімге сәйкес, жоғарғы Тәңір – Үлгенге құрбандық шалу рәсімі кезінде шаман құрбандыққа шалынған жануармен бірге Жайықты шақыру арқылы оны аспанға алып баратын болған. Бұл рәсімде Жайықтың қатысуы міндетті болған, себебі онсыз шаманның аспан әлеміне көтерілуі мүмкін емес еді [127, с. 14].

Осы тұрғыдан алғанда, Жайық бейнесі адам мен Тәңір – Үлген арасындағы делдалдық функция атқарған мифологиялық кейіпкер ретінде көрініс табады. Алтай-кижи алтайлықтар бұл бейнені отбасы кеңістігінде сакралды түрде сақтау дәстүрін ұстанған. Жайықты көз орнына көгілдір түйме тігілген, аяғына ақ лента тағылған ақ қоян терісі түрінде мүсіндеп жасаған [127, с. 25].

Этнограф А.Л. Сагалаев та өз еңбектерінде осыған ұқсас мәліметтерді келтіреді: ол алтайлықтардың Жайық бейнесін қоян түрінде елестетіп, оны ақ матадан тігетінін жазады [128, с. 48].

Сонымен қатар, куман халқы бұл бейнені ерекше қастерлеп, оны Ақ Жайық немесе Аба Дъайык атауымен емес, Баба Жайық деп құрметпен атаған. Хакастар өз наным-сенімінде ақ аспан иелерін дъаяглар деп атаған. Ал туба халқы үшін Жайық (Jajik) – бүкіл тайгадағы аң-құстардың иесі (аазы) болып саналған, сол себепті аңшылар оны ерекше сыйлаған [129, 248].

Аналогия бойынша Йәйгә ыйык ~ Йәй ыйык ~ Йайык, яғни «Йәйге (құдайына) бағышталған» (Йәй (жаз құдайына бағышталған) – бұл жерде қоян ретінде, не бір тотемдік аң ретінде түсінуге тура келеді. Өйткені Аба Дъайык атауына қарағанда, кумандықтарда бұл аюмен байланысты деп пайымдауға болады.

Жайық өзені Қазақстаннан басқа Ресей, Башқұртстан аймақтарының үстінен ағады.

Жайық гидронимінің лингвистикалық құрылымы мен мағыналық сипаты жағынан өзіндік айырмашылықтары бар. Алтайлықтардың мифтік аңыздарында Жайық – құдай мен адамдар арасын байланыстырушы құдыретті күш иелері: киелі аң (қоян) немесе қоян бейнесіндегі адам мен белгілі бір қасиетті күш иесі. Башқұрт халқының жырларында аталған оним мағыналық тұрғыдан дамып, өзгерістерге ұшыраған [130]. Онда Жайық судың көзін ашушы, судың құдайы ретіндегі адам бейнесінде көрінген. Бірақ сөздің архетиптік ішкі формасы сол қалпында: *Йәйгә ыйык – Йәй ыйык – Йәйык – Яйык, «Йәйге (Тәңре) бағышталған // Тәңірге жолданған, арналған дегенді білдіреді.

Г.Х. Бухарованың пікірі бойынша, шығу төркіні жағынан сакралды саналатын Жайық гидронимі, өте көне болып табылады, әрі ежелгі түркі халықтарының діни-мифологиялық көзқарастарымен байланысты. Г.Х. Бухарова құрылымдық жағынан Йайык (Жайык) сөзін Йәй және ыйык көне формасы ретінде қарастырып, алғашында *Йәйгә ыйык*, «Йәйге бағышталған» (Йәй құдайына, Йәй тәңріне) құрылымында болған деп есептейді. Ғалым «ыйык көне түркі ыдук «құдайға арналған», «киелі», «қасиетті» сөздерінің

фонетикалық варианттары болуы мүмкін дейді. Ал йәйгә сөзінің құрамындағы -гә барыс септігі кейіннен түсіріліп қалған болуы тиіс» [131, с. 1050-1051]. Бұл жерде *ыйык* сөзі көне түркілік *ыдук* «жолданған, тағдыр жіберген, бақытты, мейірімді, қасиетті, киелі» деген мағынада тұр деуге болады.

Ийык сөзі осы мағынасында көне түркі жазбаларында кездеседі және оның барлық түркі тілдерінде лексикалық сәйкестіктері бар. Аталған тілдерде түрлі фонетикалық варианттарда жұмсалады: егер көне түркі тілінде [д] болса, онда ұйғыр. – [д], чув. – [р], хак. – [з], якут. – [т], башқ., түрік., тат., қаз. – [й]. Мысалы, ұйғыр. -ыд «жіберу», -ыдук «жіберілген, жолданған», хакас. -ыс «жіберу», «құдайға бағышталған» - ызык, «құрбандыққа бағышталған» - алт., қаз., ыйык, якут. ытык «құрбандық, қадірлі, қасиетті, киелі», чув. ыра «мейірімді, жақсы, керемет, өте жақсы, салауатты, сүйкімді, сыйлы, қасиетті» [132, б. 93].

«Ыйык» сөзін «-ый (-ыд)» «жіберу, жолдау» түбір тұлғасы және жалпытүркілік «-ығ», «-ык» (-ук) қимыл есімі қосымшасына жіктеуге болады. Сонда есімше тұлғасындағы жолданған, жіберілген етістіктерімен мағыналас болып келеді. Мұндай қасиетті, киелі мағыналы «ыдук» лексемасын көне түркі жазба ескерткіштері және көне ұйғыр ескерткіштеріндегі топонимдердің структурасынан да жұмсалатынын көреміз. Мысалға келтіретін болсақ, *Ыдук баш кідіріма* «Киелі бас (батыста)» (Күлтегін).

«Ыдык/ыйык» гидронимдері Таулы Алтай топонимдерінде де көптеп кездеседі: Ыдык-Көл, Ыдык-Кем, Ыйык-Аалы, Ыйык, Ыйык-Ойык, Ыйык-Бажы, Ыйык-Таг; Якутияда: Ытыг-Хатынг, Ытык-Тит, Ытык-Бае, Ытык-Кюель; Сібірде: Изык-Чуль – Сібірдегі Ачинскіге жақын темір жол стансасы, Хакасиядағы Изых тауы мен Изых селосы, Батыс Саяндағы Ызых тауы». «Жайық» атауының этимологиясын 21-кестеде келтірдік.

Кесте 21 – «Жайық» атауының этимологиясы

Жайық	Зат есім
Түсіндірме сөздіктегі мағынасы	Жайық – ірі өзендердің бірі, ол Орал тауларынан бастау алып, Батыс Қазақстан мен Атырау өңірлерін бойлай ағып өтіп, Каспий теңізіне құяды.
Қазіргі (синхронды) морфологиялық мүшеленуі	негізгі түбір: Жайык Жайық сөзінің мағынасы: 1) көңілі жайлану, жай табу, разы болу. 2) мол болу, берекелі болу [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған – Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 251-б.].
Тарихи (диахронды) мүшеленуі	Тұлғасына қарай – біріккен түбір, құрамы – күрделі. Йәйгә ыйык («бағышталған Йәй» (Йәй құдайына, Йәй тәңріне) Йәй түбір (құдай атауы) – гә барыс септік жалғауы «-ый» (-ыд) «жіберу, жолдау» түбір тұлғасы және жалпытүркілік «-ығ», «-ык» (-ук) қимыл есімі қосымшасы Йәйгә ыйык ~ Йәй ыйык~ Йайык/Жайық

Өзгеріс типі	Фонетикалық: йәйгә сөзінің құрамындағы –гә барыс септігі кейіннен түсіріліп қалған, Йәйгә ыйық сөздері дыбыстық өзгеріспен кіріккен. Дыбыс сәйкестігі й/ж
Тіл үшін маңыздылығы	Жаңа түбірдің қалыптасуы

Жайық сөзінің мағынасындағы мифтік мазмұн: башқұрттардың танымында – судың көзін ашушы, судың құдайы// алтайлықтар дүниетанымында – ақ рухтар мен адамдар арасындағы рух-делдал, отбасы мен малдың жебеушісі // тубалықтар үшін - барлық тайгадағы аңдардың «қожайыны», қазақтар үшін «тасқын сел басу» және аспандағы құдай мағынасы бар.

Жалпы онимдер тіл біліміндегі ережелерге тәуелді, әрі тілдік құрылымның лексика-семантикалық бөлшегі ретінде танылады. Есімдерді талдаудың этимологиялық және компонентті әдістерін пайдалана отырып, мәдениетпен, мифтік дүниетаныммен т.б. байланысты мәліметтерді жеткізуші рөліндегі мағыналық түпнұсқасын қайтадан құруға болады. Сонда, біздің ойымызша,

1) Жер-су атауларында этностың діннен туындаған наным сенімдері де сақталады. Бұл *Бұрқанбұлақ*, *Есік*, *Әулиесу* атауларынан көрініс тапқан.

2) «Жер-Су» сөздері жалпытүркілік мифте құдай бейнесін білдіреді, *jer sub (suw)* (сөзбе-сөз. «жер және су», «жер», «құрылық» жасалымдары архаикалық сипатта орныққан, олармен тіркесетін *удук/ыдук* лексамасы «қасиетті, киелі» деген мағынаны білдіреді және Жайық, Есік мифонимдерінің/ гидронимдерінің құрамында кездеседі.

3) Жайық сөзінің архетиптік ішкі формасы: **Йәйгә ыйык – Йәй ыйык – Йәйык – Яйык*, «Йәйге (Тәңре) бағышталған // Тәңірге жолданған, арналған дегенді білдіреді.

4) Мифтік танымда «Жайық» – 1) құдай мен адамдар арасын байланыстырушы құдыретті күш иелері: киелі аң (қоян) немесе қоян бейнесіндегі адам мен белгілі бір қасиетті күш иесі; 2) Жайық судың көзін ашушы, судың құдайы.

5) Талдау жасалған жер-су атауларының қойылуы діни және мифологиялық тұрғыдан уәжделген, образдық мәнге ие, бұл атаулар символдық қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, *Бұрқанбұлақ*, *Есік*, *Әулиесу*, *Жайық* және *Жер-Су* онимдері мен олармен байланысты мифтік мәтіндер мазмұны, сол арқылы орныққан мәдени символдар тығыз байланысты. Гидронимдердің когнитивтік құрылымдары былай анықталады: «Су – әулие», «су – қасиетті», «су – ғашықтық бастауы», «су – өмір бастауы». Бірақ бұл мифтік мазмұн мен символдық мән атаулардың біреулерінен (*Есік*, *Жайық*) бірден көрінбейді, оны тану үшін оларға байланысты мифтік мәтін мазмұнын білу керек. Ал *Бұрқанбұлақ*, *Әулиесу* гидронимдерінің құрамында олардың мифтік мазмұны

ашық көрініс тапқан (Әулие, Бурхан). Бұл атаулардың символдық мәні әр халықтың ұлттық дүниетанымына сай да анықталады. Мысалы, қос жынысты құдай түсінігіне қатысты мифтік мәтіннің башқұрттарда сақталуы не алтайлық мифтердегі құдайдың қоян бейнесімен орнығуы. Бұл бағыттағы зерттеулер болашағы онимдерді мифологиялық аспектіде зерттеудің қажеттігімен сабақтастықта анықталады [133, р. 95-101].

2.3 Мифогидронимдер: ішкі құрылым және символдық жүктеме

Ономастикалық дискурс – этнос санасында тарихи түрде қалыптасқан, кеңістікті тану мен меңгерудің лингвомәдени көрінісі болып табылатын атаулар жүйесі. Бұл дискурстық кеңістік халықтың күнделікті өмірінде, дәстүрлі болмысында орныққан топонимдер, гидронимдер, фитонимдер мен антропонимдер арқылы жүзеге асады. Аталған ономастикалық бірліктердің мазмұнында этномәдени, мифологиялық, тарихи сипаттағы ақпараттар шоғырланған. Олардың бірқатары қазіргі таңда айқын мағынада қолданылса, енді біреулерінің мағынасы көмескіленіп, тарихи-мәдени санада сақталған символдық мәнге ие болған. Осылайша, ономастикалық дискурс тілдің кумулятивті қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мәдени кодтар мен дәстүрлі дүниетаным үлгілерін жеткізетін маңызды лингвомәдени кеңістік ретінде танылады. Осындай ономастикалық бірліктердің бірі – гидронимдер. Зерттеуіміздің бұл тармағында гидронимдер мазмұнында сақталған мифтік ақпараттарды тануға тырысамыз. Ол ақпараттарды білу қазақтың мифтік дүниетанымын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда қазіргі кезеңде жаһандану үдерістерімен қатар этникалық жаңғыру үрдісі де қарқын ала бастағаны байқалады. Осы жағдай ұлттық дүниетанымды, соның ішінде қазақ халқының мифологиялық танымын зерделеуге деген қызығушылықты арттырып отыр. Бұл үрдіс тіл біліміндегі ономастика саласына да өз әсерін тигізуде. Жалпы ономастика мәселелері тіл ғылымында кең көлемде зерттеліп, теориялық негіздері қалыптасқанымен, ономастикалық бірліктердің (әсіресе, гидронимдер мен фитонимдердің) зерттелу деңгейі біркелкі емес. Топонимдер мен антропонимдер негізінен құрылымдық аспектіде терең қарастырылса, гидронимдер мен фитонимдерге қатысты зерттеулер біршама шектеулі болып отыр.

Соңғы жылдары тілдік зерттеулер парадигмасының антропоэлекті бағытқа бет бұруына байланысты ономастикалық нысандар когнитивтік және дискурстық аспектіде қарастырыла бастады. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында ономастикалық бірліктердің, нақтырақ айтқанда, гидронимдердің дискурстық әрі мифологиялық қырлары талдауға алынады. Бұл тұрғыдан алғанда, гидронимдерді дискурстық аспектіде зерделеу – дискурсқа қатысушылар санасында орныққан атауларға қатысты танымдық ақпараттардың мазмұнын ашу, ономастикалық білімнің дискурстағы қызметін айқындау болып табылады.

Әрбір гидроним өз құрылымында белгілі бір мифтік мазмұнды сақтайды. Осы мифтік ақпаратты тану – гидронимдерді тек географиялық белгі ғана емес, мәдени-танымдық коды бар дискурстық бірлік ретінде қарастыруды қажет етеді. Мұндай талдау барысында гидроним құрамындағы эксплицитті және имплицитті мифологиялық ақпараттар айқындалады. Зерттеу барысында дискурс талдау, мағыналық және этимологиялық талдау әдістері қолданылып, гидронимдердің когнитивтік құрылымдары мен мәдени мазмұны жан-жақты қарастырылды.

Мифогидронимдерге алғашқылардың бірі болып қызығушылық танытқандардың қатарына А.В. Анохин [127, с. 124], В.И. Вербицкий [134], Л.П. Потаповтардың [135] еңбектерін атауға болады. Халық фольклорын жинаушылар Б. Я. Бедюров [136], Н. П. Дыренкова [137], В.Т. Дьяконова [138], Е. Е. Ямаева [139] сумен байланысты ырымдар мен рәсімдерді түсінуге тырысты. Қазақ тіл ғылымында бұл мәселеге қатысты зерттеу жүргізген ғалымдар: Қ. Жұбанов [140], Ш. Уәлиханов [141], Б.Н. Бияров [142], А. Тойшанұлы [143], Е. Койчубаев [144] т.б.

Б.А. Серебренников топонимдер мен гидронимдердің күрделі сөздер тәрізді, қазіргі тілдік жүйеде қолданылмайтын лексемаларды өз құрамында сақтап қалуы мүмкін екенін атап өтеді [143, с. 15]. Мұндай құбылысты тарихи-лингвистикалық тұрғыда Арыс (Арыш) гидронимі мысалынан байқауға болады. Арыс атауы көне деректерде Түркістан маңынан ағатын өзеннің атауы ретінде тіркелген. Бұл атаудың шығу тегі туралы зерттеушілердің түрлі көзқарастары қалыптасқан. Мәселен, С. П. Толстов пен А.Н. Бернштам Арыс гидронимін көне арси этнонимімен байланыстырады [143, б. 60]. Ал В.Н. Попова гидронимнің бірінші компонентін үндіеуропа тілдеріндегі ар түбірімен салыстырып, оны «су», «өзен» мағынасында қолданылған деп көрсетеді. Ол сондай-ақ, екінші компонент ас сөзі кең тараған гидроформант ретінде «су», «өзен» ұғымын білдіретінін алға тартады. Осыған ұқсас пікірді Ә. Байбатша да білдіреді, ол Арыс атауын сақ тайпаларының бірінің аты деп болжайды [143, б. 42].

Б.А. Байтанаевтың пайымдауынша, ортағасырлық деректерде осы өзеннің бойында орналасқан Арсубаникет қаласының атауындағы ас компоненті түркі тіліндегі су сөзімен калька тәсілі арқылы берілген (ар+су). Ол сондай-ақ XIV–XVI ғасырлардағы деректерде бұл қала Қарасман немесе Қараспан атауларымен белгілі болғанын, ал А.М. Щербак бұл атаулардың тарихи дамуында Арас, Арсу, һарас > Карас формалары орын алғанын айтады [146, с. 66]. Дегенмен, зерттеуші Б. Бияров гидронимнің екі компонентінің де «су» мағынасын беруіне күмән келтіріп, алғашқы бөлікті көне түркі тіліндегі ар – «таза», «мөлдір» сөзімен байланыстырады. Екінші компонент – ыс/іс/с – фин-угор және түркі тілдеріндегі «су» мағынасына сай келеді деген тұжырым жасап, Арыс атауы «таза, мөлдір су» деген мағынаны білдіруі мүмкін екенін ұсынады [147, б. 19]. Ол бұл пікірін Қарасман атауының ықшамдалған нұсқасы Қарас гидронимі арқылы негіздейді: қазақ тілінде қара – «таза, мөлдір», ал ас – «су» ұғымын білдіреді, сондықтан Қарасу атаулары мөлдір сулы өзендерге жиі

қолданылады [142, б. 94]. Сонымен қатар, зерттеуші Арыс өзенінің Ақсу өзенімен тоғысатын тұсына дейінгі бөлігінің мөлдір болғанын, ал «Ақсу» деп аталатын өзендердің көпшілігі лайлы болатынын атап өтеді. Мұндағы ақ және қара сөздерінің су атауларында қарама-қарсы мағынада жұмсалуды – тілдік таңбаның мифологиялық санадағы семантикалық қабаттарымен байланысты болуы мүмкін. Атап айтқанда, бұл мәнмәтінде *қара* сөзі өзінің жағымсыз мағынасы емес, мифтік-магиялық астармен қолданылып отырған болуы ықтимал. Осы ретте Қ. Жұбановтың дыбыстар мен сөздердің пайда болуын магиялық таныммен байланыстыратын пікірі назар аударарлық. Ол: «Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, табиғатқа ықпал ету сынды әрекеттер – магиялық сипаттағы тілдік көріністер. Осындай магиялық әрекеттерден әдебиет пен философия туындайды. Дыбыстар мен сөздердің ымнан ажырап шығуы – бірден емес, бірнеше даму сатысынан өткен құбылыс» деп тұжырымдайды [140, б. 513]. Бұл көзқарас тілдің ертедегі дамуы барысында сиқырлық, мифологиялық тәжірибенің ерекше рөл атқарғанын көрсетеді.

Ж. Тектіғұл ескі танымның астарынан тылсымдық күштердің байқалатынын, тілде тарихи қатпар мен қоғамдық құбылыс, халық түсінігі мен ұғым-бітімі, болмысы қатар суреттелетінін атайды [53, б. 111]. «Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен» [140, б. 491].

Ж. Тектіғұл, К. Садирова зерттеуінде қазақ және түркі тілдері гидронимдерінің ономастикалық дискурсқа түсушілер санасында мынадай сипатта орныққаны аталған: «СУ – ҚҰДАЙ, бұл тізбектегі ақпарат қозғалысы былайша таралады: «Жер-Су» – Байана//Ұмай ана//Май ана – «Ана құдай». Ономастикалық дискурсқа қатысушылар санасында осы тізбекте «Ұмай» – су құдайы, аналық негіз (тіршілік дамитын орын, жатыр), су рухы, демек пері. Осыдан су перілерінің бейнесі қыз болып келеді. Қазақтарда осыған сай «Түнде суға түсуге, құдықтан су тартуға болмайды, тыныштығын бұзғаны үшін су перісі қағып кетеді» деген түсінік бар. Ұмай ана – су құдайы – сүт (Сүт көл), ана сүті – адам баласының жарық дүниеге келгеннен бастап, аяғына тұрып, жүгіріп кеткенге дейінгі негізгі нәр алатын тамағы. Бұл да осы Ұмай ана сөзінің мазмұнында орныққан. *Майбұлақ* – *Ұмай бұлақ* (қасиетті бұлақ), *Майлыкент* – *Ұмайлы кент* (қасиетті қала), *Майтөбе* – *Ұмай төбе* (қасиетті төбе), *Майқан* (киелі өзен) (*май* сөзі «киелі, қасиетті» ұғымын білдірсе, ал «ған» сөзі көне түркілік өзен сөзімен төркіндес)» [53, б. 123].

Мифогидронимдер мағынасында сақталған мифтік білім былайша жүйеленіп берілген: су – үш әлемге де байланысты: су – құдай (Ұмай тауда өмір сүреді//Аспан әлемі), су – екі әлемді (тірі мен өлі) байланыстырушы не екі әлемнің шекарасы: жаңа өмірге келген нәрестені қырық күннен соң, қырық қасық суға шомылдырып, адалдап, адам санатына қосады, өлген мүрдені соңғы сапарға аттандырғанда сумен жуындырады. «Өлу – су – қайта тірілу» мифтік білімі мазмұндалады. Бұл білім мазмұны «Жер-Су – Су құдайы – Ұмай» сабақтастығынан анық танылады [53, б. 123].

Тіл мәдениеттің негізі мен өнімі болғандықтан, тіл білімі мәдени-тарихи мазмұнға толы. Тіл қарым-қатынас құралы бола отырып, белгілі бір халықтың дүниетанымын, мәдениетін, менталитетін түсінуге қызмет етеді. Атап айтқанда, тілге қасиетті топонимдер, оның ішінде гидронимдер тұрғысынан қарау прагматикалық ойлаудың табиғатын зерттеуге мүмкіндік туғызып, әлемнің аңғал бейнесі туралы түсінік береді.

Б.К. Мухина «Адамзат мәдениеттің іргелі қабатын: адамның дамуы мен өмір сүруінің шартын, адам ойлауының күрделенуіне конденсациясына ықпал ететін психикалық әрекеттің құралын, біздің жердегі адамдық және жеке тағдырымыздың бастапқы негізін білдіретін бейнелі-таңба жүйелерінің күрделі шындығын жасады» деп есептейді» [148, с. 24]. Ғалым бейнелі-символдық жүйелердің ақиқаттығын «біздің болмысымыздағы мәдени әбден жетілген және ұсынылған заттардың феномендері ретінде» қарастырып, «алуан түрлі тұтас әлем мен табиғи әлем дегеніміз - сыртқы бейнелер жүйесі - адамзаттың қазіргі мәдениетке ұзақ сапарының нақты көрінісі» деп атап көрсетеді» [148, с. 24], сондай-ақ «адам болмысының ақиқаты ретіндегі бейнелер мен таңбалар шартты түрде дербес өмір сүре алады, бірақ көп жағдайда олар біздің мәдениетімізбен және біздің психикамызбен бейнелі таңбалар жүйесінің мызғымас бірлігінде байланысады» [148, с. 28].

Көптеген ғасырлар бойы гидронимдер адам өмірінде маңызды орын алады, өйткені олар халық әлемінің тілдік бейнесі туралы өте маңызды ақпаратты алып жүреді.

Байырғы түркілер туған өлкесінің табиғи нысандарын – тауларды, өзен-көлдерді, бұлақтар мен тастарды ерекше қадірлеп, оларды қасиетті деп санаған. Бұл көзқарас халық жадында сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен жер-су атауларынан айқын байқалады.

Белгілі бір өңірдегі топонимдердің мифологиялық мазмұнымен астасуы мен олардың пайда болу негіздерін сол қоғамның ойлау жүйесі мен өмір сүру ортасына сүйене отырып қана ұғынуға болады.

Мифологиялық сипаттағы топонимдер – мифопоэтикалық ойлаудың жемісі болып табылады. Ежелгі адамның танымы бейнелі ойлау мен ұқсастыққа негізделген салыстыруларға сүйенсе, уақыт өте келе бұл таным символдық деңгейге жетіп, абстрактілі ойлаудың көрінісін көрсетті. Қазақ халқының мифопоэтикалық санасындағы символизм гидронимдер мен архетиптік атаулардан көрініс табады. А. Ф. Лосевтің сөзімен айтқанда, «Атау – өмір», өйткені атау адамның әлеуметтік болмысының терең мәнін қамтиды [110, с. 617].

Топонимдерде ұжымдық бейсаналыққа (К. Юнг), «үнсіз білімге» (Э. Сепир, Л. Витгенштейн) жататын әлеуметтік миф-архетиптер мен жалпыадамзаттық мәдениеттің бастапқы элементтері көрініс табады.

Э. Кассирердің пікірінше, әрбір мифтік бейненің мәнін оның атауы арқылы тануға болады. Атау мен мағына арасындағы өзара байланыс – қажеттілікке негізделген ішкі қатынас, мұнда атау тек белгілеп қоймай, өзі де мәнге айналады, әрі сол мағынаның күш-қуатын анықтайды [149, с. 328].

Сондықтан да мәдени мазмұны бар сөзді зерттеу оның атауынан басталуы қажет. Э. Кассирер атап өткендей, тіл білімі мен этимология әрдайым мифті түсіндірудің басты тәсілдері ретінде қолданылған.

Түркілік дәстүрлі дүниетанымда су тек қана тіршіліктің бастауы немесе сакральды рәміз емес, ол сондай-ақ әлемді тану мен қабылдаудың маңызды категориясы ретінде қарастырылған.

Түркі халықтарының мифологиялық танымында «теңіз» және «мұхит» ұғымдары маңызды рөл атқарған. Әлемнің құрылымы туралы универсал түсініктер жүйесінде, әсіресе Алтайлық дәстүрде, алғашқы болмыс ретінде қасиетті әйел бейнесіндегі «Ана» мекендеген су әлемі қарастырылады. Бұл кеңістіктен алдымен жер, кейін аспан пайда болған деп есептеледі. Осыған байланысты алтайлықтар қасиетті Жер-Суға (ер Суу) сиынып, тау өзендері мен көлдерде мекендейтін «су рухтарына» («Суу ээзи») табынған [150, с. 157-159].

Ғаламның пайда болуы туралы алтайлық аңыздардың бірі айрықша қызығушылық тудырады. Бұл нұсқада әлемдік алғашқы субстанция – әлемдік көл түрінде бейнеленіп, онда тіршіліктің бастауын беретін «қасиетті ана» – Умай-эне өмір сүреді. Ол жерді және аспанды жаратуда белсенді рөл атқарады. Мифтік құрылымда «Аспанның үшінші қабатында сүт көлі – Сүт-көл орналасқан», ол бүкіл тіршіліктің тазалығы мен пәктігін бейнелейді. Бұл көлдің иесі – көк бұқа, ал Сурун тауында алтын шашты құдай-ана Умай-эне мен Кер-балық мекендейді [150, с. 157-159]. Сүт көлі бейнесі, сүттің өзі тәрізді, Орталық Азия көшпенділерінің дүниетанымында рухани тазалық пен киеліліктің символына айналған. Алтайлықтардың сенімі бойынша, жер бетіндегі тіршілік осы аспан көлінен бастау алған.

Қазақ мифологиясында судың пайда болуы екі түрлі түсінікпен сипатталады: біріншісі – су көз жасының нәтижесінде пайда болған десе, екіншісі – ананың емшек сүтінен бұлақтар мен көлдердің жаратылғанын баяндайды. Мұндай мифологиялық интерпретациялар көптеген гидронимдермен тығыз байланысты: Бурабай, Жайық, Шыңғырлау, Атасу, Іле, Қаратал, Жылаған ата, Түлкібас, Қыз әулие [27, б. 38]. Мәселен, Қалмақтолағай тауын көтерген алып туралы аңызда, алыпты тау басып қалып, анасы қайғыдан Ақтас төбешігінің маңына келіп жылағанда, оның көз жасы көлге, ал омырауынан аққан сүт бұлаққа айналған делінеді. Жайық өзені туралы аңызда ханның қызы Шыңғырлау сүйіктісіне қосыла алмағандықтан суға кетіп өледі, ал әкесінің көз жасынан Жайық өзені пайда болады [151, б. 126-127]. Оңтүстік Қазақстан аймағында кең таралған «Жылаған ата» туралы аңызда да судың мифологиялық негізі айқын көрінеді: аңыз бойынша, атаның көз жасынан шипалы су, ал ананың көз жасынан бұлақ туындайды [152, б. 104-105]. Сонымен қатар, алтайлықтардың мифологиялық түсінігінде өзеннің бастауы Жердің кіндігімен, яғни «әлемдік тау» концептісімен тығыз байланысты. Бұл символикалық бейне әсіресе Алтай аймағының басты су артериясы болып саналатын Катунь (Қатынсу) өзенімен байланысты көрініс табады. Аталған өзен Сібірдің ең биік нүктесі – Белуха (түркіше Мұзтау) шыңынан бастау алады.

Қазақ тілінде Катунь атауы «Қатынсу» формасында сақталған. Бұл атаудың шығу тегі туралы зерттеушілер оны көне түркі тілдік негіздермен байланыстырады. Көне түркі ұғымында «қадын» сөзі «мәртебелі әйел» немесе «ақсүйек ханым» мағынасын білдіреді. Демек, өзен атауы сол кездегі әлеуметтік-мәдени ұғымдар жүйесінен туындаған символикалық мәнге ие. Бұл мәселелер ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылып келеді [153, б. 175-176], [53, б. 115].

Белгілі орыс зерттеушісі әрі саяхатшы П. М. Чихачев өз еңбектерінің бірінде Катунь атауы туралы келесідей пікір білдіреді: «Кейбір түркі халықтарында бұл термин кең мағынада қолданылып, «билеуші ханым» немесе «иелік етуші әйел» ұғымын білдірген. Сондықтан да өзенге «Катунь» – яғни «өзен-патшайым» атауы берілген» [154, с. 34].

Алтайлық дүниетанымда ғарыштық тау бейнесі ерекше маңызға ие. Бұл киелі тау «Кадын-Бажы Үч-Сумер» – «Үш шыңды Қатын бастауы» деп аталады. Сонымен қатар, «әлемдік өзен» атауы ретінде «Эне-Кадын Кіндік» тіркесі қолданылады. Бұл атау «Кіндік Ана – Қатын» немесе «шыңы бар Ана» деген мағынаны білдіреді. Аталмыш атаулардың семантикалық құрылымынан тау мен өзеннің тек табиғи нысан ғана емес, ғарыштық-киелі мағынаға ие символ ретінде қабылданатыны аңғарылады: мұнда аспан әлемі мен жердегі тіршіліктің өзара байланысы бейнеленеді.

Бұл түсініктер Алтайдың басты өзені – Катунь (Қатынсу) мен оның бастауы саналатын Белуха (Мұзтау) шыңына қатысты мифологиялық интерпретациялармен үйлесім табады. Қатын атауының көне түркілік «қадын» сөзінен туындайтынын ескерсек, ол «мәртебелі әйел», «билеуші әйел», кейде «патшайым» деген мағыналарды білдіреді [154, с. 34]. Бұл тұрғыда өзен «аналық» немесе «бастау» рөлін иеленіп, тіршіліктің алғашқы қайнар көзі ретінде бейнеленеді. Катунь – «патшайым өзен» ретінде, мифологиялық аналық бастаманың көрінісі.

Осыған ұқсас символизм қазақ мифтік мәтіндерінде де кездеседі. Су – көз жасынан немесе ана сүтінен жаратылған деп баяндалатын мифтерде (мысалы: Жайық, Шыңғырлау, Жылаған ата және т.б.), гидронимдер ананың эмоциялық күйі мен өмір тудырушы қабілетінен туындаған киелі мәнге ие. Бұл су нысандары тек географиялық объект емес, сонымен қатар мәдени және космологиялық мағынаға ие архетиптер ретінде танылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып біз мифогидронимдердің ішкі құрылымы мен символдық жүктемесін талдауда мынадай сипаттарын анықтадық:

1. Мифогидронимдер негізінде (этимологиялық құрылымында) *аналық бейне* – «Қатын», «Ана», «Ене» сияқты сөздер жиі қолданылады. Бұл сөздер, көбіне, *бастау, қайнар, өмірдің көзі* деген мағыналармен сабақтасып, жер-су атауларында жиі кездеседі.

2. Өзен, бұлақ, көл бейнелері – әйелдік қуат пен тылсым күштің символына айналған. Мұндай атаулар *аналық архетиптік* сипатқа ие. Өмірді туғызушы, қорғаушы, әрі киелі бастау көзі деп саналады.

3. Бұл атаулардың *семантикалық-символдық мазмұнында* өмірлік қуат көзі, тазалық, рухани тазару, аспан мен жерді байланыстырушы «кіндік» мағынасы бар: *сүт көл, қатын көзі, кіндік ана* тәрізді тіркестер табиғат пен руханияттың тұтастығын көрсетеді.

4. Мұндай атаулар мифологиялық қызмет атқарады, нақтырақ айтқанда, географиялық кеңістікке қасиетті, киелі мағынасын жүктеп, сакралды сипат береді, ұрпақтан ұрпаққа мифологиялық білім мен дүниетанымды жеткізеді.

Мифогидронимдер – тек географиялық атау емес, ежелгі адамның табиғатпен, ғарышпен және болмыс құрылымымен қарым-қатынасын бейнелейтін көпқабатты семиотикалық жүйе. Олар мәдениеттегі архетиптік бейнелерді (ана, көз жасы, сүт, кіндік) тілдік формада сақтап, адамзаттың дүниені мифопоэтикалық қабылдауының куәсі ретінде ономастикалық дискурста қызмет етеді. Сондықтан да бұл атауларды тек лингвистикалық емес, мәдени-рухани код ретінде ономастикалық дискурс бірлігі ретінде зерттеуге болатынын танытуға тырыстық, әрі олардың ішкі құрылымы мен символдық мәнін кестеге жинақтап ұсындық (22-кесте).

Кесте 22 – Мифогидронимдердің ішкі құрылымы мен символдық мәні

Компонент	Мазмұндық сипаттама	Символдық жүктеме	Мысалдар
Лексикалық негіз (атау төркіні)	Көне түркі сөздері: қадын, қатын, ене, ана	Тектілік, мәртебе, әйел бейнесі	Катунь (Қатынсу), Эне-Кадын
Табиғи нысан типі	Өзен, бұлақ, көл, бастау, көз	Өмірдің бастамасы, қайнар	Жайық, Іле, Сүт-көл
Этимологиялық қабат	Ана сүтінен, көз жасынан шыққан су	Тазалық, шипа, эмоциялық тереңдік	Жылаған ата, Шыңғырлау, Қаратал
Мифологиялық архетип	Аналық бейне, туу, қорған	Өмір тудырушы, рухани күш көзі	Умай-Эне, Ана өзені
Космологиялық байланыс	Аспан – Жер – Су арасындағы тылсым қатынас	«Кіндік» ретінде байланыстырушы рөл	Кадын-Бажы Үч-Сумер, Эне-Кадын кіндік
Геомифологиялық жүйе	Таудың шыңы – өзеннің бастауы – әлемнің құрылымы	«Әлемдік тау», «Әлем өзені» ұғымы	Мұзтау (Белуха), Катунь, Суу ээзи
Рухани-функционалдық мәні	Сакральды кеңістік, рух иесі, киелі жер	Қасиеттілік, тәңірлік байланыс	Суу ээзи, Жылаған ата

Кестеден байқалып тұрғанындай, мифогидронимдердің құрылымы тек лингвистикалық немесе географиялық мазмұнмен шектелмей, рухани, мифологиялық, архетиптік және космологиялық деңгейлерде қызмет ететіні көрінеді. Олар – түркі дүниетанымының символдық кодтары ретінде ұрпақ жадында сақталған, әрі сол арқылы кеңістік пен болмысты адам танымына,

қабылдауына түсінікті еткен. Бұл да ономастикалық атаулардың дискурс бірлігі ретінде жұмсалатынын, әрі оның аталуынан қабылдануына дейінгі үдеріс біртұтастығын ономастикалық дискурс мүмкін ететінін дәйектейді. Атаудың қойылуының себебін, уәжін түсінуге ұмтылу дискурста жүзеге асып, тілдік тұлғалар тарапынан болжанып, қарапайым деңгейде де («тіл туралы тіл») түсіндіріледі. Келесі тармақта осы мәселенің ономастикалық дискурсмен байланысын талдауға тырыстық.

2.4 Халықтық лингвистика және ономастикалық дискурстағы этнонимдер

Ономастикада халықтық лингвистика элементтері, яғни атауларға берілген халықтық түсініктер, аңыз-эпсаналар арқылы жасалған лексикалық интерпретациялар ерекше орын алады. Мысалы, «Мираш», «Мапырашты», «Шапырашты», «Жалайыр» сияқты этнонимдерге қатысты халық арасында таралған түсініктер мен аңыздар бар. Бұлар тек этностың атауы ретінде емес, белгілі бір тарихи, генеалогиялық, сакралды оқиғалармен байланысты қарастырылады. Мұндай түсініктер халықтың өз тегін тану, дүниені қабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде ономастикалық дискурстың қалыптасуына үлес қосады. Бұл тармақта аталған атаулардың құрылымына, уәжділігіне және олардың халықтық лингвистикалық интерпретацияларына дискурстық талдау жасалады.

Қазіргі заманғы тіл білімінде атаулардың пайда болуы мен қалыптасу үрдісін ғылыми тұрғыда түсіндіруге бағытталған этимология, сондай-ақ атаулар құрамындағы этномәдени мазмұндарды талдап, саралайтын этнолингвистика мен лингвомәдениеттану сынды бағыттар қалыптасқан. Аталған салалар адам болмысын тіл арқылы тануға ұмтылып, өздерінің теориялық-әдістемелік негіздерін үнемі жетілдіріп отырады. Осы аталған бағыттардың қатарына лингвистикалық антропология және оның бір тармағы ретінде қарастырылатын халықтық лингвистика да енгізіледі. Халықтық лингвистика мәселелері қазақ тіл біліміндегі кейбір зерттеулерде, әсіресе сөздердің шығу тегін (этимологиясын) түсіндіруге арналған еңбектерде, атап айтқанда, халықтық этимология мәселелерімен сабақтастырыла қарастырылып жүр. Алайда халықтық лингвистика қазіргі таңда дербес ғылыми сала ретінде ресми түрде орнықтаған. Осы ғылыми жұмыста біз халықтық лингвистиканы өзіндік зерттеу нысаны – тілге қатысты «кәсіби емес» білім – бар дербес ғылыми бағыт ретінде қарастыратын зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, Мираш, Мапырашты, Шапырашты және Жалайыр атауларының халықтық лингвистика тұрғысынан түсіндірмелеріне тоқталуды мақсат етеміз.

Халықтық лингвистиканы дербес ғылыми сала ретінде мойындау мәселесіне қатысты көзқарастар бірыңғай емес, яғни бұл бағыт төңірегінде зерттеушілер арасында пікір алуандығы орын алған. Ғылыми айналымда «халықтық лингвистика» терминімен қатар, оған синонимдес ұғымдар ретінде «әуесқой лингвистика», «фолк-лингвистика», «тұрмыстық лингвистика»,

«қарапайым лингвистика», «метатілдік сана лингвистикасы», «қарапайым металингвистика» секілді атаулар да қолданысқа енген. Аталған атаулардың ішінде «фолк-лингвистика» терминін ғылыми қолданысқа енгізген зерттеуші Д. Полинченко [155] бұл ұғымның мазмұнын «тіл туралы қарапайым білім мен ғылыми лингвистиканың арасындағы аралық деңгей» ретінде сипаттайды. Тілге қатысты кәсіби емес немесе әуесқой білімді ғылыми талдау жүргізу қажеттілігі, ең алдымен, осы білім түрінің, нақтырақ айтқанда, «әуесқой тілтанушының» тіл туралы білімді қабылдау мен түсіну әдіснамасын, яғни «әуесқой методологияның» ерекшеліктерін айқындауға бағытталады. «Фолк-лингвистика» термині ағылшын тілді лингвистикада орныққан «folk linguistics» ұғымымен мазмұндық жағынан толық сәйкес келеді және ол да халықтық немесе қарапайым лингвистика деген мағынада қолданылады. Алайда қазіргі лингвистика ғылымында зерттеушілердің басым бөлігі «халықтық» не болмаса «әуесқой» лингвистика деп аталатын дербес ғылым саласының бар екенін мойындамайды.

Кейбір зерттеушілер халықтық лингвистика шеңберінде жинақталған деректерге сүйене отырып, түрлі ғылыми салаларға қатысты тұжырымдарды не растап, не терістеуге талпынады. Мұндай тәсілдің нақты мысалы ретінде әлем тарихына қатысты дәстүрлі түсініктерді қайта қарауға шақыратын, әрі өзінің теориялық тұжырымдарын халықтық лингвистиканың деректерімен негіздеуге ұмтылған А.Т. Фоменконың 2000 жылы жарық көрген «История и антиистория» атты жинағында ұсынылған пікірлерді атауға болады [156, с. 11]. Аталған еңбекте жалқы есімдердің халықтық этимологиясы негізінде бірқатар тарихи фактілерді, соның ішінде жекелеген елдердің тарихын жаңаша пайымдау мәселесі көтеріледі. Алайда бұл еңбектегі тұжырымдар мен ондағы сөздердің халықтық этимологиялық интерпретациясы орыс лингвистикалық қауымдастығы тарапынан сынға ұшырап, оған дәстүрлі ғылыми этимологияға негізделген мәліметтер қарсы қойылып, әуесқой лингвистика шынайы ғылыми білімге сәйкес келмейтінін дәлелдеуге бағытталған пікірлер білдірілді. Аталған сынның нақты көрінісі А. Зализняктың «Из заметок о любительской лингвистике» деп аталатын зерттеу еңбегінде ұсынылған [157, с. 210].

Халықтық лингвистика қазіргі ғылыми әдебиеттерде лингвистикалық антропологияның құрамдас тармағы ретінде қарастырылады. Бұл бағыттың негізгі зерттеу нысаны ретінде тіл тұтынушыларының өз ана тілдері туралы субъективті түсініктері алынады. Сонымен қатар бұл түсініктердің тілдің ішкі құрылымдық жүйесіне, яғни фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлеріне, сондай-ақ тілдік қауымдастықтағы әлеуметтік-мәдени жағдаяттарға тигізетін ықпалы да зерттеу аясында қарастырылады [158, с. 423].

Әлеуметтік лингвистика саласындағы зерттеулер көрсеткендей, тілдік тұлғаның тілге деген интуитивті қатынасы – «тілді сезіну» құбылысы – тек қана фонетикалық деңгеймен шектелмей, сонымен қатар лексикалық, морфологиялық және синтаксистік құрылымдарға да таралады. Мұндай тілдік сезіну тіл тұтынушылары тарапынан лингвистикалық деректер мен

калыптасқан тілдік стереотиптердің қызметіне қатысты интуитивті әрі бағалау сипатындағы қабылдаулар арқылы көрініс табады.

Ғылыми зерттеулерге шолу жасау барысында негізгі тұжырымдарды салыстыру мен талдауға негізделген әдістер, сондай-ақ түрлі дереккөздерден алынған халықтық лингвистика мысалдарына мәтіндік талдау жүргізу тәсілі пайдаланылды.

«Халықтық лингвистика» ұғымын ғылым айналымына алғаш енгізген ғалым ретінде Н.М. Хенингсвальд аталады. Ол бұл саланың зерттеу нысанын адамдардың тілді қолдану тәжірибесі мен тілдік мінез-құлық жайлы пайымдарының арасындағы алшақтықпен байланыстырады. Ғалымның пайымынша, тілтану тек тілдің құрылымын емес, сонымен қатар адамдардың тілге қатынасы мен оған деген реакциясын зерттеуге бағытталуы қажет. Ол зерттеу аясына тілдік категориялар (мысалы, сөз, сөйлем), тілдік құбылыстар (мысалы, синонимия, омонимия), сондай-ақ сөйлеу актілеріне байланысты тұтынушылардың пікірлері мен тілдік ерекшеліктерді енгізеді. Бұған қоса, ол әлеуметтік сипаттамалар (жас, жыныс) тұрғысынан да сөйлеу ерекшеліктерін қарастыру қажет екенін көрсетеді [159, р. 16].

Халықтық лингвистика аясында сөздің пайда болуын тіл тұтынушыларының түсінігі арқылы зерделеу, яғни халықтық этимологияны қарастырудың негізгі мақсаты – оның астарында жатқан әлеуметтік, мәдени себептер мен салдарларды ашу. Бұл сала тіл иелерінің өз тілдері туралы ойлауына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды айқындауға ұмтылады. Мұндай зерттеулерде американдық тілтанушы Кеннет Пайк енгізген эмикалық (ішкі) әдіс, әсіресе фонематикалық айырмашылықтарды анықтау тәсілі қолданылады. К.Пайктың көзқарасы бойынша, фонемалардың мәндік қызметі тек тілдік айырмашылықтарды емес, сонымен бірге мәдени ерекшеліктерді де сипаттайды [160, р. 154]. Эмикалық тәсіл әлеуметтік топтардың ішкі, субъективті дүниетанымын да ашуға бағытталған.

Халықтық лингвистикалық элементтер кейбір іргелі ғылыми еңбектерде де көрініс табады. Мәселен, В.Алпатовтың [161, с. 8] пайымынша, бұл ұғым Н.Я. Марр еңбектерінде де ұшырасады. Н.Я. Марр тілдердің тарихи эволюциясын ескергенімен, дыбыстық ұқсастықтарға сүйене отырып, сөздің шығу төркінін анықтауда белгісіз сөзді таныс сөзбен ұқсастыру әдісін қолданған тұстары кездеседі.

Халықтық лингвистиканың ішіндегі ең кең таралған және жиі зерттелетін бағыты – халықтық этимология. В.Алпатов бұл құбылысты сипаттай келе, тіл тұтынушыларына тән екі түрлі тәсілді атап өтеді: біріншісі – белгісіз ұғымды белгілі ұғым арқылы ұғындыру. Яғни, адам өз ана тіліндегі немесе басқа тілден енген мағынасы беймәлім сөзді өзіне таныс сөзге ұқсатып, түсіндіруге тырысады. Екіншісі – дыбыстық ұқсастық негізінде сөздің шығу төркінін түсіндіру. Бұл тәсілде сөздердің семантикалық байланысы әрдайым бола бермейді, ал мағына қосалқы рөл атқарады.

Р. Шор [162, с. 112] халықтық лингвистиканың негізінде халықтың күнделікті, прагматикалық ойлау жүйесі жатқанын алға тартады. Мұндай сана

өзге тілден енген беймәлім сөзді қабылдаудан бас тартып, оны таныс элементтермен сәйкестендіріп, нәтижесінде әртүрлі каламбурлар мен пародиялар туындайды. Бұл ұстаным Н.Д. Голев [163, с. 39] редакторлығымен жарық көрген ұжымдық монографияда да дәлелденген. Аталған еңбекте қарапайым лингвистика түрлі деңгейде жан-жақты қарастырылып, оны дербес ғылыми сала ретінде сипаттау көзделген.

Зерттеуге сәйкес, қарапайым лингвистиканың басты зерттеу нысаны – метатілдік сана, ал пәні – осы сананың тілдік бейнесі. Авторлар бұл сананы философиялық және лингвофилософиялық аспектіде зерделей келе, қарапайым лингвистикалық технологияның айқын сипаттарын анықтап, тілдік сана мен метатілдік сананың өзара байланысын ашады. Сонымен бірге тыңдаушы мен сөйлеушінің метатілдік әрекет заңдылықтары сарапталып, жеке және ұжымдық метатілдік тұлғаның үлгісі жасалады. Бұл зерттеуде қарапайым метатілдік сана тіл саясаты мен әлеуметтік өзара ықпалдастықтың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Н.Д. Голев метатілдік сананың болмысын онтологиялық және гносеологиялық феномен ретінде сипаттай отырып, ғылыми және тұрмыстық таным түрлерін өзара қарама-қайшы, бірақ тығыз байланыстағы метатілдік әрекеттер ретінде бағалайды және тұлғаның метатілдік санасының деңгейлік құрылымын ұсынады.

Л.Г. Зубкова бұл метатілдік сананың тарихи эволюциясын саралай келе, ғылыми танымға дейінгі ойлаудың тілді қабылдауда негізгі орын алатынын алға тартады. Оның пікірінше, ғылыми тілдік ойлау қарапайым метатілдік санадан бастау алады. Бұл екі құрылым өз алдына даму әлеуетіне ие және адамның ішкі дамуымен байланысты. Осылайша, метатілдік сананың үшдеңгейлі құрылымы қалыптасады.

Халықтық лингвистикаға қатысты көзқарастар қазақ тіл білімінде де өз көрінісін табуда. Бұл саладағы маңызды бағыттардың бірі – халықтық этимология мәселесі. Аталған мәселе Г.А. Бөрібаева мен Г.Б. Мадиеваның «Топонимдік аңыздар: халықтық этимология мәселесі» атты мақаласында арнайы қарастырылып, ғылыми негізде талданады [164, б. 6].

Халықтық лингвистикадағы атаулардың түсіндірмелерін де дискурстың нәтижесі мен түзілуіне «шикізат» болатын мәтін деп қарастыруға болады. Дискурстық аспектіде алғанда, онимдердің қабылдануы мен түсінілуі – дискурстық үдеріс деп саналады. Дискурсқа қатысушылардың тілші ғалым болуы шарт емес, тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің нақты жағдаяттағы сөз әрекеті – дискурс. Сондықтан халықтық лингвистика мәліметтерін ономастикалық дискурстың дереккөзі ретінде тануға болады деп ойлаймыз. Бірақ халықтық лингвистика мен ономастикалық дискурс бір емес. Олардың айырмашылықтары бар. Оны 23-кестеде ұсындық.

Кесте 23 – Халықтық лингвистика мен ономастикалық дискурс айырмасы

Өлшемі	Халықтық лингвистика	Ономастикалық дискурс
Негізгі пәні	Тілдің халық санасындағы көрінісі, тіл туралы халықтық таным	Атаулар арқылы әлемді тану, атауларды қолдану барысындағы дискурс
Зерттеу нысаны	Халықтың тілге деген көзқарасы, тілдік құбылыстарды түсіндіру тәсілдері	Атау (онимдер), оның мазмұны, қолданысы, мәнмәтіні
Мақсаты	Халықтық тілдік сананың ерекшеліктерін анықтау	Атау жасау мен қолданудағы әлеуметтік-мәдени мағыналарды анықтау

Халықтық этимологияда сөздің шығу төркінін түсіндіруде аңыз, әңгімелерге сүйенеді. Мысалы, Ұлы жүз руының бірі «Шапырашты» атауының шығуы туралы мынадай екі түрлі аңыз бар:

1) Шапырашты – Бәйдібек бидің ортаншы әйелі Зеріптен туған жалғыз ұлы – Жалманбеттің әйелі – Жұпардан туған. Ел ішінде әрі сұлу, биязы мінезіне қарай «Мапырашты», «Мираш» деп атанған ол алғашқы ұлына екі қабат кезінде қайынатасы Бәйдібек терең ұраға (аранға) түсіріп, қыл шылбырмен тұмылдырықтап, тірідей жетелеп, ауыл шетіне алып келе жатқан жолбарысты, алдынан шығып, тізе бүгіп сәлем беріп, сыралғы-сауға сұрап алып, сойғызып, жүрегін шикідей жеп, жерігін қандырған екен. Сөйтіп Жалманбеттің әйелі Жұпар (ел оны «Мапырашты» деп атап кеткен екен) ай-күні толып ұл тапқанда, баланың жолдасы түспей дүние салады да, баланың атын өзінің өтініш аманаты бойынша анасының лақап атына ұйқастырып, «Шапырашты» қояды. Жетім қалған Шапыраштыны Жұпардың енесі Зеріп пен сырласы Сыланды ақ сүтін беріп өсіріпті. 2) Енді бір аңызда бұл есім баланың бір көзі екінші көзімен атысып, шапыраштанып туғандықтан берілген деп баяндалады [165, б. 35].

Осы аңыздар екі атаудың қойылу себебін түсіндіріп тұр. 1) Мапырашты не Мираш аты – лақап ат, шын есімі – Жұпар. Мираш сөзінің түбірі – Мира, ал –ш реңк мәнді (еркелету) жұрнақ, ал ғалым Т. Жанұзақовтың «Қазақ есімдерінің анықтамалығында» бұл есімнің мағынасы – бейбіт, тыныштық өмір дегенді білдіреді. Мәтін мазмұнында Жұпарды әрі сұлу, әрі биязы мінезіне қарай Мираш деп атаған деп көрсетілуі мен сөздікте тіркелген Мира атауының бейбіт, тыныштық өмір деген мағыналары сабақтасады. Ал Мапырашты лақап атауының қойылуында имплицитті мән бар деп ойлаймыз. Қазақ тілінде жапыра-мапыра деген қос сөздің екінші сыңарында мапыра сөзі кездеседі, ол жапыра сөзінің басқы дыбысының алмасуымен қайталанып тұр, бұл қос сөздің мағынасын академик Ә. Қайдар: қалың шөпті адамның, малдың жапырауы ...Екінші бүйрегіне аударыла беріп еді, қалың құрақты жапыра-мапыра жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді (Ә. Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 198) [166, б. 156] деп түсіндіреді. Осыған сүйенсек, мәтіндегі «жолбарыстың жүрегін шикілей жеп жерігін қандырғанын» ескерсек, Мапырашты лақап

атының берілу негізінде жолбарыстың жүрегін шикілей жейтін батылдық, күш жатыр деп ойлаймыз. Сонда Мапырашты сөзін мапыра сөзімен сабақтастықта алсақ, қуатты күшті деген мағынаны білдіреді деп ойлаймыз.

Мәтін мазмұнында Шапырашты атауының қойылуының екі себебі анық аталған: 1) анасының Мапырашты деген лақап атына ұйқастырып қояды. Бұл жерде халықтың қарапайым тілдік санасында атаудың шығу төркінін дыбыстық ұқсастық негізінде түсіндіріп тұр. Бұл жерде сөз семантикасы қосымша рөл атқарып тұр. 2) Баланың бір көзі екінші көзімен атысып, шапыраштанып туғандықтан берілген. Бұл түсіндіру шапыраш сөзінің көздің қисық, қылилығын білдіретін тура мағынасымен сәйкес келеді. Бұл тұста сөз семантикасы алға шығып тұр. Аңғарып отырғанымыздай, шапырашты сөзінің, ру атауының шығуын түсіндіретін аңызда «Мапырашты/Шапырашты» деп дыбыстық ұйқастық та, сыртқы сипатқа қарап ат беру де бар.

«Жалайыр» руының атауының шығуын аңыз былай түсіндіреді: «Құдайберген батыр (Үйсіннің екінші баласы Жансақалдан туған, енді бірде Төле бидің немересі деп те айтылады) ертеде ауылына тосыннан жау тиіп, үйінен қылышын қолына ұстай жүгіре шыққанда қапелімде мінерге аты болмай, желі басында тұрған бір айғырды жүген-ноқтасыз жайдақ мініп, шаба жөнеледі. Жау алдына шыға келгенде арындап келе жатқан айғырдың басын ірікпек болып, кекілін ұстап жұлқа тартып қалғанда, сұрапыл күштің әсерінен жылқының терісі жиырылып, жалы шоқтығына дейін бір-ақ сыпырылып шығады. Осыған байланысты ауылдастары Құдайбергенді «Жал айырған батыр» деп атап кетеді. Бұл сөздер «Жалайыр» болып бір сөзге айналып, кейін ол осы атадан тараған әулеттің жалпы атауына айналып кетіпті-мыс». Ел арасында айтылатын «Жылқының жалын, жауының жағын айырған» деген тіркес те осыдан қалған [165, б. 38]. «Қаңлы» атауы қаңғу оғлы, не қаңғар оғлы деген тайпа атауының өзара бірігіп, ықшамдалуының нәтижесінде қалыптасқан [167, с. 24].

Аңыз мәтінінің мазмұнында Жалайыр есімінің қойылуына Құдайберген батырдың тосыннан жау шапқан кездегі іс-әрекеті мен сол кезде танылған орасан күші негіз болғаны айтылған. «Жал айырған батыр» деп аталып келіп, бұл сөздер «Жалайыр» болып бір сөзге айналып кеткен деген түсіндірмесінде де халықтың қарапайым тілдік санасында атаудың шығу төркінін дыбыстық ұқсастық негізінде түсіндіріп тұр. Алдыңғы атаулардан айырмасы бұл кезде сөздің шығуын негіздеуде олардың дыбысталуы мен семантикалары тең түсетіні байқалып тұр. Жоғарыда талданған этнонимдерге қатысты ойды тұжырымдап, салыстырмалы кесте (24-кесте) ұсынамыз.

Кесте 24 – Халықтық лингвистикадағы этнонимдік атаулардың мифологиялық уәжі

Этноним атауы	Аңыздың мазмұны	Уәж түрі	Символдық мәні
Мираш/ Мапырашты	Жұпар есімді келіншек сұлулығы мен мінезіне сай «Мапырашты»	Әлеуметтік-мифологиялық	Аналық қасиет,

	атанған. Оның құрбандығы мен ана ретіндегі бейнесі халық жадында ерекше орын алады		сұлулық пен құрбандық символы
Шапырашты	Бір нұсқада – анасының Мапырашты деген лақап атына ұйқастырып қойған; екінші нұсқада – көзінің ерекше орналасуына байланысты.	Биологиялық және мифологиялық	Ерекше тектілік, киелілік, ананың құрбандығы
Жалайыр	Құдайберген батыр жау шапқанда желідегі айғырды мініп, оның жалын жұлып алып, «Жал айырған» атанады. Бұл атау кейін этнонимге айналады.	Тарихи-батырлық (әлеуметтік)	Ерлік, еркіндік, батырлық символы

Халықтық лингвистика мәселесінің ғылыми деңгейде мойындалуына қатысты пікірлер әр жақты. Ең алдымен, халықтық лингвистика жеке ғылым саласы бола алмайды деген пікір де, халықтық лингвистика жеке ғылым саласы бола алады деген де пікір бар екенін аңғардық. Халықтық лингвистиканың тіл білімінің жеке саласы деген ғалымдар оның зерттеу нысанына қарапайым метатілдік сана, ал зерттеу пәніне – қарапайым метатілдік сананың лингвистикасы жатады деп негіздейді.

Халықтық лингвистикаға жарыса қолданылатын терминдер бар, осы ғылыми атаулардың біреуін тандап, қолданысқа орнықтыру қажет. Халықтық лингвистиканың халықтық этимологиясы саласы өзгелеріне қарағанда көбірек зерттелген, халықтық диалектология, фонетика, кей зерттеулерде грамматика мәселелері де көтерілген. Қазақ тіл ғылымында, негізінен, халықтық этимология мәселесі көбірек талданған.

Халықтық лингвистика ғылымының зерттелуіне қатысты мәліметтерді талдай отыра, біздің тұжырымымыз мынаған саяды:

1. Халықтық лингвистиканы тіл білімінің жеке саласы сапасында қарау дұрыс, оның дұрыстығы – қарапайым метатілдік сананың тіл туралы жинақтап сақтайтын білімі ғылыми білімнің алғашқы сатысы болып саналады. Халықтық лингвистиканың өзіндік методологиясын зерттеп, зерделеу керек, сол арқылы жалпы «кәсіби емес тілшілердің» тілді танудағы негізгі заңдылықтары анықталады, сол арқылы жалпы тіл туралы түсінік қалыптастыратын тіл табиғаты, соған сай адамның өзі таныла түседі.

2. Халықтық лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны саналатын «қарапайым метатілдік сана» түсінігін жан-жақты зерделеу қажет.

3. Антропонимдерінің халықтың қарапайым санасындағы түсінігін аңыздар мен әңгімелер мазмұны ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайды.

4. Аңыз-әңгіме мәтіндері мазмұнына сүйене отырып Мираш, Мапырашты, Шапырашты, Жалайыр атауларының қойылу себептері мынадай:

1) адам мінезіне қатысты берілген лақап ат (Мираш),

- 2) адамның бойындағы күш-қуатына негізделген ат (Мапырашты),
- 3) дыбыстық ұқсастықпен әрі ат қоюшының өтінішімен берілген ат (Мапырашты/Шапырашты),
- 4) көзінің қисық, қылилығын негізге алып қойылған ат (Шапырашты),
- 5) батырдың күштілігін сипаттаған тіркестің кірігуі (Жал айырған батыр/Жалайыр) [168].

Бұл аңыздардан ананың есімінен этнонимнің уәждеуі, мифтік сюжет (жолбарыстың етін жеу) және ана құрбанының киелілігі анық көрініс тапқан. Екінші нұсқада: нәресте дүниеге келгенде екі көзі бір-бірімен «атысып» шапыраштанып туғандықтан, есімі сол күйінде қалып қойған делінеді. Мұнда да этнонимдік уәж туыстық байланыс пен анатомиялық ерекшелік негізінде қалыптасқан.

«Жалайыр» атауына қатысты аңыздарда этнонимдердің қалыптасуы табиғи, мифологиялық және әлеуметтік уәждермен сабақтасып жатыр. Халықтық лингвистика тұрғысынан бұл түсініктер тілдегі ұлттық жадының бейнесі ретінде маңызды ономастикалық әрі когнитивтік дерек көзі болып саналады.

Аталған этнонимдердің шығу тегі туралы халық аңыздары ономастикалық дискурстың халықтық лингвистикамен сабақтастығын айқын көрсетеді.

2.5 Мифтен трендке дейін: қазіргі есімдердің ономастикалық дискурсы

Ономастикалық дискурста есімдерді жеке адамға берілген атау, сол адамды тану құралы ғана емес, белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи және діни дискурстың элементі ретінде қарастыру керек. Ономастикалық дискурста есімдердің *дискурстық бірлік*, *дискурстық құрал*, *дискурстық рөл* сипаты ажыратылады. Бұл тұрғыдан алғанда, есімдер дискурстық бірлік ретінде жалпы мәнмәтінде қарастырылады. Дискурстық бірлік есімдердің белгілі бір әлеуметтік және мәдени жүйеде тұрақты орын алуын білдіреді. *Дискурстық бірлік* – белгілі бір есімнің коммуникациядағы тұрақты элемент ретінде қызмет етуі. Есімдердің дискурстық құрал сипаты атқаратын мағыналық қызметінен көрініс табады. *Дискурстық құрал* – есімдердің белгілі бір ақпаратты жеткізудегі рөлі. Танымал есімдер қоғамдағы идеологиялық, діни, мәдени үдерістерді көрсететін құрал ретінде қызмет етеді. Есімдердің дискурстық рөлі әлеуметтік рөлдерге әсерінен, соларды қалыптастыруынан көрініс табады. *Дискурстық рөл* – есімдердің қоғамдағы коммуникациялық қызметін сипаттайды. Ономастикалық дискурста есімдер әлеуметтік және мәдени кодтың айнасы тәрізді. *Әлеуметтік және мәдени код* – есімнің белгілі бір қоғамда орныққан мәндік құрылымдары. Есімдерді қазақ қоғамындағы ономастикалық дискурстың негізгі индикаторларынң бірі ретінде қарай отырып, аталған сипаттарды нақты талдау үшін Ұлттық статистика бюросының Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жасаған 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында қойылған танымал есімдер

кестесін пайдаландық. Кесте алынған сайт сілтемесі: <https://stat.gov.kz/instruments/name/>. Бұл кестеде (25-кестені қараңыз) 2020-2025 жылдар аралығында әр жылы қойылған 20 танымал ер бала есімі және 20 танымал қыз бала есімі берілген, барлығы – 204, оның ішінде қайталанатын есімдерді есептемегендегі антропоним санын 56 есім құрайды.

Кесте 25 – 2020-2025 жылдары Қазақстан Республикасында қойылған танымал есімдер

Жыл	№	Ер баланың есімі	Саны	№	Қыз баланың есімі	Саны
1	2	3	4	5	6	7
2020 жыл	1	Алихан	4447	1	Медина	5318
	2	Айсұлтан	3342	2	Айлин	4532
	3	Нұрислам	2906	3	Асылым	4405
	4	Алдияр	2325	4	Айзере	4345
	5	Алинұр	2226	5	Айша	4315
	6	Амир	1914	6	Аяла	4279
	7	Ибраһим	1820	7	Раяна	4130
	8	Санжар	1790	8	Айым	3698
	9	Арсен	1782	9	Айару	3277
	10	Рамазан	1778	10	Томирис	3248
	11	Али	1770	11	Амина	2533
	12	Ерасыл	1745	12	Кәусар	2410
	13	Омар	1702	13	Айкөркем	2213
	14	Мансұр	1565	14	Адина	1928
	15	Ислам	1498	15	Інжу	1858
	16	Муслим	1446	16	Сафия	1848
	17	Мирас	1437	17	Аяна	1749
	18	Расул	1432	18	Мариям	1696
	19	Әлинұр	1326	19	Әмина	1656
	20	Дінмұхаммед	1306	20	Көзайым	1517
2021 жыл	1	Алихан	4408	1	Медина	5964
	2	Айсұлтан	3314	2	Айлин	5199
	3	Нұрислам	3251	3	Асылым	5150
	4	Алдияр	2602	4	Айша	4817
	5	Алинұр	2370	5	Аяла	4120
	6	Омар	2238	6	Раяна	4017
	7	Амир	2034	7	Айзере	4014
	8	Али	1983	8	Томирис	3381
	9	Рамазан	1938	9	Айым	3338
	10	Ибраһим	1907	10	Айару	3222
	11	Арсен	1855	11	Амина	2961
	12	Ерасыл	1826	12	Сафия	2544
	13	Санжар	1706	13	Айкөркем	2426
	14	Муслим	1565	14	Кәусар	2423
	15	Ислам	1543	15	Мариям	2223
	16	Алан	1520	16	Әмина	2095
	17	Мансұр	1499	17	Адина	1887
	18	Мирас	1493	18	Аяна	1778

25 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
2021 жыл	19	Айтөре	1424	19	Інжу	1750
	20	Әміре	1423	20	Ясина	1735
2022 жыл	1	Алихан	3319	1	Медина	6538
	2	Айсұлтан	2291	2	Айша	4286
	3	Омар	2283	3	Айлин	4126
	4	Алдияр	2242	4	Асылым	4035
	5	Нұрислам	1867	5	Томирис	3238
	6	Алан	1828	6	Раяна	2973
	7	Амир	1801	7	Аяла	2849
	8	Алинұр	1657	8	Сафия	2613
	9	Али	1638	9	Айзере	2421
	10	Арсен	1619	10	Айым	2397
	11	Ибраһим	1442	11	Амина	2297
	12	Рамазан	1337	12	Айару	2123
	13	Ислам	1290	13	Кәусар	1908
	14	Мирас	1289	14	Мариям	1880
	15	Мансұр	1268	15	Айкөркем	1797
	16	Муслим	1248	16	Әмина	1552
	17	Дінмұхаммед	1228	17	Ясина	1508
	18	Хамза	1178	18	Адина	1431
	19	Ерасыл	1173	19	Аяна	1422
	20	Заңғар	1127	20	Зере	1367
2023 жыл	1	Алихан	3397	1	Медина	6193
	2	Айсұлтан	2800	2	Асылым	5355
	3	Омар	2778	3	Айша	5263
	4	Алдияр	2477	4	Айлин	4737
	5	Нұрислам	2271	5	Томирис	3524
	6	Амир	2149	6	Раяна	3217
	7	Алан	2135	7	Аяла	2944
	8	Мұхаммед	2030	8	Айым	2905
	9	Хамза	1818	9	Сафия	2714
	10	Али	1800	10	Амина	2397
	11	Арсен	1709	11	Айкөркем	2325
	12	Алинұр	1687	12	Мариям	2314
	13	Мансұр	1543	13	Айзере	2204
	14	Ибраһим	1479	14	Айару	2093
	15	Рамазан	1405	15	Кәусар	2065
	16	Мирас	1382	16	Әмина	1748
	17	Ислам	1372	17	Ясина	1628
	18	Әмір	1276	18	Зере	1555
	19	Санжар	1272	19	Хадиша	1507
	20	Дінмұхаммед	1270	20	Адина	1481
2024 жыл	1	Мұхаммед	3273	1	Медина	4676
	2	Айсұлтан	2611	2	Асылым	4471
	3	Алихан	2280	3	Айлин	4367
	4	Омар	2156	4	Айша	3737

25 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
2024 жыл	5	Алдияр	1993	5	Томирис	2887
	6	Алан	1679	6	Аяла	2637
	7	Нұрислам	1662	7	Айым	2571
	8	Хамза	1576	8	Мариям	2202
	9	Амир	1552	9	Раяна	2137
	10	Дінмұхаммед	1475	10	Сафия	1972
	11	Алинұр	1352	11	Айкөркем	1779
	12	Али	1297	12	Амина	1742
	13	Альтаир	1230	13	Айару	1612
	14	Арсен	1202	14	Ясина	1583
	15	Аансұр	1193	15	Айзере	1575
	16	Айбар	1171	16	Зере	1575
	17	Ислам	1158	17	Хадиша	1562
	18	Мирас	1158	18	Кәусар	1549
	19	Рамазан	1153	19	Адия	1460
	20	Муслим	1061	20	Әмина	1318
2025 жыл	1	Мұхаммед	298	1	Айлин	550
	2	Омар	289	2	Асылым	512
	3	Алихан	281	3	Медина	476
	4	Алдияр	269	4	Айша	398
	5	Айсұлтан	254	5	Аяла	296
	6	Алан	206	6	Мариям	295
	7	Алинұр	173	7	Томирис	292
	8	Айбар	168	8	Айым	268
	9	Хамза	165	9	Сафия	221
	10	Али	156	10	Адия	216
	11	Нұрислам	149	11	Хадиша	203
	12	Альтаир	148	12	Зере	183
	13	Амир	148	13	Амина	177
	14	Дінмұхаммед	137	14	Раяна	176
	15	Муслим	136	15	Хадия	175
	16	Мансұр	129	16	Айару	169
	17	Зейін	128	17	Айзере	162
	18	Ислам	126	18	Айкөркем	159
	19	Арсен	125	19	Жасмин	145
	20	Хақназар	125	20	Ясина	141

Кестеде берілген есімдерді салыстырмалы динамикада талдасақ, 2020-2023 жылдары *Алихан* мен *Медина* есімдері, 2024 жылы *Мұхаммед* пен *Медина*, 2025 жылы *Мұхаммед* пен *Айлин* есімдері жиі қойылған. Томирис, Зере, Сафия секілді тарихи есімдердің танымалдығы артып келетіндігі байқалды. Ер есімдеріне қарағанда, қыз есімдерінің алуан түрлілік деңгейі жоғары. Кестеден аңғарғанымыз, елімізде есімдердің таңдалуында тарихи, діни және заманауи факторлардың үйлесімі бар. Ұлттық есімдер мен жаһандық трендтер бір-бірімен қатар дамып келеді.

Кесетеді берілген есімдерді ономастикалық дискурс тұрғысынан дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени код ретінде қызмет етуі тұрғысынан талдап көрейік. Кестедегі есімдерді талдау Қазақстандық ономастикалық дискурстың бірнеше қабаттан және сәйкесінше дискурстық бірліктен тұратынын аңғартады: 1) *исламдық қабат (исламдық дискурстық бірлік)* – бұл қабатты мұсылманшылық пен діни сенімге негізделген есімдер құрайды. Оларға діни дискурстың тұрақты элементтері ретінде орныққан *Мұхаммед, Омар, Айша, Амина* есімдері кіреді. Бұл аттарды балаға қоюда ата-аналардың діни сенімі негіз болады. 2) *тарихи-ұлттық қабат (қазақ тарихи –мәдени бірлігі)* – бұл қабатқа ұлттық сана мен дәстүрді көрсететін қазақы есімдер, қазақ хандары мен тарихи тұлғаларының есімдері енеді. Мысалы, *Алдияр, Хақназар, Зере* т.с.с. 3) *жаһандық қабат (жаһандық-заманауи дискурстық бірлік)* – батыстық және түрік мәдениетінен енген заманауи шетелдік есімдер. Бұлар ат қоюға жаһандандудың және батыстық мәдениеттің әсерін танытады, ата-аналардың заманауи, космополиттік көзқарастарынан хабар береді. Мысалы, *Айлин, Жасмин, Элиана* т.б.

Есімдердің дискурстық құрал ретіндегі мағыналық қызметтерін *идентификациялық, құндылық бағдар, әлеуметтік мәртебе көрсеткіші* деп жіктеуге болады. Есімнің идентификациялық құрал қызметі – есімнің адамның белгілі бір әлеуметтік топқа немесе мәдениетке жататынын білдіруі. Мысалы, Мұхаммед есімі діни ортаға жататынын, ал Әлихан есімі қазақ зиялылары ортасына тән екенін көрсетеді. Құндылықтық бағдар қызметіне қарай діни есімдер – исламдық құндылықтарды ұстанатын отбасылардың таңдауы, тарихи есімдер – ұлттық сана-сезімді күшейту мақсатында беріледі. Есімдердің ономастикалық дискурс құралы қызметі олардың қоғамда белгілі бір идеологияны тарататынымен анықталады.

Есімдердің дискурстық құрал ретіндегі мағыналық қызметтерін *символдық және риторикалық* деп екіге топтастыруға болады. Символдық мәні *діни* (Мұхаммед, Айша, Омар), *тарихи* (Томирис, Хақназар), *қазіргі заман бейнесін* (Айлин, Жасмин) танытуды көздейді. Қазіргі заман бейнесін символдауды *жаңа трендке бейімделу* деп атаса да болады. Риторикалық құрал қызметін есімдер арқылы қоғамда белгілі бір идеология таратылатынымен сабақтастырып түсіндіруге болады. Мысалы, Мұхаммед – «жақсы мұсылман болсын» деген тілек, Хақназар – «әділ билеуші болсын» деген мағынаны, тілекті білдіреді, Айлин – «қазіргі заманға сай, сәнді есім» деп қабылданады.

Есімдер қалыптастыратын әлеуметтік рөлдерді *әлеуметтік мәртебе, гендерлік рөл* деп бөлуге болады. Есімнің ономастикалық дискурстағы әлеуметтік мәртебесін оның әлеуметтік топтарда қабылдануы мен қойылуымен анықтаймыз. Мысалы, діни есімді иеленген бала діни ортада оң қабылданса, зайырлы қоғамда ол кейде дәстүршілдік символы ретінде көрінуі де мүмкін. Томирис есімді қыз бала батыр, ержүрек, елін жаудан қорғаушы есімінің жауапкершілігін сезінуі негізінде ұлттық сана сезімнің жоғары деңгейін

білдіруі мүмкін. Айлин не Элиана есімдері батыс мәдениетіне бейімделу үрдісін байқатады. Есімдердің ономастикалық дискурстағы *гендерлік рөлін* қыз есімдерінің нәзіктік пен сұлулыққа бағытталып қойылуы (Ару), ал ұл есімдерінің күш пен билікті білдіретін есім беруімен түсіндіруге болады (Хақназар, Темірлан т.с.с.).

Есімдердің ұлттық, діни және жаһандық сәйкестікті бейнелеуі олардың мәдени және әлеуметтік код қызметін атқаратынын көрсетеді. Исламдық қабатқа енетін есімдер діни код, өйткені олар мұсылмандық құндылықтарды мазмұнында жинақтап, тасымалдаса, тарихи-ұлттық қабатқа кіретін есімдер тарихи сананы бейнелеп, сақтап, тасымалдайды, қоғамда қазақ мәдениетін сақтаудың символы болады, жаһандық қабатқа енетін есімдер жаһандану үдерісін көрсетеді, сонымен бірге әлеуметтік ортаға (мысалы, батыс мәдениетіне) сәйкестенуге деген ұмтылысты білдіреді.

Кестедегі танымал есімдерді қазақтың төл есімдері мен кірме есімдердің арақатынасына нақты талдасақ:

1. *Қазақтың төл есімдері*. Бұл топқа қазақтың дәстүрлі есімдері немесе түркілік негізі бар есімдер жатады. *Ер балалар есімдері*: Алдияр (түркілік «ал» – даңқты, «дияр» – ел), Ерасыл (Ер + Асыл), Айбар (батылдық мағынасы), Хақназар (тарихи қазақ ханының есімі), Зейін (назар, ойлылық мағынасында қолданылатын төл сөз). *Қыз балалар есімдері*: Айзере (Ай + Зере – жарық, айдай сұлу), Зере (Абайдың әжесінің аты, қазақы есім), Айару (Ай + Ару), Айкөркем (Ай + Көркем), Көзайым (сүйікті, қуаныш әкелетін адам) т.с.с. Қазақтың төл есімдері дәстүрлі сипатқа ие, көбінесе табиғат құбылыстары мен мағыналы сөздерден жасалады.

2. *Кірме есімдер*. Кірме есімдер негізінен араб, парсы және еуропалық дәстүрлерден енген. *Араб-парсы есімдері*: Мұхаммед, Омар, Әли, Ибраһим, Ислам, Дінмұхаммед, Амир, Рамазан, Хамза, Муслим, Айша, Амина, Сафия, Раяна, Мариям, Медина, Хадиша, Ясина. Бұл есімдер Қазақстанда ислам діні таралғаннан кейін белсенді қолданыла бастаған. Діни мағынасы бар болғандықтан, мұсылман отбасыларында жиі қойылады. *Еуропалық және заманауи есімдер*: Айлин (ағылшын және түрік тілдерінде кездеседі, бірақ қазақтар арасында танымал), Альтаир (араб және еуропалық мәдениетте бар, жұлдыз аты), Жасмин (француз, араб есімі, бірақ Қазақстанда таралып жатыр)

Танымал 20 есіммен есептегенде ер балаларға қойылатын есімдердің 60-70% араб-парсы және исламдық есімдер, 30-40% қазақша немесе түркілік есімдер. Қыз балалар есімі бойынша: 50-60% араб-парсы, 40-50% қазақи есімдер. Қазақ ұлдарына көбінесе исламдық есімдер қойылғаны, ал қыздар арасында қазақша есімдер көбірек сақталғаны анықталды. Оның себептерін былайша пайымдаймыз: 1) *діннің ықпалы*. Ислам мәдениетінің Қазақстандағы орны үлкен. Ата-аналар діни сенімдеріне байланысты ұлдарына Мұхаммед, Омар, Әли, Айша, Амина сияқты пайғамбар мен оның жақындарының есімдерін қояды. 2) *Тарихи-мәдени сана*. Қазақтың дәстүрлі есімдері мен тарихи тұлғаларына деген құрмет (Томирис, Хақназар, Зере) есім таңдауда көрініс табады. 3) *Жаһандану және заманауи трендтер*. Кейбір ата-аналар жаңа,

ерекше есімдерді таңдауға тырысады. Бұл әсіресе қыз есімдерінде байқалады (Айлин, Жасмин, Альтаир). 4) *Тілдік өзгерістер және фонетикалық ұнамдылық (дыбысталуының әдемі көрінуі)*. Көптеген ата-аналар есімнің әдемілігі мен жеңіл айтылуын маңызды деп санайды. Сондықтан Айлин, Медина, Асылым, Амир сияқты есімдер танымал болып тұр.

Есімдерді дискурстық аспектіде талдау ат қоюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқанын білдіреді. Діни қабаттағы есімдердің көп қойылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсетеді. Ат қоюда, балаға есім таңдауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді таңдауды насихаттау қажеттігі аңғарылады. Қазақы есімдерді дәріптеу және ұлттық есімдерге басымдық беру қажет деп ойлаймыз.


Қазақстандағы танымал есімдер қоғамдағы діни, ұлттық және жаһандық дискурстардың тоғысуын көрсетеді. Дискурстық талдау арқылы бұл есімдер тек атау ғана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың көрінісі екенін байқауға болады.

Қазіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны – 100. Сауалнама Google форматта алынды. Сұрақтарға берілетін жауап ашық формада болды. Сауалнаманың мазмұнында 7 сұрақ берілді. 1-сұрақ: Сізге төмендегі атаулардың қайсысы таныс, соны белгілеңіз және ол туралы мәлімет жазыңыз. 2-сұрақ: Өзіңізге таныс атау Сізге қандай эмоция (жағымды, жағымсыз, бейтарап) туғызады, себебін түсіндіріңіз. Атаулар тізімі ұсынылды. Берілген есімдердің мағынасы нені білдіреді деп ойлайсыз? Есімдер тізімі ұсынылды. 2-сұрақтың мақсаты – адамның белгілі есімдерге эмоционалдық және семантикалық реакциясын анықтау. Сол арқылы респондент жауаптарынан тілдік сана мен мәдени кодтарды, ұлттық таным мен тарихи сана көрінісін анықтау. 3-сұрақ: Берілген кісі есімдері ішінен сізге қайсысы ұнайды/ұнамайды, себебін көрсетіңіз? 4-сұрақ: Адам есімімен оның тағдыры байланысты болады дегенге пікіріңіз қандай? Өз пікіріңізді мысалмен түсіндіруге тырысыңыз. 5-сұрақ: Қазіргі заманауи есімдерден сізге қандай есім ұнайды, себебін көрсетіңіз. 6-сұрақ: Қазіргі заманауи есімдерден сізге қандай есім ұнамайды, себебін көрсетіңіз. 7-сұрақ: «Азан шақырып ат қою» тіркесінің мағынасын қалай түсінесіз?

1-сауал респонденттердің белгілі бір топонимдер мен гидронимдерге (жер-су атаулары) деген танымдық деңгейін, мәдени ассоциацияларын және олар туралы лингвомәдени/этномәдени білімін анықтауды көздеді. 1-сұраққа берілген жауаптарда респонденттер өздеріне таныс есімдерді белгіледі. Оның нәтижесі диаграммада берілді (5-сурет).

1. Сізге төмендегі атаулардың қайсысы таныс, соны белгілеңіз және ол туралы мәлімет жазыңыз.

87 ответов




Сурет 5 – сұраққа берілген жауаптар диаграммасы

Респонденттердің 97,7% *Ақтөбені* көрсеткен, оның себебі, қатысушылардың негізінен, осы қала тұрғындары болуымен және бұл аймақтың ірі облыс орталығы екендігімен, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде танымалдылығымен байланысты деп ойлаймыз. *Ырғыз*, *Жайық* атауларын респонденттердің 49,4%-ы, *Қазығұрт* атауын – 33,3%, *Бесоба* атауын – 29,9%, *Кентау* – 28,7% - ы құрайды, бұл кең танымалдылыққа ие, тарихи-мәдени маңызы бар атаулар. *Тайсойған*, *Донғызтау*, *Аққұдық*, *Терісаққан* атауларының танымалдылығы орташа деңгейде – 10–20%. Респонденттерге *Жыланбұғаз* атауы мүлдем таныс емес болса, *Кеңестөбе*, *Жетімшоқы*, *Азғыр* атауларын тек 1-2 респонденттер біледі. Респонденттер кейбір атаулар туралы қосымша пікірлер жазған: *Ақтөбе – менің қазіргі тұрып жатқан қалам* (жеке тәжірибеге негізделген), *Бесоба қорымы* (тарихи-археологиялық байланыс), *Ақтөбе*, *Ырғыз*, *Қазығұрт* – *тарихи, әдеби атаулар* (мәдени сана), *Жер-су атауларының көпшілігі маған бейтаныс* (метатану көрінісі). Бұл жауаптар респонденттердің географиялық, тарихи-мәдени таным деңгейін аңғартады әрі атаудың танылуының ақпараттық ортада көріну жиілігіне, тарихпен байланысына және жеке тәжірибесіне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Бұл жауаптар ономастикалық дискурста ұлттық жадты сақтау, атау семантикасын жаңғырту және аймақтық ономастикаға қызығушылықты арттыру қажет екенін аңғартты.

2-сұрақ адамның есімге байланысты эмоциялық реакциясын сұрай отырып, есімдердің мағынасына қатысты субъективті пайымын анықтауға бағытталды. Дискурстық тұрғыдан бұл сұрақ мәдени және тарихи жадты қозғайды, адамның тілдік және әлеуметтік тәжірибесін саралауға мүмкіндік береді, индивидуалды және ұжымдық сана арасындағы байланысты ашуға жағдай жасайды. Берілген есімдер сипаты: ұлттық батырлар мен тарихи тұлғалар (Әлихан, Қорқыт, Нұх, Әбілмансұр), рулық-тайпалық атаулар (Адай, Жалайыр, Шапырашты, Қаңлы), діни есімдер (Омар, Дінмұхаммед, Құдайберді), мифологиялық және символдық мағынадағы аттар (Күнту, Төрткен, Жансақал).

Респонденттер жауаптарын үш негізгі мағыналық өріске бөлуге болады: 1) *рулық-этникалық сәйкестік*: «Адай», «Шапырашты», «Жалайыр», «Қаңлы», «Кердері», «Төртқара» секілді атаулар ру-тайпа атаулары ретінде жиі айтылып, олардың батырлық, ерлік, тарихи орны жоғары бағаланып, мақтаныш сезімін тудырған. 2) *Тарихи тұлғалар*: «Әлихан», «Әбілмансұр», «Қорқыт», «Дінмұхаммед», «Нұх», «Санжар» секілді есімдер қазақ тарихындағы және дінде маңызды орын алған тұлғалар ретінде жағымды эмоция туғызған. 3) *Заманауи символдар*: «Димаш» есімі бүгінгі Қазақстанның танымал символына айналып, мақтаныш, қуаныш, сенім сынды жағымды эмоцияларды тудырған. Респонденттердің эмоциялық бағалау дискурсы: респонденттердің жауаптарында эмоциялық реңк айқын: 1) *жағымды эмоциялар* – респонденттердің көпшілігі атауларды мақтаныш, рух, тарихи таным, отбасы естелігімен байланыстырған. Мысалы, «Адай – руым», «Әлихан – ұлымның есімі», «Димаш – ел мақтанышы». 2) *Бейтарап эмоциялар* – тарихи немесе діни есімдерге құрметпен қарағанымен, жеке қатысы болмаған жағдайда эмоциялық бейтараптық танытылған. 3) *Жағымсыз эмоциялар* – өте сирек, көбіне түсініксіз немесе заманауи тұрғыда қолданылмайтын атауларға қатысты байқалған (мысалы, «Күнту заманнан тыс»). Есімдер мен атауларға берілген эмоциялық бағалар диаграммасы 6-суретте берілді.



Сурет 6 – Есімдер мен атауларға берілген эмоциялық бағалар

Респонденттер жауаптарындағы дискурстық стратегиялар: 1) *меншіктеу (персонализация)*: Көптеген респонденттер өз өмірінен мысал келтіріп, атауларды жеке тәжірибемен байланыстырған («*атамның інісі Құдайберген*», «*баламның аты Әлихан*»); 2) *салыстыру мен түсіндіру*: Бірқатар жауапта тарихи мағына немесе діни мәні түсіндіріліп, салыстырмалы түрде бағалау жүргізілген; 3) *ұлттық-мәдени ұстаным*: атаулардың ұлттық болмыспен байланысы респонденттер үшін құндылық көзі ретінде көрінген. Ру атауларын сыйлау, батырлық пен ерлікке байланыстыру жиі кездеседі.

Респонденттер жауаптарының лингвистикалық ерекшеліктері мынандай: 1) эмоциялық-экспрессивтік сөздер жиі кездеседі: *рухтанамын, мақтаным, жағымды, ерекше әсер, естелік, батырлық символы* т.б. 2) мәтіндерде атау мен мағына байланысын түсіндіру мақсатында *түсіндіру модальділігі* кең қолданылған, 3) атаулар туралы білімін дәлелдеу үшін мәліметтік дискурс элементтері – тарихи дерек, этимология, аңыз қосылған. Бұл сұраққа берілген жауаптар респонденттердің атауға қатысты эмоциялық, мәдени және танымдық көзқарастарын бейнелейді. Көпшілік үшін атау – тек есім ғана емес, ол – мәдени код, ұлттық сана және жеке естелік көзі. Бұл дискурс ұлттық бірегейлік пен тарихи жадыны сақтау жолындағы маңызды құрал екенін көрсетеді. Бұл есімдер адам санасында әртүрлі деңгейде эмоциялық әсер тудыратынын, оның себебі олардың ұлттық тарихи жад, ата-баба мәдениеті және дінмен тығыз байланысты болуында болып отыр.

3-сұрақ респонденттердің есімдерге қатысты жеке қабылдауын, мәдени және этникалық сәйкестілігін, сондай-ақ есімдерге байланысты танымдық құрылымдарын анықтауға бағытталған. Атап айтқанда: есімдердің лингвомәдени мәнін ұғыну (тарихи тұлға, діни кейіпкер, ру атауы, мағыналық жүктеме), эмоционалды және эстетикалық қабылдауды зерделеу (құлаққа жағымды, жағымсыз), жеке тұлғалық не әлеуметтік сәйкестікпен байланысын анықтау (ата-руы, туған жері, танымал тұлға), есімнің дискурстық қызметін (идентификация, символдық мән, репрезентация) талдау. Респонденттер жауаптарын талдауда мына мәселелер анықталды: респонденттер берілген есімдер мен атауларды лингвомәдени код пен тарихи сана ретінде қабылдайтыны анықталды, бұл ойымызды респонденттердің Дінмұхаммед, Әбілмансұр, Әлихан, Қорқыт сынды есімдерге оң көзқарас білдіруі мен оларды тарихи тұлғалар деп түсінуінен, аталған есімдердің ұлттық санада символдық мәнге ие болуынан көреміз: респонденттер жауаптарынан мына мысалдар осы ойды дәйектейді: *Дінмұхаммед Қонаев атамыз, Әбілмансұр – Абылай ханның шын аты, Әлихан Бөкейхан – қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға т.с.с.* Нұх, Омар, Дінмұхаммед исламдық мәдениеттен шыққан есімдерді респонденттер рухани, адамгершілік қасиеттермен байланыстырады: *Нұх пайғамбар есімі, Құдайберген – Құдайдың берген сыйы т.с.с.* Респонденттер жауаптары *Димаш* есімінің танымалдылығын қазіргі қазақ мәдениетінің жаһандық белгілілігімен байланыстырады: *Димаш – әлемге танымал әнші, қазақ халқын бүкіл дүние жүзіне танытқан жерлесіміз.* Респонденттер жауаптарынан рулық сана немесе этноидентификациялық дискурс сипаты

аңғарылады, *Адай, Төртқара, Шапырашты, Қаңлы, Жалайыр* сияқты этнонимдік есімдер ру, тайпа атауларымен байланысты. Кейбіреулер үшін бұл есімдер рух берсе, басқалар үшін адамға қоюға ыңғайсыз деп есептеледі: *Адай себебі мен сол рудың тумасымын, Шапырашты, Қаңлы балаға қою дұрыс емес* т.с.с. Респонденттер жауаптарынан олардың когнитивтік және ассоциативтік қабылдауы да анық аңғарылады. Мысалы, *Төрткен, Жансақал* сынды есімдерге қатысты жағымсыз пікірлер олардың фонетикалық құрылымына, мағынасына немесе мәнмәтіндік (контекстуалдық) ассоциациясына байланысты берілгені аңғарылады: *Төрт кемпір, үш шал – қолайсыздау, Жансақал – жағымсыз естіледі* т.с.с. Респонденттер есімдердің құлаққа жағымды естілуі, айтуға оңай болуы сияқты прагматикалық факторларды да атаған: *Омар – жаттау оңай, Әлихан, Димаи – құлаққа жағымды т.с.с.* Респонденттер жауабында олардың жеке тәжірибесі мен сол есімнің өзінің туысының атауы болу, туыстық жақындығының эмоциялық әсері де байқалды: *Құдайберген – атамның аты, Қорқыт – оқыған университетім т.с.с.* Бұл жауаптар респонденттердің адам есімін тарихи-мәдени мәнмәтінде, діни дискурс шеңберінде, ұлттық-этностық сәйкестік негізінде, жеке тәжірибе мен эмоциялық қатынас арқылы қабылдайтыны мен бағалайтынын көрсетті.

Респонденттер жауаптарының лингвистикалық ерекшеліктерін талдасақ: 1) бағалауыштық сөздер мен эмоционалды-экспрессивті тіркестер көп кездеседі: *жағымды естіледі, құлаққа жағымды, мағынасы ұнайды, ерекше рух береді, таңқалдырады, жарасымды, жағымсыз естіледі, біртүрлі атау, түсініксіз ат, жақсы көргендіктен*, 2) метафоралық қолданыс және ассоциациялық сипаттау кездеседі: *Жансақал – жағымсыз естіледі, рух береді, құтқарылу ұғымдарымен байланысты», 3) өз пікірлерін семантикалық, мәдени және символдық негізде дәлелдеуде жалғаулықтар мен қыстырма бірліктерді қолданған: себебі..., өйткені..., менің ойымша..., деген мағынада..., яғни..., 4) ұлттық-мәдени танымды білдіретін тіркестер: Адай – менің руым, Төрткен – төрт кемпір, үш шал, Үлкенді құрмет тұту – санамызға сіңген т.с.с. 5) жауаптардың құрылымдық-синтаксистік ерекшеліктері: эллипсистенген, екі құранды сөйлемдермен берілген: Адай – руым (толық нұсқасы былай болады: Адай есімі ұнайды, себебі ол – менің руым) т.с.с., жауаптар диалогтік сөйлеу стиліне жақын: білмеймін, қалыпты қараймын, ұнамайды деген есім жоқ т.с.с.*

Ономастикалық дискурс негізінде респонденттер жауаптарының лингвистикалық ерекшеліктерін 26-кестемен жинақтап ұсындық.

Кесте 26 – Респонденттер жауаптарының лингвистикалық ерекшеліктері (ономастикалық дискурс негізінде)

Ерекшелігі	Мазмұны	Мысал	Сипаты
1	2	3	4
Бағалауыштық лексика	Эмоцияны, қабылдауды білдіретін сөздер	ұнайды, ұнамайды, құлаққа жағымды, біртүрлі атау, жағымсыз естіледі.	Эмоционалды реңкті білдіреді, субъективті пікір

1	2	3	4
Түсіндірмелі конструкциялар	Себеп-салдарды білдіретін құрылымдар	Себебі..., өйткені..., яғни..., менің ойымша...	Пікірді негіздеу мақсатында қолданылған
Ұлттық-мәдени кодтар	Рулық, діни, тарихи ұғымдар	руым Адай, Нұх пайғамбар, Дінмұхаммед Қонаев, Абылай хан – Әбілмансұр	Ономастикалық есімдердің мәдени мазмұны көрінеді
Синтаксистік құрылымдар	Қысқа, эллипстік сөйлемдер, ауызекі стиль	Адай – руым. Білмеймін. Ұнамайтын есім жоқ. Қалыпты қараймын.	Жазбаша емес, ауызекі тіл нормалары
Фонетикалық қабылдау	Есімдердің дыбыстық жағынан бағалануы	кұлаққа жағымды, жағымсыз естіледі, естілуі ұнамайды	Есту арқылы қабылдау – есімнің фонематикалық жағы
Тұлғалық-символдық дискурс	Тарихи, танымал тұлғалар арқылы бағалау	Димаш – әнші, Дінмұхаммед – Қонаев, Нұх – пайғамбар, Қорқыт – ойшыл	Есім тұлғамен ассоциацияланады, таным қалыптасады

Респонденттер жауаптарының барлығында дерлік *Дінмұхаммед, Адай, Әлихан, Димаш* есімдері ең жиі қайталанған. Бұл есімдердің дискурста танымдылығының жоғарылығын байқатады. Ал *Жансақал, Төрткен, Төртқара* сияқты есімдер есту, мағына, әлеуметтік стереотип тұрғысынан жағымсыз бағаланған, бұл есімдерге негативті коннотация берілген.

4-сауал респонденттердің есім мен тағдыр арасындағы байланысты қалай қабылдайтынын, есімге қандай мағына, мәдени жүктеме артатынын, сондай-ақ жеке тәжірибе мен ұлттық танымдағы стереотиптерді ашуға бағытталды. Оның жауаптарын талдау мынадай мәселелерді тануға мүмкіндік берді: 1) респонденттер жауаптарын бірнеше дискурстық бағытқа бөліп көрсетуге болады: *жеке тәжірибеге негізделген* (менің есімім..., інімнің аты...), *ғылыми-рационалды пікірлер* (мысалы, «есім мен тағдыр арасында ғылыми дәлел жоқ»), *психологиялық және философиялық тұжырымдар* («сөз – энергия», «есім өзін-өзі қабылдауға әсер етеді»), *ұлттық-мәдени мәнмәтінде талдау* (есім – тілек, ырым, болмысқа әсер етуші құрал ретінде). 2) лингвистикалық тұрғыдан респонденттер жауаптары бір сөзді сөйлемдерден (*жоқ..., келіспеймін...*) бастап, себеп-салдарлы құрмалас сөйлемдерге дейін қолданылған. Бұл сауал жауаптары арқылы есімнің ономастикалық дискурс шеңберінде мәдени-когнитивтік жүктемесін, респонденттер дүниетанымындағы символдық рөлін,


жеке және әлеуметтік деңгейде қалай қабылдайтынын тануға болады. Негізгі нәтижелерді 27-кестеге жинақтап ұсындық.

Кесте 27 – Есім мен тағдыр арасындағы байланысты ономастикалық дискурс аспектісінде талдау (респонденттер жауаптары негізінде)

Респонденттер жауаптарының үлгісі	Дискурстық бағыт	Лингвистикалық ерекшелігі	Танымдық-мәдени аспект
Иә, бұл пікірмен келісемін. Мысалы менің есімім Мерей...	Жеке тәжірибеге сүйену	Нақты мысал, себеп-салдар құрылымы	Қазақы танымда есімге тілек жүктеу
Есімімен тағдыры байланысты дегенге сенбеймін...	Рационал-прагматикалық	Жоққа шығару, логикалық дәлел	Тағдыр алдын ала белгіленбейді деген түсінік
Адамның есімі оның өміріне жанама түрде әсер етуі мүмкін...	Психолингвистикалық көзқарас	Нормативті стиль, күрделі сөйлемдер	Есім – өзін-өзі қабылдауға әсер етуші құрал
Білмеймін / Пікір жоқ / Жоқ	Бейтарап, анық емес	Қысқа, эмоциясыз	Қалыптаспаған көзқарас
Қазақ халқында есім қою үлкен мәнге ие...	Ұлттық-мәдени таным	Мақал, мысал келтіру	Есімге тілек пен ырым арнау
Мысалы, інімнің аты Аманкелді...	Символикалық-метафоралық	Символдық байланыс	Атау мен өмірлік оқиғаны сәйкестендіру
Сөз – энергия. Күнде қайталанатындықтан магияға ие...	Лингвофилософиялық бағыт	Метафора, сенім	Тылсымдық түсінік, сөздің күші
Қазіргі таңда атақты есімдер энергетикасы ауыр...	Рухани-мистикалық	Түсіндірмелі баяндау	Рух ұғымы, тарихи-діни есімдер
Психологиялық тұрғыдан...	Ғылыми-аналитикалық	Абстрактылы терминдер	Қазіргі лингвистикалық парадигмаға сай
Жандос – «Жан» мен «Дос»...	Этимологиялық	Морфемалық талдау	Екі құрамды есімдердің мағынасы

Сауалнама жауаптарын пайыздық үлесі бойынша талдап, 7-суретте диаграммаға түсіріп ұсындық. Бұл талдау респонденттердің жауаптарындағы басым дискурстық бағдарларды анықтауға мүмкіндік береді: жеке тәжірибеге негізделген жауаптар (32%) – респондент өз есімі немесе таныстарының есімі арқылы тағдырға әсер ететінін мысалмен келтірген. 2) Ғылыми-рационалды көзқарастар (18%) – есім мен тағдыр байланысын ғылыми негізсіз, кездейсоқ

немесе мәдени құбылыс ретінде сипаттаған. 3) Психологиялық-философиялық тұрғы (16%) – адамның өзін-өзі қабылдауы, қоғамдағы орны, сөздің энергиясы, есімнің мағынасы туралы ойлар. 4) Ұлттық-мәдени бағыт (14%) – қазақ халқының есім қою дәстүрі, ырым, наным-сенімдерге байланысты пікірлер. 5) Символикалық-метафоралық стиль (8%) – есімдерді белгілі бейнелермен байланыстыру, рух, магия, тарихи есімдердің ауыр энергетикасы туралы жауаптар. 6) Бейтарап немесе анық емес жауаптар (12%) – «білмеймін», «пикир жоқ», «сенбеймін», «ия», «жоқ» т.б. нақты талдау берілмеген жауаптар.



Сурет 7 – Ономастикалық дискурстағы сауалнама жауаптарының пайыздық үлесі

5-сауалдың респонденттердің есімге қатысты бағалау жүйесін (дүниетаным, талғам, эмоция), заманауи есімдердің қабылдану деңгейін, мотивациясын, танымдық негізін, есім таңдаудағы әлеуметтік, мәдени, діни, тілдік факторларды анықтауды көздеді. Жауаптарын талдау мына жайттарды анықтауға мүмкіндік берді: 1) Респонденттердің бір тобы есімнің мағынасын басты өлшем ретінде алады. Мысалы: «Алан – еркін», «Қайсар – мінезді», «Томирис – батыр» деген жауаптар. Бұл когнитивтік ономастиканың негізін құрайтын танымдық қабатты сипаттайды. Мұнда есім тек атау емес, символдық мәнге ие мәдени код ретінде көрініс табады. 2) Кейбір респонденттер есімнің дыбыстық әуезділігі, нәзіктігі, ерекше естілуі секілді эмоционалды өлшемдерге сүйенеді: «Айлин – нәзік естіледі», «Аделья – ерекше», «Анелъя – әдемі естіледі». Бұл – есімдердің сезімдік қабылдану формасы, яғни тілдің эмоциялық қызметін айғақтайды. 3) Есім таңдауда қазақы дәстүр мен тілдік колориттің сақталуы да маңызды орын алады: «Маған қазақы есімдер ұнайды», «Бақдәулет, Асылым – қазақы мағыналы», «Жалғас – жалғастық символы». Бұл жауаптар ұлттық болмысты сақтауға деген ұмтылысты, дәстүрлі дүниетанымның әлеуметтегі орнын көрсетеді. 4) Мұсылман есімдерін ұнататындар да жиі кездеседі: Мұхаммед, Хадиса, Абдул-Азим, Имран. Бұл –

ислам мәдениетінің ономастикалық дискурста ықпалын білдіреді. Діни мағынасы бар есімдер – қоғамдағы рухани бағдар мен діни танымның көрсеткіші. 5. Жаһандық мәдени дискурс. Кейбір есімдер – *Белла, Жасмин, Саманта* т.с.с. – батыс мәдениетінің ықпалында пайда болған. 6. Тілдік тенденциялар мен жаңа есімдер: *Айлин, Анелья, Лиана, Ралина* тәрізді есімдер – фонетикалық жағынан қысқа, айтуға ыңғайлы, әуезді. Бұл – жаңа тілдік сән, қазіргі есімдерге қойылатын талаптың өзгеруін аңғартады.

6-сауал респонденттердің есімге деген жағымсыз қабылдауын, эстетикалық, мағыналық және мәдени талаптарын анықтауға бағытталған. Жауаптарды былайша топтастыруға болады: 1) Мағынасыздық пен түсініксіздікке қарсылық. Мысалдар: «*Мағынасы жоқ*», «*Аяна, Саяна, Даяна – мағынасы белгісіз*», «*ЭКСПО*», «*Беллуччи*», «*Марсель*». Бұл жауаптар мағыналық (семантикалық) талаптың басты орын алатынын көрсетеді. Есімнің фонетикалық немесе сыртқы әдемілігіне емес, ішкі мазмұнына, ұлттық мағынасына мән беру дискурсы басым. 2) Шетелдік, кірме, еуропаланған есімдерге қарсылық. Мысалдар: «*Милана, Давид, Эмилия*», «*Алина, София, Альберт*», «*Элизабет*», «*Алишер*», «*Марлен*», «*Айшара*», «*Медина емес Мәдина*». Бұл жауаптар тілдік және мәдени ассимиляциядан қауіптенуді білдіреді. Мұнда ұлттық болмысты сақтау, қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай есімдерді ұстану бағыты көрінеді. Бұл – ұлттық лингвомәдени дискурс. 3) Өте жиі кездесетін есімдерге наразылық. Мысалдар: «*Арман, Әмір, Нұрбол, Диас*», «*қазір көп кездесетін есімдер*», «*ерекшелігін жоғалтты*», «*Аружан – өте көп қолданылатын есім*», «*банальный есімдер*». Бұл жерде респонденттер даралық пен бірегейлікті жоғалтуға қарсылық білдіреді. Есім – жеке тұлғалық бренд ретінде қабылданады. Мұнда әлеуметтік-прагматикалық дискурс басым. 4) Гендерлік кодқа қарсы көзқарастар. Мысалдар: «*Ұлболсын*», «*Қызболсын*», «*Ұлмекен*», «*Ұлдай*», «*қызға қойылған, бірақ ұлдан басталатын есімдер*». Бұл жауаптар есімдегі гендерлік сәйкессіздікті айғақтайды. Есім – гендерлік рөлдерді реттеуші дискурстық құрал екенін көрсетеді. Респонденттер бұл арқылы қыз баланың тағдырына әсер етуі мүмкін деген аландаушылықты білдіреді. 5) Эстетикалық-фонетикалық себептер. Мысалдар: «*Айтуға қиын*», «*ыңғайсыздық тудырады*», «*жараспайды*», «*үндестік жоқ*», «*атауға сай келмейді*». Бұл респонденттер үшін есімнің естілім жағынан сәттілігі, дыбыстық үйлесімі маңызды. Яғни, есімге деген эстетикалық қабылдау – фонетикалық дискурс шеңберінде талданады. 6) Ауыр, негативті эмоция тудыратын есімдер. Мысалдар: «*Жаманқұл*», «*Зарлық, Қайғы, Қорқыт*», «*Сағыныш, Үміт – ауыр есімдер*», «*Бекертуған – баланың көңіліне келеді*». Бұл есімдер эмоциялық баға мен психологиялық әсерге ие. Есімнің семантикасы респонденттің көңіл-күйіне, қабылдауына тікелей ықпал ететіні байқалады. Бұл – эмоциялық-экспрессивтік дискурс. Бұл сауал ономастикалық дискурста қоғамдық бағалау мен лингвомәдени норма арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде қазіргі қоғамда есімге қойылатын талаптар жүйесі, тілдік тазалық пен ұлттық сәйкестікке ұмтылыс, жаһандану мен дәстүр арақатынасы,

гендерлік сана мен тұлғалық ерекшелікке қатысты көзқарастар анықталды. Осы негізде ономастикалық дискурс адамның есімі арқылы өзін, ұлтын, мәдениетін тануы мен қорғауының құралы екенін дәйектеуге болады.

7-сауал респонденттің діни дәстүрге, әсіресе исламдық ат қою рәсіміне қатысты лингвомәдени, діни және когнитивтік түсінігін анықтауды көздеді. Бұл сұрақ ономастикалық дискурстағы есім беру үдерісінің тек тілдік қана емес, дүниетанымдық, дәстүрлік және рухани аспектілерін зерттеуге бағытталды. Сонымен қатар, «азан шақырып ат қою» тіркесінің қоғамда қалай қабылданатыны, оның мағынасы қаншалықты кеңінен танылып, қалай зерделенетініне назар аударылады. Алынған жауаптарды талдау нәтижесінде мына жайттар анықталды: 1) Респонденттердің бір тобы «азан шақырып ат қою» тіркесін ислам дініне негізделген салт ретінде қабылдап, оның рухани, тәрбиелік және символдық мәнін де көрсетеді: *«Мұсылман баласына дүниеге келген кезде азан айтылып, оның атының қойылуы», «Бұл рәсім баланың қоғамда танылуының алғашқы қадамы», «Рухани тәрбие берудің маңызды бөлігі», «Рухани тазалық, мұсылмандарда және қазақ дәстүрінде кеңінен таралған», «Ата-бабамыздан келе жатқан мұсылмандық жоралғы», «Періштелерге естірту үшін», «Алланың нұры жсаусын, берекелі болсын деген ниетпен», «Жын-шайтандардан қорғау»*. Бұл жауаптарда дін, салт, ниет, рухани тазалық сынды ұғымдар тоғысады. Ономастикалық дискурстың діни-метафизикалық қабаты көрінеді. Дәстүр мен діннің тоғысқан тұсында (дін + рухани мән) түсінілетіні нақтыланды. 2) Ислам дінінің парызы/сүннеті ретінде қабылдау көрініс тапқан: *«Мұсылмандық парыз», «Мұсылман әлеміне – сүндет», «Дінімізге сай, мұсылман болуына қарай азан шақырып ат қояды», «Діни рәсім», «Парыз», «Діни жолмен қою»*. Бұл жауаптарда дінге негізделу және парыз/сүннет түсінігі айқын. Мұнда салттың канондық негізі ғана емес, міндет ретіндегі сипаты көрсетілген. 3) Дәстүр мен ырым ретінде қарау (мәдени-этнолингвистикалық деңгей): *«Дәстүріміз десек те болады», «Бұл бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан ырым», «Текті ету үшін, баланың тексіз болмауы үшін», «Жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады», «Бұл ырым, дәстүр секілді»*. Бұл жауаптарда исламнан гөрі ұлттық-мәдени мәнмәтін күштірек. Қазақы ырым, тектілік, сыйлы адамның қатысуы тәрізді түсініктер алдыңғы орынға шығады. 4) Лингвистикалық-вербалды түсінік (тура мағынада қабылдау): *«Балаға ат беру», «Құлаққа жақындап айқайлау», «Жаңа туған нәрсетеге азан айтып ат қою», «3 рет сыбырлайды», «Құлағына атының айтылуы», «Азан шақырып ат қоймаса, тағдыр тұрақсыз болады деген»*. Бұл жауаптар ұсынылған тіркес мағынасын тілдік әрекет ретінде қабылданған. Азан – дыбыстық әрекет, ат қою – есімді айту. Салттың формалды жағына, әрекет сипаттарына назар аударылған. 5) Символикалық және философиялық түсіндірмелер: *«Бұл баланың қоғамда, дінде өз орнын табуына ықпал етеді», «Өмірлік аты ретінде қабылданады», «Рухани мәні зор», «Тәрбиелік мәні бар», «Өмір жолының жарқын болуын тілеу», «Есім – тағдырмен байланысты»*. Бұл топтағы жауаптар тағдыр, мән-мағына, идентификация ұғымдарына сүйенеді. Дискурс философиялық деңгейге көтерілген. 6) Білмеймін / нақты

жауап бермегендер: «Білмеймін», «Түсінбедім», «Білмим», «Түсіндіре алмайм», «50/50». Бұл жауаптар респонденттің дискурстық түсінігінің әлсіздігін немесе тақырыптан алшақтығын білдіреді. 7) Стилистикалық/юморлық немесе ауытқулы жауаптар: «Азан шақырып, қазанның құлағын қағып ат қою» – фразеологиялық өңдеу немесе қалжың сипатында ұсынылған деп ойлаймыз. «Молда арқылы қою баланың шақыруы» – мағынасы түсініксіз немесе семантикалық бұрмалану. «Азан шақырып ат қою» тіркесі ономастикалық дискурста өте кең мазмұнды және көпқабатты ұғым ретінде қабылданатыны байқалды. Ол тек діни рәсім емес, мәдени, рухани, моральдық және когнитивтік деңгейде де маңызды. Респонденттердің көпшілігі бұл тіркесті ислам дінінің парызы, рухани тәрбиенің бастамасы, баланың қоғамда танылуының бір кезеңі, жақсылыққа ниеттену рәсімі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, бұл сұрақ арқылы есімнің киесі, тағдырға әсері, баланың қоғамдағы орны тәрізді ономастикалық түсініктердің бар екенін де байқатты.

Есімдердің ономастикалық дискурстық сипатын нақты талдау мақсатында ата-аналар арасында сауалнама алынды. Ол сауалнамаға 61 респондент қатысты. 1-сұрақ: «Балаңызға есім таңдағанда неге сүйендіңіз?» таңдауға жауап нұсқалары берілді. Сұраққа берілген жауаптардың диаграммасын 8-суретте берілді.

1. Балаңызға есім таңдағанда неге сүйендіңіз? (бірнеше жауап таңдауға болады)

61 ответ




Сурет 8 – сұраққа берілген жауаптар диаграммасы

1-сауал жауаптары негізінде анықталғаны: балаға ат қоюда ең басты себеп – «Мағынасы ұнады» (45,9%) деп көрсетілген. Бұл көрсеткіш ата-аналардың есім мағынасына зор мән беретінін, баланың болашағына оң ықпал етеді деп сенетінін білдіреді. Бұл лингвомәдени сананың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. 9,8% респонденттер жауаптарында балаға ат қоюда танымал (жұлдыздардың, актерлердің есімі) не тарихи тұлғалар есімдерін қоятынын,

ұлттық болмысқа сай, ерекше болсын деген жауаптар да кездесті. Бұл таңдаулар әлеуметтік және мәдени кодтардың әсерін, ұлттық идентификацияны, модалық факторды танытады. Отбасылық дәстүр және діни себептерді көрсеткен респонденттер үлесі – 6,6%. Бұл дәстүрлі құндылықтарға, рухани дүниетанымға сүйенетін ата-аналар бар екенін көрсетеді. Респонденттердің кейбірі «Әдемі естіледі» деп көрсеткен, бұл эстетикалық фактор, тілдік үйлесімділік, дыбыстық бейнелілікке көңіл бөлетінін аңғартады. Бұл диаграмма есім таңдауда, көбіне, семантикалық мағынаға, ұлттық болмыспен тарихи санаға, сондай-ақ қазіргі заманауи трендтерге сүйенетіндігін көрсетеді. Бұл атау таңдау үдерісі – таңдаушының мәдени капиталы мен танымдық деңгейінің айғағы.

2. Қай тілде есім таңдадыңыз?

61 ответ



Сурет 9 – «Қай тілде есім таңдадыңыз?» сұрағына жауап бергендер диаграммасы (саны: 61 адам)

9-суретте көрсетілгендей, 96,7% – қазақша есім таңдаған. Бұл көрсеткіш қазіргі ата-аналар арасында ұлттық тілді, мәдениетті дәріптеу, төл есімдерді таңдауға деген ұмтылыс өте жоғары екенін білдіреді. Бұл тілдік сана мен ұлттық кодтың белсенділігін айқын көрсетеді. Арабша, орысша, ағылшынша, парсыша – үлесі өте аз. Кейбірі қазақша-орысша үйлесімде, бұл қос тілділік пен аралас мәдениет мәнмәтініндегі отбасыларды көрсетуі мүмкін. Қазақ есімдерін таңдауға деген басымдық ұлттық ономастикалық дискурстың жаңғыруда екенін және қазақы болмыстың есім арқылы берілуін растайды.

3-сауал ономастикалық дискурста гендерлік кодтау мен әлеуметтік стереотиптердің есім таңдауға әсерін анықтауға бағытталған. Жауаптардың мазмұны мен пайыздық үлесін талдау арқылы қазақ қоғамындағы есім мен жынысқа қатысты танымдық-концептуалдық құрылымдарды ашуға болады.

3-сауал жауаптарының диаграммасы 10-суретте берілді.

3. Есімнің жынысына байланысты қандай қағидаларға сүйендіңіз?

61 ответ




Сурет 10 – 3-сауал жауаптарының диаграммасы

Бұл диаграммадан көріп отырғанымыздай, есімді таңдағанда 47,5% респонденттердің басым бөлігі ұлға батыр, мықты, өр болсын деп қоятынын белгілеген. Бұл жауап жоғары үлесте (респонденттердің жартысына жуығы) таңдалған. Гендерлік стереотипті көрсетеді (ұл – күш, батырлық, ерлік, рух, өшпес намыс иесі болуы керек), есім гендерлік рөлмен байланыстырылған – ұл балаға «қаһармандық» миссиясы жүктеледі. Мұндай жауаптар ұлттық дүниетанымда ер адамның қоғамдағы орны мен рөлі жоғары бағаланатынын көрсетеді. Атау таңдау перформативті қызмет атқарады – яғни, баланың болашағына бағдар беріп, сол қасиеттерді «дарытуды» көздейді. Ал қыз болса – сұлу, нәзік, адал болсын деп қоятындар үлесі - 27,9%. Есім таңдауда қыз балаға тән эстетикалық, моральдық, эмоционалдық қасиеттерге мән берілген. Бұл жауап та гендерлік кодтауды көрсетеді (қыз бала нәзіктік пен тазалықтың, сұлулықтың символы ретінде қабылданады). Тарихи-когнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл – аналық миссияны, қоғамдағы әйел рөлін бейнелейтін ұстаным. Мұнда да есім болмыстық бағдар ретінде қарастырылған. «Қазіргі заманға сай естілуі керек» жауабы кездесті, бұл – модернистік, урбанизациялық ықпалдың белгісі. Есімнің стилистикалық дыбысталуы, медиадағы көрінісі, интернационалдық сәйкестігі маңызды. Бірақ бұл жауап өте аз таңдалған, ол ұлттық дәстүр мен мәдени уәждің әлі де үстем екенін көрсетеді. «Ешқандай ерекшелік жоқ» жауабы атауға бейтарап көзқарасты, формалды таңдау бағытын білдіреді. Мұнда гендерлік, мәдени немесе эстетикалық кодтау жоқ – есім тек белгі ретінде көрінеді.

4-сауал ономастикалық дискурста есім таңдауға ықпал ететін коммуникациялық, әлеуметтік және медиалық факторларды анықтауға бағытталды. Нақтырақ айтқанда, қазіргі ата-ана есімді қалай және кімнің ықпалымен таңдайды? деген мәселенің жауабын табуға тырыстық. Жауап нәтижелері 11-суретте берілді.

4. Осы есімді таңдауда әлеуметтік желі, интернет әсер етті ме?

61 ответ



Сурет 11 – 4-сауал жауаптарының диаграммасы

4-сауал жауаптарында 70,5 % респонденттер есімді таңдауда отбасылық шешім қабылдайтынын көрсеткен. Бұл жауап айқын отбасылық құндылықтардың және дәстүрлі шешім қабылдау үлгісінің сақталып отырғанын көрсетеді. Қазақ қоғамында есім – тек ата-ананың емес, бүкіл әулеттің келісімімен берілетін маңызды әлеуметтік акт. Бұл – ұжымдық сана мен мәдени дәстүрдің көрінісі. Ата мен әжелердің есім беруге қатысуы, ырым ету, ақылдасу – әулеттік-мәдени кодтың белсенділігін айғақтайды. Сонымен қатар бұл жауап генеалогиялық жадтың (отбасы шежіресінің) ономастикаға әсерін білдіреді. Респонденттердің 16,4 % ешкіммен ақылдаспай өз бетімен шешкендігін көрсеткен. Бұл жауап индивидуализмнің, дербес таңдаудың арта бастағанын білдіреді. Қалада тұратын, жоғары білімді, өзіндік көзқарасы бар жастар арасында жиі кездеседі. Бұл – модернизацияланған отбасылық құрылымның әсері. Мұндай ата-аналар есімді көбіне жеке эстетикалық талғауына, қазіргі заман талабына, дыбыстық үйлесімге сүйеніп таңдайды. «Иә, трендтегі есімді таңдадым» және «Иә, бірақ нақты тұлға/есім емес» жауаптарының үлесі аз. Әлеуметтік желі мен интернеттің ықпалы төмен екенін көрсетеді. Бұл жауаптар қоғамда есім таңдауда сыртқы медиалық контенттен гөрі ішкі дәстүр басым екенін білдіреді. Дегенмен, бұл жауаптардың болуы – жаһанданудың, инфлюенсерлік мәдениеттің, трендтік есімдердің біртіндеп ене бастағанын көрсетеді.

5-сауал «5. Таңдаған есіміңізбен байланысты ерекше бір оқиға немесе себеп бар ма? Жазыңыз» деп ұсынылды. Жауап ашық формада берілді. Бұл ашық сұраққа берілген жауаптар ата-аналардың есім таңдаудағы ішкі мотивтері мен мәдени-когнитивтік кодтарын жақсы аңғартады. Жауаптарды лингвистикалық және ономастикалық дискурс тұрғысынан бірнеше негізгі категорияға бөліп, талдауға болады: 1) еш себеп көрсетпегендер: «Жоқ», «Ондай жоқ», «Себеп жоқ» деп жауап бергендер басым (12 адам). Бұл жауаптар атауға функционалдық тұрғыдан қарауды көрсетеді, яғни, атау тек сәйкестендіру құралы ретінде қабылданады. Сондай-ақ, кейбір респонденттер

себеп жайлы ойланбауы немесе ономастикалық танымының төмен болуы ықтимал. 2) «*Мағынасы жақсы, сондықтан қойдық*», «*Мағынасы ұнағандықтан қойды*», «*Мағынасын таңдадым*», «*Айару – айдан ару, ақылды пысық қыз болсын деп*» жауап ұсынғандар бар, бұл жауаптар есімнің семантикалық жағына мән берілгенін көрсетеді. Атау арқылы баланың болашағына бағдар беру – қазақ ономастикасында жиі кездесетін семиотикалық бағыт. Мұнда ассоциативтік мән, поэтикалық құрылым, эмоционалдық реңк айқын байқалады. 3) «*Әжесінің таңдаған есімі*», «*Атасына қарап атастырдық*», «*Отбасымызда барлығымыздың есімдері «Ай» сөзінен басталған*», «*Үлкен әжеміз немересі үйленбей тұрып қойып кеткен*» деген жауаптар дәстүр мен отбасылық қатынасты көрсетеді. Атау – тек тілдік таңба емес, отбасылық мұра мен ұрпақ сабақтастығының символы. Бұндай жауаптарда антропоэлекті көзқарас, яғни атаудың адамның тағдыры мен туыстық құрылымға байланысты берілуі байқалады. Бұл – ұлттық-мәдени ономастикалық дәстүрдің көрінісі. 4) «*Мүслім – мұсылман. Аллаға бойсынушы*», «*Ұлымның атын Аллаға серт берген бойынша*», «*Қадір түні, Айт күні*», «*Рамазан деп ұлымды рамазан айында туған соң*», «*Дінмұхамед Қонаевтың көшбасшылық тұлғасына қызығып*» деген жауаптар жазған респонденттер ат қоюда ислам мәдениетінің ықпалын, қасиетті уақытпен (Қадір түні, Рамазан) байланыстыру үдерісін көрсетеді. Діни-рухани факторлар атауға терең коннотативтік мән жүктейді. Сондай-ақ, ұлттық тұлғалар да рухани-идеологиялық бағдар ретінде рөл атқарады. 5) «*Аян беру, атақты теле жүргізуші*», «*Сол кезде Көзайым туралы кино көрсетіп жатыр еді*», «*Дінмұхамед Қонаевтың көшбасшылық тұлғасына қызығып*», «*Әбілдина сияқты әдемі, талантты болсын деп*» деген жауаптар кездесті, бұл жауаптардан есім таңдауға медиадискурс, тұлғалық үлгі, мәдени контенттің әсері көрінеді. Бұл – қазіргі заманғы ақпараттық ономастикалық дискурсқа тән құбылыс. 6) «*Армандап күткен сәбиіміз болған соң Арман деген есімді қойдық*», «*Аян*», «*Батыр болсын деген ниетте*», «*Еліне адал болсын деп*», «*Ғалым болсын деп*», «*Жарылқасын – айналасын жарылқап жүрсін деп*» деген жауаптар алынды, бұл жауаптар балаға берілген есімге болашаққа тілек, бағдар, миссия жүктеу бар екенін байқатады. Бұл респонденттер үшін атау перформативті сипатқа ие, яғни, атау арқылы нақты бір іс-әрекетті жүзеге асыру (тілек, болжау, аманат) мүмкін деп түсініледі.

Алынған сауалнама жауаптарынан қазақ мәдениетіне тән лингвомәдени кодтар мен дүниетанымдық ерекшеліктер айқын көрінетіндігі байқалды. Осы сауалнама материалдарын талдау негізінде мынадай *ғылыми-практикалық* ұсыныстар ұсынамыз:

1) Қазіргі қазақ есімдеріне жүргізілген талдау қорытындылары ұлттық, діни және жаһандық дискурстардың өзара тоғысуын көрсетті. Діни қабаттағы есімдердің басымдығы мен ұлттық есімдер үлесінің азаюы ономастикалық кеңістікте белгілі бір идеологиялық жылжулардың бар екенін байқатады. Сондықтан ұлттық ономастикалық дәстүрді сақтау және насихаттау

мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, білім беру ресурстарында ағартушылық бағыттағы контент әзірлеу қажет.

2) Есім беру актісінің ұжымдық сипатта жүзеге асуы – қазақ қоғамындағы мәдени дәстүрлер мен әлеуметтік үйлесімділіктің көрінісі. Осы үрдісті қолдау мақсатында Азаматтық хал актілерін тіркеу мекемелері мен перзентханаларда есімдердің тарихи-мәдени мәнін түсіндіретін әдістемелік құралдар мен кеңес беру бағдарламаларын енгізу ұсынылады.

3) Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, есім беру үрдісінде дәстүрлі (ұжымдық) және модерндік (индивидуалдық) модельдердің қатар өмір сүруі байқалады. Бұл жағдай қазіргі қазақ қоғамындағы ономастикалық дискурсты әлеуметтану, этнолингвистика және дискурсология аспектілерінде кешенді түрде зерттеудің өзектілігін арттырады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлімде мифтік кеңістік пен киелі атауларды талдау негізінде ономастикалық дискурстағы танымдық модельдерді анықтауға ұмтылды. Бұл тараудың бірінші тармағында қасиетті кеңістік саналатын дискурстық бірліктердің (топоним, гидроним т.с.с.) ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәжділік мәселесі талданды. Қазақ ономастикалық кеңістігінде сакралды сипатқа ие жер-су атаулары (мысалы, «Қазығұрт», «Ырғыз») құрамындағы ономастикалық және мифологиялық білім жиынтығын, сондай-ақ олардың осы атаулар мазмұнында жинақталу тетіктері мен танымдық құрылымдарын тілдік әрі когнитивтік тұрғыдан саралауға талпыныс жасалды. Зерттеуге негіз болған материалдар «Қазығұрт», «Ырғыз» атауларына қатысты ғылыми әдебиеттерде, этимологиялық, топонимиялық және түсіндірме сөздіктерде берілген деректерден алынды. Аталған мифотопонимдерге лингвистикалық және концептуалдық талдау жүргізу арқылы олардың астарлы тілдік кодын қайта жаңғыртуға (реконструкциялауға) ұмтылды. Бұл атаулардың танымдық моделін («Қазығұрт» онимінің когнитивтік 7 моделі, «Ырғыз» онимінің когнитивтік 3 моделі) анықтап, олардың құрамындағы ұғымдық (фактуалды), бейнелі-ассоциативтік және аксиологиялық (құндылықтық) компоненттер сараланып қарастырылды. Нәтижесінде, ономастикалық дискурстағы атаулар мазмұнында шоғырланған әлеуметтік-мәдени білім қырлары терең танымдық деңгейде тілдік таңбалар арқылы кодталатыны және ол мазмұн когнитивтік әрі тілдік әдістер арқылы қайта құрылымдалатыны анықталды. Екінші тараудың екінші тармағында гидронимдердің когнитивтік құрылымы талданды. Ономастикалық дискурс бірлігі Бұрқанбұлақ, Есік, Өулиесу, Жайық және «Жер-Су» атауларын талдау арқылы 1) жер-су атауларына қатысты ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарды жүйелеп, 2) Бұрқанбұлақ, Есік, Өулиесу, Жайық жер-су атауларына қатысты тілдік, мифологиялық т.б. білімді жинақтап, этимологиясын зерделеп ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәждерін тануға ұмтылды. Талдауға алынған дискурстық бірліктердің мифтік мәтіндер мазмұнымен, сол

арқылы орныққан мәдени символдармен тығыз байланыстылығы анықталып, бірақ бұл мифтік мазмұн мен символдық мән атаулардың біреуілерінен (Есік, Жайық) бірден көрінбейтіні, оны тану үшін аталған атауларға байланысты мифтік мәтін мазмұнын білу керектігі, ал Бұрқанбұлақ, Әулиесу атауларының құрамында олардың мифтік мазмұны ашық көрініс тапқаны (әулие, Бурхан) тұжырымдалды. Бұл тараудың үшінші тармағы мифогидронимдердің ішкі құрылымы мен олардың мазмұнындағы символдық мәнді анықтауға арналды. Арыс, Ақсу, Жер-Су, Жылаған ата т.с.с. гидронимнің мағынасында сақталған мифтік білімді саралау, гидронимді мифтік дүниетаным бөлшегі сапасында алып, оның мазмұнында бекітілген имплицитті, эксплицитті мифтік ақпараттарды ашу ономастикалық дискурста ғана мүмкін болатыны дәлелденді. Зерттеу барысында аталған аспектілерге сай дискурс талдау, сөз мағынасын, этимологиясын талдау әдістері қолданылды. Төртінші тармақта ономастикада халықтық лингвистика элементтері, яғни атауларға берілген халықтық түсініктер, аңыз-әпсаналар арқылы жасалған лексикалық интерпретациялар ерекше орын алатыны аталып, *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр* сияқты этнонимдерге қатысты халық арасында таралған түсініктер мен аңыздар талданды. Бұлар тек этностың атауы ретінде емес, белгілі бір тарихи, генеалогиялық, сакралды оқиғалармен байланысты қарастырылады. Мұндай түсініктер халықтың өз тегін тану, дүниені қабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде ономастикалық дискурстың қалыптасуына үлес қосатыны зерделенді. Бұл тармақта аталған атаулардың құрылымына, уәжділігіне және олардың халықтық лингвистикалық интерпретацияларына дискурстық талдау жасалды. Тараудың бесінші тармағында қазіргі есімдердің ономастикалық дискурсына сипаттама беріліп талдау жасалды. Ол үшін 2020-2025 жылдары Қазақстанда қойылған танымал есімдерге дискурстық талдау жасалды, ат қоюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқаны анықталды. Діни қабаттағы есімдердің көп қойылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсетеді. Ат қоюда, балаға есім таңдауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді таңдауды насихаттау қажеттігі аңғарылады. Сонымен бірге бұл тармақта қазіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында және ата-аналардың балаға есім таңдаудағы ұстанымдарын, оған әсер ететін факторларды анықтау мақсатында сауалнама алынып, талданып, қорытындыланды. Сауалнама жауаптарын талдау негізінде ғылыми-практикалық ұсыныс берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеуде ономастика мәселелері дискурстық тұрғыдан қарастырылып, ономастикалық дискурстың тілдік және прагматикалық қырлары анықталды.

Диссертациялық жұмыста ономастикалық атаулар алғаш рет дискурстық бірлік ретінде сараланып, дискурстық аспектіде талдау нысанына айналды. Ономастикалық дискурсты зерделеудің теориялық базасы ономастика мен дискурс теорияларының өзара байланысы арқылы қалыптастырылды. Осы негізде ономастикаға дискурстық, ал дискурсқа ономастикалық көзқарас тұрғысынан анықтамалар берілді. Дәстүрлі ономастикалық зерттеулер мен дискурстық бағыттың ара-жігі салыстырылып, ономастиканы дискурстық тәсілмен зерттеудің мәні мен ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар ономастикалық дискурс ұғымына анықтама беріліп, ономастикалық мәтінмен арақатынасы мен өзгешеліктері дәйектелді, ономастикалық атауларды дискурстық және мәтіндік тұрғыдан талдау үлгісі ұсынылды. Зерттеу барысында онимдердің дискурстық бірлік, құрал және рөл ретінде көріну ерекшеліктері нақтыланып, олардың функционалды-мазмұндық сипаты салыстырмалы түрде сараланды. Ономастикалық атаулардың дискурстық өрісі, соның ішінде «Ұмай ана» мифонимінің дискурстық кеңістікте көрініс табуы мәтіндер арқылы қарастырылып, бұл онимнің тілдік санада өзектелуі сауалнама нәтижелері негізінде түсіндірілді. Аталған негізде ономастикалық дискурстағы мәтіндер құрылымына талдау жүргізіліп, онимдердің мәтіндік сипаты үш түрлі көрініс беретіні (бүгілген мәтін, сығылған мәтін, кішірейтілген мәтін) анықталды. Онимге қатысты мәтіндер екі категорияда талданды: 1) атау қалыптасуына негіз болған мәтіндер; 2) атауды ұғынуға және интерпретациялауға мүмкіндік беретін мәтіндер. Ономастикалық дискурстың әлеуметтік-мәдени код ретіндегі ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы дәйектеліп көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ұсынған 2020–2025 жылдар аралығындағы танымал есімдер тізіміне дискурстық талдау жасалып, есім беру үрдістері мен оған әсер ететін факторлар (дін, тарихи сана, жаһандық ықпал, дыбыстық үйлесім талғамы) сараланды. Танымал есімдер ономастикалық дискурс аясында дискурстық бірлік, құрал және рөл тұрғысынан сипатталып, олардың әлеуметтік-мәдени код ретінде қызметі зерделенді.

Цифрлық дәуірдегі медиадискурста ономастикалық атаулардың семантикалық өзгеріске ұшырауы, символдық мәнге ие болуы және идеологиялық мақсатта қолданылу мүмкіндіктері нақты мысалдармен талданды.

Диссертацияда онимдер ономастикалық дискурстың құрылымдық элементі ретінде қарастырылып, олардың тілдік және прагматикалық маңыздылығы ашылды. Онимдер тек атау берудің құралы ғана емес, сонымен

бірге тарихи жадты, мәдени кодты және ұлттық болмысты жеткізуші құрал ретінде бағаланды.

Ономастикалық дискурсқа енетін дискурс-мәтіндер жинақталып, оларға жүргізілген дискурстық талдау нәтижесінде астырт және үстірт құрылымдары анықталып, сызбалық үлгісі жасалды.

Зерттеуде халықтық лингвистика мен ономастикалық дискурс арасындағы байланысқа да назар аударылды.

Ғылыми жаңалықтардың бірі ретінде ономастикалық дискурсты талдаудың бес қадамдық және ономастикалық мәтінді талдаудың алты қадамдық алгоритмі алғаш рет жүйеленіп ұсынылды.

«Ұмай ана» мифонимі негізінде онимдердің тілдік санада өзектелуін айқындауға арналған үш түрлі эксперимент (сауалнама) жүргізіліп, балаға есім берудегі ата-аналар ұстанымдары мен оған ықпал ететін мәдени-танымдық, тарихи және жеке факторлар зерделеніп, нәтижелері талданып, нақты ұсыныстар берілді.

Зерттеу нәтижелері ономастика мен дискурс теориясының тоғысында пайда болған ономастикалық дискурс бағытын жетілдіруге үлес қосып, жаңа теориялық-методологиялық негіз қалады. Когнитивті-дискурстық парадигма негізінде ұсынылған терминдер ономастиканың дискурстық метатілін байытып, келешек ғылыми зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады. Зерттеу ономастикалық атаулардың когнитивтік, мәдени және мифологиялық аспектілерін түсінуге, тілдің әлеуметтік-идеологиялық қырларын анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыстың теориялық тұжырымдарын лингвистика пәндерін оқыту үдерісінде пайдалануға болады. Онимдерді ономастикалық дискурс және мәтін тұрғысынан талдаудың ұсынылған алгоритмдері теориялық та, практикалық та маңызға ие. Теориялық маңыздылығы ономастика мен дискурс теорияларын байланыстыра отырып, жаңа талдау жүйесін қалыптастырумен негізделсе, практикалық маңызы талдау қадамдарын нақты ажыратып ұсынудың қолдануда тиімді болатынымен түсіндіріледі.

Ономастикалық дискурс аясында дискурстық бірліктерді (ономастикалық атауларды) талдаудың үлгілері болашақ зерттеулерде тиімді қолдануға жарамды. Зерттеуде жинақталған тілдік материалдарды сөздіктер құрастыруда, оқу құралдары мен ғылыми еңбектер жазуда кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей **қорытынды** жасалды:

1) Ономастикалық дискурс – белгілі бір этносқа тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сіңірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі. Бұл атаулар когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық код ретінде тасымалданады. Оның ерекшелігі лингвистикалық және дискурстық мәнінен көрінеді. Ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні тілдік жүйеде, ал дискурстық мәні коммуникативтік жүйеде анықталады. Ономастикалық дискурста онимдер дискурстық аспектіде зерттеледі. Ономастиканың дискурстық аспектісі дегеніміз – жалқы есімдерді ономастика теориясы шеңберінде дискурстық тұрғыдан зерттейтін бағыт.

2) Ономастикалық дискурста атаулар когнитивтік-дискурстық сипатқа ие. Бұл сипат ономастикалық атауға байланысты жинақталған мәтіндер жиынтығымен (дискурстық өріспен) қалыптасады. Дискурстық сипаты нақты коммуникативтік жағдаятта қатысушылардың санасында өзектеліп, қозғалысқа түскен кезде айқындалады.

3) Ономастикалық атаулар – дискурстық бірлік ретінде қарастырылады. Олар өз дискурстық өрісін қалыптастырады. Бұл өріс ономастикалық дискурста мынадай құрамдас бөліктермен бірге жұмсалады: 1) атауды беруші (тіл иесі – халық), 2) атау (ономастикалық бірлік), 3) атауды қолданушы (тіл тұтынушысы), 4) сөйлеу жағдаятына сай атаудың мағынасын анықтайтын мәтін немесе білім.

4) Ономастикалық атаулар – дискурстық әрекеттің құрамдас бөлігі. Олар дискурстың барысында қалыптасып, сол дискурстың нәтижесі ретінде атауыштық мәнге ие болады. Сонымен қатар дискурсты қалыптастыруда бастапқы материал – «шикізат» ретінде де қызмет атқарады. Қарым-қатынас кезінде ономастикалық атаулардың астарында жатқан мәтіндік ақпарат ұғынылады.

5) Қазақстандағы 2020-2025 жылдары қойылған танымал есімдерді талдау мынандай тұжырым жасауға негіз болды: есімдер қоғамдағы діни, ұлттық және жаһандық дискурстардың тоғысуын көрсетеді. Ономастикалық дискурста бұл есімдер тек атау ғана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың көрінісі болады. Танымал 20 есіммен есептегенде ер балаларға қойылатын есімдердің 60-70% араб-парсы және исламдық есімдер, 30-40% қазақша немесе түркілік есімдер. Қыз балалар есімі бойынша: 50-60% араб-парсы, 40-50% қазақи есімдер. Қазақ ұлдарына көбінесе исламдық есімдер қойылғаны, ал қыздар арасында қазақша есімдер көбірек сақталғаны анықталды. Исламдық есімдер ұл балалар арасында өте танымал, ал қыз есімдерінде ұлттық ерекшеліктер көбірек сақталған. Бұл үрдіс діни сенім, тарихи сана, жаһандану және фонетикалық талғам сияқты факторларға байланысты қалыптасып отыр. Есімдерді дискурстық аспектіде талдау ат қоюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқанын білдіреді. Діни қабаттағы есімдердің көп қойылуы қоғамдағы діни ықпалдың басымдығын көрсетеді. Ат қоюда, балаға есім таңдауда тарихи және мәдени мәнін түсініп, ұлттық есімдерді таңдауды насихаттау қажеттігі аңғарылады. Қазақы есімдерді дәріштеу және ұлттық есімдерге басымдық беру қажет деп ойлаймыз.

6) Қазақ қоғамында балаға есім таңдауда отбасылық құндылықтар мен дәстүрлі шешім қабылдау үлгісі сақталып отыр (респонденттердің 70,5 %). Қазақ қоғамында есім – тек ата-ананың емес, бүкіл әулеттің келісімімен берілетін маңызды әлеуметтік акт. Бұл – ұжымдық сана мен мәдени дәстүрдің көрінісі. Ата мен әжелердің есім беруге қатысуы, ырым ету, ақылдасу – әулеттік-мәдени кодтың белсенділігін айғақтайды, әрі генеалогиялық жадтың (отбасы шежіресінің) ономастикаға әсерін танытады. Балаға есім таңдауда индивидуализм, дербес таңдау арта бастаған (респонденттердің 16,4%). Бұл – модернизацияланған отбасылық құрылымның әсері. Әлеуметтік желі мен

интернеттің ықпалы төмен, қоғамда есім таңдауда сыртқы медиалық контенттен гөрі ішкі дәстүр басым. Дегенмен, жаһанданудың, инфлюенсерлік мәдениеттің, трендтік есімдердің біртіндеп ене бастағаны байқалады.

Бұл зерттеудің *келешектегі даму бағдарын* төмендегі бағыттар шеңберінде қарастыруға болады:

1) қазіргі қазақ ономастикасындағы есімтаңдау дискурсы мен әлеуметтік трендтер арақатынасын салыстырып, даму динамикасын, есімтаңдаудағы ұстанымдарды зерттеу керек, ол қазақы есімдердің басымдығын арттыруға, есімдегі ұлттық мәдени мазмұнды сақтауға ықпал етеді;

2) есімдердегі мифтік кодтардың трансформациясын зерделеу қажет, сол арқылы дәстүрлі мифтік таным мен қазіргі есімдердегі сабақтастығы сараланады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Grimm J. Deutsche Grammatik. Vols. 1–4, Dieterichsche Buchhandlung, 1822–1837. – 964 p.
- 2 Bopp F. Vergleichende Grammatik des Sanskrit, Zend, Griechischen, Lateinischen, Litauischen, Gotischen und Deutschen. Berlin, 1833–1852. – 522 p.
- 3 Saussure F. de. Cours de linguistique générale. Payot, 1916. – 408 p.
- 4 Peirce C.S. Collected Papers of Charles Sanders Peirce. Eds. Charles Hartshorne, Paul Weiss, and Arthur W. Burks. 8 vols. Harvard University Press, 1931–1958. – 661 p.
- 5 Austin, J. L. How to Do Things with Words. Eds. J. O. Urmson and Marina Sbisa. Clarendon Press, 1962. – 192 p.
- 6 Searle J. Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language. Cambridge University Press, 1969. – 203 p.
- 7 Barthes R. Mythologies. Éditions du Seuil, 1957. – 179 p.
- 8 Foucault M. L'archéologie du savoir. Éditions Gallimard, 1969. – 277 p.
- 9 Derrida J. De la grammatologie. Les Éditions de Minuit, 1967. – 441 p.
- 10 Laclau E., Chantal M. Hegemony and Socialist Strategy: Towards a Radical Democratic Politics. Verso, 1985. – 195 p.
- 11 Fairclough N. Language and Power. Longman, 1989. – 253 p.
- 12 van Dijk T. A. Discourse and Power. Palgrave Macmillan, 2008. – 104 p.
- 13 Wodak R. The Discourse of Politics in Action: Politics as Usual. Palgrave Macmillan, 2009. – 252 p.
- 14 Irigaray L. Speculum de l'autre femme. Éditions de Minuit, 1974. – 462 p.
- 15 Butler J. Gender Trouble: Feminism and the Subversion of Identity. Routledge, 1990. – 171 p.
- 16 Hall S. Representation: Cultural Representations and Signifying Practices. Sage Publications. – 1997. – 391 p.
- 17 Позднякова Е.Ю. К вопросу о дискурсивной теории ономастики // Культура и текст. – 2021. – № 1 (44). – 246 с.
- 18 Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // Т.А. ван Дейк Язык. Познание. Коммуникация. – Благовещенск: БГК им. И. А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. – С. 5-11.
- 19 Горбаневский М.В. Русская городская топонимия: проблемы историко-культурного изучения и современного лексикографического описания: дисс. ... док. филол. наук: 10.02.01 – Русский язык. – М.: ГосИРЯП, 1994. – 432 с.
- 20 Мурзин Л.Н. Текст и его восприятие / Л. Н. Мурзин, А. С. Штерн. – Свердловск: Изд-во Урал. ун-та, 1991. – 172 с.
- 21 Сахарный Л.В., Сиротко-Сибирский С.А., Штерн А.С. Набор ключевых слов как текст // Психолого-педагогические и лингвистические проблемы исследования текста: Тез. докл. – Пермь: Пермский политехнический ин-т, 1984. – С. 81-83.
- 22 Голомидова М.В. Урбанонимы как ресурс управления восприятием

городского пространства // Коммуникативные исследования. – 2019. – Т. 6, № 1. – С. 11-30.

23 Максимов В.О. Русский фамильный антропоним как свернутый текст и его лексикографическое описание // Вестник РУДН, серия «Русский и иностранные языки и методика их преподавания». – 2015. – № 4. – С. 83-89.

24 Садирова К., Жазыкова Р. Ономастикалық атаулардың танымдық моделі// Қарағанды университетінің хабаршысы. 2023. - № 4 (112). – Б. 28-29. // <https://philology-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/philology-vestnik/issue/view/56/58> 10.03.2024.

25 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б. // <https://sozdikqor.kz/soz?id=391684&a=Aspekt> 15.11.2024.

26 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Тіл комитеті, 2005. – 240 б.

27 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010. – 608 б.

28 Апресян Ю.Д. Дейксис в лексике и грамматике и наивная модель мира // Избранные труды, Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1995. – Т.2. – С. 629-650.

29 Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономапоэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары: филол. ғылым. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2007. // <https://martebe.kz/aza-onomapojetikasy-satiraly-jumorly-kejiipker-attary-diplomdy-zh-mys/> 25.06.2024.

30 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептуалдық негіздері. Монография. – Алматы: TechSmith, 2020. – 316 б.

31 Мадиева Г.Б. Ономастика Казахстана: аналитический обзор (подходы исследования онимов). – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 80 с.

32 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.

33 Рысберген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы, 2011. – 328 б.

34 Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі: филол. ғылым. канд. ... дисс.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2005. –111 б.

35 Әшімханова Ф.М. Қазақ антропонимдерінің лингвомәдени жүйесі: филол. ғылым. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2007. – 25 б.

36 Асылбекова Н.Ө. Кісі есімдерінің уәжділігі және танымдық сипаты: филол. ғылым. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2006. – 23 б.

37 Досжанов Б. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер: филол. ғылым. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2005. –24 б.

38 Пашан Д.М., Жұманқызы А. Антропонимдік үлгілерді (кісі есімдері, тектер), модельдерді жинақтау, лингвостатистикалық талдау жасау, өзгеру,

жаңару динамикасын зерттеу // In the world of science and education. – Алматы, 2025. – Б. 25-30.

39 Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы, Қазақ Ұлттық университеті, 2021. – 272 б.

40 Королевич С.А. Учебно-методический комплекс по учебной дисциплине «Методология лингвистических исследований». – Брест, 2020. – 156 с.

41 Никонов В.А. Введение в топонимику. – М.: Наука, 1965. – 180 с.

42 Верецагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. – М.: Русский язык, 1980. – 320 с.

43 Гюббенет И.В. Основы филологической интерпретации литературно-художественного текста. – М.: МГУ, 1991. – 205 с.

44 Томахин Г.Д. Реалии-американизмы: пособие по страноведению. – М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.

45 Данчинова И.А. Синхроническая стратификация английских топонимов (на материале названий населенных пунктов городского типа): дисс. ... канд. филол. наук: 10.00.00 – Филологические науки. – М., 1970. – 163 с.

46 Итченко Н.К. Топонимы в языке и речи: дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.04 – Германские языки. – М., 1985. – 164 с.

47 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

48 Момынова Б. Қоғамдық-саяси лексиканың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 140 б.

49 Hoare Q., Nowell S. Selections from the Prison Notebooks of Antonio Gramsci. – London: Lawrence & Wishart, 1971. – 450 p.

50 Пак С.М. Ономастикон как объект филологического исследования: На материале американского дискурса XIX-XX вв.: автореф. дисс. ... док. филол. наук: 10.02.04 – Германские языки. – М., 2005. – 48 с.

51 Красных В.В. Единицы языка vs единицы дискурса и лингвокультуры (к вопросу о статусе прецедентных феноменов и стереотипов) // Вопросы психолингвистики. – М., 2008. – № 7. – С. 53-58.

52 Кубрякова Е.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке. Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.

53 Тектігүл Ж., Садирова К. Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті. – Ақтөбе: Литер-А, 2022. – 193 б.

54 Tektigul Zh.O., Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. Mythological aspect of some Kazakh toponyms // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2021. – №4-2(55). – Р. 71-75. <http://doi.org/10.24412/2500-1000-2021-4-2-71-75> 15.02.2023.

55 Madiyeva G., Boribayeva G., Medetbekova P., Mambetov K., Ingamova J. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan // XLinguae. – 2018. – Vol. 11, Issue 1. – Р. 342-353. <http://doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29> 20.02.2023.

- 56 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. – 428 б.
- 57 Neethling B. Street Names: A Changing Urban Landscape. In C. Hough, & D. Izdebska (Eds.) *The Oxford Handbook of Names and Naming* (pp. 1453157). Oxford: Oxford Univ. Press. – 2016. P. 144-157
- 58 Михайлюкова Н.В. Тексты городских вывесок как особый речевой жанр (на материале языка г. Владивостока): автореф. дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.01 – Русский язык. – Владивосток, 2013. – 27 с.
- 59 Жаркова У.А. Ономастикон искусствоведческого дискурса // Слово, высказывание, текст в когнитивном, прагматическом и культурологическом аспектах: Материалы VIII Международной научной конференции, Том 2. Челябинск, 20-22 апреля 2016 г. / Отв. ред. А.А. Нефедова. – Челябинск: Энциклопедия, 2016. – Т. 2. – С. 229-232.
- 60 Садирова К., Жазыкова Р. Ономастика мәселелерінің дискурстық қырлары // Ш. Уәлиханов атындағы КҰ хабаршысы. Филология сериясы, 2025. – №1. – Б. 136-150. <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/issue/view/37/39> 10.04.2025.
- 61 Исаков А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Краткий этимологический словарь казахского языка. – Алматы: Гылым, 1966. – 240 с.
- 62 Жанайдаров О. Мифы древнего Казахстана / Миф об Умай ана и Аю батыр. – Алматы: Аруна, 2006. – 102 с.
- 63 Леви-Строс К. Путь масок. Пер. с фр., сост., вступ. ст. и примеч. А.Б. Островского. – М.: Республика, 2000. – С. 15-16.
- 64 Бурдые П. Социология политики: пер. с фр. – М.: Socio-Logos, 1993. – 403 с.
- 65 Фуко М. Слова и вещи: пер. с фр. – М.: Прогресс, 1977. – 403 с.
- 66 Harrison L., Huntington S. (eds.) *Culture Matters: How Values Shape Human Progress*. – New York: Basic Books, 2000. – 320 p.
- 67 Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: Искусство, 2000. – 704 с.
- 68 Аванесова Г.А., Купцова И.А. Коды культуры: понимание сущности, функциональная роль в культурной практике // В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии: сб. ст. по матер. XLVII междунар. науч.-практ. конф. – Новосибирск: СибАК, 2015. – № 4(47). <https://cyberleninka.ru/article/n/kody-kultury-ponimanie-suschnosti-funktsionalnaya-rol-v-kulturnoy-praktike> 01.03.2023.
- 69 Болдырева Т.В. Типология культурных кодов в драматургии Л.Н. Андреева: автореф. дисс. ... канд. филол. наук: 10.01.01 – Русская литература. – Самара: Самар. гос. пед. ун-т, 2008. – 19 с.
- 70 Бурова Г. Фармацевтический дискурс как культурный код: семиотические, прагматические и концептуальные основания: автореф. дисс. ... док. филол. наук: 10.02.19 – Теория языка. – Ставрополь: Ставроп. гос. ун-т, 2008. – 48 с.

71 Боброва С.П. К вопросу о культурном коде и его базовых символах. Альманах современной науки и образования. – Тамбов: Грамота, в 2-х ч. – 2009. – № 1 (20), Ч. I. – С. 24-25.

72 Васильева К.К. Стадиальность социокультурных кодов // Вестн. Моск. ун-та. – Сер. 7. Философия. 2002. – № 5. – 91 с.

73 Зубко Г.В. Проблемы реконструкции культурного кода фульбе: Западная Африка: автореф. дисс. ... док. культурологии: 24.00.01 – Теория и история культуры. – М.: Моск. гос. ун-т им. М. В. Ломоносова, Ин-т стран Азии и Африки, 2004. – 54 с.

74 Иванов А. Герб как культурный код // Семиотический цикл или Знаки в жизни влюблённой женщины. – Воронеж: Ассоциация историков ВГУ. http://web.archive.org/web/20140106154750/http://vrn-id.ru/gerb_kak_kod.htm 23.10.2023.

75 Киселева М.С. Культурные коды и типы культуры // Культурология. – М., 1993. – С. 67-89

76 Кончаловский А.С. «Надо разобраться с культурным геномом»: интервью 14.06.2012 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.politekonomika.ru/may-june2012/nado-razobratsya-s-kulturnym-genomom/> 24.10.2023.

77 Михайлин В.М. Мужские пространственно-ориентированные культурные коды в индоевропейской традиции: автореф. дисс. ... док. философ. наук: 24.00.01 – Теория и история культуры. – Саратов: Саратов. гос. ун-т им. Н. Г. Чернышевского, 2006. – 30 с.

78 Махлин В.Л. Язык культуры / В.Л. Малхин // Культурология. XX век. Энциклопедия. – СПб., 2000. – Т. 2. – М–Я. – 543 с.

79 Орлова Э.А. Культурная (социальная) антропология: учебное пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2004. – 174 с.

80 Хазбулатов А., Султанова М. Культурный код нации в концептуальном понимании современной культурной политики Казахстана // Адам әлемі. Философский и общественно-гуманитарный журнал. 2015. – № 3-4 (65-66). – 85 с.

81 Акмамбетов Г.Г., Бисенбаев Ф.К. и др. Сознание в социокультурном измерении. – Алматы: Еңбек, 1993. – 202 с.

82 Борецкий О.М. Главный ресурс модернизации страны – это позитивная мифология // Элита Казахстана. Власть. Бизнес. Общество. Алматы, 2010. – Т. 2. – С. 202-215.

83 Масалимова А.Р. «Индустрия культуры» в общественном сознании в Республике Казахстан // Вестник КазНУ Серия Философия. Культурология. Политология. 2016. – № 2(56). – С. 181-186.

84 Нурланова К.Ш. Символика мира в традиционном искусстве казахов // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 208-263.

85 Сабит М.С. Национальная идея и казахстанская действительность // Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи; мат-лы

респ. науч.-теор. конф. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2008. – С. 42-49.

86 Кылышбаева Б.Н., Масалимова А.Р. Методология исследования культурных кодов казахстанского общества // The Journal of Psychology & Sociology. 2018. – №2 (65). – С. 94-103.

87 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1999. – 102 с.

88 Кубрякова Е.С. О когнитивной лингвистике и семантика термина «когнитивный»/ Е.С.Кубрякова // Вест. ВГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2001. – №1. – С. 4-10.

89 Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию / В.А. Звегинцев. – М.: Либроком, 2009. – 327 с.

90 Робустова В.В. К когнитивной ономастике // Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2014. – № 1. – С. 41-48.

91 Щербак А.С. Ономастический концепт как единица знания // Когнитивные исследования языка. Вып. IV. Концептуализация мира в языке: коллектив. моногр. / гл. ред. Е.С. Кубрякова; отв. ред. Н.Н. Болдырев. – М.; Тамбов, 2009. – С. 152-153.

92 Тасполатов Б.Т. Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты: фил. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2010. – 21 б.

93 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дисс. 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы, 2007. – 328 б.

94 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 502 б.

95 Никонов В.А. Краткий топонимический словарь. – М.: Мысль, 1966. – 509 с.

96 Словарь топонимов Башкирской АССР / сост.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, З.Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1980. – 200 с.

97 Коков Дж.Н., Шахмурзаев С.О. Балкарский топонимический словарь. – Нальчик: Эльбрус, 1970. – 170 с.

98 Әбдірахманов А.А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.

99 Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1984. – 64 б.

100 Хабишев М.А. К гидрономике Карачая и Балкарии. – Нальчик: Эльбрус, 1982. – 134 с.

101 Рахимкулов М.Г. и др. Башкирия в русской литературе: в шести томах. – Уфа: Башкирское кн. изд-во, 1989. – Т.1. – 512 с.

102 Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв. – М.: Наука, 1989. – 283 с.

- 103 Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке. – Алматы: Жалын, 1987. – 228 б.
- 104 Ускенбаева Р.М.. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этно-мәдени танымдық аспектісі: философ. док. (PhD) ... дисс.: 6D020500 – Филология. – Алматы, 2016. – 149 б.
- 105 Лосев А.Ф. Диалектика мифа. – М.: Мысль, 2001. – 559 с.
- 106 Oinotkinova N. R. On the Mythologization of Toponyms in the Language and Folklore of the Altaians. Vestnik NSU. Series: History and Philology, 2022. – Vol. 21, № 2. – P. 48-56. (in Russ.) DOI 10.25205/1818-7919-2022- 21-2-48-56
- 107 Блаватская Е.П. Тайная доктрина. Эксмо, 2018. – Том.1-2. – 928 с.
- 108 Пирс Ч.С. Принципы философии: в 2 т. / Чарльз Сандерс Пирс; пер. с англ. В.В. Кирющенко, М.В. Колопотина. – СПб.: Санкт-Петербург филос. о-во, 2001. – Т. 2. – 313 с.
- 109 Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. Пер. с франц. А.А.Холодовича. – М.: Издательство Прогресс, 1977. – 696 с.
- 110 Лосев А.Ф. Бытие. Имя. Космос. – М.: Мысль, 1993. – 958 с
- 111 Кассирер Э. Познание и действительность: Понятие о субстанции и понятие о функции. // https://vk.com/doc5787984_437238626?hash=b1XEW8pvsFiV9B1M1oZNeX58qZCXmNcvCzqJRkGFnz8 37 с. 30.03.2024.
- 112 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2012. – 372 б.
- 113 Қондыбай С. Миф // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.2. – 568 б.
- 114 Molchanova O. T. Topography Cognition and Place-Names (With Reference to Attention Distribution, Object Location, and Shape Category) // Горизонты современной лингвистики. Традиции и новаторство. Сб. в честь Е.С. Кубряковой. – М.: Языки славянских культур, 2009. – С. 614-627.
- 115 Алпатов В.В. Концептуальные основы формирования английских христианских топонимов: автореф. дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.04 – Германские языки. – Тамбов, 2007. – 21 с.
- 116 Паршина Е.О. Когнитивные основы формирования значения апеллятивов-топонимов // Профессиональная коммуникация: актуальные проблемы преподавания и исследования: Коллективная монография. – Тамбов: Изд-во «Бизнес – Наука – Общество», 2016. – С. 101-110.
- 117 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 397 с.
- 118 Қазақтар. Құрастырушы: М.Б. Олкотт, қазақшаға аударған З. Әбдешев. – Астана: «Шаңырақ Медиа», 2011. – 155 б.
- 119 Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. – Алматы, 2018. – 150 б.
- 120 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Издательство Наука, 1969. <https://altaica.ru/LIBRARY/dts.pdf> 02.04.2023.
- 121 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. <https://el.kz/esik -zeni sheteldikter kelip demalatyn oryn bol-an 40073/> 07.04.2023.

- 122 Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Аканова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
- 123 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951. – 451 с.
- 124 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. – М.: Наука, 1997. – 799 с.
- 125 Гарипова Ф.Г. Исследования по гидронимии Татарстана. – М.: Наука, 1991. – 294 с.
- 126 Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск: Наука, 1984. – 233 с.
- 127 Анохин А.В. Материалы по шаманству у алтайцев. – М.-Л.: Российская Академия Наук, 1924. – 248 с.
- 128 Сагалаев А.М. Урало-Алтайская мифология: Символ и архетип. – Новосибирск: Наука. Сиб. отд-е, 1991. – 115 с.
- 129 Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Л.: Наука, 1991. – 320 с.
- 130 Башкорт халык ижады. Өсөнсө том. Эпос. – Өфө: Башкортостан «Китап» нәшриәте, 1998. – 448 б.
- 131 Бухарова Г.Х. Следы культа ыдук йер-суб у тюркских народов в башкирской топонимии. Вестник Башкирского университета. 2016. – Т. 21, №4. – С. 1048-1055.
- 132 Палло М. П. Hunqaro-tschuwaschica // Исследования венгерских ученых по чувашскому языку: Сб. статей. – Чебоксары, 1985. – Р. 73-97.
- 133 Kanievna K., Balgalievna Z.R., Umirbaevna Y.K., Orynbasaruly M.M., Gaidarovna A.S. The Manifestation of Mythical Cognition in Toponyms: on the Material of The Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics. 2024. – Vol. 10 (1). – Р. 92-103. Процентиль 84, Q 1. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10109> 22.08.2024.
- 134 Вербицкий В.Н. Алтайские инородцы: Сборник этнографических статей и исследований. – Новосибирск: Смысл, 1992. – 267 с.
- 135 Потапов Л.П. Традиционная народная культура алтайцев – наследница древней цивилизации кочевников Центральной Азии // Народы Сибири: история и культура. – Новосибирск: Институт археологии и этнографии СО РАН, 1997. – С. 22-30.
- 136 Бедюров Б.Я. Слово об Алтае. Ч. II: История, фольклор и культура. – Горно-Алтайск: ГҮ книжное издательство «Юч-Сумер – Белуха» Республики Алтай, 2003. – 527 с.
- 137 Дыренкова Н.М. Материалы по шаманству у телеутов // Сб. МАЭ. – М.-Л., 1949. – Т. X. – С. 108-190.
- 138 Дьяконова В.М. Алтайцы (материалы по этнографии теленгитов Горного Алтая). – Горно-Алтайск: Горно-Алтайское республиканское книжное изд-во «Юч-Сюмер», 2008. – 223 с.
- 139 Ямаева Е.Е. Алтай сокровенный: традиционная и новая модель // Межкультурный диалог на евразийском пространстве. Древности Сибири и

Центральной Азии. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2013. – № 6 (18). – С. 126-129.

140 Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

141 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1961. – Т.1. – 432 с.

142 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.

143 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 192 б.

144 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 274 с.

145 Серебренников Б.А. О методах изучения топонимических названий. Вопросы языкознания, 1959. – № 6. – 50 с.

146 Байтанаев Б.А. К этимологии гидронима «Арысь» // Шестая конференция по ономастике. – Волгоград, 1989. – С. 65-66.

147 Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. Монография. – Алматы: Жания-полиграф, 2002. – 180 б.

148 Мухина В.С. Реальность образно-знаковых систем // Развитие личности. – 2006. – № 1. – С. 8–39.

149 Кассирер Э. Эссе о человеке. Введение в философию человеческой культуры // Вестник МГУ. Сер.7. Философия. 1993. – № 1. – С. 26-35.

150 Радлов В.В. Мифология и мирозерцание жителей Алтая. – М.: Наука, 1989. – 175 с.

151 Қазақтың мифтік әңгімелері / Құрастырған: Ыбыраев Ш., Әуесбаева П. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.

152 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 80: Топонимдік аңыздар. – Астана: «Фолиант», 2011. – 416 б.

153 Тектіғұл Ж.О., Дүзмагамбетов Е.А., Баядилова-Алтыбаева А.Б. Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2022. – №1 (185). – Б.167-179.

154 Чихаев П.А. Путешествие в Восточный Алтай / пер. с франц., предис. и коммент. В.В.Цыбульского. – М.: Наука, 1974. – С. 360-363.

155 Полинченко Д. О феномене фольк-лингвистики // Информационно-коммуникативная культура: вопросы образования. – Ростов на-Дону, 2007. – С. 102-105.

156 Фоменко А.Т. История и антиистория. – М., 2001. – 264 с.

157 Зализняк А. Из заметок о любительской лингвистике. – М.: Московские учебники, 2010. – 240 с.

158 Гаврилова К. «Народная лингвистика» – взгляд носителей языка на язык // Антропологический форум, 2013. – №18. – С. 423-443

159 Hoenigswald H.M. A Proposal for the Study of Folk Linguistics // Sociolinguistics: Proceedings of the UCLA Sociolinguistic Conference 1964. – P. 16-20.

160 Pike K. Etic and Emic Standpoints for the Description of Behavior // A.G.Smith (ed.) Communication and Culture: Readings in the Codes of Human Interaction. N.Y.: Holt, Rinehart and Winston. 1966. – P. 152-163.

161 Алпатов В. Народная лингвистика в Японии и России // «Народная лингвистика»: взгляд носителей языка на язык. – СПб., 2012. – С. 7-10.

162 Шор Р. Язык и общество. – М., 2009. – 160 с.

163 Голев Н.Д. Обыденное метаязыковое сознание: онтологические и гносеологические аспекты. – Кемерово; Барнаул: Изд-во Алтайского ун-та, 2009. Ч. 1. – 532 с.

164 Бөрібаева Г.А., Мадиева Г.Б. Топонимдік аңыздар: халықтық этимология мәселесі // Тіл білімінің мәселелері. <https://emirsaba.org/problems/yazikoznaniya.html> 11.10.2022.

165 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) II том. Қоғам. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 728 б.

166 Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 456 б.

167 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящиеся к истории Золотой Орды. – Том 1. – СПб, 1884. – 541 с.

168 Садирова К., Жазыкова Р. Антропонимдердің халықтық лингвистикада түсіндірілуі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. 2023. – № 4 (71) – Б.184-195.

ҚОСЫМША А

«Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтауға арналған сауалнама

Құрметті респондент!

Төмендегі сұрақтарға жауап беруіңіз сұралады. Сіздің жауабыңыз тек ғылыми мақсатта пайдаланылады. Ғылыми зерттеудің жазылуына қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреміз.

1. Ұмай ана туралы не білесіз, ол кім?

2. Жасыңыз

3. Жынысыңыз

4. Әлеуметтік статусыңыз (студент, оқытушы, т.б.)

ҚОСЫМША Ә

Есімдер мазмұнындағы тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты анықтау мақсатында алынған сауалнама

Құрметті респондент!

Төмендегі сұрақтарға жауап беруіңіз сұралады. Бұл сұрақтар «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» докторлық диссертациясының мақсатына сай ұсынылып отыр. Сіздің жауаптарыңыз тек ғылыми мақсатта пайдаланылады. Ғылыми жұмыстың жазылуына үлес қосқаныңыз үшін рақмет айтамыз.

1. Сізге төмендегі атаулардың қайсысы таныс, соны белгілеңіз және ол туралы мәлімет жазыңыз.

1. Күлтөбе
2. Кеңестөбе
3. Ақтөбе
4. Кентау
5. Доңызтау
6. Ақшоқы
7. Жетімшоқы
8. Қушоқы
9. Ешкіқырған
10. Тайсойған
11. Азғыр
12. Бесоба
13. Ырғыз
14. Қазығұрт
15. Әулиесу
16. Жыланбұзған
17. Жайық
18. Жер-су
19. Жамансор
20. Терісаққан

2. Өзіңізге таныс атау Сізге қандай эмоция (жағымды, жағымсыз, бейтарап) туғызады, себебін түсіндіріңіз.

3. Берілген есімдердің мағынасы нені білдіреді деп ойлайсыз?

1. Әлихан
2. Әмір
3. Шапырашты

4. Жалайыр
5. Қаңлы
6. Қорқыт
7. Нұх
8. Кердері
9. Адай
10. Күнту
11. Жансақал
12. Әбілмансұр
13. Төрткен (Төрт кемпір, үш шал)
14. Төртқара
15. Дінмұхаммед
16. Димаш
17. Құдайберген
18. Құдайберді
19. Санжар
20. Омар

3. Берілген кісі есімдері ішінен сізге қайсысы ұнайды (ұнамайды), себебін көрсетіңіз.

4. *Адам есімімен оның тағдыры байланысты болады* дегенге пікіріңіз қандай? Өз пікіріңізді мысалмен түсіндіруге тырысыңыз.

5. Қазіргі заманауи есімдерден сізге қандай есім ұнайды, себебін көрсетіңіз.

6. Қазіргі заманауи есімдерден сізге қандай есім ұнамайды, себебін көрсетіңіз.

7. *Азан шақырып ат қою* тіркесінің мағынасын қалай түсіндіресіз?

8. Жасыңыз

9. Жынысыңыз

10. Ұлтыңыз

11. Қызметіңіз (студент, оқушы, қызметкер, т.б.)

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

ҚОСЫМША Б

Ата-аналардың балаға есім таңдауындағы ұстанымдары мен оған ықпал ететін факторларды зерделеу мақсатындағы сауалнама

Құрметті респондент! Сауалнама сұрақтарына жауап бергеніңіз үшін рақмет. Бұл сұрақтар таза ғылыми зерттеу мақсатын көздейді. Ғылыми зерттеуімізге қолдау білдіргеніңіз үшін алғысымыз шексіз.

1. Балаңызға есім таңдағанда неге сүйендіңіз? (бірнеше жауап таңдауға болады)

- Мағынасы ұнады
 - Отбасылық дәстүр
 - Діни себептер
 - Әдемі естіледі
 - Танымал есім (жұлдыздардың, актерлердің есімі)
 - Тарихи тұлғаның аты
 - Ерекше, сирек есім болсын дедім
 - Ұлттық болмысқа сай болсын дедім
 - Жай ұнады
 - Басқа (көрсетіңіз)
-

2. Қай тілде есім таңдадыңыз?

- Қазақша
 - Арабша
 - Орысша
 - Ағылшынша
 - Өзге
-

3. Есімнің жынысына байланысты қандай қағидаларға сүйендіңіз?

- Ұл болса – батыр, мықты, өр болсын
 - Қыз болса – сұлу, нәзік, адал болсын
 - Қазіргі заманға сай естілуі керек
 - Ешқандай ерекшелік жоқ
 - Өзге (нақтылаңыз)
-

4. Осы есімді таңдауда әлеуметтік желі, интернет әсер етті ме?

- Иә, трендтегі есімді таңдадым
- Иә, бірақ нақты тұлға/есім емес

- Жоқ, өз бетіммен шештім
- Жоқ, отбасылық шешім болды

5. Таңдаған есіміңізбен байланысты ерекше бір оқиға немесе себеп бар ма? Жазыңыз.

6. Жасыңыз

7. Ұлтыңыз